

ӘОЖ 930.1(574)“14/15”

САБДЕНОВА ГУЛЬМИРА ЕСБАТЫРҚЫЗЫ

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

Алматы 2015

ББК 63№9 (Қаз)
Қ.52

Жауапты редакторы:

Тарих ғылымдарының докторы, профессор К.Л.Есмағамбетов

Пікір жазғандар:

ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы Б.А. Төлепбаев
тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.М. Атабаев
тарих ғылымдарының докторы Х.А.Сүтеева

Сабденова Г.Е. Қазақ хандығы құрылуының тарихнамасы. Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2015. - ... б.

Бұл еңбекте қазақ халқының қалыптасуы, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы, қазақ мемлекеттілігінің орнығуы, хандықтағы ұлттың ұйысуы, этникалық құрамы, этникалық аумағы, билік институттары секілді отандық тарихнамадағы көкейкесті мәселелерге тыңғылықты талдау жасалынады. ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы Қазақ хандығының алуан түрлі мәселелеріне арналған ғылыми ізденістердегі көзқарастар мен пайымдаулар проблемалық-хронологиялық принцип негізінде сарапталынады.

Монография тарихшы, деректанушы, тарихнамашы, археолог, этнолог, т.б. мамандарға, сондай-ақ қазақ тарихына қызығушылық танытқан қалың көпшілікке арналған.

Алматы, 2015
Сабденова,

ЖОСПАР

Алғы сөз
Мәселенің зерттелуі.....

1 ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАР

- 1.1 Қазақтар этногенезінің теориялық-методологиялық мәселелері.....
.....
- 1.2 “Қазақ” термині: әлеуметтік мағынадан этнонимдік мазмұнға дейінгі эволюциясы туралы ғылыми ізденістер.....
- 1.3 Қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдері

2 ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ НЕГІЗІНІҢ ҚАЛАНУЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

- 2.1 Көшпелі қоғамдағы мемлекеттік проблемасы.....
- 2.2 Қазақ хандығының құрылуының алғы шарттары.....
- 2.3 Қазақ хандығының құрылуы.....

3 ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ НЫҒАЮЫ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ (XV ғасырдың 70-жылдары – XVI ғасырдың бірінші ширегі)

- 3.1 Этникалық аумағының қалыптасуы.....
- 3.2 Халқының орналасуы және этникалық құрамы.....
- 3.3 Мемлекеттік атрибуттары: билік институттары.....

ҚОРЫТЫНДЫ.....

.....
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....

АЛҒЫ СӨЗ

Соңғы кездері қазақ мемлекеттілігі туралы мәселе интернеттік басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында көптеп көтеріле бастады. Оған кеңінен түрткі болған РФ Президенті В.В.Путин тарапынан жастардың «Селигер-2014» форумында қазақ мемлекеттілігі болмағандығы туралы кездесу барысында айтып қалуы еді. Бұл сөз қазақ халқы арасында наразылық тудырып, ел ішінде бірқатар пікірталастарға алып келді. Ресей Президентінің сөзін өзге пиғылдағы кейбір саясаткерлер іле жөнеліп, тәуелсіздігімізді, елдігімізді мансұқтай бастады, тіпті қазақ жеріне, оның біртұтастығына көз аларту күшейе түсті. Осындай пиғылдағы келеңсіз сөздерге тосқауыл қою үшін терең тарихымызды паш ететін еңбектерді жариялау күн тәртібіне қойыла бастады.

Осы орайда айтарымыз, ұсынылып отырған монографиядағы зерттеу тақырыбының өзектілігі еліміздің өз дамуында сапалы жаңа кезеңге аяқ басуынан туындайтын міндеттер мен мақсаттарға байланысты. Олардың қатарына отан сүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелейтін ұлттық құндылықтарымызға құрметпен қарауға жетелейтін тарихи кезеңдер мен оқиғаларды жан-жақты зерделеу жатады. Әсіресе, халқымыздың өз алдына отау тігіп, тарих сахнасына шығуын, этникалық бастауларын зерттеудің ғылыми-практикалық маңызы ерекше.

Бұл бағыттағы ізденістердің танымдық және тағылымдық маңыздылығы отандық тарихнамадағы біраз мәселелердің бұрмалаушылыққа ұшырап келе жатқандығында және осыған байланысты тарихи шындықты қалпына келтіру қажеттілігінен де туындайды деп тұжырымдауға болады. Ұзақ уақыт бойы орталық билік пен тоталитарлық өкімет қазақ халқының өткенін мансұқтап, ұлттық болмысын бұрмалап, бірлігі мен тұтастығын жоққа шығару арқылы оны болашағынан айыруды көздеді. Көшпелілер қоғамындағы мемлекеттіліктің әлсіздігі, оның негізгі нышандарының пісіп-жетілмегендігі, халқының «құрамалылық» сипаты, Қазақстан аумағындағы этногенетикалық процестерде «кірме» элементтердің басымдылығы сияқты бұрынғы ұлы державалық, еуроцентристік концепциялардың жалғасы болып табылатын құйтыртқы арақатынасы, қазақтардың түркілік сипаты жөнінде де түрлі пікірлер айтылуда.

Осының өзінен-ақ қазақ мемлекеттілігінің тарихын жан-жақты, бүгінгі күнгі таным талаптары тұрғысынан зерттеуге мүмкіндіктер туғызатын тарихнамалық ізденістердің қажеттілігі, ғылыми-практикалық маңыздылығы түсінікті. Себебі зерттеу нысаны ретінде алынып отырған

Қазақ хандығының тарихнамасы, қазақ халқының қалыптасуы мен оның мемлекеттілігінің құрылуы қоғамдық санаға, оның ішінде халықтың этномәдени санасына ықпал жасайтын тақырыптар қатарына жатады. Қазақ халқының мемлекетілігі тарихи тәжірибесін объективтік шындық тұрғысынан зерделеу қоғамдық дамудың жолын дұрыс таңдап алуда да ерекше маңызды рөл атқарады. Ол тек мемлекеттіліктің іргетасының бірі болып табылатын қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу үшін ғана емес, сонымен бірге тәуелсіздігіміздің қазіргі таңдағы ахуалы мен сипатын, республиканың дамуының болағашын анықтау үшін аса қажет. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының үшінші сессиясында жасаған баяндамасында: «Бұдан бұрынғы кезде қазақтардың мемлекеттілігі болмағаны туралы алуан түрлі сыпсың пікірлерге елеулі түрде тосқауыл қою қажет... өз мемлекетіміздің бастауын іздеуде жазылған және жазылмаған деректер бойынша осы күнге дейін адасып жүргенімізде өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру туралы қалай әңгіме айтпақпыз? Міне, тарих ғылымының кезек күттірмес міндеттерінің өзі осындай», – деп көрсетті [1].

Бұл сөздер 90-жылдардың орта кезінде айтылған еді. Бірақ одан кейінгі уақытта да тарихнамалық ахуал өзгере қойған жоқ. 1998 ж. академик М.Қозыбаев этногенез және мемлекеттіліктің өзара байланыстылығына тоқтала келіп, былай деген еді: “Ең алдымен ол этногенез мәселесі. Біз тұтас ұлтпыз, оның биік деңгейі немен өлшенеді? Ұлттың кешегісі, бүгінгісі, ертеңі қандай? Қазақ сахарасын жайлаған тайпалардың бүгінгі күнге тартылар желі бар ма?...”

Тағы бір түйін – мемлекеттік мәселе. Қай ғасырда пайда болды, оның территориялық аясы, тайпалық құрамы, мемлекеттік рәміздері, оның пісіп жетілу деңгейі, сипаты, тағы басқа мәселелерді қамтып, бір жүйеде, тұтас әдіснамалық деңгейде қарастыру әлі де тарихнамада жетіспейді» [2].

Монография осы талаптардан туындайтын отандық тарих ғылымының алдына қойылған міндеттерді шешуге бағытталған, Қазақ хандығының тарихнамасын жүйелі түрде зерттеп, жаңа ізденістерге жол ашуды көздейді. Сонымен тақырыптың өзектілігі, зерттеу нысанының өзіндік құндылығы, танымдық маңыздылығы және қазақ халқының рухани өрлеуінде аса зор рөл атқаруға тиісті тарих ғылымының алдында тұрған мақсат, міндеттерге байланысты өзара байланысты өлшемдермен анықталады.

Монография ХҮ ғасырдың орта кезінен ХҮІ ғасырдың бірінші ширегіне дейінгі мерзімде Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы тарихына арналған отандық және шетелдік зерттеулерді зерделеуге арналған.

ХҮ ғасырдың 50-60 жылдарынан ХҮІ ғасырдың бірінші ширегіне дейінгі Қазақстан тарихы отандық тарих ғылымында қазақ мемлекеттілігінің пайда болып, аяғына нық тұрған, қазақ халқының қалыптасу процесі біршама аяқталған, этникалық аумағы қалыптасқан дербес хронологиялық кезеңі ретінде танылған.

Зерттеу нысаны ретінде ХҮ ғасырдың 50-60–жылдарынан бүгінгі күнге дейінгі жарық көрген еңбектер қамтылды. Мұның себебі халық тағдырына шешуші ықпал жасаған тарихи оқиғалардың заңдылықтары мен өзіндік ерекшеліктері туралы таным-түсініктердің ұзақ уақыттан кейін ғана қалыптасатындығы туралы тарихнамалық принциптен туындайтындығына байланысты.

Мәселенің зерттелуі

Қазақстанның ортағасырлық проблемалары бойынша ізденістер академиялық шығыстану мектебінің жетістіктерімен, оның белгілі өкілдері Х.Д. Френ, В.В. Вельяминов-Зернов, И.Н. Березин, Н.И. Веселовский, В.В. Радлов, Б.В. Бартольд есімдерімен тығыз байланысты. Қазақ және түркі тектес халықтардың тарихына қатысты шығыс деректерін, сол арқылы қазақ этногенезі және Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеуде А.Ю. Якубовский, А.Н. Бернштам, С.П. Толстов, Б.Я. Владимирцев секілді ғалымдар да көп еңбек сіңірді. Олардың түркологияға қосқан ғылыми үлесі кезінде өз замандастары тарапынан да, кейінгі ұақыттағы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы мен этногенезі мәселелерімен шұғылданған оқымыстылар тарапынан жоғары бағаға ие болды [3; 4; 5; 6; 7; 8; 9; 10; 13].

Проблеманың нақтылы зерттелуі мен оның тарихнамасы өзара байланысты екендігі белгілі. Сондықтан да қазақ халқының қалыптасуы мен оның мемлекеттілігінің құрылуы туралы еңбектерге кейбір шолулар, талдаулар мен сын пікірлер өткен ғасырдың 20-жылдары баспа бетінде А.П. Чулошниковтың «Қазақ-қырғыз халықтарының тарихының очерктеріне» байланысты жарық көрді [14]. Бұл еңбегінде автор қазақ тарихын басқа түрік халықтарының тарихымен байланыстыра қарау жөніндегі оң методикалық тұжырым жасады. «Вопросы о происхождении киргизской народности в исторической науке и народные киргизские придания как источник дальнейшего изучения» деген мақаласында тарихи аңыздар мен қазақ шежірелерін дерек көзі ретінде пайдаланды [15]. Ғалымның бұл ізденістері Қазақстан тарихнамасында өз ізін қалдырғанымен, оның еңбектерінде біршама қателіктерге де жол берілгенін айту керек. Олардың қатарына географиялық факторға басым мән

берушілік, қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелушілікті жоққа шығару жатады.

Өткен ғасырдың 30-жылдары С. Асфендияров қазақ халқының шығу тегі, рулық құрамы туралы мәселе қойды [16]. Осыдан кейін қазақ халқының қалыптасуы мен оның мемлекеттілігінің құрылуы туралы мәселе ұлтшылдыққа қарсы қуғын-сүргін науқаны кезінде мүлдем ұмытыла бастады. 1946 жылдың 28-29 қазанында КСРО Ғылым Академиясының тарих және философия бөлімінің сессиясында баяндама жасаған П.П. Иванов та Қазақ хандығының құрылуы кезеңінен аттап өтіп, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ХҮІ – ХІХ ғасырлардағы тарихын зерттеу міндеттеріне ғана тоқталады [17]. Әсіресе, 1951 ж. «Правда» газетінде жарияланған «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» деген атышулы мақала мен осы негізде 1951 ж. 10 сәуірде қабылданған Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің қаулысынан кейін аталмыш тақырыптарды зерттеуге қысым күшейе түсті [18; 19].

Қазақ этногенезі мен Қазақ хандығы тарихын таптық көзқарас тұрғысынан зерттеуге ұмтылушылық қазақ қоғамындағы қатынастар сипаты мәселесіне әкеп тіреп, мұның өзі көптеген жылдарға ұласқан ғылыми айтыстар мен жорамалдарға жол ашты. Солардың бірі ретінде отандық тарихнамада 40-50 жылдары М.П. Вяткин, С.В. Юшков, С.Л. Фукстың араларында орын алған пікір таластарды айтуға балады. Олар қазақ мемлекеттілігінің экономикалық және әлеуметтік негізгі саяси формасы туралы ой өрбітті [11; 20; 21; 22]. Осы кезеңде республика Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтында Қазақстан тарихын зерттеудің негізгі бағыттары анықталып, олардың қатарында қазақ этногенезі мен мемлекеттілігі тақырыбы аталды [23]. Академияның ғылыми сессиясында Қазақ халқының құрылуы туралы Х.М.Әділгереевтің баяндамасы тыңдалды. Кейін баяндама толықтырылып, Ғылым Академиясының «Жаршысында» жарияланды. Мақалада қыпшақ және қазақ тілдерінің жақындығы, монғол шапқыншылығының қазақ халқының қалыптасуы мен қазақ мемлекеттілігінің құрылуына ықпалы қарастырылды [24].

Бұл мәселелер төңірегіндегі автор көзқарастары сол кезеңдегі тарих ғылымының даму деңгейін айқын көрсетеді.

Тарих ғылымының дамуына серпіліс берерлік тарихнамалық, теориялық методологиялық ізденістер болмады, негізінен бұл бағыттағы әрекеттер рецензиялар, пікірлер және шолулармен шектелді. Мұның себебі тарихнамалық зерттеудің деректік негіздерінің дамымауында, 1917 жылға дейінгі қазақ қоғамының патриархалдық-феодалдық қатынастардың үстем болуы сияқты қайшылықты пікірдің орын алуында еді.

1957 ж. М.Ақынжановтың “Об этногенезе казахского народа” еңбегі жарық көрді [25]. Оны К. Ақышев, С. Ибрагимов және Е.Агеева “сәтсіз монография” деп бағалады. Рецензияда жұмыстың басты кемшіліктері

ретінде қазақ этногенезін зерттеуде тектік шежіренің рөлін асыра бағалаушылық, жазба деректердің аз пайдаланылуы, қыпшақтар мен наймандардың тілдік атрибуциясын дұрыс анықтамау, қазақ этногенезі процесінде оғыз бірлестігінің үлесін жоққа шығарушылық атап көрсетілді. Еңбектің қазақ халқының қалыптасу жолдары мен кезеңдері жөнінде жасалынған тұжырымдары да мойындалмады [26].

Мұнан кейін бұл тақырыпқа ешкім тереңдеп бармады, М.Ақынжановтың еңбегі осы уақытқа дейін бірден-бір монографиялық зерттеу болып отыр.

Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы жөнінде де арнайы ізденістер қолға алынбады. Осыған байланысты бұл екі проблема бойынша тарихи білімнің қорлануын қарастырған зерттеулердің болмауы өзінен-өзі түсінікті. Жарық көрген еңбектердің көпшілігінде тарихнамалық талдау берілмеді, тарихшылардың қайшылықты мәселелерге, өзінен бұрынғы авторлардың зерттеу әдістеріне баға беруге батылы бармады. Тек 50-жылдардың аяқ кезінен ғана кейбір тарихнамалық ізденістер көріне бастады] 27; 28; 29].

Қазқстан тарихы, қазақ халқы мен оның мемлекеттілігі туралы тарихи таным-түсінік республикамызда ғана емес, одан тыс жерлерде де қалыптасқандығын ескеру қажет. Осы себепті жұмыста Орта Азия, ноғай, башқұрт, тағы да басқа түрік тілдес халықтардың шығу тегі мен мемлекеттілігі туралы еңбектер де зерттеу нысанымыздан тыс қалмады. Кейбір методологиялық мәселелер мен концепциялық тұжырымдары тұрғысынан КСРО-да тарих ғылымының даму тарихы туралы очерктердің жарық көруі республикада тарихнамалық саланың алға басуына ықпал жасады [30].

Қазақ хандығы тарихнамасының құрамды бөліктерінің бірі осы тақырыпқа, тікелей, не жанама қатысы бар жеке ғалымдардың өмірі мен шығармашылығына арналған шолулар мен талдау мақалалар болып табылады. Орыс шығыстану ғылымының көрнекті өкілдері қатарына жататын, сонымен қатар "қазақ" термині, Орта Азия мен Қазақстанның ортағасырлық тарихының басқа да проблемалары, мұсылман хроникалары туралы еңбектердің авторы А.Н. Самойлович туралы Б.В. Луниннің [31], Ортағасырлық Қазақстан тарихы мен хронологиясын зерттеуге ұланғайыр еңбек сіңірген көрнекті шығыстанушы В.В. Бартольдтың ғылыми мұрасы жөнінде К.М. Байпақов пен Б.Е. Көмековтің мақалалары жарияланды. Соңғы еңбекте ғалымның көшпелі социумда мемлекеттіліктің пайда болуының алғы шарттары жөніндегі пікірлеріне баға беріліп, оның бұл мәселе бойынша тарихи концепциясының В.Я. Владимирцов, А.Н. Бернштам және А.Ю. Якубовскийдің еңбектерінде жалғасын тапқандығы туралы тұжырым жасалған [32].

Қазақ хандығы тарихнамасының кейбір мәселелері Г.Ф.Дахшлейгер, Б.Ә. Төлепбаев [33; 34], Т.И. Сұлтановтың [35], М.Қ. Қозыбаев [36] пен кеңес дәуірі кезінде жарияланған еңбектерінде қарастырылды. Оларда қазақ

хандығының құрылуы, мерзімі, сипаты мен алғы шарттары мәселелері сол кезеңдегі идеологиялық, методологиялық ұстанымдар шеңберінде көрініс тапты. Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап Қазақстанның саяси дербестікке қол жеткізуі өзінің өткен тарихын жан-жақты да терең зерделеуге, мәдени құндылықтары мен мемлекеттілік тарихын танып-білуге мол мүмкіндіктер туғызды. Бұл өз кезегінде қазақ халқын дүниежүзілік тарихи процестің субъектісі ретінде қарастырып, оның тарихындағы мемлекеттілік дәстүр мен сабақтастық мәселелерін қоюға жол ашты. М.Қ. Қозыбаев [36], Т.И. Сұлтанов [35], К.А. Пищулина [37,31-61], М.Қ. Әбусейітова [38], Б.Е. Көмеков [42], Ж.О. Артықбаевтың [39] зерттеулерінде қазақ хандығының құрылуы және дамуы жөнінде тарихи ой-пікірдің қалыптасуының негізгі кезеңдері, аталмыш проблемаға қазақ зиялыларының көзқарасы Ш.Т.Омарбековтың кандидаттық диссертациясында сөз болды [300]. М.Қ. Қозыбаев Қазақ хандығы тарихнамасында әлі де болса ақтаңдақ проблемалар баршылығына назар аударып, бұл мемлекеттің құрылуының шешуші алғы шарттары ретінде мына факторларды ескеруді ұсынды:

- 1) Қазақстан жеріндегі түркі тілді тайпалардың саяси және ішкі әлеуметтік – экономикалық дамуы;
- 2) Қазақ хандығының құрылуының Евразия сахарасында дәл осындай орталықтандырылған мемлекеттік құрылымдардың пайда болған кезіне сәйкес келуі;
- 3) ХІҮ-ХҮ ғасырлардың аралығында қыпшақ этносының бөлшектелінуі, одан бірнеше халықтардың бөлініп шығып, өздерінің ұлттық мемлекеттерінің іргетасын қалады [40].

Қоғам дамуына көзқарастардың түбірлі өзгерістерге ұшырауы, таптық принциптерге иек артқан методологиядан жаңа танымдық теорияларға ауысу барысында Қазақ мемлекеттілігі жөнінде тарихнамада қайшылықты пікірлердің де болуы өтпелі кезеңдегі "сана дағдарысының" көрінісі деп білеміз. Оған кейбір авторлардың әлі де болса аталмыш проблеманы "көшпелі феодализм", "көшпелі мемлекеттілік" теориялары тұрғысынан түсіндіруге тырысушылығы, Қазақстан аумағындағы этногенетикалық процестер мен мемлекеттілік дәстүрдің тарихи сабақтастық сипатын жоққа шығаруға әрекеттенуі, Қазақ халқының түркілік болмысын, дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесін бұрмалап көрсетуге бейімділік танытуы дәлел бола алады [41].

Мұндай көзқарастар Ж.О. Артықбаевтың «Қазақ мемлекеті: сипаты, құрылымы және қызметі» деген ХҮІІІ ғасыр материалдары бойынша жазылған тарихнамалық мақаласында орынды сынға алынды. "Осы күнге дейін қазақ тарихына қалам тартқан ғалымдар халқымыздың өткен жолынан мемлекет деген ғаламат маңызды құбылысты тани алмай келеді. ХҮ-ХҮІІІ ғ. аралығында өмір сүрген Қазақ хандығы туралы жазылған азды-көпті зерттеулерде мемлекет деген атаулар қолданылмаған, оның ішкі және

сыртқы кұпиясы, кұрылымдық қасиеті, өзге мемлекеттерге қарағанда өз ерекшеліктері туралы дәлелді тұжырым жоқ" дей келіп, С. Плетнева, Г. Марков, Н. Масанов, И. Ерофеева секілді тарихшылардың түсінігі бойынша "көшпелілер тек шаруашылық қауым болып қана өмір сүреді, саяси конъюктураның сәті түскенде ғана "әскери-көшпелі қауым кұрайды (яғни империя)" деген тұжырымның ғылыми негізсіздігіне уәж айтады [39, 20-216].

Б.Е. Көмеков [42], С. Жолдасбайұлы, Б. Кәрібаев [43, 70-71б; 44] еңбектерінде де Қазақ хандығының кұрылу тарихын зерттеуде орын алып келе жатқан жаңсақ пікірлер мен фактологиялық қателіктерге назар аударылған және тарихи шындықты қалпына келтіруге бағытталған нақтылы тұжырымдары баяндалған .

Қазақ хандығының кұрылуы және оның этникалық, әлеуметтік, саяси алғышарттары, қазақ халқының қалыптасу процесінде негізгі этникалық ұйытқы болған ошақтар мен мемлекеттік кұрылымдар, осы және басқа да мәселелерге арналған түрлі шолулар, рецензиялар жарық көрді [45-31 б.; 46; 47; 48; 49; 50; 51]. Мұндай сипаттағы ізденістер де тақырыптың зерттелу деңгейін көрсетеді. Қазақ хандығының кұрылу тарихының деректік негіздері түбегейлі зерттелді. Монографияның тарихнамалық сипатта орындалуына байланысты деректану саласында ұзақ уақыт бойы жүйелі зерттеулермен айналысқан С.К. Ибрагимов [52; 53], Н.Н. Мингулов [52], К.А. Пищулина [52;54],Т.И. Сұлтанов [55], Б.А. Ахмедов [56], В.П. Юдин [52, 61б; 57; 58], М.Қ. Әбусейітова [59; 60; 61; 62], Б.Е. Көмеков [63; 64], А.Ш. Қадырбаев [65], А.Исин [117], Н.Атығаев [298], Қ. Өскенбай [269] сынды зерттеушілер есімдерін бұл жерде тек атап өтумен ғана шектелеміз. Олардың еңбектері келесі тарауларда біршама сараптамадан өтеді. Бұл ғалымдардың зерттеушілік қызметі нәтижесінде көптеген шығыс деректері ғылыми айналымға қосылды, олардың танымдық әлеуеті мен мүмкіндіктері анықталды. Ал олардың белгілі бір сауалды шешуде қаншалықты маңызы мен мәні болғандығы бірқатар мәселелерді тарихнамалық тұрғыдан талдаған кезде таразыланып отырады.

ХУ-ХҮІ ғасырлар кезіндегі Қазақтан тарихы мәселелерін пайымдауда Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати мен Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектері ерекше орын алатындығы белгілі. Солай бола тұрғанымен, Ш.Ш. Уәлиханов еңбектері көбірек зерттелді де, Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашидиіне» соңғы жылдары ғана назар аударып, өзінің жан-жақты танымдық мазмұны арқылы әлемдік деңгейге көтерілді.

Ш.Ш. Уәлихановтың шығармашылығын, тарихи-қоғамдық көзқарастарын зерттеп, іргелі еңбектер ұсынған академик Ә. Марғұлан екендігі мәлім [66]. Д.И. Дулатованың [70; 71], О. Сегізбаевтың [67], М. Елеусізовтың [69] т.б. ғалымдардың еңбектерінде Ш.Ш. Уәлихановтың тарихи, философиялық және экономикалық көзқарастары талданды. Соңғы кездегі зерттеулер қатарында академик Р.Б. Сүлейменовтің 1989 ж. жарық

көрген «Шоқан Уәлиханов – XIX ғасырдағы Орталық Азияның көшпелі халықтарын зерттеуші» деген еңбегі мен Е.Ж. Уәлихановтың 1996 ж. сәуірде Алматыда өткен халықаралық конференцияда жасаған «Шоқан Уәлиханов және қазақ мемлекеттілігінің мәселелері» деген баяндамасын атауға болар еді [72; 73].

Бұлай көзқарас таныту себебіміз ұлы қазақ ғалымының шығармашылығына, әсіресе, оның қазақ мемлекетінің құрылу уақыты мен алғы шарттары, қазақ халқының этникалық компоненттері т.б. мәселелер төңірегіндегі пайымдауларына бүгінгі күн талабы мен тарих ғылымының жетістіктері тұрғысынан қарауға ұмтылушылықтың айқын көрініс тапқандығына байланысты. Әсіресе, бұл екі жұмыста да Ш.Ш. Уәлихановтың Қазақ мемлекетінің тарихи сабақтастығы және қазақ халқының автохтондығы жөніндегі дiңгектi тұжырымдар зерттеушiлердiң басым көпшілігінің методологиялық бағыт-бағдары екендігі белгілі. Қазақ хандығының құрылуы мен қазақ халқының қалыптасуының негізгі дерек көзін құрайтын Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегі сан қырынан талданды. Бірнеше ғылыми-теориялық конференциялар ұйымдастырылды [74; 75; 76]. XIX ғасырдың 90-жылдарынан бүгінгі күнге дейін «Тарих-и Рашиди» әлемнің бірнеше тілдеріне аударылып, ол жөнінде бірнеше зерттеулер жарық көрді, қоғамдық көзқарас сараланды, қазақ халқының тарихын зерделеудегі орны анықталды [77; 78; 79; 80; 81, 26 б; 82; 83; 84; 85; 86; 87; 88; 89].

Қазақстанда тарихнамалық ізденістердің жандануына 1969 ж. жарияланған Г.Ф.Дахшлегердің «Историография Советского Казахстана», 1984 ж. жарық көрген Д.И.Дулатованың «Дореволюционная историография Казахстана (1861-1917)» атты монографиясы, шетелдік тарихнама саласындағы К.Л. Есмағамбетовтың ізденістері өз ықпалдарын тигізді. Бірақ бұл авторлардың еңбектерінде қазақ этногенезі мен мемлекеттілігі мәселелері арнайы зерттеу нысаны болған жоқ.

Монографияның деректік негізін ХҮ ғасырдың екінші жартысы – ХҮІ ғасырдың бірінші ширегінде қазақ хандығының құрылуы мен нығаю тарихы бойынша отандық және шетелдік тарихшылар, этнологтар мен археологтардың орта ғасырлардан күні бүгінге дейін жарияланған еңбектері құрайды. Хронологиялық тұрғыдан оларды үш топқа жіктеуге болады:

– орта ғасырлардан 1917 жылға дейін белгілі бір әлеуметтік топтың не мемлекеттің, көп жағдайда еуропалық құндылықтардың артықшылығы идеясы тұрғысынан жазылған тарихи және этнологиялық шығармалар;

– марксистік методологияға негізделген кеңес тарихшыларының еңбектері. Бұл кезде проблема «көшпелі феодализм» концепциясы шеңберінде, ал Батыс елдерінде революцияға дейінгі орыс ғалымдарының ұсынған схемалық тұжырымдары негізінде қарастырылды;

– өткен ғасырдың 90-жылдарынан басталған жаңа тарихи жағдайда пайда болған және плюралистік теорияларға негізделген зерттеулер.

Монографияда жан-жақтылық, нақтылық және объективтілік принциптері басшылыққа алынды. Бірақ әрбір тарихи тақырыпқа қойылатын нақтылы талаптар бар. Біздің зерттеу нысаны ретінде алынып отырған проблемада да өзіндік теориялық-методологиялық ізденістер тән. Әсіресе, Қазақ хандығының құрылуының этникалық алғышарты болып табылатын қазақ халқының шығу тегі мен қалыптасуын зерттеуде этнос және этникалық нышандардың қалыптасуының жалпы заңдылықтарына арналған теориялық-методологиялық еңбектердің тарихнамада алатын орны ерекше. Осыған орай С.А. Токарев [90], Н.Н. Чебок-саров [91], Г.В. Шелепов [92; 93], Ю.В. Бромлей [94; 96], Ю.В. Павленко [95], В.П. Алексеев [97; 98] секілді ғалымдардың әлем халықтарының этногенезі, этникалық қауымдастық және оның түрлері, этностың қалыптасу процесінің алғы шарттары, жалпы этнография ғылымының методологиялық мәселелері туралы еңбектерін атаған жөн. С.А. Токарев Қазақ халқының этникалық тарихын және оның методологиялық негіздерін пайымдаудың межелі кезеңі КСРО-да идеологиялық қысым бәсеңсіген өткен ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысынан бастау алады деп есептейді. Бұл бағыттағы маңызды шара ретінде 1987 ж. наурыз айында Қазақ КСР ҒА-ның «Қазақ халқының этногенезі және этникалық тарихы» деген тақырыпта өткізген пікір-сайыс болды. Онда академик Р.Б. Сүлейменовтің, К.М. Байпақов, К.А. Ақышев, Х.А. Арғынбаев, М.Қ. Әбусейітова т.б. ғалымдардың аталмыш тақырыпқа қатысты баяндамалары мен хабарламалары тыңдалды [99]. Бұл ғылыми форумның ең басты жетістігі - көшпелі өркениет мәселесі жөніндегі, этногенетикалық процестердегі тарихи сабақтастық, этностың қалыптасуындағы түрлі факторлардың рөлі туралы зерттеулерге жол ашты. 80-жылдардың аяқ кезінде осы және басқа тақырыптарға арналған Х.А. Арғынбаев, Н. Әлімбаев [100; 101], Н.Ә. Масановтың [102; 103], 90-жылдарда К.М. Байпақов, М.З. Цинман [105], М.К. Хабдулина [104], Р. Сүлейменовтің [106] еңбектері жарық көрді.

Осы кезеңде қазақ халқының этногенезі тарихнамасына арналған Р.Б. Сүлейменовтің [107] мазмұнды мақаласы жарияланды. Автордың қазақ халқының қалыптасуы жөнінде жазылған еңбектерге қатысты пайымды пікірлеріне иек артқанымызды ескерте кетеміз. Олардың ішінде этносты әлеуметтік жүйе ретінде қарастыру туралы ұсынысы методологиялық маңызға ие.

Отандық және шетелдік тарихнамада Қазақ хандығының құрылуы тақырыбымен байланыстырыла отырылып, көшпелі қоғамдардағы мемлекеттілік проблемасы көтерілді. "Көшпелі мемлекеттілік" концепциясы тарихнамада бұрыннан белгілі болғанымен, оны қазіргі уақыттағы пайымдауларда кейбір өзгешеліктер байқалады (Ол жөнінде негізгі мәтінде сөз болады) [108; 109].

Бірақ қазақ мемлекетінің пайда болу тарихының методологиялық мәселелері әлі түбірлі зерттеле қойған жоқ. Дегенмен соңғы кезде бұл

бағытта да біршама ілгерілеушілік байқалады. 1996 және 1999 ж. Алматыда “Эволюция государственности Казахстана” және “Кеңестен кейінгі Шығыс елдеріндегі мемлекет және қоғам” деген тақырыптарда екі халықаралық конференция өтті [110; 111].

Әсіресе, тәуелсіздік жылдарында Қазақ хандығы тарихын зерттеуде 1996 ж. Алматыда ҚР Президенті жанындағы Стратегиялық зерттеулер институты мен Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ұйымдастырған «Қазақстан мемлекеттілігі: бастауы және дамуы» деген теориялық конференция елеулі оқиға болды. Онда ғалымдардың «Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің көне формалары», «Орта ғасырларда Қазақстан жерінде мемлекеттіліктің дамуы», «Ортағасырлық Қазақстан көшпелілерінің мемлекеттілігі туралы», «Қазақ хандығы: құрылған уақыты, даму кезеңдері» және басқа да баяндамалар тыңдалды.

Осы ғылыми форумдағы Ж.О. Артықбаевтың «Қазақ мемлекеті проблемасының методологиясына» баяндамасы да ғалымдар назарынан тыс қалмау керек. Себебі онда автор көшпелілердің қоғамдық өмірін реттеу механизмі ретіндегі туыстық (рулық) қатынастардың рөлі, қоғамдық шағын жүйелеудің орны, тапсыз қоғамда да мемлекеттің пайда болу мүмкіндігі т.б. тұжырымдары соны ізденістерге түрткі болуы керек.

Елбасы Н. Назарбаевтың "Тарих толқынында" т.б. еңбектерінде отандық тарих ғылымы үшін методологиялық маңызға ие көптеген мәселелер баяндалған. Олардың ішінде біздің тақырыбымызға тікелей қатысты ұлтты жанды организм ретінде, қозғалыста және әлеуметтік-биологиялық және мәдени факторлардың өзара ықпалдастығы барысында қарастыру керектігі туралы тұжырымдары этнос және этногенез проблемаларын зерделеген әлемдік озық теориялар қатарына жатады [112, 96].

1 ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАР

1.1 Қазақ халқының қалыптасуының теориялық-методологиялық мәселелері

Отандық тарих ғылымының күрделі проблемаларының бірі қазақ халқының шығу тегі мен қалыптасу кезеңдерін жан-жақты зерттеу болып табылады. Бұл тақырыпты пайымдауға арналған бірнеше тарихи, этнологиялық, антропологиялық еңбектер жарық көргенімен, оның теориялық, методологиялық қырлары ғалымдар назарынан тыс қалып келеді. Этногенез проблемаларын теориялық тұрғыдан зерделеп және этнотарихи зерттеулердің кейбір методологиялық алғы шарттарын айқындап алмайынша, нақтылы зерттеулерде қайшылыққа ұшырамау мүмкін емес. Бұл талап, әсіресе, этностың қалыптасу жағдайын, сонымен қатар басты этникалық белгілерін анықтау үшін аса қажет. Этногенетикалық зерттеулердің теориялық негіздерін айқындауға бағытталған әрекеттер өткен ғасырдың 40-жылдарында көрініс бере бастады. Н.И. Кушердің "К методологии определения этнографической территории" [113], С.А. Токаревтің "К постановке проблем этногенеза" [114], А.Д. Удальцовтың "Теоретические основы этногенетических исследований" [115] деген мақалалары, Б.А. Гафуров пен Б.А. Литвинскийдің "Узловые проблемы этногенеза истории народов Средней Азии и Казахстана" атты еңбегі жарық көрді. Бірақ олар этногенез проблемасына қатысты теориялық, методологиялық мәселелердің басын

толық ашып бере алмады. Тарихи процестердің барлығын таптық, формациялық шеңберде ұғынуға тырысқан маркстік ілім қазақ халқының этногенезін зерттеудегі негізгі кедергі болды. Мұны 1987 ж. наурызда Алматыда өткен "Қазақ халқының этникалық тарихы және этногенезі" деген тақырыпта өткен ғалымдар арасындағы пікір алмасу форумының жұмысы да айқын көрсетті. Пікір сайыс қорытындысы бұл мәселелер жөнінде әлі де ғалымдардың бір тоқтамға келе қоймағандығын дәлелдеп берді [99].

Осы жиында академик Р.Б. Сүлейменовтің "Қазақ халқының этногенезі және этникалық тарихы: проблема және әдіс" деген тақырыпта баяндамасы тыңдалды. Сонымен қатар К.М. Байпақов "Отырықшы және көшпелі халықтар арасындағы өзара байланыстар этникалық процестердің даму факторы ретінде", К.А. Ақышев "Ерте және ортағасырлық Қазақстандағы этномәдени ахуал", Х.А. Арғын-баев "Қазақтардың этникалық құрамы және орналасуы", М. Әбу-сейітова "Қазақ халқының этногенезін зерттеуде жазба ескерткіштердің маңызы", Н.Ә. Масанов "Көшпелі шаруашылық – мәдени түрдің эволюциясы және қазақ халқының этногенезі проблемасы", Ә. Қайдаров "Қазақ этнонимін этимологиялық талдау принциптері туралы", Ә. Әбдірахманов "Көне этнонимдер – қазақтар этногенезін зерттеудің дерек көзі" деген мәселелер бойынша хабарламалар жасады [99].

Форумда ғалымдар тарапынан елеулі теориялық, методологиялық қателіктер жіберіліп отырғандығына назар аударылды. Қөзқарастар алшақтығы қазақтардың этногенезі проблемасы мазмұнын түрліше ұғынудан, оны әртүрлі параметрлер тұрғысынан зерделенуінен, тіпті терминологиялық аппаратты әркімнің өзінше түсінуінен туындап отырғаны айтылды.

Содан бергі уақытта да отандық тарихнамада этностың түзілу процесінің методологиялық мәселелері кешенді түрде зерттеле қойған жоқ, бірақ оның жекелеген, кейбір құрамдас бөліктері К.А. Пищулина, М.Қ.Қозыбаев, Б.Е.Көмеков, Н.Ә.Масановтың еңбектерінде көтеріле бастады. Шетел ғалымдары бұл мәселемен өткен ғасырдың 60-жылдарынан бері жүйелі түрде айналысып келеді. Олар "Этнос дегеніміз не (кім), оның құралуының алғы шарттары қандай?" деген сұрақтарға жауап іздеумен шұғылданды. В.Ф. Геннинг мысалы, этносты қалыптастырушы факторлар қатарына этностың өз территориясы (аумағы) болуын және әлеуметтік-экономикалық даму біркелкілігін жатқызады [118].

Алайда этносты және этникалық белгілерді құрайтын факторлар жөнінде айтпастан бұран, "этнос" категориясының мазмұнын анықтап алу қажет. В.Ф. Геннингтің пікірі бойынша, "этникалық қауымдастық дегеніміз шыққан тегі, тіл, территория, мемлекет, экономикалық байланыстар, мәдениет, дін бірлігі сияқты түрлі әлеуметтік байланыстарға негізделген қауымдастық болып табылады [119]. Осы нышандардың арасындағы тарихи даму барысында қалыптасатын өзара қатынас этникалық сана-сезімді

туғызады, сол арқылы индивидумның (жеке тұлғаның), не болмаса әлеуметтік топтың қай этносқа жататындығы анықталады [90, 536].

Қазіргі заманғы әдебиетте этностың мұнан басқа да анықтамалары бар. Н.Н. Чебоксаров [91-5 б.], В.Н. Козлов [120], Г.В. Шелепов [92; 93], Ю.Б. Бромлей [94, 376], В.П.Алексеев [97; 98], Р.Ф.Итс [121], В.И. Васильев[122], И. Семенов[123; 124], Э.Т. Александренков [125], И.Ю.Заринов[125] этникалық сана-сезімге, шыққан тегіне, қайсыбірі әлеуметтік-экономикалық құрылымдарға, келесі бір топ ғалымдар тіл мен мәдениетке доминанттық (басым) күш ретінде қарайды. Мысалы, Ю.В. Бромлей мәдени-тұрмыстық бірлік пен сана-сезімді этностың бірден-бір тұрақты белгілері деп есептей отырып, мынандай анықтама ұсынады: "Этнос дегеніміз барлығына бірдей және біршама тұрақты ерекшеліктерімен айқындалған мәдениет, мінез-құлық (психика), сонымен қатар өз тұтастығын және басқа қауымдастықтардан бөлектігін сезінген сана тән тарихи қалыптасқан адамдар жиынтығы" [94, 376].

Бірақ осы "тарихи қалыптасқан адамдар жиынтығының" біртұтас қауымдастыққа айналуы үшін, яғни белгілі бір адамдар тобының өзіне ғана тән мәдениетті, этникалық сана-сезімі болуы үшін этногенез процесінің алғы шарттары болуы керек. Басқаша сөзбен айтқанда, "этникалық ұйытқыны (не болмаса "этникалық өзекті") этногенез алғы шарттарының рөлін атқаратын тарихи жағдайлар туғызады. Ал, олардың қозғаушы күші әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардың дамуы болып табылады – деп есептейді Ю.В. Павленко. – Пайда болғаннан кейін этнос ұзақ уақыт бойы өзін қалыптастыруға жағдай жасаған тарихи факторлардан тәуелсіз өмір сүре алады. Бірақ оларсыз дүниеге келуі де, қалыптасып, тарихи процестің дербес организмі ретінде көрінуі де мүмкін емес" [95, 776].

Сонымен жоғарыда көрсетілген ғалымдардың зерттеу әдістеріне этносты оны сипаттайтын басты ерекшеліктері (немесе белгілері) арқылы айқындауға тырысушылық тән. Негізінен әдебиетте этностың қалыптасуының басты шарты және дамуының қозғаушы күші, түптеп келгенде, этникалық процестің барлық жақтарының әлеуметтік-экономикалық құрылымының пайда болуы екендігі мойындалған.

Осы методологиялық принципке негізделген ғылыми мектептің өкілдері белгілі бір этностың және оған тән белгілердің қалыптасу процесін зерттеуде екі мәселеге назар аударады. Олар: а) қандай да болмасын этностың өндіріс тәсіліне негізделген қалыптасу процесін өмір сүруге қабілетті дербес (автономды) әлеуметтік организм ретінде қарастыру; 2) этностың нақтылы шаруашылық – тарихи-мәдени кешен жағдайында қалыптасуы.

Қорытындылап айтқанда, этноәлеуметтік организмінің қалыптасуының басты шарты біршама мәдени, тілдік, психикалық және антропологиялық белгілері қордаланған, ортақ аумақты мекендеген, дамудың бір сатысында тұрған және еңбек процесі барысында өзінің күш-жігерін біріктіруді

қажетсінген жеке адамдар топтарының арасында берік әлеуметтік-экономикалық байланыстардың орнығуы болып табылады [95,84-85б]. Өз кезегінде ол белгілі бір шаруашылық – тарихи-мәдени кешенді құрайды.

Қазақ халқының тарихын осы теориялар шеңберінде пайымдайтын болсақ, біріншіден, қазақтардың этногенезі деп қазақ халқының бірігуі және қалыптасу процесі, яғни оған қатысқан тайпалар мен халықтардың тарихы деп ұғынуымыз керек. Екіншіден, қазақтардың этникалық тарихы деп қалыптасып үлгерген қазақ халқының тарихы, яғни оның түрлі ортамен: табиғатпен, әлеуметтік-мәдени және өз этникалық аясымен этномәдени өзара ықпалдастық тарихы деп түсіну қажеттілігі [96].

Бірақ отандық тарихшылардың арасында этногенез терминінің семантикалық табиғатын пайымдауда бірегейлік жоқтығы байқалады. Көпшілік жағдайда қазіргі тарихнамада ассимиляциялық-интеграциялық процестерге немесе кейбір ғалымдар қолданып жүрген терминдер бойынша, субстраттық-суперстраттық процестерге, тек керек жағдайларда ғана адстраттық өзара ықпалға назар аударылады [127, 90б].

Этногенез процесін бұлай пайымдауға болмайтындығы жөнінде академик Р.Б. Сүлейменов: "Негізінен қате осы әдістемелік тәсіл (алғы шарт) тұрғысынан жазылған бірнеше еңбектер жарық көрді. Оларда көшпелілердің спонтанды дамуы зерттеу нысанынан тыс қалды", – деп көрсеткен еді [127, 90б].

Отандық тарихнамада 70-80-жылдары орын алған этногенез проблемасын зерттеуді субстраттық-суперстраттық процестермен шектеу этникалық процестердің заңдылықтарын, әсіресе, адаптациялық (бейімделу) тетіктерін түгел түсінуге мүмкіндік бермеді. Осыған байланысты ғылыми әдебиетте аборигендер (жергілікті тұрғындар) мен мигранттардың өзара ықпалы мен әрекеті сипатын анықтаушы және бағыт беруші фактор қандай деген сұраққа жауап іздестірілді. Зерттеушілердің этногенез және этникалық тарих, ең алдымен, табиғи, әлеуметтік-экономикалық және өзіндік этникалық орталармен өзара әрекет процесі екендігі жөнінде қорытындыға келуі проблеманы методологиялық тұрғыдан дұрыс түсінуде маңызды рөл атқарды. Бұл өз тарапында автогенез аясын, яғни қоғам мен табиғаттың өзара әрекетінің, адамның биологиялық бейімделуден тыс – мәдени дамуының нәтижесі ретінде көрінетін өзіндік эволюциясын зерттеу қажеттілігін алға қойды. Осылай бола тұрғанымен, бұл методологиялық талап 70-80-жылдардағы кейбір зерттеулерде басшылыққа алына қойған жоқ. Осыған орай этногенез проблемасын зерттеуді субстраттық-суперстраттық процестер аясымен шектеу 1979 ж. жарық көрген "История Казахской ССР-дің" екінші томында көрініс бергенін айта кету керек [128; 107, 90б].

Сыртқы факторларға басымдылық маңыз беру, көшпелі қоғамның ішкі эволюциясын ескермеу әлі де жалғасын тауып келеді. А.М. Хазанов мысалы, өзінің "Скифтердің әлеуметтік тарихы" деген еңбегінде: "... жазба

деректер қалдырмауы себепті олардың тарихын көршілес отырықшы-егіншілікті өңір халықтарымен қарым-қатынас тарихын талдау арқылы анықтауға болады", – деп жазды [129].

Г.А. Федоров-Давыдов VIII-XV ғасырлар кезінде Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы этникалық процестерде миграциялық құбылыстар мен оқиғаларды басым фактор ретінде қарастырады. "Орта Азия халықтарының этногенезін зерттегенде халықтар мен тайпалардың қоныс аударуы, жалпы жергілікті тұрғындардың құрылымында көшпелі түрік элементінің күшеюі, ауып келген тайпалардың әлеуметтік-мәдени ықпалы сияқты факторлар орын алған монғол және тимуридтер дәуірлері ескерілуі қажет", – деп жазады ол [130, 746]. Осы пікірді бекіту мақсатында автор 1470-1471 жылдары Іле өзені бойындағы ойраттардың жеңісінен кейін Жүніс ханның қарамағындағы он мыңға тарта монғолдың Ташкент облысы мен Ферғанаға қоныс аударуы, Әбу-Саид кезінде Сырдария өңірінен арғындардың біраз бөлігінің Мауреннахрға көшіп барып, 1457-1458 жылдары Гератты басып алу жорығына қатысқандығы, басқа да миграциялық оқиғалар жөнінде нақтылы мәліметтер келтіреді [130, 766].

Г.А. Федоров-Давыдов Әмір Темірдің тайпаларды бір жерден екінші жерге шашырата қоныстандырып, басқа халықтар мен ұлыстардың құрамына енгізіп отырғаны жөнінде Абд ар-Раззак Самарқандидің, Низам ад-Дин Шамидің еңбектерінен мысалдар келтіре отырып, бір орталыққа бағындырылған өкімет саясатының этникалық процестерге бағыт беруде қуатты фактор болғандығына назар аударады. XIII-XIV ғасырлардағы халықтар мен тайпалардың қоныс аударуы мен олардың Орта Азия этногенезі процестеріндегі рөлін Жошы, Хулагу, Шағатай хандықтарының ұлыстық құрылым ерекшеліктерімен байланыстыра зерттеуді ұсынады. Жалпы алғанда, автор ассимиляциялық процестерге көбірек ден қояды.

Отандық тарихшылар осы уақытқа дейін, жоғарыда көрсетілгендей, негізінен этносты қалыптастырушы жеке факторларға мән беріп келеді. Н.Э. Масанов қазақ этногенезі процесінде экономикалық, экологиялық факторлар маңызды рөл атқарды деп есептейді. Оның пікірінше, шаруашылық жүргізудің көшпелі үрдісі Қазақстан халықтарының, әсіресе, қазақтардың этникалық тарихында этносаяси тұрғыдан қалыптастырушы басты фактор болып табылады. Нәтижесінде адамның өзі өмір сүрген ортаға бейімделуінің ерекше формасы болып табылатын көшпеліліктің пайда болу кезеңінен бастап, екі мың жылдан астам дәуір ішінде бірегей этникалық белгілер жинақталып, көшпелі социумдардың біртіндеп этностену процесі жүріп отырған [103, 846].

Этногенетикалық процесс жаңа этникалық қауымдастық – қазақтардың қалыптасуын жеделдеткен этносаяси көшпелі бірлестіктердің құрылуына байланысты екі мыңыншы жылдықтың орта тұсында өзінің айқындалу сатысына аяқ басқан.

Супстраттық, суперстраттық факторлардың басымдылығы туралы идеяның жақтаушысы Н.Э. Масанов бұл процестің өз жалғастығын табуы да, үзіліп қалуы да көшпелі тұрмыс-салт үрдісіне байланысты деп көрсетеді. "Сонымен, – деп жазады ол, – көшпелі шаруашылық үрдісі кейінгі ортағасырлық шаруашылық бірлестіктердің тарихи сабақтастығын, олардың осы өңірдің көне және ерте орта ғасырлар тұсындағы тұрғындарымен генетикалық байланысын анықтады". Осыдан келіп бұл автор этногенез үзіліссіздігінің кепілі шаруашылық және мәдениет салаларында технологиялық дағдылар мен тәсілдердің сабақтастығын анықтаушы табиғи орта болып табылады деп түйіндейді [103, 86б].

Методологияның тарихи сабақтастық принципі туралы мәселені бірінші көтерген, әрине, Н.Э. Масанов емес. 1938 ж. С.П. Толстов "Основные вопросы древней истории Средней Азии" деген мақаласында Орта Азия мен Қазақстан халықтарының этногенезін үзік-үзік түрінде баяндайтын дәстүрлі концепцияға қарсы шыққан. Соңғысы осы өңірдің ерте заманғы тұрғындары мен орта ғасыр және жаңа дәуірдегі халықтарының арасында байланыс жоқ деп есептейтін қазақтар, өзбектер, қырғыздар, қарақалпақтар мен түрікмендерді кейінгі кезеңде шығыстан келген және Орта Азияның жергілікті көшпелі, сонымен қатар отырықшы халқының бір бөлігін ығыстырып, келесі бөлігін ассимиляциялаған тайпалардың ұрпақтары деп қарастыратын. С.П. Толстов көптеген нақтылы материалдар негізінде бұл концепцияның тарихи шындыққа сәйкес келмейтіндігін дәлелдеп берген. Ғалымның "соғдылықтардың, бактриялықтардың, хорезмдіктер, массагеттер, сақтар, үйсіндер, эфталитер мен түріктердің тарихы Кеңестік Шығыс республикалары халықтарының тікелей ата-бабаларының тарихы" деген тұжырымы [131] қазақ этногенезін зерттеуде тарихи сабақтастық принципінің орнығуына көп септігін тигізді.

Сол кезден бастап қазақтар этногенезі далалық өңірді және Жетісуды мекендеген массагеттер, сақтар, үйсіндер және басқа да көне тайпалар тарихымен байланыста зерттеле бастады. Бірақ мұнан мәселе түбегейлі шешілді деген тұжырым жасалмауы керек. Тіпті тарихи сабақтастық принципін Н.Э. Масанов тайпалар мен халықтар арасындағы генетикалық байланыс емес, бұрыннан келе жатқан дәстүрлі концепция шеңберінде түсінеді және оны бұл автор соңғы зерттеулерінде де дәлелдеуге тырысты.

80-жылдардың аяқ кезінен бастап жарияланған еңбектерінде Н.Э. Масанов географиялық детерминизмге ой ұра бастағаны аңғарылады. 1990 ж. Мәскеуде жарияланған "Этногенез казахов: проблема и метод" деген мақаласында этностың өмір сүрген табиғи ортасы мен территориясына доминанттық маңыз артады. "Жалпы әлеуметтік қауымдастықтың генезисі олардың мекен еткен аумағымен тікелей байланысты, – деп жазады ол. – Осы себепті этникалық аумақтың болуы кез келген этностық қалыптасуының басты шарты болып табылады" [103, 94б].

Автор әрі қарай осы тұжырымын былайша өрбітеді. Ортақ мекен этникалық қатынастардың пайда болу процесінің өзін, маңызды этникалық белгілерді, ең соңында, этникалық қауымдастықтың қалыптасуы арқылы көрінетін этникалық сана-сезімді анықтайды. Территория этногенетикалық процестің шарты және материалдық негізі болып табылады, себебі бірге өмір сүру және ақпараттық байланыстардың жиіленуі адамдардың араласуы мен іс-әрекеттерінде, түптеп келгенде, ортақ этникалық белгілердің қалыптасуына алып келеді. Басқаша сөзбен айтқанда, территория этникалық қауымдастықтың қалыптасуын қамтамасыз ететін адамдар арасындағы түрлі функционалдық байланыстардың негізі болып есептеледі.

Осы ойларын қорыта келіп, Н.Э. Масанов этногенез және этникалық даму процестерінде табиғи ресурстарға, жалпы алғанда географиялық факторға шешуші рөл жүктейді.

Н.Э. Масановтың бұл тұжырымдарынан Ю.В. Бромлей [96], В.П. Алексеев [132], В.А. Анучин [133] сияқты этнос пен оның өмір сүру ортасын біртұтас этноэкологиялық жүйе ретінде қарастыратын орыс ғалымдарының ықпалын аңғару қиын емес. Автор өз ой-пікірлерін көшпелілер тарихының экологиялық мәселелеріне арналған басқа да ізденістерінде бекіте түсті [134].

Н.Э. Масанов және басқа да авторлардың этногенез мәселелерінде сыртқы факторларға көбірек мән беруі қандай да болсын этникалық белгілердің қалыптасу мехенизмі (тетігі) туралы зерттеулердің жоқтығында, яғни автогенез үйлесімділік жүйесінің түбегейлі пайымдала қоймағандығында болып отыр [95]. Бұл тақырыпқа шаруашылық-мәдени түрлердің этностенуі жөніндегі өз концепциясын ұсынған Я.В. Чеснов қана қалам тартты [135].

Отандық тарихнамада автогенез проблемасына арналған іргелі еңбектің жоқтығы қазақтардың шығу тегі процесін зерттеуді тежеп келеді. Тек қана 80-жылдардың аяғында этногенездің шешуші факторы ретінде Қазақстанның көне заманғы және орта ғасырлардағы қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы, саяси құрылымдар мен мемлекеттік бірлестіктер шеңберінде өндірістік қатынастар жүйесін реттеуді талап еткен қоғамдық қатынастардың ілгерілеуі болып табылатындығы жөнінде тұжырым жасалынды.

Этногенез диахрондық мәнінде – процесс, синхрондық түрінде – жүйе болып табылады. Соңғысының өзіне тән даму параметрлері және басқа да жүйелер сияқты, ол өзін құрайтын компоненттері, бегілері және элементтерінің функционалдық байланыста болуымен сипатталады. Осы себепті этногенетикалық процестерді әлеуметтік-экономикалық, таптық, мемлекеттік, саяси құбылыстармен өзара тығыз байланыста зерттеу қажет [136].

Қазіргі таңда отандық тарихнамада этногенез проблемасын кешенді зерттеу керектігі, себебі жеке антропологиялық, археологиялық,

этнографиялық, лингвистикалық, дерекнамалық, тарихнамалық зерттеулердің қай-қайсысы да өз алдына оң нәтиже бере алмайтындығы туралы тұжырым талас тудырмайды. Шетелдік тарихнамада да осы үрдіс орын алып отыр [97; 121; 122; 123; 124; 125; 127].

Солай бола тұрғанымен, осы зерттеу әдісі мен этногенез проблемасына арналған еңбектерде оның жүзеге асырылуы арасында біршама алшақтық бар екендігі аян. 1979 ж. жарық көрген "История Казахской ССР" деген іргелі еңбектің 2-томында кеңестік тарих ғылымында этногенетикалық проблемалар кешенді түрде қарастырылып келе жатқандығы және осы методологиялық принцип Орта Азия мен Қазақстан халықтарының этногенезін зерттеуде де басшылыққа алынғандығы жазылған. Дегенмен осы өңірдің көне тұрғындары – сақтардың тілдік атрибуциясын, көшпелі қоғам эволюциясының ішкі заңдылықтарын анықтауда қайшылықты пікірлерге жол берілді [46].

Н.Э. Масанов "История Казахстана: народы и культуры" деген ұжымдық еңбекте қазақтардың этногенезі проблемасына қатысты жазылған жұмыстардың көпшілігіне диахрондық зерттеу әдісі тән екендігін және оларда этникалық процестердің сабақтастығы мен динамикасы, генеалогиялық, рулық-тайпалық мәселелері қарастырылатынын айтады. Оның пікірінше, осының нәтижесінде проблеманың шешуші мәселелері, оның ішінде этногенездің әлеуметтік-мәдени параметрлері және ең бастысы, шоғырлану және бірігу этногенетикалық процесінің тетіктері зерттеу нысанынан тыс қалып қояды [41, 62б].

Қазақтар этногенезі мен этникалық тарихын автор өзі ұсынып келе жатқан схема бойынша ғана пайымдауға болады деп есептейді. Ол ең маңызды мәселе көшпелілердің материалдық өндіріс жүйесі мен ерекшеліктерін және өмір салтын, осыдан келіп олардың мекенінде этникалық процестердің қалыптасуы мен дамуына қоршаған ортаның ықпалын зерттеу болып табылады деген пікірге саяды. Бұрыннан айтылып келе жатқан ой-пікірлерін қайталай келіп, Н.Э. Масанов экологиялық кеңістік ерекшеліктері адамның өзін қоршаған табиғат, жағдайларына бейімделу тәсілдеріне тікелей әсер етті деп жазады. Осы процесс барысында материалдық өндірістің ерекше жүйесі, нақтылы өмір салты, тіпті құндылықтар жүйесі, мәдениеттің ерекше түрі қалыптасады-мыс. Н.Э.Масанов осы өзара байланысты құбылыстардың логикалық түзілісінің негізінде этномәдени қауымдастық пайда болады деп түйіндейді.

Бұл автордың этногенез проблемасы бойынша көзқарастарында жаңалық жоқ екендігі, негізінен Ю.В. Бромлей т.б. орыс ғалымдарының ой-тұжырымдарының ықпалы басымдылығын жоғарыда да атап көрсеткенбіз. Қоршаған ортаның өндіріс тәсіліне белгілі бір дәрежеде ықпалы барлығын жоққа шығаруға болмайды, бірақ оның рөлін, тіпті адамдардың рухани өміріне дейін таратып, әсірелеуге болмайды. Бұл ғылымда түрлі нәсілшілдік теорияларға, саясатта "өмір сүру кеңістігі" үшін тартысқа жетелейді.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, қоршаған орта сияқты сыртқы факторларға басым мән беру этногенез проблемасын синхронды зерттеуге мүмкіндік бермейді, қайта субъективизмге жол ашады.

Н.Э. Масановтың бұл проблеманы пайымдаудағы жаңалығы ретінде этногенез процесін "ареал" (шөлді-шөлейтті аудандар) және "маргинальдық зона" сияқты аумақтық түсініктер арқылы қарастыру талпынысын айтуға болады. Оның пікірінше, олар осы өңірлердің тұрғындарының шаруашылық құрылымында және әлеуметтік-экономикалық қатынастарының дамуында бірдей рөл атқармаған. Біріншісінде, яғни шөлді-шөлейтті өңірде шаруашылық жүргізудің бір ғана үрдісі – көшпелі мал шаруашылығы үстем болды.

"Маргинальды зоналарға" шаруашылықтың түрлі формалары -қалалық өмір, отырықшы-егіншілік, таза көшпелілік тән болды [41, 62б].

Бірақ бұл жерде де автор географиялық факторға негізделген өз концепциясы тұрғысынан пайымдайды. Көрсетілген шаруашылық үрдістеріне байланысты ол мынандай қорытындыға келеді. Шөлді-шөлейтті ("ареал") аудандарда диахрондық, яғни ұрпақаралық, ақпараттық байланыстар үстем болды. Ақпараттық байланыстардың осы сипатта немесе арнада дамуы, күрделі ұйымдасқан маргинальды өңірлермен салыстырғанда, шаруашылық және мәдени тұрғыдан біртектес аудандарда этногенез процесінің қарқынды жүруіне әсер етті. Себебі мұнда ортақ өмір салты, өндірістің ерекше тәсілі, бір сипатты экономика негізінде мәдени қауымдастық тезірек қалыптасты [41, 63б].

Бірақ, біздің ойымызша, автордың экологиялық концепциясының бұл жерде де әлсіз жақтары көзге түседі. Біріншіден, қоршаған орта (шөлді-шөлейтті өңір) және көшпелі мал шаруашылығы жағдайында дала тұрғындарының шашырай орналасуы (disperse - дисперсное) көшпелілердің этногенезі процесін тездетуі емес, тежеуі керек; екіншіден, қоршаған орта этногенетикалық процесте шешуші фактор бола алмайды. Себебі бірдей табиғи ортада әртүрлі, өзіне тән тұрмыс-салты, тілі, діні бар халықтардың қалыптасқандығы жөнінде мысалдарды тарихтан жиі кездестіруге болады (Ауғанстан, Монғолия және т.б.).

Қазақ халқының этникалық тарихын зерттеуде Қазақстан археологиясының атқарып келе жатқан қызметі аз емес. Қай халықтың болса да, оның ішінде қазақтардың шығу тегін этникалық және марфологиялық түр-тұлғасын, әсіресе оның алғашқы тектік формасын анықтап және оның ұрпақтан-ұрпаққа даму сатыларын нақтылы көрсете алатын бір саласы антропология. Бұл ғылымның жалпы іздену әдістері барлық тарихи дәуірлерде өмір сүрген адамдар биологиясының, марфологиясының, физиологиясының, қаңқасының, жас, жынысы, нәсіл ерекшеліктерінің заңдылықтарына сүйене отырып жүргізіледі. Аталмыш салада О.Смағұлұлының “Қазақтардың этникалық тарихындағы методологиялық мәселелер” атты зерттеуінің зор маңызы бар [138; 139].

Қазақтардың этногенезі проблемасының жүйелі түрде шұғылданып жүрген отандық ғалымдарымыздың бірі – К.А. Пищулина. Бұл ғалымның зерттеу әдісін этногенез проблемасын этносаяси бірлестіктермен байланыстыра қарастыру ерекшелейді [59; 140; 141].

К.А.Пищулина тайпалардың халық болып бірігуінің басты шарты шаруашылықтың және шаруашылық байланыстардың дамуы деп есептегенімен, басқа да тарихи факторларға, олардың ішінде шекаралас отырықшы – егіншілікті аймақтар және қалалық мәдениетпен байланыстардың өрбуіне, сол негізде шаруашылық, этномәдени, этносаяси байланыстары орныққан аймақтың қалыптасуына, жақын туыстас этностар ғана емес, басқа да этникалық топтар арасында аралас-құраластық процестің дағдыға айналуына мән береді. Әсіресе, автор этносаяси бірлестіктердің рөлін ерекше атап көрсетеді.

Саяси ұйым халықтың қалыптасуын аяқтайтындығы жөніндегі қағида К.А. Пищулинаның ғана емес, басқа да отандық ғалымдардың еңбектерінде әдістемелік алғы шарт ретінде қабылданды. Сонымен қатар оның методологиялық маңызы да бар. Сондықтан да зерттеушілердің басым көпшілігінің қазақтар этногенезінің аяқталу кезеңін қазақ хандығының құрылуымен, ал оның қалыптасу процесіндегі маңызды кезеңдерін Ақ-Орда, Моғолстан сияқты этносаяси бірлестіктермен байланыстыруы кездейсоқ емес.

К.А.Пищулина еңбектерінде, осы методологиялық және әдістемелік принципке сәйкес, ХІҮ-ХҮ ғасырдың бірінші жартысында, Ақ-Орда, көшпелі өзбектер мемлекеттері кезінде, Қазақстан аумағында тайпалардың этникалық құрылымының тұрақтануы, көптеген жергілікті және қоныс аударып келген түрік, монғол тайпаларының арасындағы айырмашылықтар жойылып, олардың барлығына ортақ этникалық белгілердің қалыптасуы кешенді түрде зерттелген.

Автордың этногенетикалық процестегі мемлекеттіліктің атқаратын рөлі жөніндегі пайымдаулары соңғы бес томдық "Қазақстан тарихының" екінші томында кеңірек баяндалған. "Қандай халық болса да, – деп жазады К.А. Пищулина, – өзінің ұзаққа созылған қалыптасу жолында көбіне-көп әр түрлі феодалдық мемлекеттер шеңберінде оқшауланып қалады да, басқа халықтар бөлшектерімен бірге өздерінің жекелеген құрамаларымен түрлі этносаяси қауымдастық құрайды" [141].

Ғалым жоғарыда айтылған көшпелілік өмір салтының этногенетикалық процесті жеделдететіндігі (Н.Масанов) жөніндегі пікірмен келіспейді және бұл жөнінде орынды уәж айтады. Көшпелі өмір жағдайында, деп жазады К.А. Пищулина, мемлекеттердің шекаралары әдетте халық болып топтасып, сол мемлекеттердің шеңберінде уақытша этносаяси қауымдастық құрылған рулардың, тайпалар мен өзге де этникалық бөлімшелердің көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы этникалық қоныстанушының өзгермелі шекараларымен сәйкес келмеді. Бұл жағдай олардың этникалық

жақындасуын қиындатты, өйткені саяси бөліну ежелден қалыптасқан шаруашылық, мәдени, этникалық байланыстардың сақталуы мен орнығуына кедергі жасады.

Сонымен, қорыта айтқанда, қазақтардың этногенезі тарихнамасында бұл проблеманы Ақ Орда және оның өзбек, өзбек-қазақ атанған тұрғындары тарихымен ғана емес, Әбілқайыр хандығы және оның көшпелі өзбектерінің этносаяси қауымдастығымен де, Ноғай ордасы және оның этносаяси қауымдастығымен де (қазақ, ноғай), ақырында Моғолстан мен оның этносаяси қауымдастығымен де (моғолдар) байланыста қарау әдістемелік талап ретінде орнықты.

Дегенмен қазақтардың этногенезі проблемасының теориялық-методологиялық негіздері толық зерттелді деуге болмайды. Этностену процесінің ішкі тетіктері мен заңдылықтары, көшпелі өмір жағдайындағы ұлттық сана-сезімінің қалыптасу ерекшеліктері т.б. мәселелер әлі де зерделенбеген. Аталмыш еңбекте (II томда) "этносаяси қауымдастық" терминіне беріліп отырған анықтама түбегейлі сипат танытпайды, себебі оның халықтың қалыптасу процесіндегі орны, қай сатыны құрайтындығы пайымдалмаған.

1.2 "Қазақ" термині: әлеуметтік мағынадан этнонимдік мазмұнға дейінгі эволюциясына қатысты көзқарастар

Қандай этнос болса да өзінің өзгелерден ажырата бастаған кезеңі өз атауының қайдан шыққанын, семантикалық мәнін түсінуге тырысады. Осыған байланысты "қазақ" сөзіне, оның этимологиялық мәніне сан алуан ғалымдар мен оқырмандар тарапынан назар аударылуы заңдылық болып табылады. Ең алдымен "қазақ" сөзінің қай уақытта пайда болғандығы жөнінде жазба деректерді қарастырып көрелік.

Археологиялық зерттеулерге қарағанда "қазақ" сөзі сақтар заманында пайда болған. С.П.Толстовтың басшылығымен жүргізілген Хорезм өлкесіндегі Топырақ қаладағы қазба жұмыстары барысында азды-кемді жазба деректер (ағашқа жазылған) кездескені мәлім. Оларды әліптеген авторлар жазбаларда "касак", "касасак", "пандикасак" деген атаулардың кездесетінін жазады[142].

Соңғы екеуі, Ә. Сарайдың пайымдауынша, тиісінше "батыр сақ", "ұстаз сақ" дегенді білдіреді. Соған қарағанда, ағаш жазудағы кісі аттары олардың атқарған қызметтерін білдіретін сияқты. Сонымен Топырақ қаланың өмір сүрген уақытын басшылыққа ала отырып, "қазақ" сөзінің толық күйде алғаш хатқа түсуі III ғасырдың орта шені деп белгілеуге болады [143].

Топырақ қала жәдігерлеріне байланысты автор "сақ" этнонимін тереңірек зерттеу қажеттігіне назар аударады.

Көне Қытай деректерінде "қазақ" сөзі II ғасырдың орта кезінде хатқа түсірілген, тіпті сол уақыттың өзінде этнонимдік мәнге ие болған. Осы

ғасырдың 50-жылдарында ғұндар Арал өңіріне барып қоныс тепкен кезде, олардың оңтүстік-шығыстағы ең жақын көршілері Ертістен Шу мен Сарысу өзендеріне дейін жерлерді мекендеген Қаңлы бірлестігі болады. Қытай тарихнамашылары осы Қаңлы мемлекетін қазақтардың отаны деп біледі. Мысалы, Хэ Цютао, 1851 ж. көне деректер негізінде жарияланған еңбектің авторы, ежелгі Кангюй мемлекетін қазақтар елі деп түсіндіреді.

Канцзюйдің шығыс шекаралары, деп жазады ол, қазіргі *Касакэ* (қазақтар) жерінде болды. Қазіргі заманғы географиялық деректерге сүйенсек, "Хань дәуірінде (б.д.д 209-б.д. 220 жж.) Кангюй мемлекетінің жерлері *Касакэ* елінің оңтүстік-шығыс шекарасынан басталып, солтүстік батыста кейінгі уақытта құрылған Мәскеу мемлекетінің шекарасына дейін созылып жатты", – деп жазады Хэ Цютао [144, 174-178б].

Синьцзян университетінің (Қытай) профессоры Су Бэйхай қытай жылнамаларында "кэса" ("қазақ") атауы YII ғасырдан бастап кездеседі дейді. "Таңнаманың" "Персия баянында" "түріктердің Кэса тайпасы" туралы айтылады. "Юань патшалығы тарихының аударма материалдарына толықтырулар" атты Хон Цзюньнің еңбегінде: "Түріктер дәуірлеп тұрған кездерде ... ең батыс шетте Кэсалар өмір сүрді. Олар гэсалар деп те аталған. Батыс елдерінің көне кітаптарында да осы атау кездесіп қалады, онда гэсаны басқашалау атаған Каспий мен Қара теңіздің терістік жағын түгелдей солар мекендеген", – деп нақтыланған [145, 13б].

Осы пікірді отандық тарихнамада Т. Жанұзақов та қолдап, "қазақ" атауы Кавказдағы түрік қауымы арасында сонау YI ғасырдың өзінде-ақ халық атауы ретінде айтылған болатын [146] деп жазды.

Башқұрт ғалымы З.У. Тоған IX ғасырдағы араб авторы Әдһам Әл-Куфидің шығармасында "қазақ" деген сөздің ұшырасатындығын айтады. 982 ж. парсы тілінде жазылған "Худуд әл-Ғалам" атты кітапта: "алан елінде қазақ деген ұлыс бар" делінген [147]. Византия императоры Константин Багрянородныйдың (905-959 ж.) "Об управлении империей" деген өсиет еңбегінде "Казахия жұрты" туралы айтылады [148]. Оның замандасы Әбілқасым Фирдоусидің (940-1020) "Шахнамасында" "қазақ" сөзі топоним, этноним ретінде қолданылған. X ғасырда өмір сүрген араб тарихшысы Масудидің "Мурудж әл-Әзахаб" еңбегінде кездесетін "кашак" деген халықты "қазақ" деп оқушылар да бар [149].

"Қазақ" термині монғол шапқыншылығына дейін-ақ пайда болып қойған жоқ, этнонимдік мазмұнға ие болды деген пікірді қолдаушылардың бірі – IX-X ғасырлардың туындысы есептелетін "Манас" дастанын зерттеуші Б.Молдабаев, "Манас" эпосында қазақтар туралы басқа халықтарға қарағанда жиі айтылады. Олар туыс халық ретінде жиі көрінеді. "Қазақ" және "қырғыз" термині жырда бір қатарда қосарланып айтылады. Дегенмен де "Манаста" қазақтар жеке халық болып аталады [150] – деп жазады ол.

ХІІ-ХІІІ ғасырларда хатталған "Монғолдың құпия шежіресінде" "касаг" этнонимі кездеседі [151, 146 б]. 1245 ж. жарық көрген "Араб-қыпшақ сөздігінде" "қазақ" атауына түсініктеме берілген.

Никон жылнамасында 1233 ж. монғолдар шабуыл жасаған кезде "касахтар" жері арқылы өтіп, қыпшақтарды және орыс князьдерін Қалқа өзені бойында талқандады делінеді [153]. Әл-Омари (1348 ж. ө.), Ибн Халдун (1406 ж. өлген) еңбектерінде "азак" халқы деген кездеседі [154- 236, 215].

Мұнан кейінгі уақытта "қазақ" термині Евразия кеңістігінде, Дон жағалауында, орыстардың этникалық аумағында кездесіп отырғандығы жөнінде түрлі деректерде кездесетін мәліметтер зерттеушілер назарынан тыс қалған жоқ [155; 156; 157; 158; 159,43-48б].

Ұзақ жылдар бойы тарихшылар мен тілші-ғалымдардың ізденістері нәтижесінде жоғарыда аталған деректерді пайымдауға арналған сан алуан зерттеулер жарық көрді. Бірақ "қазақ" сөзінің түп-төркінінің өзі қай тілден шыққандығы жөнінде бір тоқтамға келінген жоқ. Кейбір ғалымдар (В.Ф.Минорский) "касах", "кашах" түріндегі сөз тұлғасын араб, парсы тілдерінен іздейді [149-227 б, 275 б] Фин ғалымы Г. Рамстедтің ізімен "қазақ" сөзін монғолдың "қасағ терген" деген сөз тіркесімен байланыстыруға тырысқан авторлардың әрекеттерінің ғылыми негізі жоқ екендігі дәлелденді [160, 70б]. Кейбір отандық және шетелдік ғалымдардың (Су Бэйхай) "қазақ" сөзінің төркінін ежелгі аңыз-әпсаналардан іздеуін де құптарлық деуге болмайды. Ғалымдардың көпшілігі бұл сөздің түп төркіні түркілік екендігі жөніндегі пікірге ойысып отыр. Бұл бағыттың негізін қалаушылар орыс шығыстанушылары В. В. Бартольд [161], В.В. Радлов [162,364-367б] сияқты ғалымдар болды. "Қазақ" деген сөз түбірінің ("қаз") ескі түрік тілінен шыққандығын қолдаушылар қатарында С.А. Плетнева [163, 281б], А.В. Гадло [164] т.б. бар. Б. Көмеков[165, 19б] "қазақ" терминінің алғашқы таралу аймағы шығыс Дешті-Қыпшақпен, яғни қазіргі Қазақстан аумағымен байланысты деп көрсетеді.

Қытай оқымыстылары Хэ Цютао, Чжань Симань "қазақ" сөзі тіпті "үйсін" сөзінің баламасы деп түсіндіреді. Ал, Нығмет Мыңжани "қазақ" сөзі Хань патшалығы кезіндегі қыпшақтардың Қытай иероглифтерінде бұрмаланып жазылуымен байланыстырады [166, 10б]. Бірақ бұл тұжырымдар әлі қолдаушыларын таба қойған жоқ.

"Қазақ" сөзінің этимологиясын қай тілден іздегеніне қарамастан, бұл авторлардың барлығына да проблеманы лингвистік тұрғыдан зерттеуге тырысушылық тән. Осы зерттеу әдісі туралы Ә.Т. Қайдаров этнонимдерді және этносты зерттеуде тіл факторы маңызды рөл атқарады дегенді [169]. Тарихшы Р.Г. Кузеев "этнонимдерді зерттеу этникалық тарихтың күрделі де қатпарлы процестеріне енудің маңызды құралы болып табылады", – деп жазады [168]. Тілші-ғалым Д.Е. Еремеев түркілік этнонимияға

этногенетикалық зерттеулер үшін қосымша дерек көзі ретінде қарау керектігін ескертеді.

Бірақ лингвистикалық ізденістер, тіпті өте сәтті және бірегей этимологиялық пайымдаулар да өз алдына этногенез проблемасын түгел шеше алмайды. Оған отандық және шетелдік ғалымдардың ізденістері дәлел бола алады. Қазіргі таңда "қазақ" этнонимінің тарихи-филологиялық зерттеулерде жүзге тарта этимологиялық пайымдаулары бар [167, 316]. Олардың кейбірі "қас" пен "ақ", "ақ" пен "қаз", "аз" бен "сақ" тағы сол сияқты компоненттердің қосылуынан шыққан деген жасанды тұжырымдарға негізделген Қытай ғалымы Су Бэйхай тарихшы М. Ақынжановтың "қазақ" этнонимі "қас" пен "ақ" сөздерінің бірігуінен шыққан, содан "қас (хас) сақтар" деген ұғымды білдіреді деп жазған пікірімен келісе алмайтындығын айтады. Себебі сақтар қазақтардың этникалық қалыптасуымен тығыз байланысты болғанымен, қазақ ұлтын қалыптастырған негізгі этникалық қайнар – үйсін, қаңлы, қыпшақ тайпалары екені шүбәсіз дейді.

Өз тарапында Қытай ғалымы "қазақ" сөзінің түбірі – "қаз", оның аққуды меңзейтін мағынасынан өзге "қаз тұру", "еркіндік" деген этимологиялық төркіні барлығына, осы орайды Т.Жанұзақовтың пікірін ескеру керектігіне назар аударады [145, 126]. Ал, қазақ ғалымы: "Қазақ" этнонимінің бірінші сыңары "қаз" – "ер", "батыл", "ержүрек" деген мағынаны білдірсе, екінші сыңары "ақ" – көптік жалғау көрсеткіші "лар"-дың синонимі екендігі байқалады. Сонда "қазақ" сөзінің жалпы мағынасы "кең далада еркін көшіп жүрген батыл адамдар, ержүрек, еркін кісілер" деген мағынаны білдіреді" деп жазған [146].

"Қазақ" сөзінің шығу тегін лингвистикалық тұрғыдан шешуге тырысқан Ә. Қайдаров пен Е. Қойшыбаев та: "Қазақ" этнонимі үлкен тайпа басшысының атын білдіретін екі түрлі мағыналы этникалық компоненттерден жасалынған" дейді [169, 486].

Бұл авторлардың пікірінше, қазақтар "аз" бен "сақ" тайпалары одағынан шыққан. Әрине, аздардың Орхон өзенінің бойында болғаны тарихи шындыққа жатады. Олар Күлтегін ескерткішінде азлар, Тоныкөк ескерткішінде "Аз даласы" ретінде жазылған [170, 326]. Бірақ YI-YII ғасырларда "сақ" этнонимі ұшыраспайды. Сол себепті бұл жорамал сенімді көрінбейді.

Әзірбайжан ғалымы М. Сеидовтың ойлауынша, "қазақ" (газаг, гасак) сөзінің пайда болуы қазақ дүниетанымымен, оның қоғамдық өмірімен тығыз байланысты. Ертедегі оғыздар, басқа да түркі тайпалары мен халықтары сияқты, өз қағандарына, атақты батырлары мен қолбасыларына екінші (қосалқы) ат беретін болған. Оғыздар осы тұрғыда қағандарға Газан – "биіктеген" (жоғарылаған) деген ат берген. Газ, гас-биік, жоғары (тау) деген мағынаны білдіреді. "Қазақ" сөзінің екінші элементі – "ақ". Бұл сөзді екі мағынада түсінуге болады. Біріншісі түркі тілдес тайпалар одағының

көпшілігінің атында кездесетін "ағ" (тыпч-ағ, Бачан-ағ, Печенег, Бар-ағ т.б.) элементі көптікті немесе жерлер атауын білдіреді. Сонда "Газ-ағ" биікте, жоғарыда (тауда) мекен еткен деген мағынада болады. Екіншісі: "ағ" бірсыпыра түркі тілдерінде "жоғары көтерілген", "биіктік" деген мағынаны білдірген [171, 316].

В.В. Радлов, С.Е. Малов т.б. түркітанушы ғалымдар да "ағ"-тың "биіктеу", "жоғарылау", "биікке көтерілу" іспетті мағынасы бар деп көрсеткен. М.Қашқари "ағ"-қа, "бұлт", "бұлт биіктеді, көтерілді" деген түсінік берген [172].

Сонымен М. Сеидов өз пікірін "Газ-ағ" атауы әфсаналық көзқарасқа байланысты пайда болған және ол атауды қолданушылар өздерінің тегін биіктікте (тауға) ұлылыққа сайыған түсініктен туғандығын ұғынамыз деп түйіндейді.

Біздің өз ойымызша, "газаг", "гасаг" (қазақ) түріктердің ата-бабаларының мекені - Алтай тауына байланысты тарихи жадтың сілемі де болуы мүмкін. "Қазақ" сөзінің төркінін "касы", "сақ", "хазар" этнонимдерінен таратуға әрекеттенген ғалымдарда баршылық (Ә.Х. Марғұлан, А.Н. Бернштам т.б.) [173; 174; 175]. К.М. Дьяконовтың [177], О. Сүлейменовтың [178] зерттеулеріндегі келтірілген "сағ" (сақ) атауының этимологиясына сүйене отырып, аталмыш терминді политоним, плиноним ретінде түсіндіру де ғалымдар тарапынан қолдау таба қоймады.

XIX ғасырдың 30-жылдарында А. Левшиннің "Описания киргиз-кайсацких (или киргиз-казачьих) орд и степей" атты еңбегі жарық көргеннен бергі уақытта А. Вамбери, Н.И. Веселовский, В.В. Бартольд, В.В. Вельяминов-Зернов, А. Самойлович сияқты, басқа да орыс, батыс авторларының еңбектері жарық көрді. Олардың да, жоғарыда көрсетілген авторлардың лингвистикалық тұрғыдан "қазақ" терминін пайымдауға бағытталған ізденістері нәтиже бере қоймағанымен, оның мәнін біршама пайымдауға қол жеткізілді және этнонимиялық бағыттың негізі қаланды.

Зерттеу қорытындылары, негізінен, "қазақ" терминінің барлық жазба деректерде көрсетілгендей, "еркін", "азат", "кезбе" деген мағынасына тоқтау және оның, қалай болғанда да, қазақ хандығына дейін пайда болғандығы жөніндегі ортақ пікірге әкелді. Орыс тарихшысы Н.М. Карамзин "казактар" Ресейде Батыйдан бұрын пайда болған сияқты ("вероятно, оно в России древнее Батыева") дейді [153, 230б]. Ол түрік қазақтарын: Орда қазақтары, Азау, Ноғай және басқа да қазақтарға бөледі. Бірақ Карамзинге "қазақ" сөзінің түрлі мағынада қолданылғаны мәлім. Осыған орай ол: "Болтин пишет, что ханские баскаки имели при себе войнов, называемых казахами и что города наши, подражая им, завели своих казахов" [153, 174б].

"Қазақтың" алғашқы мағынасы "жасауыл" болған деген пікірді С. Сейфуллин түріктердің әскерді "қосын" дейтін, қосыннан "қосақ" сөзі шығатынан еске салып, оның қайтадан "қазақ" болмысына ойысатындығы жөнінде жорамал жасаған [158, 295б]. Әр кезеңдерде "қазақтың" "шекара

сақшысы" деген мағынасы барлығы туралы басқа да авторлар (П. Бутков, М. Аджи т.б.) айтқан [155].

1984 ж. Ә. Марғұлан "Таңбалы тас жазуы" деген мақаласында "қазақ" сөзінің дерегі мен мәніне қатысты біршама ғылыми пікірлер айтқан. Осыған орай Қ. Өмірәлиевтің ғалымының "Тұтық әскер . Тұтық шығу" деген пікіріне байланысты өз ойларын айтқан. Автордың пікірінше, қазақылыққа кету дәстүрі сонау көне түркі жұртынан басталады. Көне түркі жазбаларында "Тутук будун" күзетші әскер мағынасында, немесе белгілі бір себептермен шетке, шекаралас өңірлерге кетіп қалған кіші хандардың, тегіндердің жасақтарын атаған. "Тутук бектердің "Тутук будун" бастап, шекара күзетуі де және ордада шет қақпай көрген хан тұқымдарының "Тутук будун" алып, шекараға шығып кетуі де ертедегі түркілерде машықты іс болған", – деп жазады ол [179]. Осы "Тутук будунды" бергі IX-XII ғасырларда "қазақ будун" деген әскери термин ауыстырған. Ол кезде "қазақ будун" қағанаттың шекарасында тұратын әскери халық болған, "Қазақ будун" болу, "қадақ" болу ерлікке саналған.

Қ. Өмірәлиев осы "күзет", "көзде", "қарауылда", "қадағала" деген мағынадағы "қадақ" сөзі ("Оғыз қаған" эпосында) "қазақ сөзіне негіз болған деп есептейді. Осылай пайымдауға Ш. Уәлихановтың "қазақ" аты, "Шейбани-намеге" қарағанда, алғашқы кезінде барынша құрметтілеу мәнге ие болған және ер көңілділікті, мықтылық пен қайсарлықты білдірді, еуропалықтардың "рыцарлық" дегенімен сәйкес келеді дегені жанасымды.

Қ. Өмірәлиев, қазақлықта болудың, салты өте әріде жатқанымен, "қазақ" атты халықты құрауға бастап әкелген қозғалыстың-қазақлықта болудың басы, Шоқанның айтуынша, XIY ғасырдың ортасына тән. Бұл мерзім Шағатай ұлысынан (Әмір Темір билігінен) Моғолстанның бөлініп, оларды шағатайлықтардың монғол есімімен "жете" деп атауымен тұстас келеді. Моғолстанның дулаттар бастаған бірнеше ру тайпалары да бөлініп шығып, оған қарсы қазақылықта болған. Осы үшін мауераннахрлықтар оларды да "жете" деп атады. Бұларға 1376 ж. 30 мың қыпшақ пен жалайырды бастап қазақылықта болған Сары Буғу мен Әділшаһ келіп қосылды.

Моғолстанға (дулаттарды бастаған Камар ад-Динге) қарсы осы 1376 ж. Әмір Темір жорық жасаған. Низам ад-Дин Шамидін, айтуынша Камар ад-Дин "мың қадақ (қазақ - С.Г.) әскерімен Андұғанға кіреді". Осы оқиғаға байланысты Шараф ад-Дин Әли Йезди "Зафар-намеде (1404 ж.) "мың қадақ Омаршейхты тастап, Камар ад-динге қосылды" дейді [179, 196].

Қазақылықта болудың осы толқынын Ә. Марғұлан жалайыр, арғын, дулат, қаңлы, сіргелі, қоңырат т.б. тайпалар бастады, "бұл да өзбектен қазақтың бөлініп шығуының бір көрінісі" деп бағалайды [180, 1436].

"Қазақ" сөзінің этимологиясы туралы жазған авторлар саны көп болғанымен, олардың бұл мәселені анықтауға қосқан өзіндік үлестері көп емес. Деректердің шектеулілігіне байланысты "қазақ" сөзінің жоғарыда көрсетілген мағыналарын түрлі жақта пайымдаған, ал шын мәнінде бір

мақаладан екінші мақалаға көшіп отыратын қайталаулар болып келеді. Оның үстіне М.Тынышпаевтың [159], А. Самойловичтің[181], С.К. Ибрагимовтың[182], М.Жолжанның [183] еңбектерінде "қазақ" сөзі және этнонимі туралы жарық көрген отандық және шетелдік еңбектерге біршама толық талдау жасалған. Оларда "қазақ" сөзінің халық атына айналғанына дейін әлеуметтік термин болғандығы атап көрсетіледі.

Бұл мәселеге қазақ халқының құрылуы және этногенезі проблемасына байланысты отандық ғалымдар да назар аударып келеді. Х.М. Әділгереев "К истории образования казахской народности" [184], М.Б. Ақынжанов "Об этногенезе казахского нарда" [25], В. Ф. Шахматов "К вопросу об этногенезе казахского нарда" [185], С.В. Юшков "Об основных моментах казахского государства" [186] деген еңбектерін жариялады.

С.К. Ибрагимов бұл авторлардың Х-ХІІ ғасырларда "қазақ" термині этнонимдік мағынада қолданылды деген тұжырымдарын түпнұсқа дерек көздерін теріс, не бұрмалай пайдаланудың нәтижесі негізсіз деп табады. Тіпті, А.И. Левшиннен бастап барлық зерттеушілер сілтеме жасап келе жатқан Фирдоусидің "Шах-наме" поэмасында "қазақ" деген термин мүлде кездеспейтіндігін жазады. Ал, академик А.Н. Бернштамның "Оңтүстік Қазақстанның көне тарихы мен этногенез проблемалары" деген жұмысындағы "қазақ" терминіне байланысты қате пікірдің орын алуы да деректерді дұрыс пайдаланбаудан, кавказдық "касогтарды" қазақтармен шатастырудан (Константин Багрянородный) немесе Йозеф Маркварттың Ауфи еңбектеріндегі қарлұқ бірлестігіне енетін тайпалар атын дұрыс оқымағандығынан орын алып келгенін автор орынды сөз еткен [182, 67-69б].

"Қазақ" сөзі жазба деректерде алғашқы рет 1248 ж. құрастырылған түрік-араб сөздігінде кездесетіндігін және осы сөздіктегі "кезбе", "еркін" деген әлеуметтік мағынасында "қазақ" термині ХҮ-ХҮІ ғасырларда өмір сүрген Абд ар-раззак Самарқанди, Бенаи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Әбілғазы шығармаларында қолданылған дейді. Дегенмен Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігінде де, Орта Азияда да, яғни түрік тайпалары қоныстанған жерлердің барлығында да ұшырасып отырғандығын жоққа шығармайды. Шығыс деректерінің мәліметтеріне қарағанда аталмыш терминнің мазмұны эволюцияға ұшырап, ХҮ ғасырда этникалық мәнге де ие бола бастаған.

Осы тәріздес дәлелдерді М. Жолжанның "Қазақ" сөзі және этнонимі" деген мақаласында да кездестіруге болады. Оның пікірінше: а) жоғарыда айтылған Қаса (Хаса) қытайша Хазар атауы; б) Алан еліндегі "Қасақ" (982 ж.) – қазіргі Қабарда-Балқар елі, ол осетин тілінде осы күнге дейін солай; в) Фирдоусидің "Шахнамасында" "қазақ" сөзі атымен жоқ; г) Константин Багрянородныйдың "Казахиясы", орыс жылнамаларының қасағы, тағы да сол Кабарда елі, оның халқы; Масудидың кашегі де солар.; д) Ә. Сарайдың

Лаврентьев жылнамасынан келтірген мәтіндегі "казаше" "қазақша" дегенді білдіре алмайды ("Они же, половцы казаше рекуще").

Автор мұнан басқа да сан алуан уәждерді алға тарта отырып, төмендегідей қорытындыларға келген:

1. "Қазақ" сөзі түркі тілдеріне енгеннен бастап XIII ғасырдың аяғына дейін, 1245 жылғы сөздіктегідей, "еркін жүрген бойдық жас, жалғыз басты" ер жігіттің ерлік қасиетіне байланысты айтылатын жағымды да қарапайым сөз ролін атқарады.

2. XIII ғасырдың аяғынан бастап, бұл сөз хан, әмір, сұлтан, князьдердің жеке, жеңіл қаруланған атты жасағының атауы болады. Одан кейін Алтын Орданың ыдырауы қарсаңында хан әскерлерінің төменгі жеңіл қаруланған бөлігінің атауына айналады.

3. XV ғасырда қалыптасу үрдісі аяқталған қазақ халқының және оның мемлекетінің атауына ие болады [183, 66]. "Қазақ" сөзінің түрлі әлеуметтік мағынада қолданылуынан этникалық мәнге ие болуына дейінгі эволюциясы туралы басқа да тарихшылар еңбектерінен кездестіруге болады [187, 466]. В.В. Бартольд: "Қырда қалған өзбектерге "қазақ" деген ат берілді, ол "еркін адам" деген мағынаны білдіреді, ал бұл мағына келе-келе өз мемлекетінен бөлінген адамның, өз өмірін ерекше жағдайда өткізуге мәжбүр болған тайпа мен рудың атауына айналды", – деп жазды. А.Н. Бернштам да бұл мәселе жөнінде В.В. Бартольд пікірін қолдап, өз пікірін төмендегіше тұжырымдады: "Мұхаммед Хайдардың айтуынан белгілі болғандай, өзбек ханы Әбілхайырдың билігінен Жәнібек, Керей сұлтанмен бірге кеткен осындай еркіндіктегі кісілер "қазақтар" аталған. Сөйтіп, бірсыпыра көшпелі тайпалардың хан билігінен кетуі нәтижесінде "еркіндіктегілер" қауымы пайда болды, ал олардың арасында "қазақ" аталған тайпалар көпшілік болды әрі олар үстем тайпалар болды". Автордың ойынша, "бұл тайпалардың ежелгі "қазақ" этнонимі түріктің "қазақ" деген терминімен "еркін адамдар" бір болған" [188].

"Қазақ" деген этноним – сайын даланың еркін өскен ұлы, Шоқан айтқандай, "дала рыцары" ("дала серкесі"). Бұл ұғымды халықтың аты есебінде Мырза Мухаммед Хайдар Дулати "Тарих-и-Рашиди" еңбегінде (1500 ж.) алғашқы рет атайды. "Қазақ", "ұлан", "жеке жасақ" Алтын Орда әлсіреген сайын көбейе берді", – дейді М. Қозыбаев [189].

Халыққа таңылған әлеуметтік мағынадағы терминнің этникалық мәнге ие болуы адамзат тарихында сирек кездесетін құбылыс емес. Мысалы, тайпалық "серб" термині бір кезде "тонаушы", "тағы" деген сөздің синонимі болған. Бұл арада Н.Я. Маррдың мына пікірін айта кету керек: "Этникалық атау, әдетте бөтен тайпаның атынан алынғанына байланысты немесе бұл атау иесі болған халықтың тарихи рөліне байланысты түрлі өзгерістерге ұшырап отырады. Кейде ол әлеуметтік атауға да айналып кетеді: егер атаудың иелері езілуші топқа жатса, онда бұл атау шаруа, құл, бейшара, тұрпайы дегендердің баламасы болады; ал енді атау иелері екінші бір

халықты езуші, құлданушы топ болса, онда бұл атау ақсүйек, еркін, ханзада дегендерді білдіреді. Этникалық атау енді бір кезде жағымды не жағымсыз, адамгершілік қасиеттерді сипаттайтын сын есімге айналып, бір халықтың екінші бір тайпа жөніндегі көзқарасын білдіреді" [188].

Н.Я. Маррдың бұл тұжырымына "қазақ" сөзінің эволюциясы да дәлел бола алады. С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтанов "қазақ" терминінің өзгеріске ұшырауын жоғарыда айтылған Н.Я. Маррдың концепциясы шеңберінде қарастырады. Олар бұл терминнің әуел баста саяси да, этникалық мағынасы болған емес, оны тіршілік, тұрмыс құрудың бір түрі тәсілі ("қазақылық") деп түсіндіруге тырысады. Осыған қарағанда, бұл авторлар "қазақ" сөзінің мәнін орыс казактарының өмірі арқылы зерделеуге бейім сияқты [190, 251б]. Бірақ ортағасырлық мұсылман деректерінде "қазақылық" деген тұрмыс салты болғандығын да жоққа шығаруға болмайды. Түрлі мемлекеттік бірлестіктер мен халықтардың құрамында "қазақ" атты этникалық топ (топтар) та болды деген мәліметтер кездесіп қалады. Осыған байланысты М. Тынышпаевтың "қырғыз-қазақ руларының генеалогиясы" жөнінде айтылған, бірақ зерттеушілер тарапынан назар аударыла қоймаған тұжырымына тоқтала кеткенді жөн көрдік. Кейбір тарихи оқиғалар мен қазақ халқының ауызша тарихнамасына сүйене отырып, ол қазақ халқы ("народность") алғашында Алтын Орда құрамына енген, кейінгі кездегі атауымен айтсақ, Кіші жүз бен Орта жүздің жарты аумағында қалыптасты деп жазады. Бұл оқиғаның Тоқтамыс ханның тұсында болғаны жөнінде "Біздің ел Тоқтамысты жамандағанын да қоймайды, көрсе бас ұрып, тоңқайғанын да қоймайды" деген мәтелді де келтіреді.

М. Тынышпаевтың пікірінше, қазақтар (алшын) алғашында Қара теңіз, Азау және Кавказ таулары өңірінде өмір сүрген. Кейін 1300 жылдар шамасы Еділ мен Жайық алқабына ауысқан. Осыған байланысты "қазақ" атауы әр жерде кездеседі дейді. ХҮ-ХҮІ ғасырлардың кезінде де Жәнібек пен Керейдің хандығындағы тұрғындардан басқа, бұрынғы Алтын Орда халықтары да "қазақ" деп аталған [159, 51-52б].

М.Тынышпаев концепциясының тарихи және этнологиялық зерттеулер тұрғысынан әлсіз жақтары баршылық [190]. Дегенмен ХҮ ғасырға дейін "қазақ" сөзінің этникалық мәнге ие болғандығы туралы тұжырымдар қазіргі уақыттағы отандық тарихнамада да кездесіп қалып отырады [194, 20б]. "Қазақ" этнонимінің этимологиясын зерттеуге шетелдік ғалымдар да (П. Пельо, Л. Крадер) ат салысты. Неміс шығыстанушысы А. фон Габэн түрік халықтарында орта ғасырларда "қазақылық" институтының кеңінен таралғандығы және "қазақ" сөзінің әлеуметтік мағынада осы құбылысқа байланысты пайда болғандығы жөнінде жазды [192, 137б; 193, 89б; 194, 61-167б].

Бірақ бұл авторлардың да ізденістері дәстүрлі тарихнама шеңберінен шыға алмады, бұл жәйт отандық тарихшылар тарапынан аталып көрсетілді

де. В.П. Юдин отандық және шетелдік ғалымдардың "қазақ" этнонимі зерттеу әдістеріне тән бірнеше олқылықтарды атап көрсеткен. Ол, біріншіден, П. Пельо, М. Тынышпаев және т.б. авторлардың "қазақ" этнонимінің таралу өңірі, уақыты және мағынасы сияқты мәселелерді топонимикалық атаулармен байланыстырудың негізсіздігіне назар аударды. Көптеген тарихшылар мен филологтар халық болып қалыптаса бастаған тайпалар одағына әдетте үстем тайпа өз атын беретіндігі жөнінде қағидамен келіседі. Бірақ В.П. Юдин қазақтардың құрамында "қазақ" деген ру, не тайпа жоқ екендігін орынды ескертті. Бехистун жазбаларында кейбір авторлардың "касах" дегені халық пен этнонимді оқуы да ғылыми-зерттеу әдісіне жатпайтындығы ғалым назарынан тыс қалмады.

Ғылыми ізденіс, әрине, бұрыннан келе жатқан белгілі бір тұжырымдар мен қағидаларды теріске шығарумен шектелмейді. В. Юдин өз тарапында "қазақ" терминінің түркілік тегі туралы дұрыс көрсетеді. Алайда оның "қазақ" этнонимін Орхон-Енисей жазбаларынан "қаз+оқ" ("қас-оқ") ретінде оқу жөніндегі ұсынысы [192, 142-146б] ғалымдар тарапынан қолдау таба қойған жоқ.

Сонымен "қазақ" термині жөніндегі ізденістер қазіргі уақытқа дейін тиісті нәтижелерге қол жеткізе қоймады деуге болады. Осыған орай С. Асфендиаровтың: "Қазақ" сөзі мен қазақ халқының шығу тегі туралы мәселе жалпылама лингвистикалық пайымдаулар негізінде емес, нақтылы тарихи талдаулар жолымен шешілуі керек" [195, 71б] деген ескертуін қайталауға тура келеді.

"Қазақ" терминін зерттеудегі отандық тарихнаманың жетістіктері мен кемшіліктері Б. Көмековтің 1998 ж. жарық көрген "Қазақстан тарихының" екінші томындағы мақаласында баяндалған.

Автор соңғы кезде, әсіресе, Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялауына байланысты қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне, "қазақ" этнонимі проблемасына жұртшылықтың ықыласы арта түскенін, осыған байланысты ғылыми ізденістердің жандана түскенін атап көрсетеді. Аталмыш термин жөнінде, оның этимологиялық мәні, этнонимге айналу кезеңіне арналған Н.М. Карамзин, А. Вамбери, Н.А. Пантусов, А.Н. Самойлович, А.И. Левшин, Г.И. Рамстедт, З.У. Тоған, А.А. Семеновтың, араб және парсы авторларының еңбектеріндегі, "Повесть временных лет" атты жылнамадағы, Константин Багрянородныйдың "Империяны басқару туралы" т.б. дерек көздеріндегі мәліметтерге жан-жақты талдау жасаған. Ғылыми негізгі жоқ болжамдар мен салыстырулар сынға алынған. Осы негізде автор төмендегідей ескертулер орынды деп табады. "Баяндалған материал IX-X ғасырларда Шығыс Дешті-Қыпшақ қыпшақтарының қоғамында "қазақ" атауымен әлеуметтік, ал XI-XII ғасырларда этникалық-әлеуметтік топтары болғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Алайда бұдан монғолдардың бұрынғы уақытта қазақ этносының қалыптасуы туралы, оның бер жағында қазақ халқының құрылуы туралы қорытынды жасамаған

жөн" [42, 303-308б]. Бұл ғалымның пікірінше, "қазақ" сөзі тұтас алғанда алуан түрлі еріктілерді атау үшін қолданылған, тек ХҮ ғасырдың екінші жартысында қазақ халқы құрылғаннан соң ғана "қазақ" атауы этникалық маңызға ие болған.

Автор "қазақ" сөзі мен этнонимінің түп-төркінін іздеушілер арасында сан алуан қайшылықтар туындатып, мәселені ғылыми негізде шешуді күрделендіріп келе жатқан осы терминнің Евразия кеңістігінде кеңінен таралғандығы жөніндегі М. Тынышпаевтың және басқа да авторлардың уәждеріне де нанымды жауап берген. Негізінен қыпшақтардың жиі орын ауыстырып, Евразия кеңістігінде шашырай қоныстануна байланысты "қазақ" термині әмбебап мәнге ие болған сияқты. Оларда және басқа да түркі тілдес халықтарда "қазақылық" институты кең тарағандығы деректермен расталады деп есептейді автор.

Отандық және шетелдік тарихшылар мен этнологтардың "қазақ" терминінің әлеуметтік мағынадан этникалық мазмұнға ие болуына дейінгі эволюциясы туралы ғылыми ізденістерін қорытындылай келіп, тарихнамадағы этнонимиялық бағыттың танымдық әлеуетінің шектеулігін айта кету керек. Ол халықтың атауын анықтауға біршама септігі тигенімен, оның этногенезі процесін саралап бере алмайды. Жалпы халықтың құрылуы мен оның этнонимі арасындағы арақатынас қандай деген проблемалық мәселе де әлі түпкілікті шешілмей келеді. Осыған орай Б.Көмековтің "Ақ Орда этникалық құрамы жағынан қазақ халқы болса да, оның атауы деректемелерде кейінірек жазылып, анықталды" [42, 308б] деген тұжырымдамасы жаңа ізденістерге жол ашу керек сияқты. Кезінде С.М. Абрамзон "Қырғыздар этногенезі этнография деректері негізінде" деген мақаласында мынандай методологиялық принцип ұсынған: "Біздер "қырғыздар" атауының барлық уақытта бірдей этникалық мазмұны болды деп есептесек, онда қырғыз этногенезі мәселесін ешқашан да шеше алмаймыз "Қырғыз" термині, "қазақ", "өзбек" атаулары сияқты, әр уақытта әртүрлі мағынада қолданылды. Этникалық мазмұнға кейін ие болған атау еш нәрсені шешпейді [196, 33б]. Сонымен халықтың құрылуы мен оның атауы (этнонимі) арасындағы уақыт алшақтығы, немесе бір кезеңде орын алуы төңірегіндегі проблемалар жаңа зерттеулер нысаны болмақ. Ал, қазіргі этнос теориясы тұрғысынан қарасақ, этноним дегеніміз халықтың, тайпаның, этностың атауы. Оларды қалай атасаң да, өзіне тән ерекшелігі, тілі мен мәдениеті болу қажет. "Этнос" дегенімізді белгілі бір аумақта топтасқан этникалық тұрғыдан бірыңғай адамдар тобы деп білеміз [197, 180-181б].

1.3 Қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдері мен факторлары

Қазақтар халық болып қалыптасып, тарих сахнасына шығысымен-ақ олар алыс-жақын елдерге танымал бола бастады. "Қазақтар" деген халық және оның "Қазақ Ордасы" деген мемлекеті туралы мәліметтер австриялық дипломат Сигизмунд Герберштейннің күнделігінде (XV ғ.), ағылшын көпесі Антоний Дженкинсонның жолжазбаларында (XVI ғ.) кездеседі [193; 198; 199]. Алайда қазақ халқының шығу тегін, бұл процестің заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтауға бағытталған ғылыми талпыныстар ХҮІІІ ғасырдың орта кезінен басталды. Бұл мәселемен И.Г. Андреев [200], В.Н. Татищев [201, док. N155-156], П.И. Рычков [202], Г.Ф. Миллер [203; 204; 205], И.Е. Фишер, М. Тев-келев [206] т.б. тарихшылар мен орыс орталық өкімшілігінің қызметкерлері айналысты.

ХҮІІІ-ХІХ ғасырлар ширегінде И.П. Фальктың, П.С. Палластың, И.Г. Георгидің, И.Г. Андреевтің, Х. Барданестің, Г. Спасскийдің, Е.К. Мейендорфтың, Я. Гавердовскийдің және А.И. Левшиннің еңбектері жарық көрді [207- 5, 72, 73, 208, 209, 210; 211].

Бұл авторлардың қай халық болса да өзінің қалыптасу тарихында әр алуан ассимиляцияға ұшырап отырғаны жөнінде методологиялық тұрғыдан дұрыс принципті ұстанғанымен, олардың қазақ халқын қырғыздармен шатастыруы, тіпті, қазақтардың Енисей қырғыздарынан таралғандығы (Н.К. Витзен, П.И. Рычков) жөнінде пікірде болуы [202; 212] аталмыш проблеманың тарихи шындық тұрғысынан зерттелуіне мүмкіндік бермеді. ХІХ ғасырда қазақтарды қырғыздар деп атаудың жаңсақтығын А.И. Левшин, Ш.Ш. Уәлиханов, Е.К. Мейендорф атап көрсеткен. Солай бола тұрғанымен бұл қателік орыс және батыс еуропа тарихнамасында ХХ ғасырдың бас кезіне дейін түзетілген жоқ. Оның үстіне ХІХ ғасыр тарихнамасы қазақтардың шығу тегі жөнінде жаңа жорамалдар әкелді, бірақ қазақтардың халық болып қалыптасу процесінің көне тарих қойнауынан іздеуге бағытталған алғашқы қадамдар да жасалды. ХІХ ғасырдың бас кезінде Я. Гавердовский скифтер мен қазақтардың туыстығы жөнінде алғашқы рет пікір білдіреді. Н.Я. Бичурин қазақтарды ежелгі замандағы кангюйлердің мұрагері деп жазды. Тарихи шындыққа бір табан жақындай түскен А.И. Левшин қазақтар "көне халық", "түрік тайпаларының бір бұтағы" деген ойды алға тартты. Оның пікірі бойынша, қазақ халқының негізін бір-бірімен ұзақ уақыт араласып бүтін бір халыққа біріккен бірнеше түрік, монғол тайпалары құрайды.

Соңғы үш автордың (Я. Гавердовский, Н.Я. Бичурин, А.И. Левшин) бұл тұжырымдары қазақтардың шығу тегі жөніндегі автохтондық концепцияның негізін қалады деуге болады. Бірақ мұнан осы проблема нақтылы тарихи материалдар негізінде түбегейлі зерттелді деген ұғым тумаса керек.

Қазақтар этногенезі проблемасының ғылыми негізде зерттелуі Ш.Ш. Уәлиханов пен В.В. Вельяминов-Зерновтың еңбектерінен бастау алады. Олар бір-бірімен байланысты шығыс деректеріне, әсіресе, Мұхаммед

Хайдардың "Тарих-и Рашиди" еңбегіне назар аударып, қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталу кезеңіне жан-жақты сипаттама берді. Академик Р.Б. Сүлейменов: "Қазақтардың этногенезін зерттеуде өткен ғасырдың (XIX ғ. - С.Г.) 60- жылдары шешуші кезең болды. В.В. Вельяминов-Зерновтың жұмыстары нәтижесінде көптеген шығыс деректерінен, әсіресе, Мұхаммед Хайдардың "Тарих-и Рашидиінен" орыс тілінде үзінділердің жарық көруіне байланысты", – деп көрсетеді [107].

Ш. Уәлиханов бірнеше рет өз зерттеулерін жазба деректерді қазақ генеалогиялық аңыздары және шежірелерімен салыстыра отырып жүргізді. Бұл оған сол кезеңде Дешті-Қыпшақ даласындағы этногенетикалық процестің кейбір қырларын ұғынуға мүмкіндік берді. "Кейбір" деп отырған себебіміз – Ш. Уәлиханов деректердің жетіспеушілігіне байланысты қазақ халқының қалыптасу уақыты, оның құрамына енген ру, тайпалардың тілдік, нәсілдік сипаты жөнінде жаңсақ тұжырымдар жасады. Дегенмен қазақ ғалымы көшпелілер қоғамындағы этникалық процестің ерекшеліктерін отандық тарихнамада алғаш талдап берді. Соңғы кездегі зерттеулерде этногенез процесі, яғни бірыңғай этникалық белгілердің қордалануының, ал қазақ қоғамы жағдайында ол нышандардың шаруашылық-мәдени үрдістің ерекше түріне негізделгені анықталды. Бөлектену барысында "біздер-олар" деген ұлттық сана-сезімінің іргетасы қаланады. Қазақ қоғамында көшпелі мал шаруашылығы бір текті этникалық белгілердің пайда болуы мен дамуының материалдық негізін құрады. Ш.Уәлиханов қазақ халқы көне халықтар қатарына жатпайды, ол Бердібектің өлімінен кейін (1359 ж.) Ордада басталған қырқыстар кезінде түрлі түрік және монғол тайпаларының одағы ретінде пайда болды деп жазды [213-132,2056]. Осы мәселе төңірегінде Ш.Уәлихановтың көзқарасына тоқталған кейбір авторлар қазіргі заманғы отандық тарихнама оның жоғарыда аталған пікірін қолдап отыр деген сыңай танытады [214, 1986]. Бұл тұжырым шындыққа сай келе қоймайды. Қазақ ғалымы халқымыздың құрылу кезеңін әр текті ру-тайпалардың жалпы мүдде мен белгілі бір жағдайларға байланысты жеке саяси қауымға біріккен мезгілге саяды. Басқаша айтқанда, Ш. Уәлиханов бұл халықтың этногенезі процесінің соңғы сатысын саяси организмнің, яғни қазақ хандығының құрылу уақытымен байланыстыра қарастырады. Осыған орай қазіргі заманғы этнос теориясының авторлары да қандай да болсын этнос өз этногенезінің аяқталу кезеңінде жеке саяси, мемлекеттік организмін құруға ұмтылады деген пікірін еске сала кеткен жөн.

Ш. Уәлиханов сонымен қатар қазақ халқының құрамына енген этникалық компоненттер қазақтардың антропологиялық типі, тілі, шаруашылығы, мәдениеті т.б. мәселелерді зерттеп, қазақ этногенезі проблемасын ғылыми тұрғыдан жан-жақты пайымдаудың негізін қалады. Оның бұл проблеманы зерттеуде отандық тарихнамаға қосқан үлесі Р.Б. Сүлейменовтың [72], Э.Ж. Уәлихановтың, Ж.Р. Көшкімбаеваның [215], Д.И. Дулатованың [71] еңбектерінде терең талданған.

Қазақ этногенезі тақырыбы XIX ғасырдың екінші жартысында А. Мейердің, М. Красовский, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, А.Н. Харузин, Н.А. Аристовтың еңбектерінде қарастырылды.

А. Мейер, М. Красовский жоғарыда аталған Мұхаммед Хайдар мен В.В. Вельяминов-Зернов еңбектерін өздерінше пайымдап, қазақ халқын "өз жетекшілерінің төңірегінде шоғырланған тобыр" ретінде қалыптасқан деп және мұны кездейсоқ оқиға ретінде сипаттауға әрекеттенді [216; 217]. Бірақ А. Мейер қазақ халқының этникалық компоненттерінің ішінде түрік тайпаларының басым болғандығын мойындайды.

А.Н. Харузин – қазақтардың шығу тегі туралы арнайы еңбек жазған авторлардың бірі, сондықтан бұл мәселе жөніндегі көзқарасына кеңірек тоқталуды жөн көрдік. А.Н. Харузин қазақ халқының құрамына енген ру-тайпалар тарихына мән беріп, оның компоненттері қатарында "кірме" элементтердің рөлін әсірелей көрсетеді. Осы арқылы ол қазақ халқының этногенезі құрамалы сипатта болғандығы жөнінде тұжырымға келеді. Түрлі тайпалардың басын біріктірген қазақтардың халық болып қалыптасуының басты себебін олар өмір сүрген ортадан іздеу керек деп есептейді бұл автор. Көшпелілердің мекені болып табылатын шетсіз де шексіз дала осында өмір сүргендердің барлығын да бір-бірімен санасуға, өздерін бір отбасының мүшелері ретінде сезінуге мәжбүр ететін секілді [218-88б]. Осы пікірді И.И. Крафт та қолдады [219, 7-8б].

Осыған қарағанда, отарлық иедология ықпалындағы орыс ғалымдары Ресейдің бодан халықтарының, әсіресе, түрік, монғол нәсілдес халықтардың халықтық болмысын бұрмалап көрсетуге бейім тұрғандығы көрінеді. Мұндай сыңаржақтылық көбіне халықтардың шыққан тегін зерттеуде кеңінен орын алды. Олар қазақтар мен қырғыздарды тайпалық дәрежедегі, әлі халық болып қалыптасып үлгермеген этникалық бірлестік ретінде санады [218,88-89б]. А. Харузин "Қырғыз тайпасының конгломераттық құрылымы" деп жазса [218, 88б], басқалары Красовский [217], А. Мейер [216], В. Радлов [220], В.Вельяминов-Зернов [221] қазақтар табиғи өсіп-өну нәтижесінде емес, түрлі кездейсоқ ру, тайпалардың құрамасы ретінде пайда болды дейді .

А. Харузин: "Қырғыз, толық мәнінде, өзінің туып-өскен даласының ұлы болып табылады, ол болса өз ұлының мінез-құлық ерекшеліктерін, оған тән тұрмыс салтын дүниеге әкелді. Мұнымен ғана шектелмей, дала өзінің тылсым ортасында оны түрлі элементтерден жасап шығарды. Соңғыларының бір-бірімен сығымдалып біріккені соншалық, жаңа құрылым "қазақ" деген жалпы тайпалық атты алып жүруге құқылы болды" дейді. Бірақ, оның пікірінше, бұл бірлестік айқын антропологиялық топты құрай алмаған [218, 91б]. Ташкент пен Ходжент арасында тұрып жатқан "Құрама" деп аталатын "халық" ("народность") қандай болса, түрік, монғол және басқа да тайпалардан құралған, " "сан алуан қиындылардан тігілген" "қырғыздар" да сондай деп нығырлай түседі [218, 92б].

Сонымен А. Харузин: "Қырғыз халқында ежелгілік те, тұтастық та жоқ, онда этнологиялық және антропологиялық бүтіндіктің болмауы былай тұрсын, жеке-жеке элементтерді өз төңірегіне топтастыратын айқын ұйытқы (өзек) да болған жоқ" деген тарихи шындыққа кереғар қорытынды жасады [218, 88б]. Ол қазақ халқының көне заманнан бастау алатындығы жөнінде өзінен бұрынғы жазған авторлардың пікірін жоққа шығаруға тырысып, ХҮ ғасырдан бұрын қазақтар туралы ешбір "нақтылы материал болмағандығын" ескертеді. Автор қазақтардың шығу тегін, басталуын да, аяқталуын да Мұхаммед Хайдардың "Тарих-и Рашиди" кітабынан іздестіреді. "Қазақтардың билік жүргізуін Мұхаммед Хайдар ... 870 жылына, яғни шамамен 1465[66 жылдарға жатқызады, – дейді А. Харузин. – Қазақ халқының негізін қалаған екі ағайындының үлкені Керей болды, одан кейін хан тағы мұрагерлік жолмен Бұрындыққа, Бұрындықтан кейін Жәнібектің ұлы Қасымға тиді" [218, 53б].

Сонымен Харузин қазақ халқының қалыптасуын қазақ хандығының құрылу уақытымен шенестіріп, бір уақытта орын алған саяси әрекетке тірейді. Халық этногенезі ұзаққа созылатын күрделі процесс нәтижесі екендігін ескермейді. Автор этногенетикалық процестің мәнін түсіне алмады.

Ал белгілі шығыстанушы В. Григорьев те: "Қырғыздар бұрын халық болмаған, бастапқы кезде бір-бірінен тәуелсіз түрік тайпаларының қалдықтарынан құралып, далалық азияның "қазақылық" салтымен өмір сүрген саяси бірлестік" дейді [222].

Қазақ халқының тарихын Ресей империясының отарлық мүдделеріне сәйкес зерттеген бұл ғалымдар оның автохтондығын жоққа шығаруға, бергі кезеңде ғана құралғандығы, ежелгі сақ, ғұн, үйсін субстратымен байланысының жоқтығы, оның үстіне этникалық нышандары толық пісіп-жетілмегендігі жөніндегі идеяларды дәлелдеуге тырысты. Оларға ХІХ ғасырдың өзінде-ақ тойтарыс берілгенімен, Н.Э. Масанов жақын арада былай деп жазады: "Бұл көзқарасты қалай болғанда да 200 жылдан астам уақыт бойы зерттеушілердің көпшілігі қолдап келеді" [41, 58б]. Сөйтіп, бұл автордың өзі де осы "миграциялық" концепция (Н. Масановтың атауынша) жағында екендігі жөнінде сыңай танытады, себебі бұл пікірді жақтаушылар – тарих ғылымын саясат құралына айналдыруға тырысқан саусақпен санарлық азшылық қана.

Н.А. Аристов қазақтардың халық болып қалыптасуында тегі алтайлық түрік тайпалары ғана емес, оларға дейінгі жергілікті этникалық қабаттың маңызды рөл атқарғаны жөнінде идеяға негізделген өз ғылымы концепциясын ұсынды [223]. Оның "Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей" деген іргелі зерттеуі отандық тарихнамада елеулі құбылыс ретінде бағаланды.

Қазақ халқының автохтондығы жөніндегі ізденістер басқа да ғалымдар тарапынан жалғасын тапты. Қазақстан тарихнамасында кеңес дәуірінің

алғашқы жылдарында қазақ этногенезі мәселесімен С.И. Руденко, А.Н. Самойлович, Б.А. Куфтин, А.Н. Чулошников, М. Тынышпаев секілді ғалымдар айналысты. Әсіресе, соңғы үш автордың еңбектері жөнінде [14; 224; 225] баспасөз беттерінде әрқилы пікірлер айтылды. Мұның себебі тақырыптың деректік негіздерінің әлсіздігіне ғана емес, сонымен бірге зерттеушілердің этностенудің мәні бойынша теориялық-методологиялық дайындықтарының жетіспеушілігіне де байланысты. Осы тұрғыдан алғанда С.Ж. Асфендиаровтың ғылыми ізденістері аталмыш тақырыпты зерттеуде біршама ілгерлеуге әкелді. Автор "халық – биологиялық ұғым емес, әлеуметтік ұғым" деп ескерте отырып, қазақ, өзбек, ноғай, қарақалпақ, башқұрт т.б. халықтардың этникалық компоненттеріне енген көне дәуірдің үйсіндері, наймандары, қыпшақтары және басқа да тайпаларды беріректе қалыптасқан қазіргі заманғы қазақтармен байланыстыруға болмайды деп жазады. Осы тұрғыдан ол М. Тынышпаевтың қазақ халқының қалыптасуы және этникалық территориясы жөніндегі ұстанымына қатал сын айтады [226, 936].

С.Ж. Асфендиаровтың пікірінше, қазақ халқының қалыптасу процесінің заңдылықтары мен ерекшеліктері мынандай ретте орын алған. Ең алдымен көшпелі түрік-монғол халықтары Түркістанның шаруашылығы, тұрмыс салты және тілдері жат отырықшы халықтары – тәжіктер мен арабтардан бөлектенген. Кейін көшпелілердің бір бөлігі отырықшылыққа көшіп, тәжіктермен сіңісе бастағанда олар өздерін "сарттар" (саудагерлер) атанған отырықшы туыстарына қарсы қойды. Ол кезде көшпелілер мен "сарттар" арасындағы айырмашылық тілінде емес, кәсібінде болды. Содан соң отырықшылыққа ауыса бастаған көшпелі өзбектер өздерін бөлініп кеткен көшпелілерге қарсы қойып, соңғыларын "қазақтар" деп атай бастады.

Теориялық тұрғыдан келгенде автор қазіргі тарих ғылымында қалыптасқан көзқарасқа бір табан жақындай түскен сияқты. Ол бойынша халық қалыптасу барысында өзін-өзі "біздер-олар" деген ұлттық сана-сезім негізінде таниды делінеді. Бірақ нақтылы-тарихи тұрғыдан С.Ж. Асфендиаровтың қазақ халқының қалыптасуының тарихи кезеңдері жөніндегі ұстанымы схемалық түрде екендігі анық. Оны автордың осы мәселелер жөніндегі ой-пікірлерін бекітуге талпынысынан да көруге болады.

Автордың ойынша, Орталық Азия аумағында түрлі этникалық топтардың қалыптасуы үш кезеңді бастан кешірген.

Бірінші кезең. Азияның далалық өңірінің халықтары, оның ішінде қазіргі кездегі Қазақстан аумағында да өмір сүрген халықтар қоғамдық дамудың төменгі сатысындағы құрылымдарға бірікті. Бұл кезеңге ұлттық шекаралардың тұрақсыздығы тән. **Екінші кезең.** Шығыс және батыс далалық мекендер тұрғындарының арасы ажырайды. Бұл жағдай шаруашылық пен тілдегі айырмашылықтарға, осыдан келіп халықтардың жаңа топтарының батыста татарлар, қазақ-ноғай-өзбек одағы, "сарттар",

тәжіктердің; шығыста – монғолдар, буряттар және ойраттардың қалыптасуына алып келеді. **Үшінші кезең.** Халықтардың жаңадан топтасуы орын алады: Солтүстік Кавказға қоныс аударған ноғайлар, Түркістанға көшкен өзбектер, далалық өңірде қалып қойған қазақтар көзге түседі.

Сөйтіп белгілі бір территорияда оқшауланып қалған халықтардың шаруашылығында, тілі мен тұрмыс-салтындағы айырмашылықтардың күшейе түсуіне байланысты оларда өздеріне тән тұрақты ұлттық нышандар да жетіле түсті [226, 946]. Қорыта келгенде, автордың этногенез процесін сол кезеңдегі кеңестік тарих ғылымында бірден-бір үстем методологиялық ұстаным негізінде қарастыруға ұмтылғандығы байқалады.

Осы уақытта, яғни ХХ ғасырдың 30-жылдарында, Қазақстанда археологиялық зерттеулердің жандануына байланысты отандық тарихнамада "қазақ этногенезінің кейбір контурларын анықтауға ғана" қол жеткізілді [227, 1046]. С.П. Толстовтың зерттеулері нәтижесінде қазақтардың арғы ата тегі үнді-иран және сақ-скиф тайпалары екендігі туралы пікір орныға бастады [131]. 1940 ж. қазан айында КСРО Ғылым Академиясының тарих және филология бөлімшесінде П.П. Ивановтың "Орта Азия халықтарының тарихын зерттеу мәселелері" деген тақырыпта баяндамасы тыңдалып, қазақ, өзбек, қырғыз халықтарының этногенезі проблемаларымен шұғылдану төңірегінде ғалымдардың күш-жігерін шоғырландыру ұсынылды [17, 1306].

ХХ ғасырдың 50-жылдары қазақ халқының шығу тегі жөнінде бірнеше еңбектер жарық көрді [184; 185; 228]. Оларда халықтың қалыптасу процесі адамдардың тайпаларға, тайпалардың тайпалық одақтарға бірігуінен бастау алатындығы жөніндегі методологиялық ұстаным зерттеудің тарихи принципі ретінде қабылданды. Осы негізде, мысалы, Х.М. Әділгереев қазақ халқының құрылымының алғы шарттары ретінде қазақ жүздерінің Х ғасырда пайда болғандығын "растайтын" деректерді алға тартады. Олардың ішінде Х ғасыр авторы Масудидің "Алтын көгалдар" кітабындағы: "бір бөлігі көшпелілер, бір бөлігі қала тұрғындары" және олар, ғұз тайпалары, үш ордаға: үлкен, кіші және орта ордаларға бөлінеді" деген мәліметін келтіреді. Сөйтіп автор Х-ХІІ ғасырларда өмір сүрген Оғыз мемлекетінде (астанасы Сығанақ қ.) қазақтардың үш тайпалық одағы (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) қалыптасты, ол болса қазақтардың халық болып қалыптасуының алғы шарттарын құрады деген пікірін В. Григорьевтің, В. Радловтың, шығыс авторларының ("Тарих-и-Мунеджим-Баши"), тұжырымдарымен "бекіте" түседі [184, 85-86б]. С. Ибрагимов, С. Аманжолов және басқа да тарихшылар А.Н. Бернштам, В.Ф. Шахматов, М.Б. Ақынжанов археологтар мен тіл мамандары, С.П. Толстов сияқты, қазақтардың этногенетикалық процесінің бастауын Орталық Азия өңірінде көне дәуірлерде өмір сүрген тайпалармен байланыстыра қарастырды. Бірақ бұл кезде қазақ халқының қалыптасуының аяқталу кезеңін анықтауда бір тоқтамға келінбеді. М. Ақынжанов [25] пен Х.М. Әділгереев [184] бұл мәселе бойынша А. Вамбери

мен М. Тынышпаевтың жағында болса, В.Ф. Шахматов[185, 80-99б], А.Н. Бернштам[229, 59-99б], С. Ибрагимов аталмыш кезенді ХҮ-ХҮІ ғасырлар шеңберіне дейін ығыстырды.

Осы ғалымдардың ізденістері нәтижесінде қазақ халқының бірінші мыңжылдықтың орта кезінде қалыптасқандығы, сонымен қатар оның этногенезі процесінде сыртқы факторлардың, әсіресе Орта Азияда Шайбани мемлекетінің құрылуы және Ресейдің Батыс Сібірді жаулап алуы секілді оқиғалардың шешуші рөл атқарғандығы жөнінде ғылыми негізі жоқ тұжырымдарға тойтарыс берілді. Қазақстанның ежелгі тұрғындарының этникалық нышандары, яғни антропологиялық түрі, тілі, материалдық және рухани мәдениеті жөніндегі негізгі параметрлері жөнінде ғылымтанымдық тұрғыдан жүйелі түсінік беретін құнды пайымдаулар жасалды [100, 96б]. Қазақ халқының құрамына енген тайпалық компоненттердің, оның ішінде қыпшақтардың тілдік және этникалық тегі анықтала басталды. Ғылыми айналымда қазақтар этногенезі негізінен автохтонды және бұл процесс көне дәуірлерден ХҮ-ХҮІ ғасырдың бас кезіне дейін жалғасты, ол Қазақстан аумағында феодалдық қоғамның қалыптасып, нығаюына байланысты деген схемалық көзқарас орнықты. Қазақтардың халық ретінде қалыптасуында шаруашылық, материалдық мәдениеті және тұрмыс салты, сонымен қатар тіл бірлігі (түрік тілдес тайпалық бірлестіктер мен тайпалардың басым көпшілігі) шешуші рөл атқарғандығы турасында ортақ тұжырым қалыптасты [33, 65б].

60-жылдары көне дәуір мен орта ғасырларда Қазақстан аумағындағы этногенетикалық процестердің Орта Азиядағы осы тәріздес құбылыстармен өзара байланыстылығы, түркі тілдес тайпалар мен тайпалық топтардың қазақтар ғана емес, өзбектер мен түркімендердің құрамына енгені туралы қорытынды жасалды.

Орталық Азиядағы этногенетикалық құбылыстарды тұтас процесс ретінде қарастыру жөніндегі көзқарас Өзбекстан, Қырғызстан т.б. республикалары тарихшылары тарапынан қолдау тапты. Мысалы А.Н. Бернштам "Сложение тюркоязычного населения Средней Азии и происхождение киргизского народа" деген мақаласында қырғыз халқының этногенезі тарихын зерттеудегі негізгі мәселе оның шығу тегін басқа да түркі тілдес халықтар тарихынан ажырата қарауға болмайтындығында деп көрсетті. Алайда ол Орта Азияның көшпелі халықтары мен тайпаларының қалыптасуының этникалық ерекшеліктері, кезеңдері, нақтылы жолдары мен аяқталу уақыты отырықшы-егіншілікті аудандардан өзгеше жүзеге асқандығыны ескеру қажеттігіне де назар аударды. Автордың түсінігінше, түрік этногенезінің маңызды ерекшелігі ол әуелгі кезден ХХ ғасырға дейін рулық тұрмыстық қалдықтары мен шаруашылықтың негізі ретінде көшпелі мал шаруашылығымен айналысып келген тайпалар арасында орын алды. Нәтижесінде түрік тілдес тайпалар халық ретінде біраз уақыт кеш қалыптасты [230, 17б].

Түркі халықтарының көне және орта ғасырлар кезіндегі тарихын бір-бірімен байланыстыра зерттеу басқа да ғалымдар еңбектерінде (Р.П. Мукминованың [231], Б.Д. Жамгерчиновтың [232], С.П. Толстов[233], Т.А. Жданко[233], Б.А. Ахмедов [235], А. Хасанов [238], М.К. Нұрмухамедов [239], К.Ш. Шаниязов [241; 242; 243; 244], А.Х.Халиков [240, 7-366], А.Х.Кереитов [246; 247], Т.К.Ходжаев [245], И.Б.Молдабаев [236]) т.б. тұжырымдары методологиялық басшылыққа алынды. Ол кезде қазақ этногенезінің көптеген қырлары нақтылы тарихи, археологиялық, этнологиялық, антропологиялық материалдар негізінде анықтала қойған жоқ еді. Әсіресе, Қазақстан аумағын мекендеген ежелгі тұрғындар мен қазақ халқының арасындағы сабақтастық тақырыбы, генетикалық байланыстар, сонымен бірге бұл процестегі шығыстан келген тайпалар мен халықтардың алатын орны, қазақ этникалық қауымдастығының эволюциясы жаңа танымдық деңгейде зерттеуді қажет етті.

60-70-жылдары жарық көрген В.П. Юдиннің [248], Ю.А. Зуевтің [249], В.В. Востров, М.С. Мұқанов [251], О. Ысмағұлов [253], Т.И. Сұлтанов [254], К.А. Пищулина [255] және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде осы мәселелер жөніндегі қол жеткен таным деңгейі нақтылы көрініс тапты. Осы уақытта сақ, андрон, үйсін тайпаларының этникалық тарихын зерттеу біршама алға жылжыды.

Отандық және шетелдік ғалымдар жазба деректер, археологиялық материалдар, этнолингвистика және фольклорлық дәстүрдің таным мүмкіндіктерін синтездеу негізінде кешенді зерттеу жүргізіп, массагеттер, исседондар, аримаспылар, савроматтар, дайлар және т.б. тайпалардың орналасуы мен атрибуциясы жөнінде жаңа тұжырымдар жасады. К. Ақышев, К.М. Байпақов, Ю. Зуев т.б. ғалымдардың жинақтаған материалдары Евразиялық даланың және орманды-далалық алқабы, оның ішінде Қазақстан аумағы көшпенді шаруашылық-мәдени түрге негізделген скиф-сақ этномәдени типінің қалыптасқан мекені болғандығы туралы ғылыми қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Үйсіндер мен ғұндардың генетикалық байланыстарына назар аударылды. Жалпы ғұн проблемасына зерттеушілер тарапынан қызығушылық танытылуының себебі түрік этногенезінің негізгі нышандары осы этносаяси бірлестіктен көрініс бере бастады деген пікірден туған еді.

1979 ж. жарық көрген бес томдық "История Казахской ССР" атты ұжымдық еңбекте қазақ этногенезі проблемасының жалпы контурі белгіленіп, өлкенің көне тұрғындары мен қазақтар арасындағы мәдени сабақтастық, сонымен бірге аборигендер мен қоныс аударып келген тайпалар арасындағы араласу-сіңісу (ассимиляция) мәселелеріне ден қойылды.

Дегенмен зерттеушілер аталмыш проблеманы оның кейбір қырлары арқылы қарастырды. Қазақтардың шығу тегін күрделі тұтастық ретінде талдаған жұмыстар болмады.

80-90-жылдардағы отандық тарихнамада қазақ халқының қалыптасу процесінің автохондық және миграциялық сипаты деген екі ағым арасындағы күрес жалғасты. Осы екі көзқарас шеңберінде қазақ этногенезі процесінің негізгі сатылары, оның қозғаушы күштері, яғни шешуші факторлары зерттелді. Қазақ халқының қалыптасуының аяқталу кезеңі де аталмыш концепцияларға сәйкес қарастырылды.

Қазақ халқының автохтондығы жөніндегі ағым өкілдері (М.Қ. Қозыбаев, Б.Е. Көмеков, К.А. Пишулина, О. Смағұлов, С. Жолдасбайұлы, Ә. Хасенов т.б.) халқымыздың құрылу процесінің көне замандардан бастау алып, негізінен ХҮ ғасырдың орта кезіне қарай аяқталу сатысына көшкенін қолдайды. Енді осы авторлардың бұл проблема жөніндегі кейбір көзқарас ерекшеліктеріне және оларды бір ағымға біріктіретін ортақ пайымдауларына тоқталайық. Ә. Хасенов "Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны" кітабында аталмыш проблеманы этникалық компоненттерді жеке-жеке қарастыру арқылы зерттеуге талпыныс жасаған [256, 184-190б]. Осыған қарағанда автордың зерттеу әдісіне М. Тынышпаевтың ықпалы аңғарылады. Бірақ қазақ халқының құралуын ру, тайпалардың тарихын зерттеу арқылы оның соңғы сатысы – бірігу процесін анықтауға мүмкіндік бермейді. Дегенмен Ә. Хасенов бұл процестің негізгі сатыларын, Қазақстанның ежелгі тайпаларының халық болып бірігу процесі Түрік қағандығынан (ҮІ ғ.) бастау алатындығын, одан кейінгі мерзімде олар Түргеш, Қарлұқ, Қарахан, Қыпшақ, Оғыз хандықтары тұсында бірігудің түрлі сатыларын бастан кешіргенін нақтылы материалдар негізінде баяндап берген. Бұл процесс тоғысу, араласу, сіңісу (ассимиляция), ажырасу (диссимиляция) жолымен өтеді.

Ә. Хасенов те, басқа зерттеушілер сияқты, қазақ этногенезі "XIII ғасырдағы монғол жаулауы тұсында бір-екі ғасырға тежеліп қалды" [256, 182б] деп есептейді. Жалпы отандық тарихнамада монғол шапқыншылығының этногенез мәселесінде теріс жақтарына ғана назар аударылып келеді. Шын мәнінде, Шыңғыс ханның жаулаушылығы рулар мен халықтарды араластырып, олардың орналасуы мен этникалық құрамына түбірлі өзгерістер енгізді. Бұл жағдай еуразия кеңістігіндегі біраз халықтардың жаңа этникалық негізде қалыптасуына жол ашты. Бірақ ежелден тілі, мәдениеті, шаруашылығы жақын үйсін, найман, қаңлы, қыпшақ, адай, керей т.б. тайпалардың бір халықтыққа бірігу процесі тезірек жүрді. "Сонымен, түйіндей келгенде, – деп жазады Ә. Хасенов – қазақ халқының шығу тегі аса ұзақ замандардан бастама, халық болып қалыптасуы ерте орта ғасырлардан өзек алады, ХҮ ғасыр шегінде аяқталады дейміз" [256, 183б].

С. Жолдасбайұлы қазақтардың қалыптасу процесі қазіргі Қазақстанның жерінде алғашқы қауымдастық құрылыс ыдырап, одан кейін қола дәуірі (б.д.д. II-I мың жылдықтар) мен темір дәуірі (б.д.д. VII-IV ғасырлар) кездерінен бастау алады деп есептейді [257, 19б].

Ол кезеңдердің тарихи болмысын қалпына келтіру үшін жалғыз тарихшылар ғана емес, археология, антропология, тіл білімі, нумизматика, этнология т.б. ғылымы салалар өкілдерінің күш-жігері қажет. Этногенез проблемасын зерттеуде С. Жолдасбайұлы еңбектерінің құндылығы, осындай синкреттік негізде жүргізілуі, әсіресе, археологиялық материалдарды кеңінен пайдалануында.

Қазақ халқының шығу тегін зерттеуде антропологиялық материалдардың алатын орны ерекше, себебі олар этностың бет-бейнесінің типін және генетикалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. О. Смағұлов қазақтар мен олардың ата-бабалары жөнінде алынған көлемді антропологиялық материалдарды, қазақтардың нәсілдік генетикасын, Қазақстан аумағын мекендеген ежелгі халықтың этникалық тарихы мен осы заманғы халық жөнінде жиналған деректерді антропологиялық талдауын этникалық-генетикалық тұрғыдан тарихи, археологиялық және этнологиялық деректермен толықтыра отырып зерттеді.

О. Смағұлов халық атауының бірде жазба деректерге түсіп, бірде "өшіп" отыратын "тұрақсыздық" сипатына байланысты қазақ этногенезін зерттегенде этнонимге емес, қазақтардың мәдени-этнос ретінде баршылығын дәлелдейтін ген қорына назар аудару қажет дейді. Биологиялық әдіске негізделген осы бағыттағы зерттеулері нәтижесінде ғалым "қазақтардың тарихи тамыры, этникалық мәні және олардың сырт пішіні тым көне замандарға тамыр тартып жатыр" деген қорытындыға келді.

Қазақстанның жергілікті тұрғындары өзінің нәсілдік-генетикалық дамуына шығыстан келген басқа тайпалармен араласу процесін бастан кешіргенімен, ХҮІ ғасырдың басында бірыңғай этникалық сипат алды. Сонымен қатар қазақтардың бірыңғай антропологиялық типке жатататындығы жөнінде қорытынды жасалынды [257; 258; 259; 260].

Қазақтардың этникалық және антропологиялық бірлігі олардың халық болып қалыптасу процесінде маңызды алға шарттарды құрайды. Бірақ бұл процестің негізінде биологиялық факторлармен қатар, қоғамдық-саяси заңдылық жатқанын да ескеру қажет "Мұның біріншісі негізінен алғанда генетикалық факторларды және шыққан тегінің ортақтығын мойындаудан туындайды. Екіншісі, дамудың тарихи факторлары және мәдениет пен шаруашылық, тұрмыс салтының ортақтығы бойынша анықталады [258, 226].

Бірсыпыра тұрақты болып келетін биологиялық ерекшеліктерге карағанда, тарихи факторлардың өзгермелі болатындығы мәлім, бірақ олар, яғни соңғылары этникалық даму процесіне шешуші ықпал жасайды.

Қазақ этногенезі процесінің автохтондық сипатын шығыс деректері негізінде нақтылаған зерттеушілердің бірі – Б.Е. Көмеков. Ол бұл процесті төрт кезеңге бөліп қарастыруды ұсынды:

1) Баба қазақ (протоказахский) дәуірі (б.д.д. 1-мыңжылдықтан – б.д. Ү ғасыры; 2) Атақазақ (предказахский) дәуірі (ҮІ-Х ғасырлар); 3) Қазақ халқының этникалық түп-тегінің (этникалық өзегінің) қалыптасуы (ХІ ғасырдан – ХІІІ ғасырдың бас кезіне дейін); 4) Қазақ халқының құрылу процесінің аяқталуы (ХІҮ-ХҮ ғасырлар) [261; 271].

Автор осы сатылардың әрқайсысында орын алған этногенетикалық эволюцияға сипаттама беріп, қазақ халқының Қазақстан аумағын ежелден мекендеген байырғы (автохтонды) тайпалар мен тайпалар бірлестіктерінен құралғандығын қолдады. Олардың (сақ, савромат т.б.) тілдік атрибуциясы, орналасуы, қазақтардың ежелгі ата-бабалары қатарына жататын Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда мекендеген усундер тайпалық бірлестігі мен Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысындағы кангюйлер, қазақтардың этногенезіндегі ғұндардың рөлі, түркілену және монғолдану процестері туралы өз ой-пікірлерін баяндады

Б. Көмековтің [261; 262]. С. Ақынжановтың [263] қыпшақтар туралы зерттеулері қазақ этногенезін зерттеуге үлкен үлес болып қосылды. Алғашқы автор қыпшақтардың қазақтардың халық болып қалыптасуында айрықша рөл атқарған, тіпті "қазақ" сөзінің өзі де қыпшақтар мекендеген аймақтан шыққан деп есептейді. Ибн әл-Факихтың, Рашид ад-Дин Раб-и Рашидтің ("Вақф-наме") т.б. шығыс авторларының мәліметтерін талдай келіп, ХІ-ХІІ ғасырлардағы Дешті-Қыпшақты мекендеген қыпшақ қоғамында "қазақ" деп аталған топ болғандығын ескертеді. Жалпы қыпшақ хандығындағы этникалық процестердің дамуы негізінде қазақ халқының ұйытқысы қалыптасты дейді [165, 19-20б].

Қазақ халқының құралу уақыты, оның құрамына енген тайпалық компоненттер мәселелері академик М.Қ. Қозыбаев еңбектерінде бірнеше рет қарастырылды. 90-жылдары оның "Отан тарихын зерттеудің өзекті проблемалары", "Халық рухының қайнары", "Ата тарихы туралы сыр" т.б. мақалалары жарық көрді [267; 268].

ХІ ғасырда Ертістен Еділге, Шу мен Таластан Каспийге дейінгі біртұтас далада қыпшақ одағы үстемдік жүргізіп, Ежелгі Оғыз даласы (Махажат-алгуз) енді, Дешті Қыпшақ – Қыпшақ даласы атанғаны жазба деректерден белгілі.

Қыпшақтар мен оғыздар, тоқсы, яғма, оқрак, нарұқ тайпалары таза түрік тілінде сөйлеген [172]. Осы жағдайлар жөнінде айта келіп, 1993 ж. жарияланған мақаласында М.Қ. Қозыбаев жоғарыда айтылған қазақ халқының қалыптасуына негіз болған этникалық ұйтқы (өзек) және осыған байланысты бұл процестің негізгі кезеңдері мен аяқталу уақыты жөнінде мынандай ой өрбітеді:

"Тарихи әдебиетте қыпшақтарды болашақ қазақ этносының (протоказах) өзегі деген ұғым кездеседі. Менің ойымша бұл тұжырым әлі де тайыз. Шын мәнінде ХІ-ХІІ ғғ. қыпшақ халқы қалыптасты. Оған негіз – ежелгі біртұтас ата қоныс, аралас-құралас енген түркі тектес тайпалар, ортақ тіл,

қалыптасқан көшпелі, жартылай көшпелі тұрмыс, өмірге деген мәдени-рухани көзқарас, әскери демократия, ортақ жаугершілік қарекет – осының бәрі бірегей халықтық қасиеттерді ортақ дүниетанымды тудырады [268, 81б].

"Қорыта айтқанда, – дейді автор, – қыпшақ атауымен халық болып танылған қазақ барша түркі әулетінің қара шаңырағы болды" [267, 10б]. Ғалымның "қыпшақтар қазақ этносының өзегі болды" деген тұжырымды "әлі де тайыз" деп табуы, содан кейін қазақ "қыпшақ атауымен халық болып танылған" деген қорытындыға келуіндегі ой кереғарлығы, біздің пікірімізше, осы өзекті мәселені әлі де тереңдете зерттей түсу керектігі туралы ниеттен туған сияқты. Оған М.Қ. Қозыбаевтың осы және басқа да еңбектеріндегі қазақ этногенезі процесіндегі қыпшақ бірлестігінің рөлі туралы пайымдаулары дәлел бола алады [268, 18-64б]. Себебі монғол шапқыншылығынан кейін де қыпшақтар өздерінің этникалық тұтастығын сақтап қалды, "түркі тайпалары шапқыншылықтан ес жиып, мұңғыл империясы дәуірінде бүкіл Еуропаға дәуренін жүргізген елдің құрамында басы бірігіп, рулық-тайпалық шеңберден шығып, халықтық сана биіктігіне қайта көтеріле бастады" [267, 11б]. Келесі бір еңбегінде М.Қ. Қозыбаев "монғолдарға дейін негізінен қыпшақ, біздің пікірімізше, қазақ негізі (ядро) болды"- деп жазады [40].

Автор қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуы Жәнібек пен Керейдің Шу мен Қозыбасыға қоныс аудару кезінде емес, кейінірек орын алды деп есептейді. "Бұрын бір одақта ұзақ уақыт бірге болмаған, бір-біріне бағынбаған үш мемлекеттің құрамында жүрген тілі бірдей тұрмыс-салты, шаруашылық үрдісі бірдей көшпелі тайпалардың жаңа саяси одаққа бірігуі атақты Ақназар ханның тұсында тиянақталды" – дейді [267, 13б]. Бұл пікірді М.Қ. Қозыбаев 1993 ж. айтқан еді. Сонымен қатар автор қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы, яғни оның өз бөлектігін танып, этникалық сана-сезім биігіне көтерілуі бір жарым ғасырдай уақытқа созылды деп жазды. Ал, 1998 ж. "монғол шапқыншылығына дейін қыпшақтардың жетекшілігімен қазақ этносының қалыптасуы өзінің аяқталу кезеңіне енді" деп көрсетті [40, 13б]. Осыған қарағанда ғалымның қазақ этногенезінің негізгі даму сатылары жөніндегі көзқарас эволюциясы тереңірек үңіліп, басқа да еңбектерімен салыстыра зерттеуді қажет ететін сияқты.

Қазіргі кездегі отандық тарихнамада қазақ халқының қалыптасу уақыты (басталуы, аяқталуы) оның этникалық ұйытқысы (ядро) жөніндегі мәселелер пікірталас нысаны болып келеді. Синьзян университетінің профессоры Су Бэйхай "қазақтардың басты этникалық қайнары үйсін, қыпшақ, қаңлы" болды дейді [145, 13б]. Бұл пікірдің гносеологиялық төркіні Қытай жазбаларында көбіне бұл елмен шекаралас жатқан, қарым-қатынаста болған тайпалар жөнінде ғана мәліметтердің сақталуына байланысты болса керек.

Ш. Уәлиханов қазақ халқының ұйытқысы болған Кіші жүз құрамына енген тайпалар десе [213, 207-208б], келесі бір зерттеушілер үйсіндер, қаңлылар, не болмаса Оңтүстік-Шығыс Қазақстанды мекендеген этностар деп есептейді [257, 196]. Қазақ халқының этникалық компоненттерінің түрлі мемлекеттік бірлестіктер құрамында болуына байланысты бір ғана этникалық ұйтқы болмаған, оның үш-төрт ошағы болуы да мүмкін. Осы себепті жоғарыда аталған пікірлердің қай-қайсысы да тарихи шындыққа жанасымды болуын жоққа шығаруға келмейді. Бірақ бұл проблема да арнайы зерттеуді қажет етеді.

Жоғарыда қазақ халқының қалыптасуының бастауы мен аяқталу кезеңдері жөнінде біршама айтылған. Бірақ бұл мәселеде де бір тоқтамға келінбегендігін, этногенез процесіндегі әрбір сатының сапалық ерекшеліктерін ескермеуден этносаяси қауымдастық пен халықтың жеке өз атымен тарих сахнасына шығуын шатастыру орын алып келеді. Осы себепті қазақ халқы қалыптасу процесін ХІҮ ғасырдың өзінде-ақ бастан кешірді деген пікір тарихи әдебиетте кездесіп қалып отырды. Л. Гумилев қазақ пен өзбек хандықтарын құрушылар Тоқтамыс ханның қоластында жаугершілікпен өмір сүргендер десе [270], Тарақты Ақселеу "осы күнгі ғылым тілінде "көшпелі өзбектер" деп жүргендердің бәрі көшпелі қазақтар болатын" деп тарихи фактілерге жеңістік бермейді [271, 596]. Тоқтамыс ханның Әмір Темірден жеңіліп, жұртымен қоштасардағы:

Байтағымның ішінде
Он сан менің ноғайлым,
Сені тағы алдырттым.
Он сан ноғай ішінде
Үш жүз алпыс отау қазағым,
Сені тағы алдырттым,
Ал аман бол менен соң [272-756] .

– деген сөздеріне қарағанда, қазақтар ХІҮ ғасырдың өзінде жеке халық ретінде (ноғайлар құрамында болса да) өмір сүрген деген уәж айтылады. С. Жолдасбайұлы, мысалы, Ш.Ш. Уәлихановтың "Жалайыр шежіресінде" Әмір Темірдің Тоқтамыс ханға қарсы аттанғанда 1390-жылдары Сырдария бойында қазақтың Әмет және Сәмет деген хандарын шапқыншылыққа ұшыратқаны жөніндегі оқиғаны алға тартады. Бұл деректен "қазақ" этнонимінің ХІҮ ғасырдың 90-жылдарына дейін пайда болып, қазақ халқының өмір сүргендігін көрсетеді дейді [273, 160б]. С. Жолдасбайұлының пікірінше, ХҮ ғасырдың екінші жартысы тарих сахнасына шыққан кезін, қазақ халқының қалыптасып біртұтас ел болған уақытын көрсетеді. Олай болса, деп көрсетеді автор, қазақ халқының қалыптасып, өзінің "қазақ" деген атымен көрші жатқан елдермен қарым-қатынас жасай бастаған мерзімін ХІҮ ғасырдың ортасынан ХҮ ғасырдың бастапқы кезі деп айтуға толық болады [273].

Ақ Орда халқы, шын мәнінде, қазақтар еді деген пікір де айтылды. Отандық тарихнамадағы осы тенденция 70-80-жылдары жарық көрген бес томдық "Қазақ ССР тарихы" деген іргелі еңбекте де көрініс тапты. Онда "қазақ халқының қалыптасуы негізінен ХІҮ-ХҮ ғасырларда аяқталды" деген қорытынды жасалды [34, 96].

Бұл жерде қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуын бір ғасырдай уақытқа созып, бұлыңғырлау қорытынды жасалудың себебі сол кездегі тарихнамадағы осы мәселе жөнінде екі көзқарасты мәмілеге келтіруге ұмтылудан туындаған сияқты. Ал, проблеманың ішкі мәніне үңілетін болсақ, қазақтардың халық болып қалыптасуы ХІҮ ғасырдың ішінде аяқталды деген тұжырымның анық-қанығын білу үшін ең кемінде екі теориялық-методологиялық мәселенің түбегейлі зерттелуі қажет деп ойлаймыз. Оның біріншісі – этногенез процесінің тарихи сатыларының сапалық параметрлері; екіншісі – халық болып қалыптасу мен этноним арасындағы арақатынас мәселесі.

Соңғы сұраққа жауап іздеу соңғы кезде ғана қылаң бере бастады. Б. Көмеков, мысалы, әдіснамалық тұрғыдан келгенде, қазақ халқының құрылу тарихы мен уақытын деректерде "қазақ" этнонимінің пайда болуынан ажырата қарастыруға бейім [165, 206]. Мұндай көзқарас өзбек тарихнамасында да орын алып отыр. К.Ш. Шаниязов 1984 ж. этнографтар мен антропологтардың бір одақтық форумында өзбектердің этникалық тарихының эволюциясы жөнінде мынандай қорытындылар жасады:

1. Өзбек халқының этникалық негізін Орталық Азияның екі өзені (*Аму мен Сыр – С.Г.*) аралығындағы байырғы тұрғындар құрады. 2. IX-X ғасырлардағы түркі тілдес халықтардың күрделі этномәдени байланыстары барысында *кейін өзбектер деп аталған* халық қалыптасты. *XI ғ. мен XII ғасырдың бірінші ортасында өзбек халқының қалыптасу процесі аяқталды.* 3. Мауераннахр оазисімен ертеден тығыз экономикалық және этномәдени байланыста болған көшпелі өзбек тайпалары біртіндеп жергілікті халықпен сіңісіп кетті [274].

Егер халықтың құрылуы мен оның өз атауына (этнонимге) ие болу кезеңдерін ажырата қарастыратын болсақ, қазақ халқының құрылуы ХІҮ ғасырдың ортасында, не аяқ шенінде орын алды деген пікірдің жаны бар секілді. Ал, тарихи, лингвистикалық, археологиялық, этнологиялық зерттеулерді басшылыққа алсақ, ол кезеңде Қазақстан аумағының әр жерінде, немесе түрлі өңірлерінде (Батыс Қазақстанда, Түркістан маңайында, Орталық Қазақстанда, Жетісуда) қазақ халқының ұйытқылары ғана қалыптасып, өмір сүрген. Олар ХҮ ғасыр екінші жартысынан бастап бір халықты құраған.

Қазіргі отандық тарихнамада қазақ халқының қалыптасуын "қазақ" этнонимінің пайда болуына, бұл жөнінде Мухаммед Хайдар Дулатидің "Тарихи Рашиди" еңбегінде, "Бабыр-намеде" келтірілген мәліметтерді басшылыққа алынып келеді [88, 83-84б; 275; 276; 277].

Бұл пікірді жақтаушылар қатарында С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтанов та бар. Олар қарастырылып отырған проблеманы "өзбек", "өзбек-қазақ" терминдерінен "қазақ" сөзінің жекеленіп, этнонимдік мәнге ие болу уақытымен байланыстырады. Бұл авторлардың пікірінше, Керей мен Жәнібектің Өзбек ұлысынан Жетісуға көшіп кетуі қазақ этногенезін жеделдеткен өтпелі сипаттағы оқиға болды, бірақ халықтың өз этнониміне ие болуында шешуші рөл атқарады. "Бір сөзбен айтқанда", – деп жазады олар, – 1459 ж. қоныс аудару қалыптасып келе жатқан қазақ халқының басы да, соңы да емес еді. Бірақ ол осы әрқилы процестің басты кезеңдерінің бірі болып есептелінеді: 1459 ж. Жетісудың далалық өңірінде қалыптасу үстіндегі халықтың өзінің болашақ атауымен тарихи кездесуі орын алды" [190, 254б].

Ақ Орданың, Әбілқайыр хандығының Ноғай Ордасының тұрғындарын С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтанов "конгломераттық сипаттағы суперэтникалық қауымдастық" десе К.А. Пищулина "этносаяси қауымдастық (этнополитоним)" дейді [140, 138б].

К.А. Пищулина зерттеулерінің нәтижесінде қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдеріне қазіргі заманғы тарих ғылымының даму деңгейі тұрғысынан баға берілді.

Отандық ғалымдардың көбіне-көп назар аударған мәселесі Қазақ хандығының құрылуының қарсаңындағы орын алған оқиғалар мен этникалық процестер болды. Әсіресе, өзбек, қазақ ғалымдары көшпелі өзбектер мен қазақтардың этникалық аумағындағы ұлан-байтақ жерлерді алып жатқан Әбілқайыр хандығының тарихын тыңғылықты зерттеді [235]. Бұл мемлекетте Орта Азиядағы өзбек халқының болашақ компоненті ретінде тек көшпелі өзбектер ғана өмір сүрген жоқ. Рузбихан Исфханидің жазбаларына қарағанда, онда қазақтар мен мыңғыттар да тұрған және халықтың басым көпшілігін солар құраған. Батыс деректерінде осы Өзбек ұлысын "Қыпшақ хандығы" деп те атайды.

Болашақ қазақ этносының ұйытқысы осы хандықта, Ноғай Ордасында және Моғолстанда кіріге бастады. Олардың барлығында да бірдей ру-тайпалар (қыпшақтар, кеңгерес, қоңырат, найман, арғын, қаңлы, алшын, қарлұқ, алаш және т.б.) халықтың негізін қалады.

Қазақ этносы қалыптасуының тағы бір ошағы Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібір өңірі болды.

К.А. Пищулина ХІҮ-ХҮ ғасырларда Қазақстан аумағында орын алған этникалық процестер жөніндегі көзқарасын 1998 ж. жарық көрген "Қазақстан тарихының" екінші томында әрі қарай тереңдете түсті, жаңа деректермен тиянақтады. Автор бұрынғыдай Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы тұрғындары халықты емес, этносаяси қауымдастықты құрады дейді [141, 293б]. Бірақ осы "этносаяси қауымдастық" дегеннің параметрлері мен этникалық процестегі орны қандай екендігін анықтай түсу қажет сияқты. Бұл мәселе методологиялық

тұрғыдан да маңызды болып көрінеді. Себебі жоғарыда біраз авторлардың қазақ халқы ХІҮ ғасырда құрылды деп жүрген пікірі этносаяси қауымдастық пен этностық қауымдастық (халық) арасын ажырата алмаудан туындай ма деп ойлаймыз.

К.А. Пищулинаның ойынша, Қазақстан аумағындағы этникалық процестердің бағыт-бағдары мен сипаты төмендегіше болған: 1) Ақ Ордада этникалық процестер, Моғолстанға қарағанда, тезірек жүрді. Себебі Ақ Ордада бұл процестің негізін қыпшақ бірлестігінің этникалық жағынан жақын рулары мен тайпалары қалады. Ал, Моғолстанда ол екі қауымдастықтың (қазақ (үйсін) және қырғыз), ал кейде Шығыс Түркістанның ұйғыр халқын қосқанда үш қауымдастықтың саяси бірлестігіне негізделді. Бұл олардың этникалық дамуын тежеді: 2) Моғолстан тарихының жете зерттелмеуіне, байланысты қазақтардың мұнда "көшіп келіп қоныстанғандығы" жөнінде қате пікірдің орын алып келе жатқандығы [59 - 231, 232, 234б]. 3) Ақ Орда мен Моғолстанның саяси жағынан бөлініп шығуы Қазақстан аумағындағы этникалық процестерді тездетті [141, 294б].

Бірақ зерттеушілер қалыптасып келе жатқан қазақ халқының жекелеген бөліністерінің саяси жағынан Моғолстан, Ақ Орда, Ноғай Ордасы мемлекеттеріне бөлшектеліп кетуінің қазақтардың этникалық тарихының барысына ықпал еткенін де атап көрсетті. Жалпы алғанда Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығының "өзбектер" деп аталған этносаяси қауымдастығы түркі тілдес халықтың үлкен тармағы болды да, одан кейін ХҮ ғасырдың екінші жартысында "қазақ" атаулы этникалық топ бөлініп шықты.

Қазақ этногенезі тарихының күрделі проблемаларының бірі этносты түзуші (немесе құрушы) әлеуметтік, экономикалық және саяси факторлардың рөлін анықтау болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер отандық тарихнамада 20-30-жылдардан бастап орын алып келеді. Осы кезде В.В. Бартольдтың [161], Г.Е. Грумм-Гржимайло [278], А.Н. Чулошников [14], С.Ж. Асфендияров және т.б. ғалымдардың еңбектерінде этногенетикалық процестің шаруашылық түріне байланысты екендігі жөнінде ғылыми пайымдаулар жасалынды. Н.Н. Козьмин [279] алғашқылардың бірі болып этногенез процесіндегі шаруашылық үрдісі мен өмір салтының шешуші рөлі жөніндегі ой-пікірін теориялық тұрғыдан баяндады. Қазақстанның құрғақшылық өңірлерінде материалдық өндірістің бірден-бір тиімді тәсілі көшпелі мал шаруашылығы болғандығы, осыған байланысты көшпелі шаруашылық-мәдени типтің этноинтеграциялық функциясы, жалпы түрік халықтары этногенезінің көшпелі мал шаруашылығымен органикалық байланысы жөніндегі идея Ж. Әбілғожиннің, Н.Ә. Масанов, Н. Әлімбаев, Х. Арғынбаев т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылды [100; 280; 281]. Көне және ортағасырлық Қазақстанның күрделі экологиялық және саяси жағдайында көшпелілердің шаруашылық-мәдени типі, көшпелі әлеуметтік организм шеңберінде бір сипатта этникалық нышандарының қорлану процесінің сабақтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз еткендігі, көшпелі өмір салты

материалдық мәдениеттің өзіне тән типтері мен ерекшеліктерін дамытқандығы жөнінде дәлелді тұжырымдар жасалынды.

Н.Э. Масановтың пікірінше де (жоғарыда да басқа мәселелерге байланысты айтып кеткенбіз), б.д.д. I мыңжылдықтан бастап Қазақстанда үстем болған және адамның құрғақшылық өңірдің табиғат жағдайына бейімделуінің ерекше формасы болып табылатын шаруашылық жүргізудің көшпелі түрі қазақ халқының тарихында осы этносты түзеуші басты фактор болды [282, 86б]. Осы себепті аталмыш проблеманың өзекті мәселелерінің бірі көшпелілердің материалдық өндірісі жүйесінің ерекшеліктері мен қоршаған ортаның этникалық процестердің қалыптасуы мен дамуына тигізген ықпалын зерттеу болып табылады дейді автор.

Н.Э. Масановтың бұл тұжырымдары жоғарыда аталған ресей тарих мектебінің өкілдері Н.Н. Козьмин, Ю.В. Бромлей және басқа да ғалымдарының ой-пікірлері шеңберінде, Қазақстан жағдайына бейімделініп алынып отырғаны белгілі. Тағы да еске сала кетейік Ю.В. Бромлей өткен ғасырдың 70-жылдары "этнос пен оның қоршаған ортасын белгілі бір тұтастық – этно-экологиялық жүйе ретінде қарастыру керек" деген. Бірақ Н.Э. Масановтың экологиялық концепциясының әлсіз жақтары баршылық. Біріншіден, көшпелі шаруашылықтың ерекшелігі мен құрғақшылық өңір жағдайымен туындайтын халықтың шашыранды орналасуы, немесе, автордың терминологиясымен айтқанда, "дисперсті орналасуы" этногенез процесін жылдамдатушы емес, қайта тежеуші күш болып табылады деп ойлаймыз. Себебі олардың арасындағы ақпараттық байланыстар, халқы шоғырланып қоныстанған өңірлерден гөрі, әлдеқайда әлсіз. Екіншіден, экологиялық орта этногенетикалық процесте доминантық (басым) рөл атқаратындығы жөніндегі тұжырыммен де келісе қою қиын. Себебі бір сипатты экологиялық, табиғи ортада тілі, діні мәдениеті бөлек бірнеше халықтың (ұлттың) қалыптасып, өмір сүріп жатқандығы белгілі.

Зерттеушілердің көпшілігі қазақтардың халық болып қалыптасуында басты да маңызды топтастырушы күш саяси фактор болды деп есептейді. Қазақтар этногенезде, әсіресе, олардың қалыптасуының аяқталуы кезеңінде атқарған мемлекеттің рөлі туралы мәселе Ш.Ш. Уәлихановтың, В.В. Вельяминов-Зернов, А.Н. Харузиннің еңбектерінде көтеріліп, XX ғасырда С.Ж. Асфендияров, А.П. Чулошников, С.К. Ибрагимов, О. Смағұлов, В.П. Юдин, Т.И. Сұлтанов т.б. авторлардың зерттеулерінде дамытылды.

Алғашқы рет тарихи әдебиетте қазақ халқының қалыптасуы қазақ мемлекеттілігінің құрылуына және тұңғыш қазақ хандарының қызметі нәтижесінде жүзеге асқандығы туралы В.В. Вельяминов-Зернов жазған болатын [221, 270-271б]. Орыс тарихнамасына қазақ этногенезін қазақ хандығының құрылуымен, яғни бұл процестің аяқталу кезеңімен байланыстыра қарау тән. Бұл дәстүр кеңес дәуірінде де А.П. Чулошников, М. Тынышпаев еңбектерінде де жалғасын тапты. А.Н. Бернштам да осы пікірді қолданды. Қазіргі уақытта бұл проблеманы тереңдей зерттеп жүрген бір топ ғалымдар (Б. Көмеков, К.А. Пищулина т.б.) этносты этноәлеуметтік организм ретінде қарастырып, этникалық процестің барысына экономикалық, әлеуметтік және саяси факторлардың шешуші ықпалы

туралы идеяны басшылыққа алып отыр. Осыған сәйкес К.А. Пищулина экономикалық байланыстар барысында ғана этномәдени ақпараттармен алмасылады, ал мемлекет этникалық нышандардың пісіп-жетілуін тездетеді деп есептейді [59, 224б].

Мұндай пікірді Б. Көмеков пен К.А. Пищулина 90-жылдардағы еңбектерінде толықтырылып, жаңа мәліметтер негізінде нақтыланды. Бұл ғалымдардың 1998 ж. жарық көрген "Қазақстан тарихының" 2-томында қазақ халқының қалыптасуын әралуан факторлардың өзара ықпалдастығы және жиынтығы нәтижесі ретінде қарастырғаны байқалады. "Этноәлеуметтік организм ретіндегі қазақ халқының құрылуы, – деп жазылған онда, – феодалдық қатынастардың орнығуы мен нығаюы, ортақ территорияның, тілдік, материалдық және рухани мәдениеттің қалыптасуына байланысты барлық халықтарға тән жалпы заңдылықтары негізінде жүзеге асты" [283, 299б]. Қазақ халқының қалыптасуының басты шарттары ретінде академик М.Қ. Қозыбаев оның құрамына енген түркі тілді тайпалардың саяси, ішкі әлеуметтік-экономикалық дамуы деп көрсетсе, С. Жолдасбайұлы тек тілдік бірлік қана емес, салт-сана, діни наным-сенімдер, экономикалық даму біркелкілігі, физиологиялық ұқсастық, аумақтық бірлестік сияқты факторларды атайды] 40; 273, 160б].

Соңғы уақытта отандық тарихнамада қазақтар этногенезі проблемасына жүйелілік принципі тұрғысынан қарау елеулі орын алып келеді, осыған байланысты этногенетикалық процестердегі мемлекеттің рөліне де басқаша көзқарас қалыптасуда. Ж.О. Артықбаев мемлекеттің өзі күрделі этноәлеуметтік жүйе болып табылады, ол өз тарапында ресми-саяси өкімет, экономикалық өкімет, әлеуметтік және этникалық, аумақтық, қоғамдық сана секілді салалық жүйелерден (подсистемы) тұрады деп жазады. Қазақтардың көшпелі қоғамында барлық әлеуметтік байланыстар жүйесі туыстық қатынастарға негізделген ұйым принципі анықтап, ал генеалогиялық аңыздар оны заңдастырып отырды. Қазақтардың бір атадан (Алаша ханнан) тарағандығы туралы көне аңыздар легі жаңадан қалыптасып келе жатқан мемлекет мүддесіне қызмет етті деп есептейді автор. Бірақ Ж. Артықбаевта мемлекеттің пайда болуы этноинтеграциялық процестерді тездетті деген қорытынды жасайды [284, 44б].

Сонымен "этнос мемлекет" проблемасы отандық тарихнамада екі бағыттың қалыптасқандығы жөніндегі зерттеуші С.Н. Ислямиеваның пікірімен келісуге болады деп ойлаймыз: 1) қазақтардың этногенезі процесінде мемлекет сөзсіз этносты құрушы және біріктіруші фактор болды. Оның соңғы сатысында мұндай рөлді қазақ хандығы атқарды; 2) мемлекеттің құрамының алғы шарты, объективтік факторы этностың пайда болуы дейді келесі авторлар. Этнос бұрынырақ қалыптасуы мүмкін де, оның негізінде кейін мемлекет құрылады. Немесе белгілі бір кезеңде өз бірлігін сезінген, бірақ бірнеше мемлекеттер құрамында шашырап кеткен этникалық қауымдастық осы тарихи "әділетсіздікті" түзету қажеттілігінен туындаған мемлекеттің құрылуына түрткі болады [285, 46б]. Дегенмен бұл автордың орта ғасыр кезеңіндегі Қазақстан аумағында этногенез және

саяси-генез процестері хронологиялық тұрғыдан қатар дамыды деген мәлімдемесі декларативті түрде айтылған, әлі де зерттей, түсуді қажет етеді деп ойлаймыз. 90-жылдардан бастап отандық тарихнамада қазақ этногенезі процесінің үзіліссіздігі, немесе сабақтастығы туралы методологиялық тұрғыдан аса маңызды мәселе көтеріліп келеді (Б. Көмеков, С. Жолдасбайұлы, К.А. Пищулина, К. Ақышев, К. Байпақов т.б.). Бұл процесс жалпы екі мыңжылдық қазақ тарихында үнемі жалғасып отырды ма, Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген байырғы тұрғындар – сақ тайпалары мен олардан кейін тарих сахнасына шыққан тайпалар мен тайпалық бірлестіктер арасындағы этногенетикалық, материалдық мәдениеті, тілдік байланыстары қандай болды деген мәселелер төңірегінде әрқилы пікірлер айтылды.

Археологиялық зерттеулер мен Қазақстанның ежелгі ру, тайпаларының тілдік атрибуциясын анықтаудағы кейбір "ақтандақтарды" пайдаланып, қазақ халқының автохтондығына, түріктік нышанға шабуыл жасаушылар некен саяқ болса да көрініп қалып жүр. Н.Э. Масанов Қазақстан аумағында этникалық қолданыс процесі басым, көпшілігі Орталық Азия өңірлерінен шыққан түрлі көшпелілердің басқыншылығы салдарынан бірнеше рет үзіліп қалып отырды деп есептейді [282, 80 б].

Қазақтардың түрік тектестігі туралы "аңызды" қалай болса да жоққа шығаруға тырысқан ол: "Шындығында қазақтардың ата тегі көшпелі тайпалар және ең алдымен тоғыз-оғыздар және олардың ата-бабалары теле тайпасы болып табылды. Ал, түріктер – тюркское Орталық Азия тарихында ешқандай із қалдырмай біржолата жойылып кеткен", – дейді ол өзінің бір сұхбатында [287]. Сонда теле мен тоғыз-оғыздарды түрік нәсілдес емес деп кім айта алады, тіпті түріктер – тюркское жоқ болып кетті деу де тарихты көпе-көрнеу бұрмалаушылық болып табылады. Бұл автордың тарихи жорамалдарына З. Қинаятұлының тарапынан шығыс деректері негізінде нанымды жауап берілген [287] дегенмен, Қазақстанның ортағасырлық тарихы мен шығыс деректерінің білімпазы Б. Көмековтің еңбектерінен бір үзінді келтіре кетейік: "Ү ғасырға қарай Солтүстік Монғолиядан Амударияның атрабына дейінгі ұланғайыр территорияны түркі тілдес тирек (теле) деген жалпы аты бар тайпалар мекендеген. Олар негізінен: Байырқу, Бұлақ, Қарлұқ, Кимек, Еділ, Қыпшақ атты тайпалар еді. ҮІ ғасырда Қазақстан жері түгелдей құдіретті біртұтас мемлекет – Түрік қағанаты құрамында болды... Осы дәуірден бастап Қазақстан территориясында этногенетикалық процестің жана маңызды кезеңі басталды" [261].

Сонымен қазақтардың шығу тегі мен қалыптасуын зерттеу негізінен автохтондық концепция шеңберінде дамыды, осы негізде олардың кірме элементтердің (кірмелік немесе миграциялық концепция) басым рөл атқарғандығы жөніндегі ғылыми негізі жоқ қағидалар жоққа шығарылды. Бірақ қазақтар этногенезін біртұтас проблема ретінде зерттеу – отандық тарих ғылымының алдында тұрған аса маңызды міндет. Оның орындалу барысында Қазақстан аумағындағы этногенетикалық процестердің ұйытқысы (немесе ұйытқылары), сабақтастығы сияқты мәселелер де өз шешемін табуы қажет.

2 ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ НЕГІЗІНІҢ ҚАЛАНУЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

2.1 Көшпелі қоғамдағы мемлекеттілік проблемасы

Қазақ көшпелі қоғамы саяси жүйесінің сипаты Евразия көшпелі социумы тарихының маңызды проблемаларының бірі болып табылады. Бұл жөнінде қазақ хандығы тарихнамасында осы уақытқа дейін сан алуан ағымдар мен қайшылықты пікірлердің орын алып келуі, біріншіден, бұл проблеманың өзіндік күрделілігі мен деректік негіздерінің әлсіздігіне байланысты болса, екіншіден, көшпелі қоғам тарихын формациялық теория тұрғысынан пайымдауға болмайтындығымен түсіндіруге болады. Әрине, тарихи материализмнің таным мүмкіндіктерін толықтай жоққа шығармағанымен, оның көшпелі қоғам дамуын таптық қатынастар, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар арасындағы диалектикалық қайшылық жөніндегі категориялар арқылы зерделеуге ұмтылысы дағдарысқа ұшырағандығы анық. Сонымен қатар қазақ халқының жерін орыс империясының құрамдас бөлігіне айналдыруға бағытталған отарлық саясат тарапынан тарих ғылымындағы қазақ мемлекеттілігінің құрылу проблемасын зерттеуге түрлі кедергілер жасалынып келді. Осы себепті қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекет ретінде қарастыруға 1917 жылға дейінгі орыс тарихнамасында да, одан кейінгі уақыттағы кеңестік тарих ғылымында да мүмкіндік болмады. ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы орыс авторларының еңбектерінде (А.И. Левшин, А. Мейер т.б.) бір орталыққа бағынған мемлекет болған жоқ, үш жүзге бөлінген тайпалар бірлестігі ғана өмір сүрді деген пікір үстем болды.

Мұндай көзқарас кеңес дәуірінде де жалғасын тауып, көшпелілік пен мемлекеттіліктің антагонистік ұғымдар екендігін ғылыми негізде дәлелдеуге тырысушылар көрініс бере бастады. Мұның өзі қазақ хандығының құрылу тарихына тікелей қатысты көшпелілер қоғамындағы мемлекеттік проблемасын зерттеудің, оның теориялық-методологиялық негіздерін анықтаудың өзектілігін арттырып отыр. Бұл мәселе отандық тарихнамада сан рет аталып көрсетілді де [2; 288], бірақ осы бағыттағы ізденістер нәтижесі бір ізге түсті деп айта қою әлі де болса қиын. Оның мысалы ретінде 1998 ж. жарық көрген "Қазақстан тарихының" екінші томындағы "көшпелі қоғам және мемлекеттілік проблемасына" жасалған тарихнамалық шолуға тоқтала кетейік. Оның авторы К.А. Пищулина былай деп көрсетеді: "Негізгі екі көзқарас, екі тұжырымдама анықталды. Олардың біреуі – көшпелі қоғамда таптық қатынастар мен мемлекеттік болғанын мойындау, оны жақтаушылар тарихи материализмнің принциптерін ұстанады", Автордың пікірінше, екінші тұжырымдама көшпелі қоғам өз дамуында қоғамдық таптарға жіктелуіне дейінгі деңгейде тоқтап қалады

деген пікірге саяды. Бұл тарихнамалық мектептің өкілдері сол себепті де көшпелі қоғамда мемлекеттің болуын жоққа шығарады – мыс. Сонымен бірге шолу авторы мұндай көзқарасты "өркениеттер теориясының" негізін қалаушы А. Тойнбидің тарихи концепциясымен байланыстырады [290, 181-186 б; 291].

К.А. Пищулина алдыңғы көзқарасты жақтаушылар қатарына С.З. Зиманов, А.Е. Еренов, Л.П. Потапов, И.Я. Златкин, Г.А. Федоров-Давыдов, В.Ф. Шахматов, С.Е. Толыбеков сияқты ғалымдарды жатқызады. Ал, екінші бағыттың өкілдері ретінде А.И. Першицтің, А.М. Хазановтың, Ю.И. Семеновтың, Г.Е. Марковтың есімдерін атайды [283, 54-55 б].

Мәселе мұнан әлдеқайда күрделі және көшпелі қоғамдағы мемлекеттілік тақырыбы төңірегінде өрбіп отырған пікірталас марксистік методология мен одан басқа танымдық концепциялар арасында емес.

Тіпті тарихи материализмді өзінің теориялық – методологиялық бағыт-бағдары ретінде ұстанып келген авторлардың өз араларында да бірнеше тарихнамалық ағымдар мен мектептердің болып келгендігін жоққа шығаруға болмайды. Көшпелілер қоғамының әлеуметтік және саяси сипаты жөніндегі ізденістер ұзақ уақыт бойы "көшпелі феодализм" концепциясы шеңберінде дамыды. Бұл концепцияға сәйкес орта ғасырлар мен жаңа заманның бас кезінде қандай да болсын көшпелілердің мемлекеттілігін феодалдық қоғамдық қатынастардың пайда болуы және дамуы тұрғысынан қарастырылды. Осыдан барып қазақ қоғамының саяси ұйымдасуы "бір орталыққа бағынған мемлекет", "мемлекеттік бытыраңқылық" секілді түсініктермен сипатталды. Оның үстіне көшпелі социумдардағы биліктік құрылымдардың ерекшеліктері ескерілмеді, көбіне ол отырықшы-егіншілікті мемлекеттердегі биліктік қатынастар моделі арқылы түсіндірілді. Жалпы алғанда, қазақ мемлекеттілігін жоққа шығарушылардың пікірі мал шаруашылығының тез дамуы, тұрғындардың Евразиялық далалық өңірінде сирек орналасуы және мұнда отырықшылықтың жоқтығы, таптық қатынастардың антогонистік деңгейге көтерілмеуі мемлекеттілікті қажет етпеді, көшпелілер үшін ондай саяси құрылымның керегі болмады деген секілді уәждермен шектеледі. Осы бағыттың ірі өкілдерінің бірі В.В. Бартольд: "Тіпті көшпелі өмір жағдайында да таптық процестің шиеленісуінсіз күшті өкіметтің пайда болуына негіз жоқ", – деп жазады [161, 47].

В.В. Бартольдтың бұл түсінігін Б.Я. Владимирцов [292], А.Н. Бернштам [293], А.Ю. Якубовский [294] және басқа да ғалымдар өз ізденістерінде басшылыққа алды, нәтижесінде тарих ғылымында "көшпелі феодализм" концепциясы орнықты.

Көшпелілер қоғамының саяси және әлеуметтік дамуында артта қалғандығы жөніндегі тұжырымнан кейбір ауытқушылықтар сынға алынып, тез арада ресми көзқарасқа сәйкестендіріліп отырылды. Ондай құбылыстың бірі 1943 ж. жарық көрген "Қазақ ССР тарихында" орын алған еді. Кітапта

Қасым, Ақназар мен Тәуекел тұсындағы қазақ хандығы "біршама орталықтандырылған мемлекет болды, ол өзінің даму деңгейі тұрғысынан Шыңғыс ханның империясынан Киев мемлекетінен және ұлы Карл империясынан да жоғары тұрды" деген қорытынды жасалған болатын [295, 107]. Мұндай пікір үшін кітап авторларына ескерту жасалған [296], соның нәтижесінде "Қазақ ССР тарихының" 1949 ж. шыққан екінші басылымында қарама-қарсы тұжырым ұсынылды; бір орталыққа бағынған қазақ хандығы болды деу қателік деп танылды [297-117,144 б].

Отандық тарихнамада методологиялық тұрғыдан бір сарындас еңбектер пайда болып, оларда қазақ хандығы "тұрақсыз", "уақытша және эфемерлік бірлестік" ретінде сипатталды. Тарихшылар ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы орыс авторларының пікірлерін жалғастыра отырып, Қазақстанда ешқашан да орталықтандырылған мемлекет болған жоқ дегенді насихаттаумен және қайталаумен болды [298]. Олар ғұн, түрік, Алтын Орда мемлекеттерін де осы қатарға жатқызды. Көшпелілер тек шаруашылық қауым болып қана өмір сүрді, кей кезеңдерде ғана тарихи ахуалға сәйкес "әскери – көшпелі қауым" (империя) құрып отырды деп есептелінді.

Көшпелілер қоғамындағы мемлекеттілік мәселесін осы социумдағы қоғамдық қатынастардың даму дәрежесіне сәйкес зерттеу әдісі, әсіресе, 50-60-жылдары кең таралды. В.Ф. Шахматов "Основные черты казахской ариархально-феодальной государственности" деген мақаласында қазақ қоғамында жерге қалыптасқан феодалдық жеке меншіктің болмауына байланысты мемлекеттің құрылмағандығы және оған алғы шарттардың тумағандығы, тек оның қайсыбір нышандары ғана байқалғаны жөнінде жазды [299].

50-жылдары кеңес тарихнамасында қазақ мемлекеттілігі туралы проблеманы зерттеуге кейбір заңгерлер де араласты. Солардың бірі профессор С.Л. Фукс қазақ мемлекеттілігінің Кеңес Одағына дейін "құрылмау" себептерін қазақ хандығында мемлекетке тән атрибуттардың (армия, полиция, сот, басқару органдары) болмағандығымен дәлелдеуге тырысты [20, 101б]. Оның пікірінше, Қасым, Ақназар және Тәуекел хандар тұсындағы қазақ мемлекеті әскери бірлестік қана болған, ол жеке сұлтандар басқарған қазақ рулары мен тайпаларының қорғаныс және шабуыл мақсатындағы әскери одақтардан тұрыпты-мыс [20, 101б].

Қазіргі замандағы тарихнамада осы пікірлерді, түптеп келгенде, С. Плетнева, Г.Е. Марков сияқты авторлар да қолдайды. Олар зерттеу әдістері мен уәждері түрліше болғанымен, көшпелілердің жоғарғы қоғамдық дамуы "шаруашылық қауымнан", не болмаса "әскери-көшпелі қауымнан" аса қойған жоқ дейді [301, 316б].

Методологиялық тұрғыдан қазақ хандығының пайда болуы мен құрылуының тарихи қажеттілігін қоғамның таптарға бөлінуі мен тап күресінің шиеленісуіне апарып тіреу, бұл институтты бір таптың екінші тапты бағыныштылыққа ұстап тұру құралы ретінде санау кеңес дәуіріндегі

барлық зерттеулерге тән болды. С.Е.Толыбеков қазақ хандығы мемлекеттілік дамудың алғашқы сатысы, оған "әскери демократияның" барлық белгілері тән деп есептеді [302, 342б].

Марксистік методология шеңберінде қазақ хандығы туралы пікір таластар "мемлекет" термині төңірегінде де өрбіді. А.И. Давыдович пен Л.В. Дюков "К вопросу о характере власти и управления в Казахстане в XV-XVIII вв." деген мақалада: "Көптеген тарихшылар мемлекет дегеніміз таптық үстемдік органы, бір таптың екінші тапты қанау органы деген марксистік қағиданы ұстанады да, осы анықтама арқылы антагонистік таптардың, таптық күрестің және мемлекеттің пайда болуы бір уақытта орын алды деп ойлайды", – деген пікір білдіріп, осы мәселелер бойынша отандық тарихнамада жіберіліп отырған "қателіктерді" ашуға ұмтылды [303, 91б]. Біріншіден, олардың пікірінше, зерттеушілер, аталмыш тұжырымның авторлары мемлекеттің қоғамда орнығып, оның негізгі формасына айналған кезіне қатыстылығын ескере бермейді. Сондықтан да жоғарыда келтірілген анықтаманы таптар және таптық күрес пайда болған, бірақ көне және таптардың пайда болуына дейінгі туыстық байланыстарға негізделген ұйымдасу формасынан айырыла қоймаған құрылымдарға (бірлестікті) таратуға болмайды.

Жеке меншік, таптар және таптық күрес қоғамның рулық-тайпалық негізде ұйымдасуын өшіріп, оны мемлекетпен алмастырудың шешуші факторлары ретінде көрінеді және олар соңғы институтқа дейін пайда болады.

Л.В. Дюков пен А.М. Давыдовичтің мемлекеттің пайда болуы жөніндегі көзқарастарының түпқазығы да осында және осы тұрғыдан кейбір ғалымдардың қазақ мемлекеттілігі туралы тұжырымдарын сынға алады. Олардың ойынша, таптардың, халықтың және мемлекеттің қалыптасу процестерінің қатарласа жүруі жөніндегі "қате пікір" С.В. Юшковтың "История государства и права" деген оқулықта орын алған. Онда скифтердің, сарматтардың, анттардың және тағы да басқа халықтардың тайпалық одақтары, оларда таптардың және мұрагерлік биліктің болуы негізінде мемлекеттер деп жарияланған [304, 35-99, 62, 64-65бб].

Осы тәрізді "История Казахской ССР" авторлары да түріктер, қыпшақтар, қарлұқтар, оғыздар, өзбектердің тайпалық одақтарын да "ерте феодалдық" деп аталғанымен мемлекет, мемлекеттік бірлестіктер қатарына жатқызады [305-56, 65-66, 72, 134-137, 148 б].

А.М. Давыдович пен Л.В. Дюков бұл кітап авторларының "үйсіндер мен қаңлылар заманында таптық қатынастар мен мемлекеттіліктің қалыптасуы басталды" деген пікіріне де үзілді-кесілді қарсы шығып, тайпалар одағы, таптар және мемлекеттің қалыптасу процесі бір уақытта жүрмейді деген жасанды ұстанымдарын қайталап алға тартады. С.З. Зимановтың, Т.М. Күлтелевтің, А.Е. Ереновтің және басқа да ғалымдардың Қазақстанда оның Ресейге бодан болуына дейінгі кезеңде біршама дамыған феодалдық

мемлекет болды деген тұжырымдарын да теріске шығаруға әрекеттенеді [306, 78б; 307, 47 б; 308, 30 б].

Авторлар негізінен С.Е. Толыбековтың ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ қоғамы мемлекетке дейінгі сатыда, әскери демократия жағдайында өмір сүрді деген пікірін қолдайды [309-217, 221, 223-225бб]. Толыбековтың "қазақ хандықтары тұрақсыз мемлекеттік бірлестіктер болды" деген пікірінің өзін асыра бағалаушылық деп есептейді [302, 93 б].

Қазақ халқының қалыптасуының өзі де мемлекеттің құрылуының алғы шарттарының бірі болғанымен, мемлекеттің пайда болып, өмір сүруінің белгісі емес дейді авторлар.

Сонымен Л.В. Дюков пен А.М. Давыдович қоғамның рулық-тайпалық негізде ұйымдасуының сақталып келгендігіне байланысты қазақтарда 1917 жылға дейін ешқандай мемлекеттілік болған жоқ, қазақ қоғамы ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда әскери демократиялық тәртіпке негізделген қауымдастықта өмір сүрді деген марксистік методология шеңберіндегі қағиданы дәлелдеуге тырысады [303, 96-102б].

Көшпелілер проблемасымен кейінгі кездері айналысқан авторлар да "көшпелі феодализм" концепциясынан көп алыс кете қойған жоқ. Олар да мемлекеттің пайда болуын адамдар арасында таптық антагонизмнің өрістеуінен, қоғамның әлеуметтік жіктелуі мен тапқа бөліну процесінен іздейді.

Түйіндеп айтсақ, отандық тарихнамадағы материалистік ағым өкілдерінің көшпелі қоғамдағы мемлекеттілік жөніндегі ой-пікірлері қазақтарда мемлекеттің болуы түгіл, оның мүмкіндігінің өзін жоққа шығарудан "ерте феодализм" сипаттағы мемлекеттілік болғандығын мойындауға дейінгі эволюциялық дамудан өтті. Бірақ осы уақытқа дейін қоғамдық ғылымтануда "мемлекет" пен "мемлекеттіліктің" мәні ашылып, оларға нақтылы анықтама беруде бір тоқтамға келінген жоқ. Кейбір авторлар "мемлекеттілікті" мемлекетке дейінгі саты ретінде түсініп келді [310]. Соңғы уақытта бұл мәселе жөнінде Е.М. Әбенев, Е.М. Арынов өз пікірлерін білдірді. Олардың анықтауынша, мемлекеттілік туралы мәселе белгілі бір өркениеттік өңірді басқа өркениеттік өңірлерден ажыратушы әлеуметтік кеңістік, оның алғашқы шекарасы туралы мәселе секілді [311 24б]. "Мемлекеттілік" ұғымы "мемлекет" ұғымынан әлдеқайда кең де тереңірек. Бірінші ұғымның мазмұны тек қана саяси-құқықтық қатынастарды ғана емес, әлеуметтік және мәдени-рухани бастаулардың түгел кешенін қамтиды. Қоғам осы салалардың негізінде ғана тұтас жүйе ретінде қызмет жасайды. Осы тұрғыдан алғанда қазақтарда мемлекеттілік көне заманан бастап болды. Ал, қазақ мемлекетінің құрылуын авторлар саяси-құқықтық бірлестік ретінде қарастырады. Егер мемлекеттілік Шығыста мемлекет – тап, Батыста да – мемлекет тап ретінде пайда болса, Далалық өңірде ол этноәлеуметтік және этноаумақтық бірлестіктің ерекше

формасы ретінде қалыптасты дейді. Далалық өңірдегі мемлекеттіліктің дамуы абстракциялық мемлекеттің дамуы емес.

Сонымен "Қазақстан. Мемлекет пен қоғамның эволюциясы" авторларының тұжырымдауынша, мемлекет Батыс пен Шығыс өркениетінің нәтижесі, ал Ұлы Дала тарихына қатысты мемлекеттілік ("*мемлекет емес*" – *ескерту авторлардыкі*) өркениеттік процестің негізі болып табылады [311].

Тарихи материализмнің дағдарысқа ұшырауына байланысты көшпелі қоғамның әлеуметтік сипаты мен онда мемлекеттің пайда болу проблемасын жаңа танымдық тұрғыдан қарастыруға бағытталған методологиялық ізденістер жалғаса түсті. Отандық тарихнамадағы бұл құбылыс Ж. Артықбаевтың, М. Әбусейітованың, А.К. Көшкімбаевтың, И.В. Ерофееваның, Н.Э. Масановтың, М.К. Хабдулинаның т.б. авторлардың еңбектерінде айқын көрінді. Осы өзгеріс жөнінде әдебиетте қоғамдық-экономикалық формация теориясының шығармашылық элементтерін түгелдей жоққа шығармаумен қатар, гуманитарлық ой-пікірдің өркениет теориясына бет бұрып келе жатқандығы атап көрсетілді [312].

"Өндірістің азиялық тәсілі" концепциясы жандандырылып, оны көшпелілер қоғамына тарату, көшпелілердің отырықшы-егіншілікті қоғамдардан түбірінен айрықша өз даму арнасы барлығы туралы идеяны қалыптастырды. Осы түсінікке сәйкес көшпелілер арасындағы таптардың пайда болуы және ерте таптық қатынастар туралы жаңа пайымдаулар жасалды [313; 314; 129]. Оның бірі А.К. Көшкімбаевтың "К проблеме государственности в кочевых обществах" деген мақаласында баяндалған. Автор мемлекеттіліктің қалыптасуы – бір мезеттік әрекет нәтижесі емес, ол дегеніміз қоғамның тұрақты да басты саяси институты – қоғамдық қатынастарды басқару, реттеу және бақылау функцияларын атқарушы және өз кезегінде ішкі және сыртқы саяси қауіпсіздікті қамтамасыз етіп отыратын, құрылымдық жүйелер тән мемлекеттің пайда болуына әкелетін ұзақ та күрделі процесс дейді. Ондай саяси орган адамдардың кез келген тұрақты топтық қауымдастығының қажеттілігі болып табылады [108,506].

М.К. Әбусейітова мемлекеттілік көшпелілердің отырықшы қоғаммен өзара қатынас орнатуға мәжбүр болған жерлердің барлығында да пайда болды деп есептейді. Бірақ әңгіме мемлекеттілікті олардың отырықшы көршілерінен "көшіріп" алғандығы туралы емес, көшпелілер өздеріне ғана тән бірегей саяси жүйе құра білді деп ескертеді. Автор кейбір тарихшылардың көшпелі хандықтарда аумақтық бөлініс, жария билік, тұрақты салық жүйесі және басқа да мемлекеттілік атрибуттары болмағандығын тілге тиек етіп жүргендіктерін ескерте отырып, жаппай қарулану, жүйеленбеген құқық, шекарасы өзгермелі аумақтық иеліктер тән түрік хандықтарын еуропа мемлекеттерімен салыстырғанда ортақ ұқсастықтар таба қоюдың қиынға соғатындығы, осы себепті де көшпелі мемлекеттілікті, жалпы ортаазиялық қоғамдарды зерттеуге басқа өлшемдер

мен методологиялық ұстанымдар тұрғысынан келу керек деп жазады [54, 316].

Тарихи материализм принциптеріне негізделген әдіснамадан мүлдем бас тартып, мемлекеттің пайда болуын көшпелі қоғамның дамуының ішкі заңдылықтары мен ерекшеліктерінен іздеу талпынысы Ж.О. Артықбаевтың еңбектерінен байқалады [39; 284].

Бұл автордың пікірінше де, тарихи қазақтанудың шектеулігі қоғам мен мемлекет тарихы проблемаларын біржақты материалистік тұрғыдан зерделеуден туындайды. Мемлекеттің пайда болуының басты шарты тұтынудан артық өнімнің алынуы, осы негізде таптардың пайда болуы, таптық күрестің өршуі деп есептелінеді. Мұндай жағдайлар, материалистік ағым өкілдерінің пікірінше, отырықшы-егіншілікті қоғамда ғана болады. Сонымен көшпелілер әлемінде мемлекеттің пайда болу мүмкіндігінің өзі бірден жоққа шығарылады.

Жоғарыда көрсетілгендей, осы себепті көшпелілердің қоғамдық-саяси даму сипатына арналған бірнеше, кейде бір-біріне қайшылықты теориялар айналымға енді. Олардың негізінде көшпелілер қоғамның патриархтық-рулық, ерте феодалдық, патриархтық-феодалдық, ал кейінгі уақытта әскери-потестарлық сипаты туралы анықтамалар туды [315].

Ж.О. Артықбаев, өркениет теориясына бой ұрған авторлар сияқты [316] евразия даласы көшпелілерінің мәдени жетістіктерін мұралаған қазақ қоғамы өзінің ішкі және сыртқы құрылымы бойынша да, мазмұны тұрғысынан да бірегей құбылыс екендігін мойындайды. Көшпелі социумның қызмет етуінің негізгі ұйытқысының өмірлік бастауын Батыстың да, Шығыстың да мәдени өлшемдерімен салыстыруға келмейді, қайталанбастығымен және өзіндік ерекшеліктерімен көрінеді. Осы бірегейлік методологиялық парадигмалардың өзгертілуін талап етеді. Бірақ Ж. Артықбаев өркениет теориясы арнасына қарай бұрылмайды, дүние жүзілік қоғамдық ой-пікір тарихында бұрыннан белгілі субъективтік категорияларға, қондырмалық институттарға басым мән береді. Өз сөзімен айтсақ, ең алдымен тарихи танымның басты нысаны қоғамның материалдық параметрлері емес, оның сана-сезімі, рухани құндылықтары, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері сияқты факторлары болу керек [284]. Осыған сәйкес қазақтарда мемлекеттің пайда болуы себептерін анықтау үшін алдыңғы қатарға экономикалық процестерді емес, әлеуметтік процестер мен әлеуметтік байланыстар формаларын қою талап етіледі. Себебі қазақ қоғамында әрбір адамның орны экономикалық байланыстарға емес, табиғи-әлеуметтік байланыстар арқылы анықталады.

Ж.О. Артықбаевтың бұл ұсынысы үстем таптың қосымша өнімді иеленуі, осы материалдық мүддесін қорғау мақсатында мемлекеттік аппараттың күшімен қаналушы тапты бағыныштылықта ұстауы жөніндегі қағиданы жоққа шығарады.

Онда "қазақтарда мемлекеттіліктің бастауын қай бағыттарда іздестіру керек, саяси генезис негізінде таптық құрылымнан басқа қандай факторлар жатты, алғашқы қауым эволюциясы барысында мемлекеттің пайда болуы мүмкін бе?" деген сұрақтар туындайды.

Автор бұл сауалдарға тапсыз қоғамда да мемлекеттің (саяси институттардың) өмір сүруі мүмкін деп жауап береді [284-466] және оған төмендегідей дәлелдер келтіреді: 1) Мемлекет этноәлеуметтік жүйе ретінде бірнеше құрамдас бөліктерге, нақтылап айтқанда, шағын жүйелерге сүйенеді. Бұқаралық-саяси билік (бағындыру аппараты) дегеніміздің өзі солардың бірі болып табылады. Осы ретте экономикалық, аумақтық, әлеуметтік, этникалық, рухани билікті де айтуға болады. Соңғы шағын жүйеге басқа компоненттері жоқ кезде де мемлекет идеясын сақтап отыратын қоғамдық сана кіреді. 2) Қазақтардың көшпелі қоғамы-оқшауланған, күрделі, үнемі қозғалыстағы және өзін-өзі реттеуші жүйе. Оның көптеген және күрделі қатынастармен өзара байланысты құрылымдық компоненттері (экономикалық құрылым, аумақтық орналасу, материалдық және рухани мәдениет, сана-сезім т.б.) шағын жүйелер ретінде әрекет етеді. Социумның рулық-тайпалық шеңберден мемлекеттілік жағдайға көшкен уақытында бұл түрлі шағын жүйелердің рөлі бірдей болмауы мүмкін. Кейбірі мемлекеттік жүйе ретінде қалыптасып, тиісті міндеттерді атқарады, ал екіншілері әлі пісіп-жетілмеген болып шығады. 3) Қазақ қоғамының ішкі құрылымы элементтерінің өзара иерархиялық бағыныштылығына байланысты адамның қоғамдағы орны дүниеге келген күннен және өмір бойы оның белгілі бір сословиеге жататындығымен анықталады. Сонымен қатар қазақтардың көшпелі қоғамның негізін қауымның еркін көшпелілері, яғни дербес шаруашылық иелері, өндірістік қатынастардың тең құқылы субъектілері құрайды. Мұнан шығатын қорытынды шектеуліктер мен өзара бағыныштылық (иерархиялық) меншік қатынастарынан емес, туыстық қатынастардан туындады [284, 416]. Осы себепті хандық биліктің пайда болуы мен өмір сүруі жеке меншік пен таптық қоғамның қалыптасуына байланысты орын алған жоқ.

Ж.О. Артықбаев мемлекеттің тууын оның әлеуметтік реттегіштік қызметінен іздестіреді. Осылай ол қоғамның ішкі құрылымын, әр түрлі құрамдас (этномәдени) бөліктерін ұйымдастырып, қимыл-қозғалысқа келтіріп отыратын механизм ретінде мемлекет қола дәуірінен бастап-ақ өмірге келді деп есептейді [39, 24 б].

Егер таратып айтатын болсақ, үстем рулық жүйе, сословиелік құрылым, тәуелділіктегі қалалық және егіншілікті өңірлер негізгі субстраттар ретінде әрекет жасайды. Олардың бір саяси организмде шоғырлануы нәтижесінде мемлекет құрылады, ал мемлекет субстраттардың бірыңғай жүйе ретінде қызмет жасауын қамтамасыз етеді, әсіресе, этногенез процесінің бір арнада дамуына қолайлы жағдай тудырады. Соңғы тұжырымды орыс ғалымдары да қолдайды. Л.Е. Куббель: "Потестарлық және саяси ұйым этникалық

процестердің барысына да және олардың нәтижелерін бекітуге де, сонымен бірге осы нәтижелерге белгілі бір тұрақтылық сипат беруге де қажетті этнотоптастырушы фактор болып табылады", – дейді [317, 118б].

Сонымен Ж.О. Артықбаев ізденістерінің басты түйіні көшпелілер қоғамдарында орталықтану мен жіктелу проблемалары басқару аппаратын құру арқылы емес, өмір сүріп тұрған әлеуметтік жүйенің (құрылымының) күрделенуі арқылы жүзеге асады деген ойға тіреледі.

Жоғарыда кейбір саясаттанушылардың ғылыми айналымға "мемлекеттілік" ұғымын енгізу деген ұсынысына және "көшпелілер мемлекеттілігі" бұқаралық-саяси билікпен, яғни оның "бағыныштылықта ұстау аппараты" ретіндегі дәстүрлі сипатымен барлық жағдайда сәйкес келе бермейді [316; 311] деген тұжырымына тоқталып өткенбіз.

Ж.О. Артықбаевтың пікірінше, "мемлекеттілік" пен "мемлекетті" бір-біріне қарсы қою қоғамтанудың ұғымдық-категориялық аппаратында түсініксіздік туғызады. Егер "мемлекеттілік" дегенді, авторлардың айтқанындай, "саяси-құқықтық, әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық" құрылымдардың жиынтығы ретінде қарастыратын болсақ, онда бұл құбылысты қоғам деп тануымыз қажет [284, 39б].

Дегенмен "мемлекет" ұғымы жөнінде де пікірталастардың әлі бір арнаға түсе қоймағанын айта кету керек. Хоккайдо университетінің (Жапония) доценті Уяма Томохико: "Ең алдымен, саясаттанушылар арасында "мемлекет" дегеніміздің не екендігі туралы бірыңғай пікір жоқ, "мемлекет" ұғымының жүзден астам анықтамасы бар. Егер біздер отырықшы халықтар мемлекетінің сипаттамаларына негізделген тар шеңберлі анықтаманы қабылдасақ, онда Қазақ хандығы мемлекет болып есептелмейді. Ал, егер "мемлекет" ұғымын кең көлемде түсінсек, онда бұл хандық мемлекет қатарына жатады", – дейді [318].

Отандық тарихнамада да бұл проблема бойынша, яғни мемлекет дегеніміз не, оның негізгі белгілері қандай деген мәселелер төңірегінде түрлі болжамдар орын алып келе жатқандығын қайталап айтамыз. Олардың өзі де материалистік методология мен өркениеттік теориялардың кейбір элементтерінен құрастырылған эклектикалық сипатта болып келеді. Ж.О. Артықбаевтың көзқарастарында ғана сонылық байқалады. Оның пікірінше, мемлекет дегеніміз, біріншіден, – қоғамды ұйымдастырушы, реттеуші жүйе, екіншіден қоғамның ресми билік органдарының және атрибуттарының тұтас жиынтығы [39,22б].

Бірақ, Ж.Артықбаевтың айтқанындай, бұл – "екі түрлі анықтама" емес, мемлекетті құрылымдық-функциялық талдау тұрғысынан жасалған бір ғана анықтама болып табылады және оны отандық тарихнаманың методологиялық жетістігі деуге болады.

Мәселеге осы жаңа көзқарас тұрғысынан қараған А.Бикенов көшпелілер тарихы жөніндегі зерттеулерге шолу жасай келіп, мемлекет туралы айтылған пікірлерде қоғамның билік жүргізу жүйесін, оның әртүрлі

атрибуттарын (мәселен: сот, әскер, қазына, салық т.б.) зерттеу басым да, ал мемлекеттің реттеуші-ұйымдастырушы жүйе екендігін естен шығарылып келе жатқандығына назар аударады [319, 356].

Тарих ғылымында соңғы уақытта қазақтардың әлеуметтік және саяси ұйымдасуы жөнінде осы тұрғылас пікірді И.В. Ерофеева да білдірді. Ол материалдық және адам ресурстарының жинақталуы және шоғырлану процестері сияқты экономикалық факторларды айтпағанның өзінде, қазақ қоғамында бір саяси ұйымға бірігудің экономикалық сферадан тыс жатқан ынталанушылық пен қажеттіліктен туындайтын себептер барлығына назар аударады. Оларға қауымдар арасында жерді пайдалану жөніндегі өзара қатынастарды реттеу, көшу қон бағыттарын анықтау, жайылымдықтарды, бөлісу, руаралық кикілжіңдерді, барымта-қарымта мәселелерін шешу, сыртқы жаулардан қорғану, көрші отырықшы және көшпелі өңірлерге жорықтар ұйымдастыру жатты. Көшпелі халықтың тұрмыс-тіршілігіне қатысты осы мәселелердің барлығына басшылық жасап, жөн сілтеу қажеттілігінен тайпалар, тайпалық одақтар, жүздер және т.б. ірі бірлестіктер қалыптасты. Осы көшпелі әлеуметтік организмдердің іріленуі барысында аталмыш құрылымдар арасындағы қатынастарды реттеп отыруға қажетті тетік (механизм) ретінде иерархиялық құрылымға негізделген потестарлық-саяси ұйым пайда болды деп жазады автор] 320, 38-396]..

Қазақтардың көшпелі қоғамында, Евразиялық басқа да көшпелі халықтарындай, саяси басқару немесе билік жүйесі аға тайпа, не аға ру құқығының басымдылығын мойындайтын генеалогиялық туыстық принципін негізделеді. Осыған сәйкес күшті (аға) рулар мен тайпалар, әдетте, қазақтардың әскери-потестарлық бірлестіктерінің ұйытқысы болды. Олардың төңірегінде әлсіздеу және тым әлсіз кіші рулар мен тайпалар топтасты, осы негізде мемлекеттік бірлестіктер – хандықтар құрылды деп есептейді И.В. Ерофеева [320, 396].

Мұндай пікірлерді өткен ғасырдың 60-70-жылдары қазақ қоғамының әлеуметтік негіздері мен онда мемлекеттіліктің пайда болуын зерттеген А. Хадсон, Л. Крадер, Э. Бэкон сияқты шетелдік ғалымдар да айтқан болатын [193; 199].

Осы кезеңдерде отандық тарихнамада да бүкіл тарихи дамуы барысында көшпелілердің қоғамдық құрылысы өндірістің өзгеше тәсіліне негізделді, ол дамыған таптық феодалдық қатынастармен де, мемлекеттілікпен де сәйкес келмейді деген концепция ұсынылған-ды. Осы концепция, әсіресе, Н.Э. Масановтың "Қазақтардың көшпенді өркениеті" деген кітабында өзінше жалғасын тапты және көшпелілерде феодализм мен мемлекеттіліктің болуы жөніндегі идеяның өзі жоққа шығарылды[280].

Бұл еңбекке пікір білдірген В.Н. Василев автордың тұжырымын 90-жылдардың ортасында "талассыз" емес деп қана атап өткен болатын[321-142,1436]. Дегенмен Н.Э. Масанов мұнан кейінгі жылдары да көшпелілер

тарихын "эволюциялық-тарихи" зерттеу әдістері тұрғысынан пайымдауларын жалғастырды.

Бұл автор көшпелілік өмірдің басты ерекшелігі – көшпелі қауымдардың шашыранды (дисперсті) жағдайы деп есептейді. Осы негізде ол көшпелілерде әскери-потестарлық (potestus-латынша "билік") құрылымдардың пайда болуының басты себептері жайылымдықтарға, көші-қон жөніндегі қатынастарға, әдеттік-құқық нормаларын реттеуге т.б. мәселелерге байланысты болды деп есептейді. Осы факторлар санатында көршілес егіншілікті, көшпелі халықтар және мемлекеттермен сыртқы қарым қатынастарды реттеу қажеттілігін де атайды [322; 323-244]. Л.С. Куббель де бұрынырақ осындай пікір білдірген [317].

Н. Масанов көшпелілер қоғамындағы әскери-потестарлық жүйенің дүниеге келуі экономикалық факторлар мен экономикадан тыс факторлардың ұштасуы нәтижесінде болды деп есептейді. Бірақ бұл жүйе, мемлекет жөніндегі европалық түсінікті қолдаушы автордың пікірінше, мемлекетке дейінгі құрылым болып қана есептелінеді. Көшпелі қоғамдағы мемлекеттілік табиғи жағдайы мен әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымның интеграциялық процестерге көрсететін кедергілері кемдеу маргинальды өңірлерде ғана мүмкін болған секілді [323, 204б].

Автордың алғашқы да, соңғы да тұжырымдарымен келісе қою қиын. Себебі, түптеп келгенде, мемлекеттіліктің пайда болуын Н.Э. Масанов та, осының алдында ғана айтылған И.В. Ерофеева да, көшпелілерде мемлекеттілік дәстүр болғандығын жоққа шығарады. Соңғы уақытта әскери-потестарлық құрылымдарға байланысты қағидаларға А.К. Көшкімбаев та қолдау көрсетті. Менің ойымша, деп жазады соңғы автор, орта ғасыр кезіндегі (X-XIII ғ.) көшпелі потестарлық әлеуметтік организмдер, мысалы, керей, найман, татар, монғол ұлыстары, қыпшақтардың және басқа да түрік тілдес тайпалардың сол уақыттағы бірлестіктері мемлекет санатына жатпайды, себебі оларда анық билік жүйесі, басқару аппараты, тұрақты салық тәртібі болған жоқ.

Ал, халық (ел, ұлыс), аумақ (йұрт, нунтук) сияқты өлшемдер үнемі динамикалық жағдайда болды, басқаша айтқанда, өзгеріске ұшырап отырады дейді автор. Сонымен, А.К. Көшкімбаевтың ойынша, потестарлық – саяси топтардың ұлғаюы нәтижесінде құрылатын қағанаттар, хандықтар және т.б. мемлекетке дейінгі құрылымдар болып қана табылады [108, 52б].

Көшпелі қоғам дамуына тән басым бағыттарды анықтаудағы кейбір айырмашылықтарына қарамастан, П.П. Румянцев [324], В.В. Бартольд [325], С.Е. Толыбеков [302-228,373б], Б.А. Владимирцов [292,80-81б], В.В. Радлов [326,65-67б], В.М. Викторин [327, 12б], Н.Н. Крадин [323, 145-152б сияқты авторлар да, олардың ізбасарлары ретінде көрінген Н.Э. Масанов, И.В.Ерофеевалар да тарих ғылымында бұрыннан белгілі "әскери-демократиялық" құрылым туралы қағиданы ұстанады. Осы авторлардың еңбектеріне шолу жасаған А.К. Көшкімбаев: "Номадтық өңірлерде өмір

сүрген көшпелі әскери-потестарлық құрылымдар шын мәніндегі мемлекеттер болған емес... Көшпелі қағанаттар, хандықтар, империялардың экономикалық базасы жоқ болуы және уақытша да әлсіз әскери-әкімшілік – бірлестіктерді құрады деген қорытындыға келді [108, 546].

Қазіргі заманғы тарихнамада қарастырылып отырған проблема бойынша үш ағымның қалыптасып отырғандығын көреміз. Біріншісіне негізінен көшпелілердің этносаяси тарихына басым мән бере отырып, оны көшпелі дүниенің ішкі және сыртқы саяси қатынастарымен байланыстыра қарастыратын және осы зерттеу әдісі нәтижесінде көшпелілерде мемлекеттің де, мемлекеттілік дәстүрдің де болғандығын айқындаған ғалымдар тобы жатады. Бұл мектептің ірі өкілдері К.А. Пищулина [54], М.Х.Әбусейітова [60; 61; 62], Б.Е.Көмеков, Т.И.Сұлтанов [330], А.Ш.Кадырбаев [332], Е.И.Кичанов [331], Ш.Сандаг [320], , В.В. Трепавлов [333], С. Жолдасбаев [373], Ж. Артықбаев] 39; 284] т.б. ғалымдардың еңбектері жұмысымыздың келесі бөлімдерінде (2.2; 2.3) талданады.

Екінші ағым өкілдері (В.В. Радлов, В.В. Бартольд, П.П. Румянцев, Б.Я. Владимирцов, С.Е. Толыбеков, Н.Ц. Мункуев, А.М. Хазанов, Н.Н. Крадин, А.К. Көшкімбаев) көшпелілерде кейбір кезеңдерде ғана ірі мемлекеттік бірлестіктер-көшпелі империялар ғана құрылған дейді. Бұл ағым өкілдерінің көзқарастарына тоқталғанбыз. Дегенмен "ахуалдық мемлекет" концепциясының негізін қалаушылардың бірі, қазіргі кезде америкалық ғалым А.М. Хазановтың тұжырымдарына да тоқтала кетейік.

Оның пікірінше "көшпелі мемлекеттілік" немесе "көшпелі мемлекет" терминдерінің мазмұны тым бұлдырлау. Шын мәнінде "көшпелі мемлекеттер" деп тұрғындарының көпшілігі номадтар болып табылатын, үстем және бағынышты таптарға бөлінген, өз дамуында тиісті эволюциялық деңгейге көтерілген тәуелсіз бірлестіктерді атау керек. Алайда көшпелілерде әлеуметтік жіктелу мен тек қана ішкі даму барысында мемлекеттің пайда болуына бірнеше жағдайлар кедергі жасайды. Әдетте оларда мемлекеттің дүниеге келуі көршілес отырықшы елдер мен өңірлерді жаулап алу нәтижесінде жүзеге асып отырды [109 – 362- 363б].

Көріп отырғанымыздай, автордың бұл тұжырымында еш жаңалық жоқ. Бірақ автор жаулаушылық көшпелілерде мемлекеттің құрылуының бірден-бір жолы деп есептемейді. А.М. Хазанов: "Кейбір сирек жағдайларда көшпелі мемлекет отырықшы халықты өзіне бағындыру арқылы пайда болды. Ондай мемлекеттер – тарихтың бір қысқа көріністері іспеттес, көшпелі қоғам ұшырасқан ерекше проблемалар, әдетте жаулап алушылық қарсаңында және жаулаушылық нәтижесінде дүниеге келді. Оларды "ахуалдық мемлекеттер" деп атауға болады", – дейді [109, 450б]. Айналып келгенде автордың пікірі көшпелілердің қолы жеткен саяси бірлестігі "әскери-демократиялық" сипаттағы, әлсіз де тұрақсыз құрылымдар болды деген тұжырымға саяды. Ең соңында, үшінші топты құраушылар көшпелілер қоғамында мемлекет болған жоқ деп ойлайды. Бұл ағым

өкілдері зерттеулерінің негізгі арқауы – ішкі әлеуметтік-экономикалық қатынастар. Олар көшпелі қоғамды шаруашылық-экономикалық параметрлер тұрғысынан қарастыра отырып, аталмыш проблема жөнінде түбірінен басқа қорытындыларға келді. Сол себепті бұл ізденістер көшпелілерде мемлекеттің болғандығын жартылай мойындаған екінші ағым өкілдері тарапынан да сынға ұшырады. Олар: "көшпелілер үшін экономикалық мүдде басты фактор болғаны рас, бірақ оны дамудың көшпелі моделінің бірден-бір қозғаушы күші деуге келмейді", – деп мәлімдеді [108, 506]. Ол жөнінде жоғарыда әңгімелегенбіз және Ж.О. Артықбаевтың, А.К. Көшкімбаевтың ізденістерінің экономикалық детерминизмнен бірден-бір әдіснама ретінде алшақтауда және көп факторлы (плюралистік) зерттеу концепцияларына көшуі маңызды қадам екендігін айтып өткенбіз.

Қорытып айтқанда, көшпелілер қоғамындағы мемлекеттік институттың пайда болуы туралы ой-пікірлер эволюциясы әлі де тоқтаған жоқ, өзгеріс, даму үстінде. Солай бола тұрғанымен қазақтардың көшпелі қоғамында мемлекет те, мемлекеттік дәстүр мен сабақтастық болғандығы, қазақ хандығының өзіне тән өркениеттік және заңдылықтар негізде құрылып, өмір сүргендігі отандық тарихнамада дәлелденген. Осыған байланысты тарих ғылымындағы маңызды проблемалардың бірі Қазақ хандығының құрылуының алғы шарттарын негіздеу болып табылады.

2.2 Қазақ хандығының құрылуының алғы шарттары

Қазақ мемлекеттілігінің тарихнамасы қазақ халқының этногенезі жөніндегі автохтондық және миграциялық концепциялар ықпалымен қалыптасты. Соңғысы қазақ хандығының құрылуын Жәнібек пен Керейдің Шу бойына қоныс аударуымен түсіндірсе, алғашқы көзқарастағы авторлар бұл құрылымның бастауын ерте заманнан іздестіреді. Басқаша айтқанда, бірі қазақ хандығының дүниеге келуін ахуалдық оқиға ретінде қарастырады да, оны қандай да болмасын заңдылықтар, немесе тарихи алғышарттардың қорытындысы деп есептемейді [334; 335]. Екіншілері Қазақ хандығының құрылуының қайнар көзі көне заманнан – ғұндар, үйсіндер, қаңлылардың мемлекеттік бірлестіктерінен, түрік қағандығынан басталатындығын қолдайды. Олар Қазақстан аумағындағы түрік тілдес тайпалардың ішкі қоғамдық-экономикалық дамуы нәтижесінде емес, "кездейсоқ оқиғалар" жиынтығы нәтижесінде мемлекеттік құрылымға бірікті деген тәріздес пікірді нақтылы тарихи материалдарды зерттеу арқылы теріске шығарды.

Археологиялық ғылымның жетістіктері мен тарихшылардың соны ізденістері Қазақстанның көне тұрғындарының (үйсіндер мен қаңлылар) өзінде мемлекеттік болғандығын көрсетті [33, 666]. Осыған байланысты қазақ хандығының құрылуының әлеуметтік-экономикалық және саяси алғышарттарына назар аударыла бастады.

Отандық тарихнамада Қазақстандағы мемлекеттілік дәстүрінің көне заманнан бері жалғасып келе жатқандығы, сақ, скифтер дәуірінен бұл өңірде түрлі мемлекеттік бірлестіктердің – тайпалық одақтардың, қағанаттардың Еуропадан әлде қайда бұрын құрылғандығы, оларға мемлекеттілікке тән атрибуттар мен механизмдердің – армияның, дипломатиялық, шенеуніктік қызметтің, белгілі бір шекараның, сайлау арқылы, не мұрагерлік жолмен жүзеге асырылып отырған жоғары биліктің болғандығы туралы мәселелер қойылды. Ежелгі грек, рим авторларының, Қытайдың "Ханнаме", "Тарих-наме" секілді жазба ескерткіштері мәліметтеріне сүйене отырып, зерттеушілер б.д.д. V-III ғасырларда-ақ Қазақстанның ежелгі тұғындарының өз заманында қуатты мемлекеттік бірлестерде өмір сүргендігін, Жетісуда сақ-үйсін, Арал жағалауында қаңлы-ғұн, Қазақстанның солтүстік-шығысында қыпшақ, Батыс Қазақстанда алан этномәдени қауымдастығының қалыптасқандығын дәлелдеді [337].

Бірақ қазақтарда мемлекеттіліктің түп тамырын тарихтың терең қойнауларынан іздестіру жөніндегі ортақ пікірге келгенімен, бұл процестің нақтылы қай кезеңнен басталатындығы жөнінде ғалымдар әртүрлі жорамалдар айтуда. Зардыхан Қинаятұлы Қазақстандағы мемлекеттілік үрдіс тарихын ғұндар заманынан бастауды ұсынады. Ол Қазақстан аумағында (б.д.д. 209) алғаш рет мемлекет дәрежесіне көтерілген Хунь-юй (ғұндар) болды дейді [287].

Ғұндар мемлекетінің тарихын зерттеуге Л.Н. Гумилев [338], Бахаддин Өгел [339], С.Өтенияз [340] сияқты ғалымдар үлкен үлес қосты. Бұл авторлар негізінен қытай деректеріне сүйене отырып, Ғұн мемлекеті тарихта болған жоқ деген пікірдің де, Хунь-юй (Гун-ны) мен Сунь-юй (Сюн-ну) екі мемлекет деген тұжырымның да тарихи шындыққа сай келмейтіндігін, соңғысы қытайлардың бір мемлекеттің әр кездерде екі түрлі атауы ғана екендігіне назар аударды. Модун тәңірқұты тұсында (б.д.д. 209-176) ғұндардың Қытайға он төрт рет шабуыл жасап, Хань әулетіне өз мемлекетін мойындатқаны белгілі. З.Қинаятұлы мемлекеттік үрдісті кейін үзбестен үйсін, қаңлы, дулат, найман, керей секілді ұлыс дәрежесіне дейін көтерілген көптеген тайпалар жалғастырды деп жазады.

Осылардың ішінен, әсіресе, үйсіндер мен қаңлылар тарихы көбірек зерттелді, себебі біраз ғалымдар қазақ мемлекетілігінің қайнар көзі осы тайпалар құрған бірлестіктер деген қорытындыға келген.

Сағын Сұңғатай көне Қытайдың "Ші-жи" (тарихи жазбалар), "Хань-шу" (Ханьнаме) тарихи жылнамалардың деректері бойынша б.д.д. III ғасырдан бастап қазіргі Қазақстан аумағында, атап айтқанда, Каспийдің шығысы мен солтүстігі және Аралдың солтүстігінде Янчай ұлысы (Алшын немесе Алан ұлысы), Оңтүстік Қазақстан, Сырдария, Талас аңғарлары мен Қаратау төңірегінде Қаң-жуи (қаңлы) мемлекеті, Шығыс Қазақстан мен Ыстықкөл төңірегінде Шығыс Түркістанның солтүстік бөлігінде У-сун (үйсін) ұлысы, Шығыс Қазақстан мен Алтай төңірегінде Ху-жие (қыпшақ) ұлысы

сияқты көшпелі мемлекеттердің (Шинь-го) болғандығын көрсетеді. Автор осы ұлыстардың ішінде үйсін ұлысының тарихи-саяси және мемлекеттік маңызы айрықша деп біледі. С. Сұңғатайдың пікірінше, ежелгі үйсін ұлысы б.д.д. II ғасырдан б.д. V ғасырына дейін Орта Азиядағы ең ірі құдіретті мемлекеттердің бірі ретінде өмір сүріп, өз кезеңінде Еуразия тарихында елеулі саяси және мәдени рөл атқарған, бүгінгі қазақ халқының этникалық тегі, шаруашылығы мен мәдениетінің, әсіресе қазақтың ежелгі көшпелі мемлекеттілігінің қалыптасып, кемелденуіне зор ықпал еткен [341].

К.А. Ақышев та үйсін мемлекеті көне Қазақстан мен Қырғызстан аумағындағы тұңғыш (мүмкін, алғашқылардың бірі) мемлекеттік бірлестік болды дейді. Оның зерттеулеріне қарағанда бұл мемлекет шығыстан батысқа қарай Іле өзенінен Талас өзеніне дейінгі, солтүстіктен оңтүстікке қарай Балқаш көлінен Есік көліне дейінгі жерлерде I-IV ғасырларда өмір сүрген [342; 343; 344].

Мұнан материалдық (археологиялық) деректер мен көне қытай жазбаларының мәліметтері сәйкес келе бермейтіндігін, үйсін мемлекетінің өмір сүрген хронологиялық кезеңі мен оның аумағы жөнінде кейбір қайшылықтар барлығын бірден аңғаруға болады. Бірақ үйсін ұлысынан бастап ұзақ уақыт бойы Қазақстан жерінде мемлекеттілік дәстүрдің жалғасып отырғандығы айқын көрінеді.

К.А.Ақышев осы хронологиялық кезеңнен бастап түрік тайпалары мекендеген бұл өңірде мемлекеттіліктің пайда болуы мен даму процесі 600-700 жыл бойы үзілместен жалғасты деп көрсетеді. Археологиялық материалдар мен көне Қытай деректері негізінде [345, 279б] автор Батыс Түрік қағанатының өмір сүрген уақыты (603-704 ж.) Оңтүстік-Шығыс Қазақстан мен Қырғызстан үшін үйсін мемлекетінің жалғасқан уақыты, мемлекеттік даму сабақтастығының келесі кезеңі болды деген қорытынды жасайды [344, 17б].

С.Сұңғатай Үйсін мемлекетіндегі күрделі қоғамдық қатынастарға, үйсіндердің түрік тілдес болғандығына, көне У-Сунь мен бүгінгі үйсіндердің бір тектес екендігіне тоқталады. Тарихи сабақтастық мәселесіне келсек, үйсіндер сақтардың мұрагері, Батыс-Түрік, Түргеш және Қарлұқ қағанаттары, Қарахан мемлекеті, Қыпшақтардың мемлекеттік-саяси бірлестігі, Қазақ хандығы осы үйсін ұлысынан бастау алады, оның заңды мұрагерлері болып есептеледі дейді] 346, 42б].

"Еуразия көшпелілерінде мемлекеттіліктің ең кемелді, классикалық үлгісі болған Түрік қағанатының мемлекет басқару жүйесі, заң жарғысы, мемлекеттілік тәуелсіздік тұжырымдамасы ежелгі үйсін ұлысынан бастау алып, қалыптасып, кейінгі Қазақ хандығына дейін жалғасып келгендігі" [341,20б] басқа ғалымдар тарапынан да қолдау тауып отыр. Олардың қатарында Н.Я. Бичурин, Н.В. Кюнер, В.С. Таскин, Ю.А. Зуев, Н. Мыңжан, С. Аманжолов, В.В. Востров, т.б. ғалымдар бар [347]. Ш. Уәлиханов, А.Н. Бернштам, К.А. Ақышев, К.Г. Кушаев, Ю.А. Зуев, А.Г. Максимова, С.

Аманжолов, А. Қадырбаев, С. Жолдасбайұлы еңбектерінде үйсіндердің автохтондылығы, Жетісу жерінде ежелден өмір сүріп келе жатқан түркі тілдес тайпа екендігі жан-жақты дәлелденді. Үйсін ұлысындағы мемлекеттік басқару, әлеуметтік және мүліктік жіктелушілік, әскери қызмет т.б. мәселелер анықталды [348; 349; 350; 351; 352].

С. Жолдасбайұлы Үйсін мен Қаңлы хандықтары Қытай мемлекетімен терезесі тең өмір сүргендігі, қаңлы жерінің "бес облысқа" бөлінгендігі жөніндегі деректерді келтіреді [257].

Отандық ғалымдар еңбектерінде Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары мынандай ретте баяндалады:

1. Ежелгі үйсіндер (усуньдер) ұлысының кезеңі;
2. Батыс-Түрік қағанаты уақыты ұлысының қалыптасу дәуірі;
3. Жошылықтар-шағатайлықтар ұлысының қалыптасу дәуірі;
4. Қазақ хандығының құрылуы;

М. Қозыбаев, К.М. Байпақов, К. Ақышев, С. Жолдасбайұлы, А.Ш. Қадырбаев т.б. отандық ғалымдар да Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттік дәстүр сабақтастығы, билік жүйесінің негізгі формалары, аумақтық бөлініс, әскери іс құрылымы т.б. осылайша дамып, жалғасын тауып отырды деп жазады.

Көптеген ғалымдар қазақ мемлекеттілігін YI ғасырда құрылған Түрік қағанатынан (әсіресе, Батыс Түрік қағанатынан) басталды деген пікірде. Белгілі ғалым Л.П. Окладников Түрік қағандығының құрамына енген тайпалар мен халықтардың дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесін археологиялық материалдар негізінде дәлелдеп бергені мәлім. Түріктердің ел басқару – әкімшілік, қаржыгерлік, салық жүйесін, ұйымдастырудағы бай тәжірибесі монғолдардың, орыстардың, Еуропаның біраз халықтарының өз мемлекеттілігін құруда зор ықпал етті.

Оған түркілердің өз қолымен жазып қалдырған Орхон бойындағы Білге-қаған, Күлтегін, Күлічөр, Тоныкөк, Ел-етміш ескерткіштері толық дәлел бола алады [353; 354; 355, 156].

Мемлекеттік дәстүрдің тұрақтылығы көп жағдайда этногенетикалық байланысқа, Қазақстанның автохтонды тұрғындарының тарихи жадында сақталған мемлекеттік бірлік жөніндегі сана-сезімге негізделді. Сөзімізді дәйектей түсу үшін мына жағдайға назар аударайық. Батыс Түрік қағанатының этникалық құрамы Ашина түріктерінен, үйсіндер, кангюйлер, түргештер, ұйғырлар, қырғыздар, қарлұқтар, оғыздар, қимақтар, қыпшақтардан тұрды; олар, руна жазбаларында көрсетілгендей, "он оқ будунды" – он тайпалы халықты құрады. Аталмыш тайпалардың, аттары кейінгі кездегі тарихи оқиғаларда үнемі ұшырасып отырады.

704 ж. құрылған Түркеш қағанаты Батыс түрік мемлекетінің тікелей мұрагерлері болды және оның тұрғындары бұрынғыша "он оқ будун" деп аталды. Ә. Хасенов бұл хандықтың этникалық құрамы үйсін, қаңлы ұлыстарына кірген тайпалардан тұрды деп жазды [356, 56].

Қытай ғалымы Су Бэйхай Түркеш қағандығын қазақ даласын тұтастай қамтыған ең алғашқы Қазақ хандығы деп есептейді және өзінің "Қазақтың тұтас тарихы" атты еңбегінде бұл жөнінде көптеген құнды мәліметтер келтіреді [357; 358].

Отандық тарихнамада мұнан кейінгі уақыттарда Қазақстан аумағында өмір сүрген Қарлұқ (760-940 ж.), Қимақ (кейінірек қыпшақ) (X-XI ғ.), Оғыз, Қарахан мемлекеттерінің тарихы сараланып, олардың құрылуының негізгі себептерін ашуға алғашқы қадамдар жасалды. Бірақ бұл бағытта жаңа әдіснамалық ізденістер байқала қоймады.

Бұрынғыша материалдық игілікке, жеке меншіктің орнығуы мен дамуы, осыған байланысты әлеуметтік теңсіздіктің және түрлі топтардың арасындағы қайшылықтың тууы сияқты тарихи материализм қағидаларына иек арту басым. К. Ақышев, мысалы: "Түрік және түрік тілдес халықтардың мемлекеттілігі, барлық өркениетті елдердегідей, қалыптасқан әлеуметтік құрылымды заңдастыру және қорғау органы болды", – деп жазады [289, 18-19б]. Сонымен бірге автор түрік мемлекеттілігінің даму процесін сыртқы факторлар, әсіресе, көрші тайпалар және халықтармен (хань, жуань-жуань, қарақытайлар, арабтар, саманилар) ғасырлар бойы күрес тездетті дейді. Л.Н. Гумилевтің сөзімен айтқанда, қарлұқтар "Орта Азиядағы далалық мәдениеттің жалғыз қорғаушысы болып қалады да, арабтарға қарсы екі жүз жыл бойы күрес жүргізді. Қарлұқтар тарихы докторлық диссертация деңгейінде зерттелді [359, 271-272б].

Түркі тілдес тайпалардың мемлекеттілігінің келесі кезеңі X ғасырда Европа далаларындағы әскери-саяси өмірде зор рөл атқарған Оғыз қағандығы болды. Оғыздар тарихы С.Г.Агаджанов, С.П.Толстов, Х. Короғлы еңбектерінде жан-жақты зерттелді [360, 353-363б; 361, 122-128б; 363].

Қарахандар мемлекеті кезінде Қазақ хандығының құрылуында маңызды факторлардың бірі болған ислам дінінің қабылдануы және оның мемлекеттік дінге айналуы орын алды [364].

Түріктер мемлекеттілігінің нығайып, жетіле түсуі қыпшақ және қимақ тайпаларының тарих сахнасына шығуына байланысты болды.

А. Қадырбаев қазақ мемлекеттілігінің құрылу қарсаңында Қазақстанның далалық кеңістігі мен Қара теңіз жағалауында, Алтайдан Карпатқа дейінгі аумақта туыстас тайпалар мен рулардың қыпшақ одағы конфедерациясы өмір сүрді, оның құрамына қаңлылар одағы да кірді деп жазады. Автор осы бірлестікте әлеуметтік-экономикалық қатынастарды, ел басқару, көшпелілік пен отырықшылық симбиозын, тіпті, кейбір деректер бойынша, жазба дәстүрі болғандығын талдай келіп, бұл тайпалар конфедерациясының мемлекеттік сипатта ұйымдасқандығына нақтылы дәлелдер келтіреді [365]. Бірақ автор оны "алғашқы типтегі мемлекет" басқаша айтқанда, сол кездегі монғол ұлыстарына ұқсас ерте феодалдық мемлекеттік бірлестіктер" деп ескертеді.

Қыпшақтар мен қаңлылар одағы алғашқы сатыдағы мемлекеттік бірлестік деген пікір басқа да зерттеушілер тарапынан айтылды. Е.И. Кычанов "кейбір мемлекеттік функцияларының нышаны бар ұйым", "таптық жіктеушілік барынша тереңдей түскен қоғам" деп жазды [366]. С. Ақынжанов та қыпшақтарда ерте мемлекеттік бірлестік болды деген тұжырымға келген [263,278-284б].

Қазақстанды мекендеген түрік тайпалары орта ғасырларда мемлекеттіліктің бірнеше формаларын бастан кешіргені, олардың қатарында қыпшақ бірлестігіне дейінгі уақытта Ертістен Жоңғар еліне дейінгі кеңістікте Қимақ мемлекетінің болғанын да айта кету керек. Бұл тақырыпты араб деректері негізінде зерттеген Б.Е. Көмековтің ғылымға қосқан үлесі ерекше екендігі отандық тарихнамада мойындалды[51]. Қимақтар туралы еңбегінде ол араб авторларының шығармаларындағы сан алуан мәліметтерді ғылыми айналымға қосты [265].

Б.Е. Көмеков сонымен қатар қимақтар, қарлұқтар және қыпшақтар туралы бірнеше ғылыми мақалалар жариялады [367; 368; 266; 63; 64]. Қарлұқ, оғыз, қараханилар, қыпшақтардың дәуірлеу кезеңіндегі мемлекеттілігінің сабақтастық белгілері мен ерекшеліктері туралы маңызды қорытындылар жасады. Әсіресе, қыпшақтардың қимақтар мемлекетінің толық құқылы мұрагерлері болғандығы дәлелденді [266, 419 б, 435 б], сол арқылы ғалым қазақтардың сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүрінің түгел бір кезеңі жөнінде тарихи шындықты қалпына келтірді.

Бұл кезеңнің маңыздылығы ерекше. Себебі XI-XIII ғасырларда өмір сүрген Қыпшақ хандығы қазіргі Қазақстан аумағының басым бөлігін қамтыды. Ондағы сол кездегі этникалық процестер негізінде қазақ халқының этникалық ұйытқысы орнықты. Қазақ тілінің негізі болып табылатын қыпшақ әдеби тілі қалыптасып, осы тілде бірнеше әдеби ескерткіштер дүниеге келді [49, 117 б]. Бірақ бұл проблемалар отандық тарихнамада әр қырынан қойылып келе жатқанымен, әлі толық та, жүйелі түрде зерттеле қойған жоқ.

Монғол шапқыншылығы нәтижесінде Қыпшақ хандығының жойылып, түркі тайпаларының бір мемлекетке топтасу процесінің тоқтатылып қалуына қарамастан, олар көп уақыт өтпей-ақ бой көтеріп, саяси оқиғаларға тікелей араласты.

Кейбір шетелдік авторлар қазақтар монғол шапқыншылығына дейін-ақ халық ретінде қалыптасты және Шыңғыс хан Хорезм мен Қарақытайларды талқандағаннан кейін олардың (яғни қазақтардың) мемлекеттік бірлестікке топтасуы жеделдей түсті деп те жазады [369].

Шыңғыс ханның кезінде монғолдың әдеттік құқы, халықтың әдет-ғұрпы мен көзқарастары бір жүйеге түсіріліп, көшпелі қоғамдағы мемлекеттілік үрдіс жетілдіріле түсті [370, 82-85б].

Монғолдардың ел басқару жүйесінің негізгі бағыттары мен принциптерінің Әмір Темір империясында жалғасын тауып, Алтын Орда

мен Мәскеу Русьінің де мемлекеттілігі осы жүйенің ықпалымен шындалды. Оларда орталықтандыру мәселесі, елдің әскери-әкімшілік бөлінісі, қаржы саласы сияқты мемлекеттік функциялар жолға қойылды.

Қазақ мемлекеттілік дәстүрінің сабақтастығын қамтамасыз етуде түрік тайпаларының өздерінің этномәдени бірлігін сақтап қалуы маңызды фактор болды. Олар наймандар, кереиттер, маңғыттар, оңғыттар, урянхайлар және басқаларды да өз іштеріне сіңіріп әкетіп, қайтадан қыпшақ суперэтносын құрады.

Түрік тайпалары Алтын Орда, Ақ Орда және Көк Орда мемлекеттерінің құрылуында да шешуші рөл атқарды. Бұл бірлестіктерде де дәстүрлі органдар, жергілікті әулеттер, лауазымдар (хан, сұлтан) сақталып қалды. Сонымен қатар зерттеушілер аталмыш мемлекеттерде түркі тілінің монғол тілімен тең дәрежеде, тіпті ХІҮ ғасырдан басымдық көрсете бастағанына назар аударды [371-151,1586; 344, 196].

Қазақ мемлекеттілігінің маңызды алғы шарттарының бірі қалалық мәдениет пен отырықшылықтың дамуы болды. С.П. Толстов[372], К. Ақышев [374], К.М. Байпақов [374; 375; 376; 377; 378; 379], К.А. Пищулина [373], У.Х. Шәлекенов [380], А.Н. Подушкин [376] т.б. ғалымдардың еңбектерінде қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен генезисінде Қазақстан аумағындағы отырықшылық мәдениет пен ежелгі және орта ғасырлар кезіндегі қалалардың рөлі зерттеліп, анықталды. Нумизматикалық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде Р.З.Бурнашева еңбектерінде осы кезеңнің әлеуметтік-экономикалық мәселелері қарастырылды.

Жазба және археологиялық материалдар негізінде көшпелілік пен отырықшылық симбиозы проблемасы, Дешті Қыпшақтың далалық өңірі мен отырықшы аудандары тұрғындарының мәдениетінің өзара ықпалдастығы, сауда және саяси байланыстары жөніндегі тақырыптар отандық тарихнаманың басты зерттеу нысандарының біріне айналды [50; 379].

ХІҮ-ХҮ ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісудағы жергілікті халық мемлекеттілігінің дамуы Қазақстанның оңтүстігінде шаруашылықтың, қалалар мен егіншіліктің бірте-бірте қалпына келтіруі негізінде, қоғамдық қатынастардың біршама өрістеуі жағдайында орын алғандығы жөнінде қорытынды жасалынды.

Бірақ ХІҮ-ХҮ ғасырларда құрылған этносаяси бірлестіктердің дамуында ішкі процестерге негізделген заңдылықтардан гөрі, жаулаушылық, қоныс аударушылық сияқты сыртқы факторларға басым мән беріп келе жатқан авторлардың да барлығын жоққа шығаруға болмайды.

Г.А. Федоров-Давыдов Орта Азиядағы этникалық процестерде ХІІІ ғасырдың орта жуығында пайда болған Хайду ұлысы маңызды рөл атқарды деп есептейді [130, 786]. Бұл құрылымға Жетісу аумағы, Ертіс жағалауы, Мауеренахрдың бір бөлігі енгені мәлім. Мұнда жергілікті тұрғындармен бірге шығыстан келген сан алуан тайпалар аралас-құралас өмір сүрді.

XIY ғасырдың ортасында Тоғұлық-Темірдің кезінде Жетісу (Моғолстан) Мауренахрдан саяси тұрғыдан жеке бөлініп шықты. Бұл оқиға Орта Азияның этникалық тарихына да әсер етіп, өзбек және қырғыз халықтарының болашақта жекеленуіне әкелді.

Бөлшектену, жіктелу процесі Орта Азия мен Қазақстан аумағында толассыз жүріп жатты. XIII-XIV ғасырларда көшпелі түріктер өз бектерінің басшылығымен "ұлыстар", "елдер" құрды. Солардың бірі Әмір Темір 1376 ж. талқандаған Қашқадариядағы Жалайырлар ұлысы болды. XV ғасырда Жетісуда қаңлы тайпасының бір тобы өз жетекшісі Бекшіктің есімімен "Бекшік ұлысы" аталды [381-53, 596; 242]. Евразия кеңістігіндегі ыдырау-бірігу процестері барысында сан алуан ұлыстар мен елдердің пайда болуы тарихи оқиғаларға белгілі бір дәрежеде әсер еткен де болар. Алайда қазақ мемлекеттілігінің дамуы жолындағы маңызды саты Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Моғолстан, Ноғай Ордасы, Сібір хандығы мемлекеттерінің құрылуы болып табылады. Зерттеушілер бұл бірлестіктер аймақтағы этникалық жағынан біртекті мемлекеттердің осыдан кейінгі уақыттағы генезисі үшін, қазақ, ноғай, қырғыз, өзбек, ұйғыр, сібір татарлары халықтарының этникалық қауымдастықтарының неғұрлым толық шоғырлануы үшін мүмкіндік туғызды.

Тарихшылардың басым көпшілігі осы пікірде болғанымен, Алтын Орданың ыдырауы, жаңа ұлыстардың пайда болуы, әсіресе, Ақ Орда, Көк Орда мемлекеттері жөнінде пікірталастар әлі де орын алып келеді. Алтын Орда мен Ақ Орда мемлекеттерінің әр кезеңдердегі қарым-қатынастары да түпкілікті анықталмаған.

Орыс тарихшысы Н.В. Устюговтың "Нучное наследия. Народы Средней Азии и Приуралья в XIII-XVIII" деген еңбегінде Ақ Орда мен Көк Орда бір мемлекет ретінде танылған. Ақ Орда мемлекетінің құрылуын автор төмендегіше баяндайды: "Сепаратистік әрекеттер, әсіресе, Жошы ұлысының Ақ Орда аталатын Арал маңындағы бөлігінде айқын байқалады. Бұл жерде Жошының ұлдары Шайбан мен Орданың ұрпақтары Алтын Ордадан тәуелсіз болуға тырысты" [383, 223б]. Бұған қарағанда Н.В. Устюгов Жошы ұлысы мен Алтын Орданы да ажыратпайды, Шайбан ұлысы да, Орда-Еженнің ұлысы да бір жерде орналасқан сияқты болып көрінеді. Сонымен бірге ол Ақ Орда 1361 жылдан Орыс хан (1377 ж. дейін) билік жүргізгенін атап көрсеткенімен, қазақ хандарының ата тегін Барақ ханнан таратады. Ақ Ордадағы саяси оқиғалар барысына Жошы әулеті ұрпақтарының арасындағы (Шайбан мен Орда-Ежен) күрестің ықпал жасағандығын дұрыс көрсетеді [382, 223-225б].

Л.Н. Гумилев, В.В. Трепавлов сияқты зерттеушілер Ақ Орда және Көк Орда дербес өмір сүрген, екі бөлек мемлекет ретінде қарастырады [270, 607-675б; 333].

Зерттеушілердің Ақ Орда тарихына жіті назар аударып, ол жөнінде түрлі пікір таластардың толастамай келе жатқандығы шығыс авторларының

еңбектеріндегі мәліметтердің қайшылықтылығына ғана емес, бұл проблеманың Қазақ хандығының құрылу тарихын дұрыс баяндау үшін аса зор маңыздылығына да байланысты. Себебі Ақ Орда қазіргі Қазақстан аумағында монғол дәуірінен кейінгі кезеңде жергілікті (автохтондық) этникалық негізде құрылған алғашқы мемлекеттік бірлестік болып табылады.

Ұзақ уақыт бойы Ақ Орда тарихы Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовскийдің [383], П.П. Иванов [384], В.В. Бартольд [385; 386; 387] В.Г. Тизенгаузен [154] жинастырып шығарған Алтын Орда тарихының материалдары бойынша белгілі болды. Бұл авторлар негізінен Ақ Орданың саяси тарихына баса назар аударды. Сонымен қатар бұл мемлекет туралы ізденістер К.И. Петровтың, М.Г. Сафарғалиевтың [388], Б.А. Ахмедовтың [235], Г.А. Федоров-Давыдов [389; 390], С.П. Толстовтың, Т.И. Сұлтанов [390], К.А. Пищулина [59], Н.Н. Мингуловтың [48,79-856], В.П. Юдиннің [392] еңбектерінде жалғастырылды.

Осыған қарамастан орта ғасырлық деректердің шектеулілігі салдарынан Ақ Орданың ішкі құрылымы мен саяси жағдайы, рулық-тайпалық құрамы, құрылған уақыты, шекарасы әлі түпкілікті анықталмай отыр, тіпті оның нақтылы атауы жөнінде де бір тоқтамға келінген жоқ.

Шығыс деректерінен 1227 ж. Жошы қайтыс болғаннан кейін Шыңғыс хан оның кара шаңырағын Орда-Еженге бергені белгілі. Н.Н. Мингулов әуелгі кезде Орта-Еженнің жұрты (юрты) Ертісте, XIII ғасырдың 40-жылдарында Ертіс-Іле өзендерінің аралығындағы жерлерде болғандығын айтады және бұл пікірін П.Лано Карпинидің (1245-1247) мәліметтерімен тынақтауға ұмтылады [48-826; 393].

Н.Н. Мингуловтың пікірінше, шығыс авторларының еңбектерінде Ақ-Орда деп аталған Орда-Еженнің иелігіне Сырдариядан Алтайға дейінгі және оңтүстік Орал жағалауынан Жетісуға дейінгі жерлер енген. Ақ Орда мен астанасы Еділде орналасқан Батый хан үйі әулетінің иеліктерін Жошының бесінші ұлы Шайбанның ұлысы (Көк Орда) бөліп жатқан.

Сонымен Н.Н. Мингулов шығыс авторлары Рашид ад-дин, Әбілғазы, Махмуд бен Вали, Абдаллах бен Мухаммад бен Али Насраллахи еңбектеріне сүйене отырып, Жошы ұлысының үш ірі әкімшілік-саяси бірлестіктерге: Алтын Орда, Ақ Орда және Көк Ордаға бөлінді деп есептейді [48,83-846].

Кейбір ортағасырлық авторлар, оларға ілесе бүгінгі күнгі зерттеушілер Ақ Орда терминімен Шайбан иеліктерін атаса, екіншілері оны Көк-Орда деп атайды. Соңғысын жоққа шығарушылар да бар.

Н.Н. Мингулов зерттеуінің негізгі қорытындылары мынадай: 1) Жошы ұлысы екі бөлікке емес, үшке бөлінеді. Олар: а) Алтын Орданың орталығы, деректерде "Еділдік Орда", "Орда" және "Үлкен Орда" деген атаулармен белгілі Батый-ханның иеліктері; б) Батый хан иеліктері мен Орда-Ежен және оның ұрпақтары билік жүргізген Ақ Орда аралығында орналасқан

Жошының бесінші ұлы Шайбанның ұлысы. Бұл жер орыс деректерінде "Жайықтың арғы бетіндегі Орда" ("Заяицкая Орда) немесе Көк Орда деп аталды; в) Тиісінше, Орда-Еженнің иеліктері Ақ Орда делінді [48, 94-956].

Н.Н. Мингулов, Көк Орда да, Ақ Орда да Алтын Орда деген жалпы ұғымға енуіне қарамастан, тарихи әдбиетте Көк Орданың Ақ Орданың синонимі ретінде пайдаланылуын негісіз дейді.

XIII ғасырдың орта кезінде нақтылы аумақта құрылған Ақ Орда мемлекеті алғашқы күндерінен бастап Алтын Орда сюзеренитетін сөз жүзінде ғана мойындаған дербес мемлекеттік бірлестік болды. Әулеттік жалғастық тұрғысынан Қазақ хандығы Ақ Орданың тікелей мұрагері екендігін автор жоққа шығармайды. Ақ Ордада билік жүргізген хандар (Тоқтамысты есептемегенде) қазақ хандарының ата-тегін (Орда-Еженнен бастап) құрайтындығы даусыз мәселе ретінде баяндалады.

Н.Н. Мингуловтың бұл еңбегінен сегіз-тоғыз жыл бұрын Т.И. Сұлтановтың "К вопросу о терминах "Ак Орда", "Кок Орда", "Йуз Орда" деген мақаласы жарық көрген болатын. Бұл автор да Қазақ хандығы тарихының белгілі зерттеушісі болғандықтан, оның көзқарастарына да тоқтала кетейік.

Ол "Аноним Ескендира" авторы Муин ад-дин Натанзидің кезінде Ақ Орда мен Көк Орда тарихына байланысты қателіктерге жол бергеніне, Жошы әскерінің сол қанатын құрайтын Орда-Еженнің ұрпақтары мен оның төрт інісінің Ақ Орда сұлтандары, ал оң қанаттың ханзадалары Көк Орда сұлтандары деп атады деген мәліметтеріне назар аударады [391, 726]. Демек "Аноним Ескендира" бойынша Жошы ұлысы екіге ғана, Ақ Орда және Көк Ордаға бөлінген. Бірақ бұл тұжырымның басқа беделді дерек көздерінің мәліметтерімен сәйкес келмейтіндігі өткен ғасырдың орта кезінде-ақ атап көрсетілген [393, 2956].

М.Г. Сафарғалиев, Г.А. Федоров-Давыдовтың және басқа да ғалымдардың "Ескендір анонимінде" өрескел тарихи-географиялық қателіктер жберілгендігі туралы пікірлеріне Т.И. Сұлтанов та қосылды [388, 14-156]. Ол В.Г. Тизенгаузен жинастырған материалдар негізінде аталмыш дерек кезінде Ақ Орда мен Көк Орданың шатастырылуы Муин ад-дин Натанзидің бұл екі орданы ХІҮ ғасырда құрылды деп ойлауына байланысты болса керек деген жорамал жасады [154, 426; 391]. Орда-Еженнің ұлысы Жошы иеліктерінің шығысында орналасты, орталығы Алакөл маңында болды деген пікірді қолдайды, қайсыбір деректерде [388, 40-41; 156-41; 394] оның "Көк Орда" деп аталғанын еске салады. Оның себебін Т.И. Сұлтанов ХІҮ ғасырдың бас кезінде үздіксіз соғыстардан әлсіреген Орда-Ежен ұрпақтарының ұлыс орталығын қазіргі Қазақстан аумағының шығыс бөлігінен Сырдария өзенінің атырабына көшіруінен іздейді. Бұл қоныс аудару нәтижесінде Сығанақ қаласын Орда-Еженнің ұлысының астанасы болып қана қойған жоқ, сол қанат ханзадаларының барлық иеліктері де "Көк Орда" терминімен атала бастады дейді [391, 72-736].

Тиісінше, оң қанаттың құрамына кірген Батыйдың "үлкен үйі" сол қанаттан мәртебесінің жоғарылығын білдіру белгісі ретінде "Ақ Орда" деп аталды, себебі монғол-түрік халықтарында ақ түс қалған түстерден жоғары есептеледі] 162, 88-89б].

Көп жағдайда Шығыста "ақ", "қара", "көк", "сары" және басқа да эпитеттер түсті емес, метафоралық мағынада әлемнің түрлі бағыттарын белгілеуге қолданылды [395, 185-187б]. "Ақ" сөзі – батысты, "көк" шығысты білдірді, бұл де географиялық тұрғыдан Ақ Орданың Көк Орданан батысқа қарай орналасқандығының дәлелі деп түсіндіреді Т.И. Сұлтанов. "Көк" және "ақ" эпитеттерін саяси бөлініске орай қолданған кезде, тиісінше олар Шығыс Орданы, яғни Көк Орданы және Батыс Орданы, яғни сол кезңдегі Алтын Орданы ("Ұлық ұлыс", "Үлкен Орда") білдіреді.

Аталмыш мемлекеттердің орналасуы мен өзара қатынастарын дәл анықтаудағы қателіктер "орда" семантикалық түрлі өзгерістерге ұшырауына да байланысты орын алған сияқты. Сонымен қатар Т.И. Сұлтановтың жорамалы бойынша, Ақ Орда деп Батыйдың ұлысы ғана емес, бұл мемлекет аумағының бір бөлігін қамтыған Бахадур б. Шибанның (Шайбан) және ұрпақтарының иеліктері де аталған сияқты. Кейінірек Шайбан ұлысының "өзбектер" деген атпен белгілі көшпелілері Көк Орда сұлтандарының астанасы Сығанақ қаласымен қоса Сырдария бойындағы жерлерді жаулап алғанда, Ақ Орда термині Орда Ежен ұлысына да тарады [391, 72-73б]. Махмуд бен Валидің хабарларына қарағанда Ақ Орда "Йуз Орда" деп те аталған; бұл, кейбір авторлардың пайымдауынша, "тұтастықты", "күшінің басымдылығын", "қуаттылықты" білдірген [391, 73б].

Өткен ғасырдың 80-жылдарының бас кезінде аталмыш мемлекеттік бірлестіктер туралы өз пікірлерін білдіре отырып, белгілі шығыстанушы В.П. Юдин "Боз Орда" туралы мәселе көтерді.

Бұл кезде тақырыптың әрі қарай зерттелуі ғылыми айналымға қосылған мәліметтерді тереңірек зерделеуге, әсіресе бұрын пайдаланылмаған жаңа дерек көздерін іздестіруді талап етті. Осыған орай Ақ Орда, Көк Орда және Алтын Орда жөнінде соны дерек көздерінің бірі ХҮІ ғасырда Хорезмде жазылған Өтеміш-қажы ибн Маулана Мухаммад -Достидың "Шыңғыс – наме" ("Шыңғыс кітабы") тарихи шығармасының ғылыми айналымға қосылуы отандық тарихнаманың жетістігі болды. Бұл қолжазба В.П. Юдиннің аудармасымен, мәтіндік ескертулер және тарихи-деректік талдауларымен орыс тілінде жарық көрді [62].

В.П. Юдин аталмыш ордалардың құрылу тарихын осы шығарма деректері негізінде былайша баяндайды: 1) Жошы қайтыс болғаннан кейін оның 17 ұлнының ішінен кімнің таққа отыруы жөнінде мәселе талқыланады. Сонда Шыңғыс үш немересіне арнап үш киіз үй (өргә) тіккізеді, есігі алтындалған ақ түсті киіз үйді (алтун босағалы ақ өргә) Сайын ханға (Батыйға), есігі күміс жақтаулы көк түсті киіз үйді (күмүш босағалы көк орда) – Еженге (Орда-Еженге), есігі болат жақтаулы боз үйді

(болат босағалы боз орда) Шайбанға (Жошының бесінші ұлы) арналады [392, 1226].

Мұндағы Орда-Ежен – Жошының тұңғышы, ең жасы үлкені, ал Батый Орда-Еженнің тетелес інісі (Жошының екінші ұлы), екеуі де бір шешеден туған Шайбан - бөлек шешеден.

Ақ түс пен алтын босаға Батый мәртебесінің жоғарлығын, көк түс пен күміс босаға – Еженнің оған бағыныштылығын, ал боз түс пен болат босаға Шайбанның алдыңғы екеуіне де бағыныштылығын білдірген.

Сонымен киіз үйдің түстері арқылы Жошының үш ұлының лауазымдары анықталып қана қойылмаған, олардың Жошы ұлысындағы иеліктерінің шекаралары мен орналасу реті де ажыратылған. Орда-Еженнің шекарасы шығыста орналасып, Көк Орда атанды және сол қанатты құрады, ал Ақ Орда одан батысқа қарай орналасып, оң қанатты құрады.

Сонымен В.П. Юдин Ақ Орда мен Көк Орданың орналасуы жөнінде Т.М. Сұлтановпен пікірлес болып шықты. Бірақ В.П. Юдин бөлікке батыс елдеріне жасалған жорықтан кейін құрылған Жошы ұлысының Дунайға дейінгі аумағы емес, Жошының өзі тікелей Шыңғыстан алған енші ұлысының аумағы түсті деген маңызды ескерту жасайды. Олай болса, өз кезегінде Батыйдың алғашқы ордасы, яғни Ақ Орда Жайықтан Шығысқа қарайғы жерлерде орналасты, ал Орда-Еженнің иеліктері – Көк Орда Ертіс өзенінің жағалауында (Сырдария, Алакөл, Еміл) орналасты.

Батысқа жасалған жорықтан кейін Ақ Орда мен Көк Орданың жаңа шекаралары қалыптасты, бірақ әдебиетте олардың бұрынғы және соңғы шекаралары туралы қайшылықты түсініктер пайда болды. В.П. Юдин де ең алдымен Ақ Орда мен Көк Орданың орналасу аумағын ауыстырып көрсеткен Муин ад-дин Натанзидің "Ескендір анонимін" атайды. Оның пікірінше, шығармада Шығыс Дешті-Қыпшақты билеген әулеттер жөніндегі мәселе де мүлдем шатастырылған.

Қысқаша айтқанда, Ақ Орда батыста, Көк Орда оның шығысында орналасқан. Батысқа жасалған жорықтан кейін Алтын Орда Ақ Орда деп те аталған. Мұны ғалымдардың көпшілігі қолдайды [334; 383; 384; 388; 235; 389,224-2306; 384; 396,203-2086], "Шыңғыс-наме" мәліметтері де растайды деп көрсетеді В.П. Юдин [392, 1276]. Осыған сәйкес Н.Н. Мингуловтың Ақ Орданы шығысқа қарай орналастыруға тырысқан жоғарыдағы мақаласы ғылыми ізденістер нәтижелерін ескермеушіліктің нәтижесі ретінде бағаланды. В.П. Юдин бұл автордың Ақ Орданың XIII ғасырдың орта кезінен ХҮ ғасырдың бірінші ширегінің аяқ кезіне дейін өмір сүрген мемлекет деген тұжырымның негізсіздігін атап көрсетті [392]. Сонымен бірге Ақ Орда мен Көк Орданың орналасуы тарапындағы дерек көздерінің мәліметтерін пайдаланудағы олқылықтар да атап көрсетілді.

Шайбандық авторлардың әрқайсысы өз әулетін дәріптеуге тырысып, шындыққа кереғар тарихнама қалыптастырғанын В.П. Юдин ерекше атап

өтті және бұл пікір Б. Кәрібаев, басқа да ғалымдар еңбектерінде өрбітілді [306].

Дегенмен автор Қазақ хандығының құрылуы қарсаңында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүрген мемлекеттік бірлестіктер тарихына қатысты мәселелер толық шешілді деп есептейтін секілді. Сондықтан да әрбір мемлекеттік құрылымның атаулары да, орналасуы мен өмір сүрген мезгілін кешенді түрде нақтылы зерттеу керек деп ойлайды. В.П. Юдиннің тұжырымында даусыз мәселелер жоқ емес (Боз Орда, Йуз Орда т.б.). Оның "Ордалар" мақаласының 2001 ж. "Дайк-Пресс" баспасынан жарық көрген "Центральная Азия в ХУІ – ХУІІІ веках глазами востоковеда" [61] деген ғылыми еңбектерінің жинағына еңбеуі де осы себептен болуы керек деп ойлаймыз.

Айтылған жәйттердің дұрыстығына бұл мемлекеттер туралы ізденістердің бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқандығы дәлел бола алады. А. Исин 1997 ж. жарияланған "Көк Орданың саяси тарихын пайымдау" мақаласында бұл бірлестіктің "Алтын Орданың шеткері аймағы және бір бөлігі" ретіндегі сонымен қатар "1380-1391 жылдардағы Тоқтамыс ханның билігі кезінде оның Алтын Ордамен біріктірілгендігі" туралы шетелдік тарихнамада қалыптасқан дәстүрлі түсінікке [396; 397, 446] түзету енгізуге ұмтылады [398].

Автор сыртқы шапқыншылық нәтижесінде Көк Орданың ыдырағанын, бірақ Алтын Ордамен оның батыс иеліктері ғана қосылғанын атап көрсетеді. Көк Орданың орналасуы жөнінде негізінен Т.И. Сұлтановтың В.П. Юдиннің көзқарасын қолдайды: "Жошы өлімінен кейін Жайықтың орта ағысынан шығысқа қарайғы аумақ оның үлкен ұлы Орда-Еженге және Орда-Еженнің інілері Удур, Тоқай-Темір, Сангур, Сангумге мұра болып қалды. Олардың иеліктері Жошы ұлысының сол (шығыс) қанатын құрады" [398].

А. Исиннің еңбегінде Көк-Ордадағы Орда-Еженнің ұрпақтары мен Тоқай-Темір арасындағы тақ үшін тартыс мәселесі және кейбір шатасуларға жол ашқан Жошы тұқымының сол кездегі тізімдерінде екі Мүбәрәктің болғандығы туралы ескертуі назар аударады. Себебі қазақ хандарының тегі Орда-Еженнен (Тоқай-Темірден емес) тарағандығы туралы тұжырымды нақтылай түседі.

Көк Орданың дәуірлеу кезеңі, А. Исиннің баяндауында, Орда-Еженнің ұрпағы Орыс ханның (1301-1378) тұсында орын алған. Оның негізгі мақсаты Шығыс Қыпшақты өз қоластына біріктіру болған.

Автор Көк Орданы болашақ қазақ ұлттық мемлекетінің бастауы (прообраз) болды, себебі оның алдында қалыптасып келе жатқан қазақ халқы мен жерлерін бір саяси бірлестік шеңберінде шоғырландыру мақсаты тұрды деп жазады.

Көк Орда ыдырауынан кейін оның жеке бөліктері Темір мемлекетінің, Тоқтамыс мемлекетінің (кейінгі Алтын Орда), Ноғай Ордасының құрамына

енді. Көк Орданы соңғы рет қалпына келтіруге 1426-1427 ж. Барақ хан әрекеттенді.

А. Исиннің Көк Орда тарихы туралы негізгі тұжырымдары осындай. Бұл да Көк Орда тарихының қазіргі кездегі баяндалуына кейбір өзгерістер енгізуге негіз беретін секілді. Дегенмен бұл пікірге де қарсы уәж айтушылар бар. Олар тарихи әдебиетте Ақ Орда мен Көк Орда Жошы ұлысының орнында пайда болған Алтын Орданың құрамынан бөлініп шықты деген көпшілікке тән қате пікір орын алған; Алтын Орданың өзі Жошы ұлысының құрамына енген алғашқы екі мемлекеттік бірлестіктен тұрды деп жазады [398, 406; 117].

Ж. Артықбаев Ақ Орда Шайбан ханның еншілік аумағы еді деп көрсетеді [399, 766]. Бұл тұжырым жоғарыда көрсетілген дерек көздеріне де, біраз ғалымдардың зерттеу қорытындыларына да қайшы келеді.

Қазақстан аумағында мемлекеттілік дамудың көне заманнан бастау алатындығы және бұл процестің автохтондық сипатта өрбігендігі туралы көзқарасты ғылыми тұрғыдан негіздеушілердің бірі К.А. Пищулина болып табылады. Автор қазақ мемлекеттілігі ерте кезден және орта ғасырларда түріктерге дейінгі, түріктер мен монғолдар заманында Қазақстан аумағын мекендеген көптеген тайпалар мен халықтардың тарихына байланысты екендігін атап көрсеткенімен, олардың этникалық-саяси және шаруашылық дамуының маңызды кезеңі ретінде ХІҮ-ХҮ ғасырлар шеңберінде орын алған оқиғаларға басты назар аударады. Ол Ақ Орда мен Моғолстан мемлекеттерінің тарихын тереңдей қарастырып, осы аумақтарда қазақ хандығының құрылуының алғы шарттары мен барысын зерттеп шықты. Аталмыш процесте, деп жазады автор, Орталық және Оңтүстік Қазақстан (шығыс деректемелерінде Шығыс Дешті-Қыпшақ және Түркістан) аумағында орналасқан Ақ Орда хандығы және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан (Жетісу) аумағын қамтыған Моғолстан мемлекеті шешуші рөл атқарды.

К.А. Пищулина тарихи әдебиетте пікір талас тудырып жүрген Көк Орда, Боз Орда сияқты құрылымдар жөнінде жанама ескертулермен ғана шектелген. Сол себепті Ақ Орда Әбілқайыр хандығының құрамына кірді ме, әлде дербес өмір сүрді ме деген сұрақтар ашық қалып қойғанға ұқсайды [59, 210-2116].

Біз әңгіме қылып отырған "Оңтүстік-Шығыс Қазақстан" еңбегінен жиырма жылдай уақыттан кейін Н. Мингуловпен бірлесіп жазған көлемді мақаласында К.А. Пищулина Жошы ұлысының Алтын Орда, Ақ Орда және Көк Ордадан тұрғандығын атап өтеді [400].

Сонымен қатар бұл еңбекте Н. Мингуловтың зерттеу қорытындыларын ескеру бар сияқты. Оны мына жолдардан аңғаруға болады: "ХІҮ ғасырда Орда-Ежен тегінен шыққан әміршілердің билігі Шайбан ұлысына да тарайды. Қазіргі зерттеушілердің бірқатары Қазақстан аумағында осы мемлекеттің құрылуына "Көк Орда" атауын теңеп жүр. Олар Батый ханның Жайық өзенінің батыс жағындағы иеліктерін, соның ішінде Шайбан ұлысын

да Ақ Орда деп атайды" [400]. Бірақ К.А. Пищулина мен Н. Мингулов Шайбан ұлысы Орда-Ежен ұрпақтарының иеліктері құрамына енгеннен кейін Ақ Орда термині біріктірілген бүкіл мемлекеттің атауына айналған болуы ықтимал дейді.

Сонымен бұл авторлар да Ақ Орда мен Көк Орда қай уақытқа дейін өмір сүрді, олардың Алтын Ордамен және өзара қатынастары қалай өрбіді деген сұрақтарға болжамды түрде ғана жауап береді.

Осы мәселелер төңірегіндегі В.П. Юдиннің және басқа да авторлардың пікірлеріне тоқтала келіп, К.А. Пищулина деректемелердің Алтын Орда әлсіреп, ыдыраған замандағы Дешті Қыпшақта, оның шығыс бөлігіндегі, яғни Қазақстан далаларындағы XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдағы саяси этникалық құрылымдар туралы бытырап жатқан мәліметтерін бір ізге келтірудің, осыған байланысты бір тоқтамға келудің қиындығына назар аударады. Осы мәселелерге қатысты тарихи шындықты зерттеуде Шығыс Дешті-Қыпшақта Шыңғыс ұрпақтары үздіксіз билік жүргізгенін және осында орын алған оқиғаларды шығыс авторларының және ауызша тарихнамада "Жошы ұлысында", кейін "Өзбек ұлысында" деп баяндап, сонымен қатар оларда көптеген "ордалардың" (Ақ Орда, Көк Орда, Үлкен Орда, Йуз Орда т.б.) пайда болып, түрліше аталып келетіндігін ескертеді [37, 47-486].

Т.И. Сұлтанов XIV-XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның далалық бөлігінің тарихын бірнеше іргелі еңбектерінде кешенді түрде зерттеді. Әбілқайыр хандығының Моғолстан мемлекетінің, Ноғай Ордасының тарихы пайымдалып, олардың мемлекеттік құрылысындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктер, осы құрылымдарда орын алған этникалық процестер мен әлеуметтік-экономикалық даму, ішкі және сыртқы саяси хал-ахуалы мәселелері қарастырылуда; сан алуан мәліметтер ғылыми айналымға қосылды, біршама соны тұжырымдар жасалды [235; 59; 401; 56; 402].

Ғалымдардың аталмыш бірлестіктер тарихын зерттеудегі жетістіктері 1998 ж. жарық көрген "Қазақстан тарихының" екінші томында қорытындыланды. Мұндағы Қазақ хандығының құрылуы мен дамуына қатысты проблемалар Б.Е. Көмеков, К.А. Пищулина, Т.М. Сұлтанов, А.Ш. Қадырбаев, М.Қ. Әбусейітова, Н.Н. Мингулов, Р.М. Мустафина, Т.И. Сұлтанов еңбектері ықпалымен жазылды.

Қазақ хандығы тарихнамасының маңызды да құрамдас проблемаларының бірі саяси элита тарихын зерттеу болып табылады. Осыған орай Т.И. Сұлтанов, Ж.О. Артықбаев, Ж. Қасымбаев, Ә. Мұхтар қазақ хандарының генеалогиясын, осы билікті топтың қазақ хандығының құрылуына ықпалын, оның тарихи тағдыры мен қызметін мұрағат деректері және ауызша тарихнама мәліметтері негізінде зерттеп, бұл күрделі тақырыптың көптеген қырлары жаңадан зерделенді [403; 404; 405]. Әсіресе, біздің тақырыбымызға тікелей қатысты Т.И. Сұлтановтың 2001 ж. жарық көрген "Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз хана" деген

монографиясына ерекше тоқталуды жөн көрдік. Себебі Монғол империясының түрлі ұлыстарында бөлшектеніп кеткен көне қыпшақ тайпаларынан қазақ этносының және қазақ мемлекетінің дараланып шығу тарихын биліктік өзектің құрамы мен құрылымын білмей тұрып түсіну де, бағалау да мүмкін емес. Олай дейтініміз интеграциялық процестер сол саяси элитаның төңірегінде және соның күшімен жүзеге асырылды.

Әңгіме XIII-XIV ғасырларда Ұлы далада қалыптасқан және генеалогиялық тұрғыдан Шыңғыс тұқымдарымен, ал, саяси тұрғыдан жаңа этноаумақтық топтармен байланысты саяси ұйытқы жөнінде. Өз мүдделері мен сұраныстарын орындау барысында және тарихи қажеттілік итермелеген сол кездегі элита көшпелілер дүниесін шоғырландырушы қуатты факторға айналды. Профессор С.Г. Кляшторный Т.И. Сұлтановтың "Поднятые на белой кошме" кітабының ғылыми құндылығын осы аталған мәселелер тұрғысынан бағалайды [405].

Жалпы алғанда осы еңбекке жазылған алғы сөзінде С.Г. Кляшторный қазақ мемлекетінің құрылуында Шыңғыс тұқымдары әулетінің рөлін шешуші күш ретінде қарастырып, бұрын отандық тарихнамада сынға ұшырап келген "элита теориясын" ғылыми айналымға қосуға талпыныс жасаған. Бұл тұжырым "ақсүйектер" тұқымының қазақ қоғамындағы орнын біршама асыра бағалаушылық болып көрінгенімен, дербес қазақ мемлекеттілігінің құрылуында әулеттік дәстүр сабақтастығы мен оның үзіліссіз күресінің маңызды рөл атқарғанын жоққа шығаруға болмайды.

Қорытып айтқанда мемлекеттік бірлестіктер шеңберінде түріктердің бірігуінің барлық тарихи кезеңдері саяси сахнада бірін-бірі кезекпен ауыстырып отырған тайпалардың пассионарлық белсенділігіне байланысты болды. Басқаша айтқанда, түрік, түргеш, ұйғыр, қырғыз, қарлұқ, оғыз, кимақ қағанаттарының тарихы Қазақстан аумағында бірлікке ұмтылудың, мемлекет құрудың сан ғасырлық дәстүрі болғандығын көрсетеді.

Түрік тайпаларының бастарының қосылуы процесінде ислам діні ерекше ықпал жасады. Зерттеушілер мемлекет құрудың басты белгілерінің (критерий) бірі мемлекеттік тілдің және жазудың болуы деп есептейді. Бұл бағытта да отандық және шетелдік ғалымдар ауқымды жұмыстар жүргізді [405; 406, 53-60б; 407; 408].

Мемлекеттік дәстүр дегеніміз бір мемлекеттен екіншілеріне ауысып отыратын мемлекеттік құрылымның принциптері мен компоненттерінің, жалпы және маңызды белгілерінің тарихи-генетикалық сабақтастығы болып табылады. Еуразия кеңістігінде, оның ішінде Қазақстан аумағында ерте және орта ғасырларда пайда болып, бірін-бірі ауыстырып отырған мемлекеттердің қоғамдық құрылысы, институттары, т.б. белгілерінің көп жағдайда өзара ұқсастығы, не қайталап отыруы осы тарихи дәстүрдің айқын дәлелі болып табылады [333, 12б; 319, 35б; 410, 20б].

Алайда отандық тарихнамада осы методологиялық тұрғыдан пайымдалған, көне дәуірден Қазақ хандығына дейінгі тарихи-генетикалық

сабақтастық проблемасын кешенді зерттеген іргелі еңбектің жоқтығы бүгінгі таңда айқын сезіліп отыр. Әзірше бізде бұл проблема бойынша мемлекет дегеніміз не, оның негізгі белгілері мен атрибуттары қандай деген мәселелер төңірегінде түрлі болжамдар орын алып келеді. Олардың басым көпшілігі материалистік методология мен өркениеттік теориялардың кейбір элементтерінен құрастырылған эклектикалық сипатта екендігін де айта кету артық емес.

Бұл олқылықтар өз тарапында қазақ хандығының құрылуының алғы шарттарын анықтауда кейбір қиындықтар туғызды. Соңғы кездері ғана қазақ хандығының құрылуының алғы шарттарын зерттеуге бірен-саран ғалымдар көңіл қоя бастады. Б. Кәрібайев "бұл мәселелерді жан-жақты зерттеу біздің болашақтағы ғылыми жұмыстарымыздың тақырыптары болмақ" дегенімен, қазақ хандығының құрылу процесінің алғышарттары жөнінде, әсіресе, этникалық фактордың рөліне арналған бірен-саран мақалалар жариялап үлгерді [411; 412]. Қазақ хандығының құрылуындағы басты шарт қазақ халқының қалыптасуы деген тұжырымды ұстанғандықтан бұл проблеманы біздер диссертацияның бірінші тарауында жеке қарастырғанбыз. Жалпы алғанда отандық тарихнамада қазақ хандығының дүниеге келуінің заңдылықтары мен ерекшеліктері, оның негізінің қалануындағы алғышарттар ретінде Қазақстан аумағындағы мемлекеттік бірлестіктердің пайда болу жағдайларының ортақтығы, әртүрлі шаруашылық құрылымдардың өзара ықпалына байланысты экономиканың, оның ішінде отырықшылық пен қала өмірінің дамуы, саяси өмірдің тұрақтануы, сыртқы қауіп-қатерге қарсы бірлесіп күресу қажеттілігі, этникалық процестердің жаңа бағыт алуы, интеграциялық факторлардың күшеюі, ең бастысы – қазақ халқының қалыптасуы сияқты мәселелер біршама тыңғылықты зерттелді деп айта аламыз.

2.3 Қазақ хандығының құрылуы

Отандық тарихнамада Қазақ хандығының құрылуы жөнінде әртүрлі пікірлер айтылып келеді. Кейбір авторлар қазақ халқының құрамына енген жеке тайпалардың мемлекеттік бірлестіктерін (мәселен үйсін ұлысы, Найман хандығы, Керей хандығы, Қыпшақ хандығы және т.б.) негізге алып, қазақ мемлекетінің бастауын сол кезеңдермен байланыстырады. Енді бір авторлар Шыңғысхан мемлекетіндегі халықтың басым көпшілігін кейіннен қазақ халқының құрамына енген тайпалар құрағандықтан қазақ хандығы тарихын сол уақыттан бастауды жөн санайды. Қазіргі кездің өзінде де қазақ хандығының құрылуы жөнінде басқа да көзқарастар бар екендігін айта кету керек. Әсіресе, ауыз әдебиеті мәліметтеріне сүйенген авторлар Ақ Орда мемлекетін Қазақ хандығы ретінде тану немесе алғашқы қазақ хандығы қазіргі Қазақстан аумағының батыс өңірінде құрылғандығы жөнінде өз болжамдарын ұсынды [413; 414, 112б; 256, 218б].

Дегенмен тарихшы-ғалымдардың басым көпшілігі қазақтың өз алдына жеке халық болып қалыптасқан кезеңіндегі мемлекетін – Қазақ хандығын меже ретінде ұстанады.

Қазақ хандығының құрылуының мерзімі және ірге тасының қаланған жері туралы отандық тарихнамада негізінен екі ағым қалыптасқан. Оған себеп: біріншіден, кейбір дерек көздерінің жанамалық сипаты, оларда тарихи оқиғалардың қайшылықты баяндалуына байланысты болса, екіншіден, авторлардың Қазақ хандығының құрылуына қатысты деректерді сұрыптау, талдау, жүйелеу әдістеріне, олардан тиісті қорытындылар жасауларына байланысты. Аталмыш проблеманы зерттеуде теориялық-методологиялық сипаттағы көзқарастар қайшылығы да кездесіп қалады. Қайсыбір авторлар материалистік методология ықпалынан арылуға тырыса отырып, эмпирикалық зерттеу деңгейіне түсіп кетеді. Әлі де болса біршама авторлар проблеманы таптық қатынастар тұрғысынан пайымдайтыны байқалып қалады.

М.Қ. Әбусейітова ортағасырлық қазақ қоғамының тарихын зерттеуде қайдағы бір “өндіргіш күштер”, “рухани даму деңгейі” деген категорияларға емес, нақтылы тарихқа сүйене отырып, тарихи даму процесіндегі оның бағыт-бағдарын өзгерткен маңызды оқиғаларды бөліп алып қарастыру керек” дейді [54, 316]. Автор қазақ қоғамы тарихының негізгі кезеңдерін сипаттау үшін дағдылы схемаларға бейімделмей, тарихи құбылыстарды жүйелеу, яғни жүйелі зерттеу әдісіне көшу қажеттігіне назар аударады.

Ондай оқиғалар қатарына Әбілхайыр мемлекеті, Керей мен Жәнібектің Моғолстанға қоныс аударуы сияқты оқиғалар жататындығын көпшілік тарихшылар мойындайды, бірақ Қазақ хандығының іргетасы осы кезде қаланды ма деген мәселе төңірегінде әрқилы пікірлер айтады.

Қазақ хандығының құрылуы қарсаңындағы оқиғалар – Алтын Орданың ыдырауы, Жошы ұрпақтарының арасындағы тақ үшін тартыс, Әбілқайыр (“Көшпелі өзбектер”) мемлекетінің тарихы отандық және шетелдік тарихнамада біршама зерттелген [154; 235; 59; 55; 61], ол жөнінде біздер жұмысымыздың осы тарауының екінші бөлімінде де біршама баяндағанбыз.

Қазақ хандығының құрылуы, қазіргі кездегі тарихшылардың зерттеу қорытындылары бойынша, өзінен бұрынғы Ақ Орда және Моғолстан секілді мемлекеттердің дамуының заңды жалғасы ретінде қарастырылады. Орыс хан мен Барақ хан ұрпақтарының билігі Ақ Орданың оңтүстік өңіріндегі ХҮ ғасырдың 20-жылдарынан кейін де, яғни осы мемлекеттің қалған аумағында бірнеше ұлыстар, олардың ішінде әсіресе ең ірісі – Әбілхайыр хандығы құрылғаннан соңғы ұақытта да сақталғандығы нақтылы деректер негізінде анықталады. Ақ Орда хандарының ұрпақтары Қазақстан жерінің бір бөлігінде (Арал және Сыр өңірінде) 1428 ж. Барақ ханның өлімінен және Әбілхайырдың бірнеше қыпшақ тайпаларын жаулап алғаннан кейін де билік жүргізген.

Орда-Ежен ұрпақтарының бұрынғы Ақ Орда аумағында өздерінің толық билігін орнату жолындағы күресі мұрагерлік құқық тұрғысынан заңды екендігі танылуы тарихи шындыққа сәйкес келеді. Махмуд бен Вали былай деп көрсетеді: "Жәнібек пен Керей Әбілхайырға бағынудан бас тартты. Және өздерінің бұл бас тартуларын Шыңғысхан әулетінің далаға билік жүргізуде мұрагерлік дәстүрмен Ақ Орда хандары ретінде өздеріне шығыс Дешті-Қыпшақта билік жүргізу құқығын қамтамасыз ететіндігімен дәлелдейді" [52].

Ақ Орда хандарының тәуелсіздік үшін жүргізген күресі, мейлі ол әулеттік, "Қазақылық дәстүр" т.б. формаларда орын алсын, Әбілхайыр мемлекетінің тарихын жүйелі зерттеу арқылы түсінуге болады. М.Қ. Әбусейітова Әбілхайыр мемлекетінің тарихи маңызын Қазақ хандығының құрылуының бастауында тұруында ғана емес, оның кейін қазақ қоғамына бейімделген қоғамдық құрылысы, әлеуметтік институт құрылымдары, саяси және құқықтық жүйесі, мәдениеттану доктриналары, ағартушылық негіздерін дамытудағы ролімен де байланыстырады және бұл мәселелердің "Зафар-наме", Ата Малик Жувейнидің "Тарихи джахангушай", Өтеміш-қажының "Чингиз-наме" т.б. жазба деректерде қамтылғанын атап көрсетеді [55, 38-40б; 54, 33б].

Сонымен Қазақ хандығы Әбілхайыр хандығы, Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Моғолстан сияқты мемлекеттердің заңды мұрагері болып табылады.

Тарихшылар Қазақ хандығының іргетасының қалануын Орыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібектің ХҮ ғасырдың орта кезінде көршілес Моғолстан аумағына көшіп кетуімен байланыстырады. Бұл мәселе жөніндегі жоғарыда көрсетілген екі тарихнамалық ағым осы оқиғаның тарихи маңызын түрліше бағалаудан туындап отыр деп ойлаймыз. Бірінші ағым өкілдері Керей мен Жәнібектің Шу мен Қозыбасы өңіріне келіп, бөлек өмір сүруін Қазақ хандығының құрылуына шешуші ықпал жасаған оқиға ретінде бағаласа, екінші топтағы авторлар оны "стратегиялық шегініс" ретінде ғана қарастырады да, хандықтың құрылуын Керей мен Жәнібектің ХҮ ғасырдың 60-70-жылдарында бұрынғы Әбілхайыр хандығының аумағында өз билігін жүргізе бастау кезеңіне ығыстырады.

Бұл мәселенің зерттелуін хронологиялық тұрғыдан алып, тарихи ой-пікір эволюциясын зерттеуді мақсат тұтсақ, Қазақ хандығының құрылуы туралы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің "Тарих-и Рашиди" еңбегіне сүйеніп, тұңғыш рет В.В. Веляминов-Зернов баяндағаны белгілі [221]. Ол бұл оқиғаны, яғни хандықтың құрылуын хижраның 870, яғни 1465-1466 жылдарға жатқызған. Ғалымдар арасындағы пікірталастар осы датаны Қазақ хандығының іргетасының қаланған мерзімі ретінде қабылдауға не теріске шығаруға негізделген [414].

Авторлардың аталмыш дереккөзін қаншалықты дұрыс пайымдаулары мен бағалауына талдау жасамастан бұрын ондағы Қазақ хандығы туралы мәліметтерге көз жүгірте кетелік.

"Тарих-и Рашидиде" Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Моғолстанға қоныс аударуы жөнінде екі рет баяндалады.

Еңбектің екінші дәптерінің 32-тарауында Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати ХҮІ ғасырдың 40-жылдарындағы оқиғаларға тоқтала келіп, сол кезеңдегі Қазақ хандығының билеушісі Қасым хан туралы: "Ол туралы қысқаша айтпасақ, онда біздің баяндауымыз түсініксіз болады" деп жазады. Осылай ол келесі тарауды Қазақ хандығының тарихына арнайды. Бірақ бұл жерде автор хандықтың құрылған жылына байланысты ешбір мәлімет келтірмейді.

Біраз уақыттан кейін Мұхаммед Хайдар "Тарих-и Рашидидің" бірінші дәптерін жазады және онда Есенбұға хан тұсында Моғолстан тарихында болған оқиғалар қатарында Керей мен Жәнібек сұлтандардың осы елге көшіп келгендігі туралы айтылады. Осы баяндауында ол "Қазақ сұлтандарының билігі 870 жылдан (*яғни, грегориан жыл санауы бойынша, 1465-1466 ж. – С.Г.*) басталады" деп көрсетеді [416, 348б].

Зерттеушілер арасында түрлі пікірлердің туындап отырғаны да осы мәліметтің екі ұштылығында болып отыр. Сонымен қатар бұл тарихнамалық ахуал Керей мен Жәнібектің өз қарауларындағы ру-тайпалармен Моғолстанға көшіп кетуінің себептері, салдары мен нәтижелері, жалпы ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы Евразия кеңістігіндегі тарихи оқиғаларға ықпалы жөніндегі мәселелерді ғалымдардың әрқилы қабылдауына да байланысты қалыптасты.

А. Чулошников, А.А. Семенов, С.К. Ибрагимов сияқты ғалымдар қазақ хандығының бұл әрекетін Әбілхайыр хандығына ешбір саяси, не этникалық салдары болған жоқ, оның нәтижесінде қазақ хандығы да құрыла қойған жоқ деп жазады және оны "қазақылық" дәстүр санатындағы жай оқиғалар қатарына жатқызады. Бұл авторлар хандықтың өз алдына отау тігуі ХҮІ ғасырдың 30-40 жылдарында орын алды деп есептейді.

А.А. Семенов бұл қоныс аудару барлық халықты емес, олардың бір бөлігін ғана қамтыды десе, С.К.Ибрагимов Шайбани ханның сарай тарихшылары да, "Тарихи Абулхаир-хани" авторы да бұл оқиға жөнінде ауыздарына алмауына қарағанда Керей мен Жәнібектің кетісі "Өзбек ұлысын мекендеген тайпалардың сәси өмірінде маңызды рөл атқармаған," – дейді [417; 418].

3. Қинаятұлы "Тарих-и Рашиди" мәліметі Қазақ хандығының құрылуы емес, оның нығайған кезін білдіреді деп жазады. Оның пікірінше, Жәнібек пен Керейдің Шу бойына көшуі Ақ Орда дәуірінде қалыптасқан этноаумағының бір шетінен екінші шетіне қоныс аударып, өздеріне мұрагерлік жол бойынша тиесілі Ақ Орда аумағын Әбілхайырдан азат ету мақсатын көздеген. Олардың Дешті-Қыпшақ халқының басым бөлігінен қолдау табу қазақтардың этнос ретінде ертерек қалыптасқанын, дербес мемлекеттілік үшін күресінің заңдылығын дәлелдей түседі.

З.Қинаятұлы жалпы кеңестік тарихнама тұсында қалыптасқан қазақтар өзбектерден бөлінді, содан кейін барып "қазақ" этнонимі пайда болды деген схемалық тұжырымды, "көшпелі өзбек ұлысы" деген атау тарихи шындықты бұрмалау деп таниды. Автор бұл бірлестікті "Әбілхайыр тұсындағы Ақ Орда" деп атауды ұсынады.

Осы және басқа да дәлелдер негізінде автор Жәнібек пен Керейдің қадамы Ақ Орда билігін қайта жаңғырту үшін Орда-Ежен – Орыс хан ұрпақтарының шайбанилықтарға қарсы жүргізіп келген әулеттік күресінің жалғасы ретінде, ал Ақ Орда қазіргі қазақ даласында құрылған қазақтың алғашқы мемлекеті деген қорытынды жасайды[287]. Осы сарындас пікір Ә.Хасенов еңбектерінде де ұшырасады [256, 219б].

Қазақ хандығының құрылу тақырыбына В.В.Бартольд, М.Тынышбаев, М.В.Вяткин, П.П.Иванов, С.Асфендияров т.б. ғалымдар өз үлестерін қосты. Бірақ оның жүйелі түрде зерттелуі Т.И.Сұлтановтың, К.А.Пищулина, В.П.Юдин, М.Қ.Әбусейітова, Н.Мингулов сияқты ғалымдардың есімдерімен байланысты. Соңғы кездері Қазақ хандығының құрылуы, оның алғышарттары, мерзімі, аумағы жөнінде Н.Мыңжани, С.Жолдасбайұлы, Ж.О.Артықбаев, Б.Кәрібаев бірнеше ғылыми мақалалар, бірен-саран монографиялық зерттеулер жариялады.

Бұл авторлар көзқарасында Қазақ хандығының құрылған мерзімі мен жері ғана емес, Керей мен Жәнібектің Моғолстанға келіп қоныстануы жөнінде де пікірлерде алшақтық бар.

Т.И.Сұлтанов Қазақ хандығы тарихының проблемаларымен отыз жылдан астам уақыт бойына айналысып келеді. 1971 жылы жарияланған "Некоторые замечания о начале казахской государственности" деген мақаласында ол Керей мен Жәнібектің көшпелі өзбектердің негізгі тобынан бөлініп кетуі Әбілхайыр билігі әлсіреген және Өзбек ұлысының ішкі қайшылықтары шиеленіскен кезінде өз дербестігін сақтап қалған сұлтандар қарсылығының бір формасы болып табылады деген болжам жасаған еді. Автор қазақ сұлтандарының Моғолстанға көшіп кету себебін феодалдық езгінің күшеюуі, осы негізде әлеуметтік наразылықтың өсуінен, хан саясатына наразы үстем тап өкілдерінің осы жағдайды өз мүддесіне пайдалануынан іздейді[35, 55б]. Автордың бұл тұжырымдарының шектеулілігі сол кезде бірден-бір методологиялық ұстаным болған тарихи материализм принциптерінен туындап отырғаны түсінікті болса керек. Дегенмен сол кездің өзінде ғалым Керей мен Жәнібектің бұл әрекеті түрлі оқиғалар тізбегінің маңызды буын болғандығына назар аударады.

Аталмыш мақаласынан он шақты жыл кейін жарық көрген "XV-XVII ғасырлардағы Арал өңірінің көшпелі тайпалары" атты монографиясында Керей мен Жәнібектің Моғолстанға Есенбұғаның тірі кезінде көшкендігін алға тарта отырып және Есенбұға мен оның туысы Жүнісханның арасындағы билік үшін талас-тартыс барысын зерделей келе, бұл оқиғаның

хижраның 863 (1458-59) немесе 864 ж. (1459-60) орын алғандығын жазды [330].

Мұнан кейінгі уақытта (90-жылдары) жазылған еңбектерінде Т.И.Сұлтанов осы тұжырымын қосымша дәйектермен, дерек көздерімен нақтылай түсті. Автор ізденістерінің негізгі бағыт-бағдары – Қазақ хандығының Әбілхайыр ханнан кейін және Шу мен Қозыбасыда емес, Керей мен Жәнібектің ата қоныстарына (Сыр мен Арал өңіріне) оралып келгеннен соң құрылғандығы туралы ой.

Т.И.Сұлтанов Керей мен Жәнібектің өздеріне бағынышты халықпен ауа көшуін Шәдидің "Фатх-наме" ("Жеңістер кітабы") шығармасы арқылы айқындауға да әрекеттенді. Онда хижраның 864 ж. (яғни 1459 ж. қазан айы – 1460 ж. қыркүйегі) Шығыс Дешті-Қыпшақтың көшпелі өзбектерінің қырық жеті жастағы қолбасшысы, Жошы ұлы Шайбанның ұрпағы Әбілхайыр ханның отбасында үлкен қасірет болды: тегі бүркіт тайпасы әйелінен туған үлкен ұлы, әлі тым жас Шах-Будағ сұлтан қаза болды, - делінеді] 52,49-50б]. Ұлының қазасы үшін кек алуға ұмтылған Әбілхайыр өз қарсыластары – Жошы ұрпақтарының біраз ханзадаларын қырғынға ұшыратады, елдерін ойрандайды. Бірақ саяси қарсыластарының ішінен кездейсоқ аман қалған Орыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар сол жылы көрші Моғолстанға бағыт алады және оның басым аумағын құраған Жетісуға ат басын тірейді.

Қазақ хандығының құрылуы қарсаңындағы оқиғалар тізбегін автор осылайша баяндайды. Алайда Т.И.Сұлтанов бұл еңбегінде де ("О первом казахском государстве" 1995 ж.) Керей мен Жәнібектің Жетісуға көшіп келіп, Шу мен Қозыбасы өңіріне қоныс тебуін қазақ хандығының негізін қалаған оқиға деп есептемейді.

Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы оқиғалардың мерзімдерін Т.И.Сұлтанов төмендегіше белгілейді: Әбілхайырдың таққа отыруы 1428-1429 жылдар; Керей мен Жәнібектің Моғолстанның батыс өңіріне келіп қоныстануы – 1459-1460 жылдар; Есенбұға ханның қайтыс болуы – 1461-1462 жылдар; Әбілхайыр ханың қазасы – 1468-1469 жылдар; Керей мен Жәнібектің Дешті Қыпшақтан қашқан тайпалар есебінен күшеюі және Моғолстаннан бұрынғы ата мекеніне (Әбілхайыр хандығына) оралуы – 1469-1470 жылдар; Қазақ хандығының құрылуы – 1470-1471 жылдар [419].

Бұл даталарды автор Махмуд ибн Валидің "Бахр ал-асрап", Масуд ибн Усман Кухистанидің "Тарих-и Абул-Хайр-хани" деген шығармасындағы, В.В.Бартольдтың [386, 489-490б], С.Ф. Акимушкиннің [420, 159б], Б.А. Ахмедовтың [235,46б] зерттеулеріндегі мәліметтерді салыстыра зерттеу негізінде анықтаған.

Осы пікір Т.И.Сұлтановтың 1996 жылы сәуір айында Алматыда "Қазақстан мемлекеттілігінің эволюциясы" атты тақырыпта өткен халықаралық конференциясында жасаған баяндамасында да қайталанды. Т.И.Сұлтанов; а) "Тарих-и Рашидидің" мәтініне жіті көз жүгіртсек, Хайдар

Мырза Әбілқайыр ханды 870 жылға дейін, не болмаса сол 870 ж.(1465-1466) қайтыс болды деп ойлаған; б) бірақ ХҮІ ғасырда жазылған "Тарих-и Абул-Хайр хани" және Махмуд ибн Валидің "Бахр ал-асрар" деген шығармаларында Әбілхайыр 870 ж. емес, төрт жылдан кейін, яғни 874 ж. (1469 ж.) қайтыс болған. Бұл дата қазақ хандығының негізі қаланған жыл ретінде қабылдануы тиіс ", - дейді [330 ,113-1146].

Сонымен Т.И.Сұлтанов Керей мен Жәнібектің Моғолстанға келу уақыты мен Қазақ хандығының құрылған уақыты бір мезгілде орын алды деп есептемейді. Ол алғашқы оқиғаны "қазақ" этнониміне байланысты маңызды құбылыс ретінде бағалағанымен, Керей мен Жәнібектің алдарына қойған басты стратегиялық жоспарды жүзеге асырудағы тактикалық шегініс деп есептейтін сияқты көрінеді. Олай дейтініміз втордың "Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана" ,С.Г. Кляшторныймен қосылып жазған "Казахстан: летопись трех тысячелетии" еңбектерінде аталмыш оқиғалар жөніндегі көзқарастарында ұшырасатын пікірлеріне байланысты. Автор "Поднятые на белой кошме" зерттеуінде Керей мен Жәнібек сұлтанның Моғолстанға көшуін Әбілқайырмен күресте өз мақсатына жете алмайтындығын біліп, бас сауғалаған адамдардың әрекеті ретінде сипаттайды. "Болашақ – қашанда жұмбақ. Ол кезде (1459-1460 ж. – С.Г.) шындығында да олар қашқындар болды. Ол уақытта Керей мен Жәнібек көршілері – моғолдардың басшыларымен қатынастары қалай өрбитінін де, жат жердегі өмірлерінің қиындықтарын да, енді он жылдан кейін Өзбек ұлысына қайта оралып, Шығыс Дешті-Қыпшақта жаңа мемлекеттің – Қазақ хандығының негізін қалайтындығын да білген жоқ" – деп жазады [421].

Қысқаша айтқанда, автор қазақ хандығының құрылуын кездейсоқ оқиғалардың нәтижесінде 1470-1471 ж. дүниеге келген құбылыс ретінде бағалауға бейім. Аталмыш дата Әбілқайырдың 1468 (не болмаса 1469 ж.) Моғолстанға қарсы жорығы кезінде 57 жасында қайтыс болуы, Шығыс Дешті Қыпшаққа қайта оралып келген Жәнібек және Керей ханмен болған бір ұрыста Шейх-Хайдардың қаза табуы, басқа Шайбан ұрпақтарының Хажы-Тарханға қашып барып, Тоқай-Темірді паналауы туралы Шығыс авторларының шығармаларындағы мәліметтерге негізделген.

Н.Э.Масанов Қазақ хандығының құрылған уақыты 1465 немесе 1466 жылдан бұрын емес деп жазады.Оның пікірінше де, Қазақ хандығының құрылуының уақыты шамамен 1459 жыл "Көшпелі өзбектер мемлекетімен түркі тілдес көшпелілер тайпаларының үлкен тобының Моғолстанға қоныс аударып кетуіне және ол бірлестіктің 1468 жылы Әбілқайыр ханның өлімінен кейін ыдырауға ұшырауымен байланысты [41-113,1156] Керей мен Жәнібектің іс-әрекеті Әбілқайырды тақтан тайдыра алмағаннан кейін олардың "қазақылық" өмір салтына көшкендігімен түсіндіріледі. Бұл жорамалды қабылдайтын болсақ, онда Орыс ханнан бері қарай дербес мемлекеттілік үшін жүргізіліп келген күрес тарихы жоққа шығарылады.

Хандықтың 1465-1470 жылдары аралығында құрылды деген пікір бұрыннан да Х. Әділгереевтің, Т. Шойынбаев, М. Ақынжанов, Г.Ф. Дахшлейгердің еңбектерінде айтылып келген. Б. Ермұмановты да осы қатарға қосуға болады [422].

Қазақ хандығының Әбілхайыр хан өлгеннен кейін ғана құрылғандығы жөніндегі пікір соңғы кездері өткізілген ғылыми-теориялық конференцияларда да айтылды. Оларда жасалған кейбір баяндамаларда бұрыннан белгілі екі тарихнамалық бағыт өкілдерінің тұжырымдары мен уәждерін қайталау ғана емес, ғылыми тұрғыдан негізсіз пайымдаулар да орын алды. О.Ж. Бекмағанбетовтің 1998 ж. Жезқазған қаласында өткен халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда жасаған "Ұлытау – қазақ мемлекетінің тарихи орталығы" деген баяндамасында: "Алғашқы қазақ хандары Моғолстанға төніп тұрған қалмақтарға қарсы жорықтарға да қатысты. Сөйтіп "қазақ" атана бастады", немесе: "Әбілхайыр хан Қазақ хандығының нығаюына еш мүмкіндік бермеді [421, 164б] деген секілді тарихи шындыққа қайшы тұжырымдар жасалынған. Сөйтіп қазақ хандығының құрылуын бір адамның өліміне ғана сайып, дербес отау тігуін де сол мерзім шамасымен анықтауға талпынады. Керей мен Жәнібектің Моғолстанға көшу уақытын ХҮ ғасырдың 60-жылдары орын алды және " бұл көштің ешқандай саяси маңызы бола қойған жоқ" деп көрсетеді [421, 164б].

Шын мәнінде Керей мен Жәнібектің өздеріне қарасты тайпалармен Моғолстанға қоныс аударуы күнделікті (дағдылы) оқиғалардың да бірі емес, "қазақылық" дәстүрдің де [424, 30б] жалғасы емес еді. Формасы жағынан біршама ұқсастық болғандығымен, мазмұны-мақсаты тұрғысынан бұл ұлы көштің сипаты өзгеше болды. Ол Евразия кеңістігіндегі саяси күштердің ара салмағына өзгеріс енгізген оқиға санатына жатты. К. Ақышев пен М. Хабдулина Есенбұғаның Керей мен Жәнібектің әскери жасағына Моғолстанның батыс шекараларын қорғатуға үміт артуы қазақ ұлысының көшіп келген уақытының өзінде-ақ онша әлсіз болмағандығын дәлелдейді деуі тарихи шындықтан онша алшақ емес [425, 13б].

Логикалық тұрғыдан мұндай тұжырымдар авторларды Қазақ хандығының құрылуы Моғолстанға көшіп келгеннен кейін көп ұзамай-ақ орын алды деген қорытындыға жетелеуі керек еді. Алайда олар Қазақ хандығының негізі Жетісуда емес, кейінірек, Әбілхайыр хандығында қаланды деп жазады. Сонымен қатар авторлар қазақтар мен өзбектердің мемлекеттілігінің де, олардың халық ретінде қалыптасуының да бастауы Әбілхайыр хандығы болды деген қорытынды жасайды [425, 130б; 426, 7б].

Т.И. Сұлтанов, М.Қ. Әбусейітова сияқты ғалымдармен қатар аталмыш тақырыпты жүйелі түрде, арнайы зерттеп жүрген К.А. Пищулина Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің даму тарихы көне және орта ғасырлардағы, түркілік және монғолдық кезеңдерде осы жерді мекендеген тайпалар мен халықтардың тарихымен байланысты екендігін, дегенмен дербес қазақ

мемлекетінің құрылуы мен дамуы Қазақ хандығының үлесіне тиесілі екендігін айтады. Автордың зерттеулері бойынша, Өзбек ұлысының бөлшектенуінің және Керей мен Жәнібектің өздеріне бағынышты ру-тайпалармен көрші елге көшіп кетуінің негізгі себептері Әбілхайыр хандығында орын алған кең көлемдегі әлеуметтік-экономиалық және саяси дағдарыс болды. Қазақ хандығының билік жүргізе батаған нақтылы датасын анықтауды автор Мұхаммед Хайдардың "Тарих-и Рашиди" еңбегіндегі көрсетілген 1465-1466 жыл екендігіне тоқталады.

Автор Керей мен Жәнібектің Моғолстанға ХҮ ғасырдың 50-жылдарында көшіп келгендігін мойындайды және Қазақ хандығы Шу мен Қозыбасы өңірінде негізін қалады деп есептейді [427; 59]. 1979 жылы жарық көрген "Қазақ ССР тарихы" мен 1998 жылғы бес томдық "Қазақстан тарихының" екінші томында 1465-1466 жыл Қазақ хандығының Батыс Жетісуда негізі қаланған уақыт ретінде қабылданды [28, 255-263б; 428, 312-316б].

К.А.Пищулина Қазақ хандығының, Мұхаммед Хайдар көрсеткендей, хижраның 870 ж. және Шығыс Дешті-Қыпшақта емес, Шу-Талас өңірінде құрылғандығына нақтылы дәлелдер келтіреді. Тарихи процесс барысына шешуші ықпал жасаған оқиғалар қатарына ғалым он жыл бойына Шығыс Дешті-Қыпшақтан қазақ рулары мен тайпаларының осы өңіріне келіп қоныстануы, Жетісуда іс жүзінде моғол хандарының билігінен шығып кеткен қазақтың Ұлы жүзінің қалыптасуын, 1462 ж. Есенбұға қайтыс болғаннан кейін Жетісуда қазақ әміршілеріне қарсы тұрарлық нақтылы күштердің болмағандығын жатқызады. Осындай жағдайда, деп жазады автор, жаңа саяси бірлестік – Қазақ хандығының көрсетілген аумақта жеке отау тігуіне толық мүмкіндік болды және ол жүзеге асырылды. Ол үшін қазақ хандығына Әбілхайыр ханның қайтыс болуына байланысты (1468 ж.) Дештідегі дүрбелең кезенді күтуінің қажеті болған жоқ [427, 54б].

ХҮ ғасырдың 60-жылдарының аяғы мен 70-жылдардың бас кезі және кейінгі жылдар қазақ хандарының басқа өңірлер мен ол жерлерді мекендеген тұрғындарға билігінің орнығуы, Қазақ хандығының құрылуына Түркістанның және Дешті-Қыпшақтың далалық аудандарын жаулап алыну кезені деп жазады автор [59, 246-264б].

Батыс Жетісуда Қазақ хандығының құрылуына оң ықпал жасаған факторлардың бірі ретінде К.А. Пищулина көшіп келгендерді олармен туыстас түрік тектес, не түркіленген қаңлы, керей, дулат және басқа да қазақ тайралардың қарсы алуы болды дейді. Дешті-Қыпшақ пен Жетісудың тайпалары тілі, мәдени дәстүрі, өмір салты тұрғысынан бір-біріне жақын болды, сол себепті орталық және оңтүстік Қазақстаннан жаппай Жетісуға қоныс аудару онша күрделі қарсылыққа ұшырамады. Автор Махмуд бен Вали, Мұхаммед Хайдар Дулати, Фазлаллах бен Рузбеханның шығармаларындағы және басқа да дерек көздеріндегі мәліметтерді саралай келіп, Қазақ хандығының Батыс Жетісуда құрылуын тездеткен басқа

жағдайларға, оладың ішінде қазақ билеушілерін замандастарының Әбілхайыр хандығы ыдырағанға дейін-ақ дербес ел басшылары ретінде қабылдағанына, Барақ хан қайтыс болғаннан кейін де Қазақстан аумағының бір бөлігінде Ақ Орда хандарының билігі үзілмегендігіне, сол себепті Жетісудағы жаңа хандық пен Ақ Орда хандығының арасындағы тікелей әулеттік байланыс болғандығына назар аударады [427, 54-56б].

Қарастырылып отырған мәселе жөнінде екінші бағыттың өкілдері (С. Жолдабайұлы, Б. Кәрібаев, Н. Мыңжани т.б.) Қазақ хандығы Қозыбасы мен Шу өңірінде, бірақ Керей мен Жәнібек сол жерлерге барып ат басын тірегеннен кейін-ақ бой көтерді деген пікірді ұстануда. Н.Мыңжани Керей мен Жәнібектің қазақ тайпаларын бастап Шығыс Дешті Қыпшақтан Жетісу жеріне қоныс аударуы 1456 ж. орын алды және бұл қадам Қазақ хандығының құрылуына мұрындық болған маңызды оқиға дейді [429, 233б].

Ә.Хасенов Қазақ хандығының құрылған уақытын бұдан да ертерек кезден, Ұлық-Мұхаммедтің қайтыс болған (1445 ж.) уақытынан бастауды ұсынған [256, 233б].

Пікірталастар барысында бұл екі пікірдің негізсіздігі көрінді. Сонымен бірге Ә.Хасеновтың "қазақ атанған ру-тайпалар Еуропа даласынан ата-мекеніне ат басын бұрды" деген тұжырымының дәлелсіздігі, Керей мен Жәнібектің ата-тегін анықтаудағы ағаттықтар атап өтілді.

Қ. Салғариннің Қазақ хандығының іргесі қалануы мен сыртқа танылып Жәнібек пен Керейдің билікті толық қолына алу уақыттарын ажырату жөніндегі ұсыныстары назар аударады [429]. Бірақ бұл ойды автор нақтылы деректер негізінде өзінше өрбіте алмаған, сол себепті аталмыш пікір К.А. Пищулина дамытқан концепцияның бір үзгі ретінде ғана көрініс берген.

Соңғы кезде Қазақ хандығы тарихын жіті зерттеп жүрген ғалымдардың бірі Б. Кәрібаев екендігі белгілі. Автор "Қазақ хандығының құрылғандығына 540 жыл", "Мұхаммед Хайдар Дулатидің "Тарих-и Рашиди" еңбегіндегі кейбір тарихи оқиғалардың мерзімі туралы", "Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты кейбір ақаулар және оларды дұрыс түсіндіру мәселесі" , "Мұхаммед Хайдар Дулати Қазақ хандығының құрылуы туралы", "Қазақ хандығының құрылуы" , "Қазақ хандығы құрылуының деректері жөнінде", "Мұхаммед Хайдар Дулати және ХҮ-ХҮІІ ғғ. Қазақ хандығы тарихының мәселелері", "Керей мен Жәнібектің көшу себептері" деген еңбектерінде Қазақ хандығының құрылу мерзімін анықтауды өзекті проблема ретінде қойып, ол туралы Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегінің ізімен "Қазақстан тарихының" екінші томында қабылданған уақыттың (1465-1466 ж.) негізсіздігіне басты назар аударады [430; 431; 432; 433; 434; 435].

Б.Кәрібаевтің еңбектерінде Қазақ хандығының құрылуына этникалық, саяси, аумақтық тұрғыдан тікелей қатынасты және болашақ қазақ хандарының ата-бабаларының ежелгі иелігі болып есептелетін Ақ Орда

мемлекеті де құрамына енген Әбілхайыр хандығының (1428-1470 ж.) ішкі, сыртқы саясаты, ондағы әулеттік күрес тарихы, Керей мен Жәнібектің өз жақтастарымен бөлініп шығуына себепші болған тарихи факторлар зерттелді. Автор тәуелсіздікке ұмтылған түрлі ұлыстардың сепаратистік іс-әрекеттерін ортақ экономикалық негіздің ортақ экономикалық мүддесінің болмауымен түсіндіреді [434].

Мұндай ахуал жағдайында орталық өкіметті сыртқы, не ішкі саясат саласындағы кез-келген сәтсіздік ірі оқиғалар мен процесстерге түрткі болары анық. Осындай оқиғалардың бірі ретінде Б.Кәрібаев 1457 ж. Сығанақ қаласы түбінде Әбілхайыр ханның Үз-Темір тайшы қалмақтарынан жеңіліс табуы және оңтайлы кезеңді пайдаланған Керей мен Жәнібектің "Көшпелі өзбектер" мемлекетінен бөлініп, Жетісуға келіп қоныстануы деп есептейді.

Орта ғасырлар авторларының Қазақ хандығының құрылуы жөнінде уақытты болжап қана айтулары еңбектерінің аталмыш оқиғадан көптеген жылдар кейін жазылуында және жергілікті халықтың жадында сақталған ауызекі әңгімелерге сүйенуінде болса керек. Осы жағдайларға назар аударған тарихшылар (С.Жолдасбаев, Б.Кәрібаев) Қазақ хандығы құрылған кезбен тұспа-тұс жазылған бірде-бір жылнаманың жоқтығын, негізгі дерек көздері ретінде пайдаланылып жүрген Усман Кухистанидің "Тарихи Абулхайыр-хани" кітабының 1543-1544 жылдары, Хожамқұлбек Балхидың "Тарихи Қыпшақи" туындысы 1722 жылы, "Шайбани-наманың" 1504-1510 жылдары жазылғандығын мәлімет нақтылығына ықпал жасаған мәселе ретінде көтерді. Негізгі дерек ретінде пайдаланылып жүрген Мұхаммед Хайдардың "Тарих-и Рашиди" еңбегі де 1542-1546 жылдары жазылған. Автордың өзі 1499 жылы туған, яғни ол Қазақ хандығының құрылуына байланысты оқиғалардың куәгері болмаған.

Б. Кәрібаевтың зерттеу әдістеріне бұрыннан белгілі жазба және жанама деректерді, аңыз-әңгімелерді салыстыра талдау, тарихи оқиғаларға кеңістік пен уақыт өлшемдері негізінде кешенді көзқарас тұрғысынан қарау тән екендігін С.Жолдасбайұлы атап көрсеткен [436, 276]. Б.Кәрібаевтың зерттеулері нәтижесі Жәнібек пен Керейдің Шу мен Қозыбасыға қоныс тепкен кезі 1457 жылдың күз айы (аңыз бойынша: тышқан жылы) екендігін дәлелдейді.

Автор ХҮ ғасырдың орта кезіндегі тарихи оқиғалардың өзара байланысын зерделей отырып, хандықтың құрылу уақытын 1458 жылдан бастау керек дейді [43,71-72б; 432].

Шындығында да, оның Мауренахрдың шығыс атырабын билеуші Жүніс ханның Моғолстан ханы – інісі Есенбұғаға қарсы 1458 жылғы жорығы кезінде оған, яғни Жүніс ханға қазақтар тосқауыл болған деген уәжі нанымды көрінеді. Бірақ автордың кейбір еңбектерінде қазақ хандары өз елімен 1458 жылдың көктемі немесе күзінде көшкен деген пікір де кездеседі [432].

Қазақ хандығының құрылу мерзімі жөніндегі мәселеде С.Жолдасбайұлының да, Б.Кәрібаевтың да көзқарастары соңғы жылдары біршама өзгеріске ұшырады. 1993 ж. С. Жолдасбайұлы "Қазақ хандығы тарих сахнасына қалай шықты?" деген мақаласында "Тарихи Рашиди" мәліметтеріне сенім білдіріп, дербес қазақ мемлекеті ХҮ ғасырдың 60-жылдарында құрылды деп жазған болатын [437]. Бірақ автор жылдар өте келе және Мұхаммед Хайдар Дулатидің "Тарих-и Рашиди" еңбегін тереңдей пайымду нәтижесінде оның кейбір мағлұматтарына сын көзбен қарай бастады. Хандықтың құрылу мерзімі жөніндегі көзқарасы эволюциясына, ғалымның өз сөзімен айтқанда, мына жағдайлар себеп болған: "Біріншіден, М.Дулати бұл мәселені (*Керей мен Жәнібектің Шу мен Қозыбасы тауына барып орнығуы – С.Г.*) сонау... Кашмир қаласында жүріп жазды. Екіншіден, хандық құрылғаннан 100 жылдан кейін жазып отыр. Үшіншіден, автор бұл деректі ел аузында сақталған аңыз-әңгімелер негізінде жинақтаған" [438].

Мұндай уәждер бұрынырақ В.В. Бартольд, Т.И. Сұлтанов, В.П. Юдин т.б. ғалымдар тарапынан айтылған. Бірақ, жоғарыда көрсетілгендей, хижраның 870 жылын қайта тексеріске салу барысында әртүрлі қорытындылар жасаған.

С.Жолдасбайұлы Керей мен Жәнібектің Жетісуға 1457 жылдың күзінде келгендігі туралы пікірлерді қолдайды және оны М. Елеуұлының Шу бойы тұрғындарының арасынан жинаған аңыз мәліметтерімен тиянақтайды [438; 440; 441].

С. Жолдасбайұлы да, Б. Кәрібаев та Қазақ хандығының құрылуының нақты мерзімін анықтауға қатысты төрт оқиғаға назар аудару қажеттігін айтады. Олардың біріншісі – Қалмақ тайшасы Үз-Темірдің 1457 жылы Әбілхайырды жеңіліске ұшыратуы. Екіншісі – моғол ханы Есенбұғаның 1462 ж. қайтыс болуы. Үшіншісі – Жүніс хан мен Есенбұға арасындағы 1458-1459 жылдардағы (Т.И.Сұлтановтың анықтауы бойынша) шиеленіс кезі. Төртіншісі – Әбілхайыр ханның Моғолстанға қарсы жорығы кезінде 1468 ж. қайтыс болуы [436, 276]. Авторлар осы оқиғаларды салыстырмалы зерттеу арқылы Қазақ хандығының негізі 1458 ж. қаланды деген қорытынды жасайды. Шу бойы қазақтарының аңыздарында да Керейдің ақ киізге көтеріліп, хан сайлануы осы жылмен тұстас келеді.

Тарихнамада бір пікірдің орнығуы – одан өзге көзқарастардың негізсіздігін дәлелдеумен қатарласа жүруі заңды құбылыс. Осыған орай С. Жолдасбайұлы белгілі ғалымдар Т.И. Сұлтанов пен К.А. Пищулина еңбектеріндегі кейбір тұжырымдар мен оқиғалардың орын алған уақыты жөнінде өз пікірлерін білдірген. Мысалы Т.И. Сұлтановтың айтуынша, ағайынды моғол хандары Жүніс пен Есенбұға арасындағы шиеленіс 1458-1459 жылдары орын алған деп, осы жанжалдан сескенген Есенбұға Керей мен Жәнібекке көшіп келуге рұқсат берген сияқты болып көрінеді. С. Жолдасбайұлы бұл оқиға Т.И. Сұлтанов көрсетіп отырған мерзімнен

әлдеқайда ерте – 1455-1456 ж. басталған еді деп, "Тарихи Рашиди" мәліметіне сүйенеді [416, 168-169б].

Т.И. Сұлтанов, тағы да басқа ғалымдардың Қазақ хандығының 1470 ж. құрылғандығы жөніндегі болжамның негізсіздігіне С. Жолдасбайұлы дәйекті уәж келтіреді. Ол, біріншіден, Әбілхайыр ханның қаза болған уақытын Т.И. Сұлтанов тышқан жылы деп жаза отырып, оны хижраның 874 жылы деп қателесіп, сиыр жылымен шатастырылуына байланысты. Осы ағаттық туралы С. Жолдасбайұлы былай деп жазады: "Жалпы мүшел жыл мен жыл аттарын көрсететін ел аузында сақталған аңыздар ешқашан қате жібермейтінін ескерген жөн. Мәселен Махмұд ханның Түрік сұлтаны Фатихқа жолдаған хаты тауық жылы, хижраның 870 жылдың 5-ақпанында жазылғанын есепке алып қарағанда, шындығында тышқан жылының 1468 ж. екендігіне ешбір дау жоқ. Сондықтан да Шу бойындағы ел аузындағы сақталған аңыз бойынша, Қазақ хандығының тышқан жылы көшіп келген мерзімі жазба деректеріне сәйкес келеді. Олай болса, көшіп келу 1457 жылы екендігіне ешбір дау болуы мүмкін емес" [438; 273; 74].

Сонымен, С.Жолдасбайұлының пікірінше, Мырза Хайдар Дулатидың Жәнібек пен Керей билікті хижраның 870 ж. (яғни 1465-1466 ж.) өз қолдарына алды деп көрсетуі хандықтың күшейе бастаған, өзінің көшіп келген жағындағы иеліктерін қайтарып ала бастаған мезгілін білдіреді. Соңғы кезде қарастырып отырған проблема жөнінде Б.Кәрібаевтың көзқарастарында да кейбір өзгерістер болғандығы байқалды. Автор Қазақ хандығының құрылған уақытын нақтылы бір датамен белгілемей, оны, Т.И. Сұлтановтың ізімен, процесс ретінде қарастыруға бейімдік танытты. 1999 ж. Алматыда Мұхаммед Хайдар Дулатидың туғанына 500 жыл толуына орай өткен халықаралық конференциясында жасаған баяндамасында ол Т.И. Сұлтановтың мына ұстанымын еске салды: "Қазақ хандығының құрылуы бір мерзімде емес, сипаты жағынан күрделі, уақыты жағынан ұзақ созылған көп қырлы процесс (астын сызған біз. – С.Г.) болды; дәлірек айтсақ, саяси процестер этникалық процестермен бір уақытта қатар дамыды, бір-бірімен астасып жатты" [189, 238б].

Осы уәждерге табан тіреген Б.Кәрібаев: "Сөйтіп, 1450 жылдардың соңы мен 1470 жылдардың басын Қазақстан тарихында Қазақ хандығының құрылу кезеңі деп атауға болады", – деп жазады [435, 154-155б].

Осы пікірін Б.Кәрібаев, негізінен Қазақ хандығының 1458-1461 жылдар арасында өзінің сыртқы саясатын өзі дербес жүргізетін, толыққанды мемлекет болмағандығымен түсіндіреді, 1461 жылға дейін Керей мен Жәнібек "өзбек-қазақтардың" билеушілері болғанымен, сыртқы саясатта, әсіресе, Жүніс ханға, Әбу Сайд мырзаға қатысты саясатта Есен-Бұға ханның тобында болды. Өйткені, жаңадан құрыла бастаған хандықта сыртқы саясатта дербес, өзіндік бағыт ұстанатын күш әлі де болса жеткіліксіз болатын. Сондықтан да бұл жағдайды, яғни 1458-1461 жылдар аралығын, Б.Кәрібаев Моғолстанның саяси ықпалындағы Қазақ хандығы немесе "мемлекет құрамындағы мемлекет" деп сипаттайды [435, 156б].

1461-1468 жылдары Қазақ хандығы ресми билікке, оған ұмтылушы Жүніс ханға қатысты саясатын өзі таңдап жүргізеді. Осы кезеңде Моғолстандағы саяси күштермен одақтастық дәрежеде қарым-қатынас жүргізе бастады.

Б.Кәрібаев Қазақ хандығының құрылу барысындағы үшінші кезең 1468-1469 жылдар аралығын құрайды деп есептейді. Оның пікірінше, бұл уақыт Әбілхайыр ханның қайтыс болып, 1470 жылдардың басында оның ұрпақтары билігінің Дешті-Қыпшақта жойылуымен анықталады дейді.

Сайып келгенде Б. Кәрібаев Қазақ хандығының құрылу мерзімін Керей мен Жәнібектің саяси билігінің Дешті-Қыпшақтың басым бөлігінде орнауымен және ол жерден Әбілхайырға бағынышты ру-тайпалардың ығыстырылып шығаруымен байланыстырады[435, 158б]. Сонымен автор өзінің бұл мақаласында Т.И. Сұлтановтың тұжырымына қарай ойысады. Б. Кәрібаев толыққанды, дербес, ішкі, сыртқы саясатын тәуелсіз жүргізген Қазақ хандығының Дешті-Қыпшақта билік жүргізе бастауы 1472 жылға саяды деді. Себебі осы жылы Әбілхайыр хан ұрпақтары Түркістан аймағына қоныс аударды, ал Жүніс хан Іле өзені бойында қалмақ тайпаларынан жегіліп, Сыр бойындағы Қара-тоғай деген жерде қыстайды.

Осы мәліметтерді қорыта келіп, Б. Кәрібаев: алғашқы кезеңнің (1458-1461) басты ерекшелігіне хандықтың құрыла бастауы; екінші кезеңнің ерекшелігіне хандықтың өзіндік даму жолын айқындай бастауы, ал үшінші кезеңнің ерекшелігіне хандықтың құрылуының аяқталуы жатады[435, 159б] дейді.

Автор тұжырымдарының логикалық ойлау заңдылықтары негізінде жасалғандығын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен Қазақ хандығының құрылуы барысындағы сыртқы факторларға басымдылық берілген сияқты. Сонымен қатар мемлекеттің негізінің құрылуы нақтылы оқиға мен нақтылы уақыт арқылы анықталуы керек те (мысалы: құрылтай жиналысы; хан сайлауы; жеке бөлініп шығып, өз тәртібімен өмір сүруі т.б.), ал онан кейін аумағының кеңеюі, нығаюы тарихи процесс ретінде қарастырылуы зерттеу әдістерінің басы ашық мәселесі емес пе деп ойлаймыз. М.Қ. Әбусейітова Қазақ хандығының құрылуы жөнінде нақтылы бір датаны атамағанымен, бұл мемлекеттің қалыптасуын "қазақ" терминінің этникалық және саяси мәнге ие болуы кезеңімен (XV ғасырдың аяғы – XVI ғ-дың басы) байланыстыратын сияқты[33, 41б; 54. 34б]

Қорыта айтқанда, ғылыми әдебиетте Қазақ хандығының құрылған мерзімі жөнінде түрлі көзқарастардың орын алып отырғанын көреміз. Хандықтың негізі Батыс Жетісуда қаланды деушілер 1458 және 1465-1466 жылдарға, ол бұрынғы Ақ Орда аумағында (Шығыс Дешті-Қыпшақта) ғана мүмкін болды деген көзқарастағылар 1470-1472 жылдарға тоқталады.

Проблеманы зерттеу нәтижелері Жәнібек пен Керейдің өздерінің қарамағындағы халқымен Әбілхайыр хандығынан бөлініп, басқа жұртқа ауа көшуі Қазақ хандығының құрылуына себепші болған маңызды саяси оқиға болғандығын көрсетеді. Сонымен қатар Қазақ хандығының құрылуын зерттеуде жалғыз ғана Керей мен Жәнібектің Шу бойына келіп қоныстануымен шектелмей, бұл мәселені ортағасырлық Қазақстанның әлеуметтік, саяси, шаруашылық дамуының және қазақтардың этникалық, тарихи ерекшеліктерінің нәтижесі ретінде қарастыру қажеттігі туралы отандық тарих ғылымының 60-жылдардағы методологиялық жетістігі [33, 66б] қазіргі кезде жаңа дерек көздері мен жаңа ұстанымдар тұрғысынан дамытылды. Бұл бағыттағы зерттеу нәтижелері мен қортындылары "Қазақстан тарихының" 1998 ж. жарық көрген екінші томында баяндалды.

Дегенмен онда Қазақ хандығы тарихын зерттеуде кейбір шешілмей келе жатқан түйіндері мен қайшылықты пікірлердің орын алып отарғандығы айтылмаған. Осыған орай біздер болашақ зерттеу нысандары ретінде қазақ хандарының ата-тегін (Орда-Еженненнен, Тоқай-Темірден), Ақ Орда мен Көк Орданың орналасқан аумақтары, құрылған уақыты, саяси тарихы сияқты тақырыптарды ұсынар едік.

3 ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ НЫҒАЮЫ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ (ХҮ ғасырдың 70-жылдары – ХҮІ ғасырдың бірінші ширегі)

3.1 Этникалық аумағының қалыптасуы

Қазақ халқының сан ғасырлар бойғы отарлық бұғаудан босап, өз алдына дербес шаңырақ көтеруіне байланысты, 90-жылдардың бас кезінде кейбір көрші мемлекеттердің баспасөз беттері мен тарихи зерттеулерінде Қазақстан аумағы жөнінде тарихи шындықты бұрмалау, оның батыс, шығыс аймақтарын өздеріне қарату әрекеттері орын алғаны белгілі.

Осы саяси фактор ықпалымен болсын, тарихи таным тұрғысынан болсын, қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасу тарихын зерттеу отандық ғалымдар алдына маңызды проблема ретінде қойылды. Соның нәтижесінде М. Қозыбаевтың, М. Мұқанов, К. Нұрпейісов, Ю. Романов, А. Ақышев, И. Ерофеева, К. Пищулина, Н. Әлімбаевтың қатысуымен жазылған 1990 ж. "Ақиқаттан аттамайық" атты шолу мақала жарық көрді [442; 443, 92, 132б]. Онда Қазақстан шекарасының тарихын анықтауда қазақ халқының шаруашылық, мәдени-географиялық, этнологиялық ерекшеліктерін ескеру керектігі жөніндегі методологиялық маңызы бар мәселе көтерілді. Солай бола тұрғанымен бұл үрдіс аталмыш проблеманы зерттеуде кең көлемді ізденістерге ұласа қойған жоқ.

ХҮ ғасырдың 70-жылдарынан ХҮІ ғасырдың бірінші ширегіне (Қасым ханның өліміне) дейінгі мерзімде Қазақ хандығының этникалық аумағының қалыптасуы арнайы зерттеу нысаны болмағанымен, бұл кезеңге отандық тарихнамада қазақ мемлекеттілігінің нығайып, халықаралық аренаға шығуы ретінде ерекше назар аударылды. К.А. Пищулина ХҮ ғасырдың соңғы он жылдықтары мен ХҮІ ғасырдың басында Қазақ хандығы экономикалық жағынан нығайды және қазақтардың этникалық жерінің едәуір бөлігін қосып алып, аумақтық жағынан кеңейе түсті деп жазса [444, 344б], Кәрібаев Б. ХҮ ғасырдың соңы мен ХҮІ ғасырдың бастапқы жылдары Қазақ хандығы тарихында ерекше орын алады деп көрсетеді [445; 446, 139б]. Соңғы автор бұл мерзімді Қазақ хандығының оңтүстік және оңтүстік-шығыстағы көршілері – Темір ұрпақтарының мемлекеті мен Моғолстан хандығының әлсіреуі және күйреу процестері орындалған, Қазақ хандығының территориялық жағынан кеңейіп, мемлекеттік тұрғыдан нығаяу кезеңі ретінде сипаттайды.

Бұл тұжырымдар ХҮ ғасырдың 70-жылдарынан ХҮІ ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы уақытты Қазақ хандығының нығаяуы мен этникалық аумағының қалыптасуы ретінде қарастыруымыздың ғылыми негізділігін, тақырыптық мазмұны мен хронологиясының үндестігін танытады.

Қазақ хандығының этникалық аумағы, тұрғындарының көші-қон бағыттары мен орналасуы туралы негізгі дерек көздері "Тарих-и Рашиди", "Тауарих-и гузида-йи нусрат-нама", "Фатх-нама", "Шайбани-нама", "Михман-нама-йи Бухари", "Зубдат ал-асар", "Тарихи Кыпчак-хани" сияқты

шығыс авторларының шығармалары, орыстың "Книга Большого чертежа", австриялық дипломат С. Герберштейннің "Записки о Московии" деген күнделігі, болып табылады. Бұлардағы Қазақ хандығының аумағы туралы мәліметтер шашырандылығымен, басқа оқиғалар санатында ұшырасатын жанамалық сипатымен көрінеді, бірақ олардың аталмыш проблема тарихының деректік негіздерін құрайтындығына күмән тудырмайды. Басқаша сөзбен айтқанда, қазіргі таңда Қазақ хандығының этникалық аумағының қалыптасу тарихын зерттеуде қол жеткізген жетістіктердің объективтік сипатта екендігінде сөз жоқ.

Бұл проблемаға қатысты кейбір тұжырымдар ХІХ ғасырда – А.И. Левшиннің, Ш. Уәлихановтың, В.В. Вельминов-Зерновтың еңбектерінде ұшырасады. Өткен ғасырдың 30-40-жылдарында жарық көрген С. Асфендияровтың "История казахского народа"[195, 1016], П.П. Ивановтың "Казахи и Кокандское ханство"[447, 926] т.б. зерттеулерде ХҮІ ғасырдағы қазақ жерінің шекаралары туралы шағын деректер келтірілген .

Қазақ халқының тарихы алғашқы рет біршама толық баяндалған "Қазақ ССР тарихы" деген еңбекте Жәнібек хан ұлысының этникалық аумағы Шу өзенінің төменгі ағысындағы Созақтан Таразға және Шу жазығынан Сайрамға дейінгі жерлерді қамтиды деп жазылды [295, 1046]. Осы анықтама "Қазақ ССР тарихы" деген кейінгі кезеңдерде жарық көрген нұсқаларында да қайталанып отырылды.

С. Жолдасбайұлы өткен ғасырдың 70-жылдарында жазба деректердегі жер аттары мен археологиялық зерттеулер деректерін салыстыра отырып, ХҮ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ хандығының шекарасын анықтауға ұмтылды. Автор Керей мен Жәнібектің Шу бойы мен Қозыбасы тауы өңіріне көшіп келгендігі туралы деректі нақтылап, бұл мемлекеттің алғашқы аумағы Қаратаудың солтүстігі мен Шудың төменгі ағысы (Көк мұрын, Той) деп жазады [295, 746]. Оған тағы бір дәлел ретінде автор қазақтардың алғашқы ордасы, аңыз бойынша, Көк Мұрын мен Тойда болған дейді. Бұл жерлер Шудың төменгі ағысындағы Қара Мұрын сайынан 104 шақырым жерде. Ә.Х.Марғұланның пікірі бойынша, Той арқылы Бетпақдаланы басып өтетін керуен жолымен кейінгі уақытта қазақтар Сарысу, Кеңгір, Ұлытауға дейін барып жайласа, ал қыста оңтүстікке қайта оралып, Қаратау және Шу, Сырдария, Талас өзендерінің бойындағы қыстаулары мен қалаларында қыстаған [448, 276].

"Тарих-и Рашидиде" Қазақ хандығының алғашқы ту тіккен, шаңырақ көтерген жері туралы мәлімет бар. Осы мәселені нақтылап зерттеген К. Ақышев, М. Хабдулина қазақтардың ХҮ ғасырдың 50-жылдарында Шу мен Қозыбасы өңіріне барып орналасқаны жөнінде айта отырып, Мұхаммед Хайдар хандықтың батыс және шығыс шекараларын ғана белгілеген болу керек дейді. Бұл тұжырым авторлардың ХҮ ғасырдағы ескерткіштердің орналасуы жөніндегі тарихи топографиялық, сонымен қатар ХҮІІ-ХҮІІІ

ғасырдың картографиялық негіздерін зерттеу қорытындыларына иық тірейді [425].

К.А. Пишулина Қазақ хандығы алғашқы кезде Жетісудың батыс тарабын (Шу мен Талас алқаптарын) алып жатты; ол Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан қоныс аударып келген ру-тайпаларды ғана емес, Жетісу алқаптарын, тау сілемдерін ежелден мекендеп келе жатқан басқа да тайпаларды біріктірді деп қана көрсетеді [449, 586]. Тұжырымның біршама жалпыламалық сипаты дерек көздерінің Қазақ хандығының алғашқы мекені туралы танымдық мүмкіндігінің шектеулігінен туындаса керек. К. Ақышев пен Х. Хабдулина жүргізген археологиялық, палео-этнологиялық және топографиялық зерттеулері Мұхаммед Хайдар айтып кеткен Шу мен Қозыбасы өңірінің шекараларын анықтауға мүмкіндік берді. Жәнібек пен Керей ұлысының аумағы аталмыш дерек көзінде көрсетілгенінен үш-төрт есе кеңірек болып танылды. Мемлекет шекарасы батыста Шу жазығымен, Қаратаудың солтүстік-шығыс етегімен шектелді. Шығыста Іле Алатауының солтүстік-батыс жағын, Бесбатыр, Дегерес, Қозыбасы жоталарын қамтыды [423].

Егер бұл тұжырым ғалымдар тарапынан қолдауға ие болса, Қазақ хандығының біршама ауқымды территорияда ту тіккенін қазақ жерлерін біріктіруге кіріскенде Керей, Жәнібек, Ақназар хандардың жеткілікті экономикалық және адам ресурстарына арқа сүйегендерін көреміз. Ал, отандық тарихнамада алғашқы Қазақ хандығының күш-қуаты туралы айтыла бермейді, оның өз аумағын кеңейтудегі себептері қарсыластарының дағдарысқа ұшырауы, өзара тартыстары, әскери сәтсіздіктері сияқты факторларды пайдалануда Қазақ хандарының ептілік танытуымен, нәтижесінде әскери-саяси қолайлы жағдайлардың қалыптасуымен түсіндіріледі.

Алғашқы қазақ хандарының сыртқы саясат саласындағы іс-әрекеттері ата-бабаларына тиесілі Ақ Орда мемлекетінің жерін өздеріне қаратуға тырысқаны барлық зерттеулерде көрсетіледі. Бірақ бұл мемлекеттің аумағы нақтылы анықталмаған. Ортағасырлық деректерде Шайбани мемлекеті мен Ақ Орда шекараларының бірдей болғандығы ғана айтылады. Б.Д. Греков, А.Ю. Якубовский, К. Шаниязовтың зерттеулеріне қарағанда, Ақ Орда құрамына Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы өңірлерден басқа, Дешті-Қыпшақтың далалық және орманды алқаптары, яғни қазіргі Қазақстан мен Батыс Сібірдің аумағы кірген [381, 226б; 450, 876]. Орталығы Сығанақ қаласы болған.

Дерек көздерінде Керей мен Жәнібектің далалық өңірлердегі қазақтардың этникалық аумақтарын Қазақ хандығының құрамына қосып алуға бағытталған іс-қимылдары туралы аз айтылады. Оның есесіне Әбілқайыр ханның немерелерінің Түркістан мен далалық өңірлерде шайбанилар үстемдігін қайта қалпына келтіруге тырысқан әрекеттеріне және оларға байланысты оқиғаларға көбірек көңіл бөлінген. Шайбанилық

тарихшылардың мәліметтері көбінесе Түркістан және Арал теңізінің жағалауы, Қаратаудың Солтүстік беткейін ғана қамтиды.

Қазақ хандары да өздерінің ата-бабаларының Сыр бойындағы иеліктерін қайтаруға ұмтылды. Бұл әрекеттер ортағасырлық дерек көздерінде бұрмаланып көрсетілді. Сарай тарихшыларының тұжырымдарына сын көзбен қарамаған кейбір отандық зерттеушілер де Қазақ хандығының этникалық аумағының қалыптасуы көршілес мемлекеттердің жерлеріне шапқыншылықтар нәтижесінде қалыптасты деген ғылыми негізі жоқ пікір айтады. С.Е. Толыбеков: "Көшпелі қазақ хандығы құрылған сәттен бастап ол кейде Моғолстанмен одақтасып, кейде жеке өзі Орта Азияның көршілес отырықшы тұрғындарын "тонаушылықпен айналысты", – дейді [302, 184-185б]. Белгілі ғалымның мұндай сыңаржақты пікірі, әрине, дерек көздерінің ерекшеліктерінен ғана емес, кеңес тарихнамасында көшпелілерді "қиратушы", "жабайы" күш ретінде көрсететін идеологиялық концепцияның үстем болуынан туындап отырғаны белгілі. Сол себепті соңғы уақытта ғалымдар Орта Азия мен Қазақстан кеңістігіндегі этникалық және аумақтық процестерді динамикалық (статикалық емес) сипатта қарастыруға бейімділік танытады. Осы зерттеу әдісі жөнінде К.А. Пищулина "Территория" деген мақаласында былай деп көрсетеді: "Қазақ жайлаған, одан бұрын қазақ халқын құрған ру-тайпалар жайлаған жер жайлы... пікір қайшылығынан, дерек қайшылығынан тек қана бір жол арқылы – этносты құрған этникалық компоненттерді, этникалық аймақты қатып қалған қағида күйінде емес, жанды тарихи құбылыс ретінде, қозғалыс үстінде қарау көршілес халықтардың тарихи тағдырымен салыстыра отырып, әрбір этникалық топтың өзінің қазіргі, негізгі жеріне қай уақытта, қалай жылжыды, міне, осындай нәрселерді анықтау арқылы ғана арылуға болады" [420, 49б].

К.А. Пищулина, Т.И. Сұлтанов, Н. Мингулов, Б. Кәрібаев, П.П. Иванов, С. Асфендияровтың еңбектерінде қазақ хандығының этникалық аумағының қалыптасуының негізгі кезеңдері мен географиялық бағыттары қарастырылды. Алғашқы төрт ғалымның зерттеулерінде 60-жылдардың аяғы мен 70-жылдардың басында Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан Әбілқайырдың өлімінен кейін орын алған дүрбелеңнен бас сауғалап келген көшпелілер есебінен Қазақ хандығы халқының саны арта түскендігі, сонымен қатар 70-жылдардан бастап Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда қазақ әміршілеріне қарсы тұрарлықтай күштің болмағандығы жөнінде қорытындылар жасалынды, Сыр өңірі үшін күрестің экономикалық және стратегиялық маңыздылығына тоқталынды [48, 105б; 427, 61б; 451, 69-121б; 189, 241-243б; 452, 73-89б; 453].

Түркістан тарихын зерттеушілер Е. Смағұлов пен М. Тұяқбаев ХҮ ғасырдың 60-70 жылдары кезіндегі бұл өңірдегі саяси және әскери ахуал жөнінде Сыр бойы қалалары үшін тимуридтер, шайбанидтер, қазақ және

моғол хандары бір-бірімен күрес жүргізді, Сырдария далалары олардың соғыс алаңына айналды деп жазды [454-40].

Б. Кәрібаев қазақ хандары Түркістан аймағындағы істерге ХҮ ғасырдың 70-жылдарынан араласа бастады деп қана жазса [453-86], К.А. Пищулина Шығыс Дешті Қыпшақтың далалық аудандары мен Оңтүстік Қазақстанның (Түркістанның) қала орталықтарында үстемдік орнату жолындағы күрес ХҮ ғасырдың 70-80-жылдарында Жәнібек және Керей хандар мен олардың мирасқоры Бұрындық ханның іс-қимылдарының негізгі бағыты болды деп көрсетеді [444, 345б].

Дерек көздерін тереңдей оқып және осы негізде пайымдауға байланысты Қазақ хандығының ХҮ ғасырдың соңына қарайғы уақыттағы Оңтүстік Қазақстан аумағында өзіне қаратқан иеліктері жөнінде шағын айырмашылықтар бар екендігі байқалады. Мысалы, Б. Кәрібаев ХҮ ғасырдың соңғы ширегінде Қазақ хандығы Сырдың Солтүстік өңіріндегі Сығанак, Созақ және Сауран қалаларының төңірегіне ие болды дейді [453, 86б]. Дегенмен бұл мәселеде Сыр өңірі және ондағы қалалар, үшін күрес барысын зерттеуде Қазақ хандығы тарихын көптен зерттеп келе жатқан К.А. Пищулина нақтылық танытады және бұл мәселе төңірегіндегі тұжырымдары толық та, нанымды көрінеді. Автордың көрсетуінше, ХҮ ғасырдың аяғында (яғни Б. Кәрібаев айтып отырған мерзімде) Қазақ хандарының билігі Сығанакта, Сауран мен оның төңірегінде (солтүстігінде), Қаратаудың Созақпен қоса алған жапсарлас ауданы және оның теріскейі мен күнгейіндегі, Сырдарияның төменгі ағысындағы басқа да қоныстарда, Арал өңірінде орнаған. Сонымен ХҮІ ғасырдың соңғы үштен бірінде Оңтүстік Қазақстанның едәуір бөлігі, көптеген далалық аудандар Қазақ хандығына қараған] 449, 58б; 444, 353б]. Н.Н. Мингулов та "К некоторым вопросам изичения Ак-Орды" деген еңбегінде нақ осындай тұжырымға келген [48, 118б]. Бұл автор тек Қазақ хандығына Арал өңірінің солтүстік жағалауы қарағандығы жөнінде ғана өз пікірін білдіреді, сонымен қатар Орталық Қазақстанның көп бөлігінің де қосылып алынғандығы туралы жазады.

Осы мәліметтерге қарағанда, С. Смағұлов пен М. Тұяқбаевтың ХҮ ғасырдың соңында Мұхаммед Шайбани өз қол астында Отырар, Йасы, Арқұқ, Өзгент, Сығанак, Сауран қалаларын сақтап қалды, Қазақ хандығына тек Созақ уалаяты ғана қарады деген тұжырымдары әлі де нақтылай түсуді қажет етеді деп ойлаймыз [454, 21б]. Бұлай деп айтуымызға К.Ш. Шаниязовтың зерттеу қорытындылары да дәлел бола алады. Ол өзінің "ХІҮ-ХҮІІ ғасырлардағы өзбектердің этникалық динамикасы және этникалық байланыстарының кейбір мәселелері" деген еңбегінде: "ХҮ ғасырдың аяғы – ХҮІ ғасырдың бас кезінде қазақ халқының күшейіп алғаны сондай, олар өз көші-қондарын қорғауға қабілетті болып қана қоймай, шайбанилық өзбектерге қарсы сәтті жорықтар да ұйымдастыра алды. Өзбектердің бір

бөлігі Мауреннахрға кетіп қалғаннан кейін қазақтар біртіндеп Шығыс Дешті-Қыпшақтың далалық өңірін өздеріне қаратты", – деп жазды [450].

Осы кезеңде Қазақ хандығының Жетісудағы иеліктері де кеңейді. К.А. Пищулина Оңтүстік-Шығыс Қазақстан халқының бір әулет хандарының (Моғолстандағы Шағатай ұрпақтарының) билігінен шығып, басқа әулет хандарының (Жошыдан тараған Ақ Орда хандары ұрпақтарының) билігіне көп шиеленіссіз, қантөгіссіз өтуінің себебін олардың, яғни Қазақ хандығы мен Моғолстанды мекендеген ру-тайпалардың этникалық тегінің, тарихи тағдырларының ортақтығымен түсіндіреді. Автор осы және басқа да факторлар жиынтығы, аймақтағы әскери-саяси оқиғалардың барысы мен қорытындылары моғол хандарының Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы ықпалы әлсіреп, ХҮІ ғасырдың басында толық жойылуына және бұл өлкенің Қазақ хандығына қарауына әкелді деп көрсетеді [427, 636; 444, 3666].

Қазақ хандығына Моғолстан жері түгел енген жоқ. Себебі оның аумағы Ертістен Алтайға дейін созылып жатты. Оған, М. Қозыбаевтың көрсетуінше, Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Жонғария территориясы және Шығыс Қазақстанның бір бөлігі енді [443, 1116]. Ал, Мұхаммед Хайдар Моғолстанның аумағы жөнінде былай дейді: "Қазіргі күнде Моғолстан атанып отырған аумақтың көлемі... шығыс шеті қалмақтар жерімен шектесіп, Барыскөл (Баркөл), Еміл және Ертіс өзендерін қамтиды. Оның жеріне солтүстікте Көкше теңіз (Балқаш), Бум және Қаратал өзендері кіреді. Моғолстан батыс жақта Түркістан және Ташкентпен шектеседі, ал оңтүстікте Ферғана уалаятымен, Қашқар, Ақсу Шалшы және Тұрпанмен шектеседі" [221,237-238б]. Ал, Махмуд ибн Вали: "Моғолстанда Жайқұннан (Амудариядан) қалыспайтын көптеген ұлы өзендер бар, олар Іле, Еміл, Ертіс, Чуйлық (Шу) және Нарын, бұл өзендер Сайқұннан (Сырдариядан) кем емес. Бірсыпыра өзен-сулары Көкше теңіз (Балқаш) көліне құяды. Көкше теңіз – Моғолстан мен Өзбекстанның (Шығыс-Дешті Қыпшақтың) арасын айырып тұрады" [455].

Дерек көздеріндегі мәліметтердің түрліше берілуі, әрине, тарихи оқиғаларға байланысты Моғолстанның жер көлемінің өзгеріп отыруына байланысты болу керек деп ойлаймыз. Дегенмен бұл мемлекеттің негізгі жері – Іле өңірі, Жетісу және қазіргі Қырғызстан аумағы еді. Н. Мыңжанидың зерттеу нәтижелері де ХҮІ ғасырдың басында Жүніс хан ұрпақтары арасындағы алауыздықтар салдарынан Моғолстанның ыдырағанын, Жетісу мен Іле өңірінің Қазақ хандығының негізгі бөлігіне айналғанын растайды [456].

ХҮІ ғасырдың бас кезіндегі Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайы әлі де болса тұрақтана қоймағандығы жөніндегі ортақ пікірге келінді. Себебі ол кезде Йасы әлі де өзбектер билеген аумақта болды. Шайбани хан өмірінің соңғы жылдары Сырдың төменгі ағысындағы қазақ жерлеріне бірнеше рет жорық жасады. 1509 жылы ұйымдастырылған сондай

жорықтардың бірінде өзбек жасақтары Сығанақтан асып, қазақ қыстауларын аяусыз тонады.

Осы кездегі Қазақ хандығының аумағы жөніндегі мәліметтер Рузбеханның "Михман-намеи Бухара" деген еңбегінде қамтылған. 1509 ж. жазылған бұл дерек көзін талдаған С.К. Ибрагимовтің мақаласында қазақ қыстауларының орналасқан жерлері, Дешті-Қыпшақтағы көші-қон жолдары туралы айтылады. Автор, әсіресе, Фазлаллах бен Рузбеханның шығармасындағы "Түркістан елдері мен қазақ жерлерінің орналасуы туралы әңгіме" деген бөліміндегі "Қазақтар Дешті-Қыпшақ деп аталатын көлемі 600 фарсанг (бір фарсанг – 6,7 шақырым) тегістік жерде орналасқан" деген мәліметтеріне назар аударады [457].

Шығармасының келесі бір жерінде қазақтардың жаз кезінде Еділ жағалауында және оның маңайында екі-үш ай бойы көшіп-қонып жүретінін жазады. Ол кезде Еділ маңын Ноғай ұлысына кірген рулар қоныстанған. Олай болса, деп көрсетеді С.К. Ибрагимов аталмыш уақытта Ноғай ұлысының бір бөлігі Қазақ хандығы құрамына енген болып шығады.

Хандықтың оңтүстіктегі аймағы Түркістан қаласына дейін жеткен. С.К. Ибрагимов бұл жөнінде де Рузбеханның қазақтар қыс кезінде өздері Сырдария деп аталатын Сейхун өзені бойындағы қыстауларына оралады, олардың Сейхун өзені бойындағы мекендері 300 фарсагке дейін созылып жатырғанға ұқсайды деген сөздерін келтіреді. Қазақ қыстаулары Қаракұмда да болған [457, 1456]. С.К. Ибрагимов өзбек тайпаларының бір бөлігінің Мауреннахр мен Хорасанға кетуіне байланысты ХҮІ ғасырдың бас кезінде Қазақ иеліктерінің шекаралары анықтала түсті, халқының рулық құрамы да ерекшеленді деп есептейді. Осы негізде ол Қазақ хандығы тарихының алғашқы кезеңі ХҮ ғасырдың 60-жылдарынан 1506-1507 жылдарға дейін кезеңді қамтиды деп жазады.

Бірақ бұл тұжырым тарихи оқиғалардың дамуы мен аяқталуы, Қазақ хандығының нығаю процесі тұрғысынан негізсіз бе деп ойлаймыз. Оны автор өзі де сезінетін сияқты. Шындығына келгенде, деп жазады С.К. Ибрагимов, батыста маңғыт әмірлерімен, Жетісуда моғолстан хандарымен солтүстікте сібір хандарымен (олар да Шайбани тегінен) болған күресте алғашқы қазақ иеліктерінің шекаралары Орталық Қазақстан мен Сырдария жағалауларында бірде кеңейіп, бірде шегеріліп отырды деп жазады] 457, 1496].

Қазақ хандығының аумағы Шайбани ханның Ұлытауға жасаған жорығында күйрей жеңілуінен кейін (1510 ж.) кеңейе түскендігі тарихи мәліметтерімен расталады. К.А. Пищулина Қазақ хандығының қуаты ең артқан уақыты ХҮІ ғасырдың алғашқы ширегінде, Қасым ханның (1511-1521 ж.) тұсында орын алды деп жазады [449-59]. Осы өзгерістің көрінісі ретінде 1512 жылдан Қазақ хандығы парсы деректерінде "Қазақстан" деп атала бастады [458, 2526].

Қасым хан тұсында Қазақ хандығының батыс шекаралары кеңейіп, Ноғай Ордасы халқының, әсіресе, алшындардың біраз бөлігінің қазақтарға қосылғандығы М. Тынышпаев еңбектерінде көрсетілді. Ол Бұрындық ханның Сарайшықты мекендегені, 1512 жылдың қысын Қасым ханның Қаратал деген жерде өткізгендігі жөнінде, басқа да мәліметтерді талдап, 16 ғасырдың бас кезіндегі Қазақ иеліктерінің аумағын анықтауға тырысты. М. Тынышпаевтың пікірінше, қазақтардың этникалық аумағы Сарайшықтан Жоңғар тауларына, Ұлытаудан Сырдарияның орта ағысына дейінгі жерлерді алып жатқан [159, 616, 72].

Ғалымның Қазақ хандығының аумағы туралы бұл мәліметтері 1512 ж. Қасым ханның Сайрамды басып алып, Сүйініш Қожа хан билеген Ташкент аймағын қаңыратып кеткен жорығынан кейінгі мерзімге қатысты болуы керек. Қалай болғанда да М. Тынышпаевтың тұжырымы Абдаллах бен Мұхаммед бен Али Насруллахидың мәліметтері 1513 жылға қатысты "Зуббдат ал-Асар" шығармасындағы: "Қасым хан – Дешті Қыпшақ падишахы. Ол ұлы істерге жаратылған; қазақ және манғыт әскерлерін жинап, Ташкент пен Түркістанға жорық ұйымдастырды" деген хабарына сәйкес келеді [459, 1126].

Б. Кәрібаевтың 1513 ж. Қазақ хандығына Түркістанның Сайрам аймағына дейінгі жерлер енді деуі де тарихи шындыққа қайшы келмейді [452].

Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының өрлеуі мен жер көлемінің кеңеюі Т.И. Сұлтановтың еңбектерінде қарастырылды. Автор 1514 жылдың көктемінде Шағатай ұрпағы Саид ханның Жетісудан кетіп, Шығыс Түркістанда Шығыс хроникаларында Моғулия аталған (орталығы Жаркент) жаңа мемлекеттің негізін қалауы нәтижесінде Жетісуда қолайлы саяси жағдайдың орнағанын, оны ұтымды пайдалана білген Қасым ханның мемлекет шекарасын барлық бағытта кеңейте түскендігіне назар аударады. Бұл кезде хандықтың шекарасы оңтүстігінде Сырдарияның оң жағалауына дейін жетіп, Түркістан қалаларының бір бөлігін, оңтүстік-шығысында Жетісудың тау етектері мен жазықтарының бір бөлігін қамтиды, солтүстік-шығысында Ұлытау және Балқаш көлі өңірі арқылы өтіп, Қарқаралы тауларының сілемдеріне дейін, Солтүстік-батысында Жайық өзені аңғарына дейін жеткен [283- 375-3766].

К.А. Пищулина ХҮІ ғасырдың бірінші ширегінде хандықтың шекарасы батыста Жайыққа дейін, оңтүстік-шығыста Іле мен Қаратал өзені аралығына дейін жетті деп көрсетеді [449].

Ортағасырлық деректерде де көрсетілгендей, Қасым ханның Жетісуда қыстап, жазда Жайық бойын мекендеуі хандық шекарасының өлшеусіз кеңейгендігіне дәлел бола алады [403].

Қасым хан тұсында Қазақ хандығының нығайып, сыртқы саясатында дербес іс-әрекетке көшкендігін басқа да зерттеушілер атап көрсетеді [460, 1406].

Қазақ хандығының ХҮІ ғасырдың бірінші ширегінде күш-қуатының артқандығы Мұхаммед Хайдардың еңбегінде анық көрсетілді. Онда: "Қасым хан Дешті-Қыпшақтың толық әміршісіне айналды, Жошы ханнан кейін одан ешкімнің күш-қуаты артып көрген жоқ. Оның әскер саны жүз мыңға жетті", – деп көрсетілді. Осы кезеңде Қазақ хандығы, оның көршілерімен қарым-қатынасы Московия мемлекетіне белгілі болды. Орыс тыңшысы Занько Зудов Азовта болған кезінде 1521 ж. қысында Қасым ханның қайтыс болғаны туралы Москваға хабарлаған [461; 462]. Осыған байланысты Қадырғали би Қосымұлының "Жылнамалар жинағында" Қасым хан "тоғыз жүз отызда Сарайшықта офат болды" [463] деген мәліметіне көптеген тарихшыларымыздың әлі де иек артып жүргендігін айта кетуіміз керек. Бұл мәселеге назар аударып отырған себебіміз біздің зерттеуіміздің хронологиялық шеңбері Қасым ханның қайтыс болуымен (1521 не 1523 ж.) шектелуіне байланысты Қасым хандығы Батыс Еуропаға да танымал болғанға ұқсайды. Австриялық дипломат Сигизмунд Герберштейннің (1486-1566 ж.) "Записки о Московии" деген еңбегінде қазақтар мекендеген аумақ туралы, оның Көшім тұсындағы Сібір хандығымен, Ноғай Ордасымен, Орта Азия "татарларымен" шектесетіндігі жөнінде, Сарайшық қаласы туралы да шағын мәліметтер берілген [464, 170,181б]. Бұл деректерді С. Герберштейн Московияда 1517, 1526 жылдары болған кезінде жинаған. Авторға шайбанилық "татарлар", қалмақтар да белгілі. Император Максимилианның Москваға аттандырған Франческо Да-Колло басқарған екінші елшілігі де "Жайыққа жалғас жатқан қазақ жерлері" туралы қосымша деректер алып қайтты [198, 77б].

Н. Атығаев "Дүрбелең кезеңнің" хроникасы (1521-1559 ж.)" деген мақаласында Қазақ хандығы Батыс Еуропаға Қасым тұсында емес, кейінірек, ХҮІ-ғасырдың 30-40 жылдарында, белгілі болған деген жорамал айтады [462, 151б].

Біздің ойымызша, бұл жорамалға негіз жоқ. Себебі С. Герберштейннің еңбегінде айтылатын Шидак мырзаның (Сеид-Ахмедтің) Қазақ хандығы туралы мәліметке қатысы жоқ. Автор Московияда 1517, 1526 жылдары болған және қазақтар туралы мәліметті Москваға келген көпестерден алған сияқты. Ал, оның айтып отырған Шидак мырзасы Сеид-Ахмед болған күннің өзінде де, ол туралы мәлімет басқа дерек көздерінен жетуі мүмкін.

Қорыта айтқанда, тарихи әдебиетте Қасым хан тұсында Қазақ хандығының Батыс Еуропаға белгілі болғандығы [128, 271б] туралы тұжырым тарихи шындыққа сай келеді. Қазақ хандығының жер көлемінің Еділ-Жайыққа дейін кеңейіп, нығая түскендігін 1521 жылдың басында Қырым ханы Мұхаммед-Гирейдің түрік сұлтаны Сүлеймен II-ге жолдаған хатынан да көруге болады. Онда ноғай жеріне "қазақ" деген атпен мәлім сансыз бір тайпа ел ханымен көшіп барып орналасты" делінген [465, 34б].

Қасым тұсында қалыптасқан Қазақ хандығының аумағын кейінгі кезеңдегі дерек көздерінде кездесетін, олардың ішінде мәліметтері ХҮІ

ғасырдың орта кезіне қатысты "Книга Большого чертежа" [466, 356] деректермен салыстырғанда қазақ халқының этникалық территориясының негізі ХҮІ ғасырдың 20-жылдарында қалыптасып, шекарасы тұрақтанғандығын көрсетеді.

Қазақтардың этникалық қоныстарының бір мемлекет құрамында жинақталуы халықтың тарихи тағдырына үлкен оң ықпал жасады. Ол халықтың өзінің қалыптасу процесінің аяқталуына, Қазақ хандығының мемлекеттік атрибуттарының жетілуіне, өндіргіш күштердің дамуына жағдай туғызды. Шаруашылық жүргізудің көшпелілік пен отырықшылыққа негізделген симбиозы қалыптасты Отырар, Сығанақ, Арқұқ, Йасы, Сайрам басты қалалық орталықтар болды [373, 4576].

Бірақ түбі бір түркі тектестіктен де жақын қазақ, өзбек, ноғай, қырғыз, моғол халықтарының өзге отау тігіп, аумақтық шекараларын белгілеуі бірте-бірте олардың шаруашылық укладтары тілі, материалдық және рухани мәдениетіндегі ерекшеліктердің дамуына жол ашты.

3.2 Халқының орналасуы және этникалық құрамы

Қазақ хандығының құрылуы және нығаюы кезіндегі этникалық проблемаларды көршілес түркі халықтарының тарихымен өзара байланыста зерттеу ғана методологиялық тұрғыдан дұрыс ұстаным ретінде танылды. Сол себепті С.Г. Агаджановтың [361], С.М. Абрам-зонның [467], Т.А. Жданконың [468], Р.Г. Кузеевтің [168], Л.П. Потаповтың [469], Б.Х. Кармышеваның, К. Шаниязовтың [242; 243; 244], П.П. Ивановтың, Б.А. Ахмедовтың [235] іргелі зерттеулері қазақ мемлекетінің этникалық аумағының қалыптасуы, халқының орналасуы және этникалық компоненттері секілді проблемалары тарихнамасының құрамды бөлігі болып табылады. Бұл ғалымдардың еңбектеріндегі, әсіресе, көшпелі өзбектердің этникалық құрамы, түрікмендер, қырғыздар, башқұрттар мен моғолдардың тарихы жөніндегі мәліметтері мен тұжырымдарынсыз қазақ халқының орта ғасырлардағы этникалық тарихын объективтік және толық негізде зерттеу қиынға соғады. Бұл жағдай Б. Кочекаевтың, И.Х. Калмыков, Р.Х. Керейтов, А. Сикалиевтің ноғай халқының тарихы, ноғайлардың қазақ халқымен тарихи, этникалық және мәдени байланыстарына арналған еңбектеріне де тікелей қатысты [471].

Р.Х. Керейтов ноғай халқының қалыптасуына қыпшақ, қаңлы, үйсін, керейіт тайпаларының белсенді қатысқаны, жалпы ноғай мен қазақ халықтарының рулық құрамының өте жақын екендігі туралы жазса [247-44-47], М.Г. Сафарғалиев [472], А. Сикалиев [473-132], Б. Кочекаев [401 ХҮІ ғасырда Ноғай ордасы құрамында үйсін, қаңлы, телеу, құман, қыпшақ, жалайыр, керейіт, найман, алшын, қият, қоңырат тайпалары болғандығы жөнінде мәліметтер келтіреді.

Қарастырылып отырған тақырыпты зерттеуде Б. Ахмедовтың "Көшпелі өзбектер мемлекеті" (1965 ж.) деген монографиясындағы Дешті- Қыпшақ тұрғындары туралы білдірілген негізгі тұжырымдарының да ғылыми құндылығы жоғалған жоқ. Бірақ соңғы кездегі тарих ғылымының жетістіктері көшпелі өзбектердің бұрын да көрсетілген этникалық құрамына жаңа қауымдар мен тайпаларды қосу керектігін, яғни кейбір өзгерістер енгізуді қажет ететіндігін көрсетеді.

Көшпелі өзбектер мен қазақтардың этникалық аумағындағы ұлан-байтақ жерлерді алып жатқан Әбілқайыр хандығын деректемелерде "Государствр кочевых узбеков" деп атағаны белгілі. Алайда онда Орта Азиядағы өзбек халқының болашақ компоненті ретінде тек көшпелі өзбектер ғана өмір сүрген жоқ. ХҮІ ғасыр авторы Рузбехан Исфханидің айтуына қарағанда, онда қазақтар мен маңғыттар да тұрған және олар халықтың басым көпшілігін құраған. Батыс деректерінде осы Өзбек ұлысын "Қыпшақ хандығы" деп те атайды.

Аталмыш методологиялық ұстанымның ерекшелігі қазақ халқының құрамына енген рулар мен тайпалардың орналасуы мен этникалық тарихын миграциялық факторды, сол арқылы ассимиляциялық процестерді ескере отырып зерттеу болып табылады. Осы тұрғыдан келіп, қазақ және түрікмен халықтарына назар аударған Д. Қыдырбекұлы мен Г. Аннақұлиева олардың этногенезі процесінде және жақын генетикалық қатынаста болуында миграциялық процестердің маңызды рөл атқарғандығы туралы пікір қорытады [474, 486]. Бұл да бұрыннан қалыптасқан, ғалымдар тарапынан танылған, соңғы бестомдық "Қазақстан тарихында" барынша дәлелденген. Оның дәлелі ретінде бірінші томында оғыз тайпаларының қазақтардың, қырғыздардың, татар, башқұрт, түркімен, өзбек, қарақалпақтардың қалыптасуына бір компоненті ретінде ат салысқаны көрсетілген [337].

Осы халықтардың этногенезіне қарлұқ және қыпшақтар да қатысқан. Адай тайпасы ІХ-Х ғасырларда оғыз мемлекетінің құрамында, одан соң қыпшақ одағында болып, қазіргі Батыс Қазақстанның үлкен кеңістігінде (Ойыл, Ембі, Сағыз, Жайық өзендері алқабында) және одан тыс жерлерде де қоныс тепті. Адайлар Алтын Орда, Көк Орда және Ноғай Ордасының, ХҮ ғасырда Қазақ хандығының құрамына енді.

Миграциялық процестің көне замандардан жалғасып келе жатқандығын басқа да рулар мен тайпалар тарихы дәлелдей түседі. Таз руының құрамында абдал тармағы бар. Олар болса (абдалдар) ІҮ-Ү ғасырларда Батыс Қазақстан аумағын мекендеген эфталиттерден (ақ ғұндар) тарайды. Алаша руы түркімен тайпасы сарықтар құрамында кездеседі [337]. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Отандық ғалымдардың бұл бағыттағы ізденістері қазақ халқының құрамына енген этникалық компоненттердің ежелгі заманнан өзара аралас-құралас болғандығы жөніндегі идеяны негіздеуге бағытталған. Қазақ және басқа да түрік тектес халықтардың этникалық құрамын, көне замандарда, орта ғасырларда

олардың орналасуы, бір өңірден екінші өңірге қоныс аударуын зерттеуде топонимдер мен этнонимдерді зерттеудің ғылымға қосар өзіндік үлесі бар [475; 476; 477]. Отандық ғалымдар, көбінесе, көне этнонимдерді зерттеуді қолға алды. Ә. Әбдірахманов өз еңбектерінде тайпа атаулары негізінде қазақ халқының құрамына әртүрлі тарихи кезеңдерде иран ("созақ", "чапраз"), араб ("қожалар") және монғол этнокомпоненттерінің (қатаған, манғытай) енгендігін дәлелдеуге тырысты [478; 479].

Қазақ халқының рулық-тайпалық құрылымын зерттеу Ресейде ХҮІІІ ғасырдың өзінде-ақ қолға алынды және бұл бағыттағы ғылыми ізденістер отарлық саясат мүддесіне бағындырылды. Сол себепті қазақ рулары мен тайпаларының орта ғасырлар кезіндегі тарихына көп көңіл бөлінбеді. А.И. Левшин[214, 656], Н. Аристов[223], А. Харузин[218, 65-66б, 68, 71б, 76, 89б] сияқты тарихшылар жалайыр, қаңлы, қоңырат, үйсін, найман, керей (керейіт), қыпшақ, арғын, алшын тайпаларының көне заманнан белгілі екендігі, орналасуы, өзара қатынастары сияқты мәселелер төңірегінде шағын ескертулермен ғана шектелді.

Қазақ халқын құраған ру-тайпалар туралы алғашқы зерттеулердің бірі – М.Тынышпаевтың "Қырғыз-қазақ халқы тарихының материалдары", "Қырғыз-қазақ руларының генеалогиясы" да қарастырылған бұл еңбек ғалымының 1924 және 1925 жылдары Орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімінде оқыған лекцияларынан тұрады. Онда кейбір қазақ рулары мен тайпаларының Қазақ хандығы құрамына ену тарихы, орналасуы, тілдік, нәсілдік тегі туралы құнды мәліметтер қамтылған. Батыс және ортағасырлық шығыс авторларының деректері негізінде М. Тынышпаев үйсін, қаңлы, арғын, керей, уақ, найман, қоңырат, қыпшақ, алшын т.б. этникалық топтардың көне дәуірден ХҮІІІ ғасырдың орта кезіне дейінгі тарихына, ұрандары мен таңбаларына тоқталады [159, 6-41б].

Автор жинақтаған мәліметтерден мына жағдайларды аңғаруға болады: 1) жалайырлар Ақ-Орда мемлекетіндегі белгілі тайпалардың бірі және Орыс хан мен оның балаларының жасақтарының ұйытқысы болған; 2) Қазақ хандығы құрамына алғашқы енгендердің бірі – қаңлылар, себебі олар ХІҮ ғасырдың аяғында Сырдария мен Талас аралығын қоныстанған; 3) арғындар ХҮ ғасырдың бас кезінен Барақ ханның, одан кейін Жәнібектің қоластында болған; 4) осы кезден, дәлірек айтсақ, арғындар мен керейлер (әсіресе, ашамайлы руы) өзара тығыз қатынаста болады. Керейлер 1420 жылғы Барақтың Ташкент пен Ходжентке жасаған жорығына қатысады [159 - 2, 7, 10, 136].

М. Тынышпаевтан кейін отандық тарихнамада қазақ халқының этникалық тарихын тереңдеп зерттеуге әрекеттер жасалына қоймады, себебі "рушылдық", "ұлтшылдық" деген айып тағылып, идеологиялық қуғындауға ұшырау қаупі баршылық еді. Тақырып тек 60-жылдардан ғана арнайы зерттеу нысанына айнала бастады. Орта ғасырлар кезінде қазақ халқының құрамына енген этникалық компоненттері жөнінде бірнеше іргелі еңбектер

жарияланды, бұл проблеманы зерттеу әдістері мен методологиясы қалыптасты.

К.А. Пищулина қазақ халқының ХІҮ-ХҮ ғасырлардағы рулық-тайпалық құрылымы және орналасуы мәселесін зерттеуде оның үш-төрт географиялық аймақта орналасқан этникалық ұйытқы негізінде қалыптасқандығы туралы идеяны басшылыққа алады. Бұл концепцияның мәні болашақ қазақ этносының ұйытқысы Әбілқайыр хандығында (көшпелі өзбек мемлекетінде), Ноғай ордасында және Моғолстанда көріне бастағандығы туралы пікірге тіреледі. Осы этникалық-географиялық ошақтардың барлығында бірдей ру-тайпалар (қыпшақтар, кеңгерес, қоңырат, найман, арғын, қаңлы, алшын, қарлұқ, алаш және т.б.) қазақ халқының негізін қалады.

Қазақ этносы қалыптасуының тағы бір ошағы Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібір өңірі болғандығы туралы пікір ешбір талас тудырмағанымен, бұл мәселе әлі түпкілікті зерттеле қойған жоқ. К.А. Пищулина: "Батыс Сібір тайпаларымен көрші болып, оларға елеулі ықпал еткен қазақ тайпаларының негізгі ұйытқысы қыпшақтар еді. Есіл, Торғай далаларының, Ертіс бойының қыпшақтары: құлан-қыпшақ, қытай-қыпшақ, сағал-қыпшақ, торайғыр-қыпшақ және мажар (мадьяр) – қыпшақ бірлестіктеріне бөлінді", – деп жазады.

Батыс Сібірде ең ірі этникалық-саяси құрылымдардың бірі Орта Еділ, Тобыл, Есіл мен Тура аумағындағы түркі тілді тайпалардың бірлестігі болды да, онда керейіттер басты рөл атқарды деп көрсетеді зерттеушілер (М.К. Қозыбаев, К.А. Пищулина, М.С. Мұқанов және т.б.). К.А. Пищулинаның қазақ этногенезінің бірнеше этникалық ұйытқылар негізінде дамығандығы туралы концепциясы отандық тарихнамада әлі де болса кең көлемде талқыланып, бағасын ала қойған жоқ. Соған қарамастан орта ғасырлар кезіндегі қазақ рулары мен тайпаларының этникалық тарихы мен орналасуын зерттеу жеке-жеке этносаяси бірлестіктер шеңберінде жүзеге асырылып келеді.

Қазақ халқының басты этникалық ұйытқыларының бірі негізін Ақ Орда мемлекеті құрған Өзбек ұлысы жөнінде, оның халқының құрамы, орналасуы туралы іргелі еңбек Б. Ахмедовтың "Көшпелі өзбектер мемлекеті" екендігі жоғарыда айтылып өткен. Отандық тарихнамада бұл тақырып Т.И. Сұлтановтың еңбектерінде зерттелді. Оның "Арал өңіріндегі тайпалар" деген кітабы мен "Опыт анализа традиционных списков 92 племен илатьи" деген мақаласында ортағасырлық шығармаларда айтылатын 92 өзбек, шындығына келсек, қыпшақ көшпелі тайпаларының тізімдерін сараптау жасалынып, олардың ішінде қазақ және өзбек халықтарының құрамына енген ортақ ру-тайпалар анықталған. Автор ХҮІ ғасырда Ферғанада жазылған Ахсикентидің "Маджму ат-таварих" шығармасының үш тізімінде көрсетілген "92 илатьи тайпаларының" 20-сы қазақ халқының құрамында да кездесетіндігіне назар аударады [480; 481].

Көшпелі өзбек тайпаларының Қазақстан аумағындағы этногенетикалық процестерге қатысты мәселе басқа да зерттеушілер тарапынан жалғасын табуда [482].

Отандық тарихнамада Қазақ хандығының шаңырақ көтерген аумағы Моғолстан мен Жетісу халқының этникалық құрамын зерттеу басым бағыт ретінде қалыптасты. Н. Мыңжан Моғолстан мемлекетінің негізгі халқы дулат (дуғлат), қаңлы (бекшік), үйсін, керей (керейіт), арғынот (арғын), барын, барлас, бұлғач, т.б. тайпалар болды; олардың басым көпшілігі ежелден осы өңірде өмір сүрген түркі тілдес тайпалар, сонымен бірге түріктеніп кеткен монғолдар еді деп жазады [456, 228б].

К.А. Пищулина еңбектерінде Моғолстан мен Жетісу халқының рулық-тайпалық құрамы, олардың Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы кезеңіндегі этникалық процестер мен саяси оқиғаларға қатысуы, қазақ халқының қалыптасуындағы рөлі шығыс дерек көздері негізінде жан-жақты зерттелді [428].

В.П. Юдин Моғолстан мен Моғулияның "моғолдар" деген атпен белгілі рулары мен тайпаларының ХІҮ-ХҮІІ ғасырлардағы аумақтық орналасуы, тілдік, нәсілдік атрибуциясы, қазақ, қырғыз, ұйғыр халықтарымен этникалық байланыстары мәселелерін қарастырды.

Моғолдардың рулық-тайпалық құрамын зерттеуде негізгі дерек көздері Мырза Мұхаммед Хайдардың "Тарихи Рашиди", Шах Махмуд бен Мырза Фазыл Чорастың "Тарих", белгісіз автордың "Тарихи Қашғар" атты шығармалары болып табылады. ХІҮ және ХҮ ғасырларға жататын кейбір мәліметтер Хафиз-и Абру, Шараф ад-дин Али Йезди, Низам ад-дин Шами, Абд ар-Раззак Самарқанди, Мирхонд және Хондемирдің шығармаларында да ұшырасады. Осы дерек көздері негізінде Моғолстан халқының этникалық құрамын зерттеген В.П. Юдин кераит (керей), қаңлы (қаңлы – бекшік), аркануд (арханут), сулдуз, доглат, чорас, күрлеуіт, қарлұқ, итаршы, көнші, байрин, калучи, бұлғашы, арлат, барлас, дохтуй, йарки, ордабегі, меркит, шункарши (шулкарши) нарин, долан, балықшы, татар тайпаларының саяси тарихы, көші-қон жерлері, олардың қазақ тайпалармен қарым-қатынастары, этнонимдеріндегі өзгерістері сияқты мәселелерді көтерді [61, 72-83б]. Автор моғолдардың бәрі дерлік түрік тілдес болғандығы, олардың түрік тілінің қыпшақ тармағына жататын қазақ және қырғыз тілдеріне жақын тілде сөйлегендігі туралы маңызды қорытынды жасады [61, 81б].

Моғолдар мен қазақтардың Ұлы жүзінің рулық-тайпалық құрамдарын салыстыру авторға моғолдардың, әсіресе, дулат және қаңлы тайпаларының қазақ халқының қалыптасуында маңызды рөл атқарғандығы жөнінде тұжырым жасауына мүмкіндік берді. Ұлы жүз халқының басым көпшілігінің моғолдардан тұрғандығы жөніндегі пікірді қолдамайтындар "Тарих-и Рашиди" және басқа да ХҮ-ХҮІ ғасырларға жататын деректерде моғолдардың дербес этнос ретінде көрсетілгендігіне иек артады. В.П. Юдин

бұл дәйектің негізсіздігі Мұхаммед Хайдардың бұл мәселені өз табы мүддесі тұрғысынан зерделегендігіне және автордың Моғолстанның тек оңтүстік бөлігін ғана білгендігіне, ал солтүстік, солтүстік-шығыс аудандарындағы оқиғалар туралы хабары көп болмағандығына байланысты деген уәж айтады [61, 86б].

Бірақ 1998 ж. жарық көрген "Қазақстан тарихының" екінші томында: "В.П. Юдиннің пікірінше, "моғолдар" термині, Дунайдан Ертіске дейінгі аумақта тараған "өзбектер" термині сияқты, этноним сипатында болған, яғни халықты білдірген", – деп жазылыпты [283]. Сілтеме жасалынып отырған В.П. Юдиннің көзқарасы қаншалықты дұрыс пайымдалғанын айтпағанның өзінде, "көшпелі өзбектердің" де, "моғолдардың" да этносоциалдық бірлестіктер болғандығы туралы ескерте кеткен жөн сияқты. Оған Б. Ахмедовтың да ("Государство кочевых узбеков"), В.П. Юдиннің де ("Моғолстан мен Моғулияның моғулдарының рулық-тайпалық құрамы...") еңбектері дәлел бола алады. Бұл проблеманың кейбір қырлары С. Жолдасбайұлының "М.Х. Дулати және ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы Қазақ хандығы" монографиясында қарастырылды. Автордың тұжырымдары көп жағдайда В.П. Юдиннің, К.А. Пищулинаның зерттеу қорытындыларын жаңа мәліметтермен нығайта түседі.

С. Жолдасбайұлы "Тарихи Рашиди", "Зафар-наме" мәліметтері негізінде қазақ халқының құрылуына арқау болған тайпалардың бірі қаңлылар болғандығын, олардың Тұғлық Темір уақытында Жетісуды, ал енді бір бөлігінің Сырдария өңірін мекендегенін көрсетеді [436, 72-73б]. Сонымен қатар автор қыпшақ, жалайыр, катаған, керей, дулат тайпаларының шығу тегі таралуы, тілдік нәсілдік атрибуциясы мәселелерін талдаған. Бұл этностар туралы отандық тарихнамада орын алып келе жатқан көзқарастарға өз пікірін білдірген. Олардың қатарында қаңлы тайпасының этнонимі, дулат тайпасының алғашқы қоныстанған аумағы, басқа тайпалармен қарым-қатынастары мәселелері жатады. "Тарихи Рашидидегі", басқа да дерек көздеріндегі мағұлматтарды салыстыра отырып, дулат тайпасының автохтондығы және түрік тілдес болғандығы туралы қорытынды жасаған. Сол сияқты қазақ халқының құрамына енген жалайырлар Шу мен Сырдария бойын мекендеген [436-75, 79-80б].

Отандық тарихнамада керейлер Шыңғыс-хан әскерлерінен жан сауғалап, Қазақстанның солтүстік-шығысы мен батысына қарай жылжығаны айтылып келді. Ал, С. Жолдасбайұлы олардың Жетісу өңірін де мекендеп келгеніне дәлелдер ұсынады [436]. Қыпшақтар туралы Қазақ хандығына арналған барлық еңбектерде айтылады. Отандық тарихнамада Б. Көмеков, С. Ақынжанов т.б. ғалымдардың іргелі зерттеулері нәтижесінде қыпшақтану саласы қалыптасты [263; 265; 483].

Мұхаммед Хайдардың көрсетуіне қарағанда, Мұхаммед Шайбанихан Орта Азияға біржолата үдере көшкенде қыпшақтардың бір бөлігі оған ере кеткен. Қалғандары бұрынғы ата-мекендерін тастамай, қазақ халқының

құрамына енген. ХҮ-ХҮІ ғасырларда "қыпшақ" этнонимі, әсіресе, Оңтүстік Қазақстан аумағындағы тарихи оқиғаларға байланысты жиірек ұшырасатындығына С. Жолдасбайұлы да назар аударды.

А.Ш. Қадырбаев қыпшақтардың, қаңлылар, қарлұқтар, наймандар, жалайырлар және басқа да түрік тайпаларының Монғол империясы мен Юань империясының саяси және қоғамдық өміріне араласуын, олардың Қазақстан аумағына қоныс аудару кезеңін анықтап, қытай деректері негізінде біршама соны тұжырымдар жасады [333; 484].

М.С. Мұқанов пен В.В. Востровтың қазақтардың этникалық тарихы жөнінде жазылған еңбектері негізінен ХҮІІІ ғасырдан кейінгі кезеңдерді қамтиды. Дегенмен оларда орта ғасырлардағы қазақ рулары мен тайпаларының орналасуына қатысты мәліметтер ұшырасады, сонымен қатар наймандар, керейттер, қоңыраттар, арғындар, уақтар мен қыпшақтардың шығу тегі, рулық құрамы, таралуы, тілдік атрибуциясы жөніндегі пікір таластарға, аңыз-әңгімелер мен басқа да дерек көздеріне көңіл бөлінген [251; 485].

Қазақ хандығы халқының рулық-тайпалық құрылымы, орналасуы сияқты проблемаларды зерттеуде аталмыш жетістіктермен бірге, тарих ғылымында кейбір тайпалардың автохтондығы, тілі, нәсілдік тегі жөнінде пікір таластары жалғасып отыр. Үйсіндер мен қаңлылар Қазақстанға шығыстан келген түркі тілдес тайпалармен араласып, ассимиляциялық процеске ұшырауы нәтижесінде ғана ҮІ-ҮІІІ ғасырларда "түркіленді" деген болжамдар айтылып келеді. Б. Ермұқанов қытай деректеріндегі "усунь" мен қазақтың "үйсіні" бір тайпа емес деп пайымдайды. Сонымен бірге ол үйсіндер монғол шапқыншылығы кезінде Қазақстанға келіп орналасқан, кейін түркіленген монғол тайпасы деп жазды. Олар (үйсіндер) Дешті-Қыпшақты мекендеді, Жетісуға ХҮ ғасырдың екінші жартысында ғана қоныс аударды дейді [422-31,766].

Бірақ көне және орта ғасырлар заманындағы Қазақстан тарихымен шұғылданып жүрген ғалымдардың көпшілігі үйсіндердің Жетісуда ежелгі заманнан бері мекендеп келе жатқандығы, түрік тілділігі, түрік нәсілінен екендігі туралы пікірді ұстануда. К. Ақышев [426; 486; 488], Ю. Зуев [489], Г.А. Кушаев [350], С. Жолдасбайұлы [279] және т.б. авторлар үйсіндердің сақтардың этникалық, мәдени жалғасы, мұрагері екендігіне күмән тудырмайды.

Орта ғасырлар кезінде Қазақстан аумағында орын алған этникалық процестердің түрлі қырларын (сіңісу, ажырасу т.б.) зерттеуде, рулар мен тайпалардың ортақ материалдық және рухани мәдениетінің қалыптасуы мен әр кезеңдердегі ата-қоныстарын анықтауда этнологтар, антропологтар, археологтардың алатын орны ерекше [489; 490; 491; 492; 493; 494; 495].

Қазақ хандығы халқының рулық-тайпалық құрамы мен орналасуы туралы мәселе көтерілгенде қазақтардың үш жүзге бөлініп қоныс тепкені жөніндегі проблемадан аттап өтуге болмайды.

Қазақ аңыздарында қазақтарды Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүзге бөлген Ақназар хан делінеді. Бірақ мұны дәлелдейтін нақты материалдар жоқ.

М. Тынышбаевтың пікірінше, жүздер (ордалар) Батый ханның кезінде пайда болған. Лэн-Пуль Стэнли қазақ жүздерінің негізін Жошы ұлдарының мұрагерлік иеліктері құрағандығын айтады. Оның айтуынша, Жошы ұлысының "заңды" басшысы үлкен ұлы – Орда-Ежен болды. Орда-Еженнің иелігіне Жошы ұлысының шығысындағы жерлер берілді. Ақ Орда аталған бұл мемлекет құрамына жалайыр, қаңлы тайпалары, ұсақ рулар енген. Бұлар Ұлы жүзді (Үлкен Орданы) құрды дейді француз ғалымы.

Үйсіндер, арғындар, наймандар, керейлер ол кезде Шағатай ұлысы құрамында болды да, Жошының кіші ұлы Тоқай-Темірдің үлесіне Кавказ және Қырым тиіпті-мыс. Осылай батыста Кіші жүз (Кіші Орда) орныққанға ұқсайды [159, 766].

Орда-Ежен мен Тоқай-Темірдің иеліктерінің аралығында Батый өлгеннен кейін Шайбанның иелігі орналасты. Бұл кеңістікте қыпшақтар, қоңыраттар, маңғыттар, шырындар, барындар көшіп-қонып жүрді. Тиісінше, Шайбан ұлысы Орта жүзді құрады. Кейінірек шағатайлықтардан іргесін ажыратқан наймандар, арғындар, керейлер осында көшіп келген [159].

Л.-П. Стэнлидің де, М. Тынышбаевтың да өрбітіп отырған сюжеті кейбір жазба деректерде ұшырасатын Шыңғыс-ханның Жошы ұлысын үш ордаға бөлуіне байланысты мәліметтерге негізделген. Жұмысымыздың бірінші тарауында Шыңғыс-ханның "Алтұн босағалы ақ орданы Сайын ханға", "Күмуш босағалы көк орданы Еженге", "Болат босағалы боз орданы Шайбанға" салғызғаны, оларға үлестік иеліктерін бөліп беріп, мәртебелерін анықтағандығы туралы Өтеміс қажының "Шыңғыс-наме" еңбегіне иек артқанбыз.

В.В. Вельяминов-Зернов [221], А.П. Чулошников [14] қазақ жүздерінің пайда болуын ХҮ-ХҮІ ғасырларға жатқызады. М.П. Вяткин қазақтардың орталығы Ұлы жүз болған, одан ХҮІІ ғасырда Орта жүз бөлініп шыққан деген жорамал жасайды.

С. Аманжолов, А.Ю. Зуев [249], А. Сейдімбеков [496] қазақ жүздерінің пайда болуын ежелден келе жатқан "оң қанат", "сол қанат" және "орталық бөлікке" негізделген түркілік-әскери тактикалық құрылыммен байланыстырады. Осы мәселені тарата зерттеген Қытайдағы қазақ тарихшылары үш жүз төркінін ерте заманнан бері Орталық Азияны қоныстанған көшпелі елдерде бүкіл ел аумағын "оң, сол және орта", яғни "батыс, шығыс және орта" деп үш өңірге айырып басқарушылық-дағдылы дәстүр деп жазады. Бұл бөліктер кейде ұлы, кіші, орта, кейде қара, сары, ақ, көк (орда) деген аттармен де аталып келді. "Біз бұл жағдайларды тарихта өмір сүрген көшпелі елдердің көбінен, мысалы, хұн тәңірқұтынан, үйсін

күнбилігінен, Батыс Түрік қағандығынан, Түркеш қағандығынан және Шыңғысхан патшалығынан кездестіреміз", – дейді авторлар [456, 278б].

Бұл ғаслымдардың пікірінше, қазақ жүздері әскери бөлік сипатында емес, тым ерте кезден бастап қалыптасқан этникалық, аумақтық бірлестік ретінде дүниеге келген Н. Мыңжан оларды қазақтың халықтық негізін құрған үш ірі этногенездік ұйытқы ретінде қарастырады, үш жүз бойынша қазақ халқын құрайтын ру-тайпалардың құрамын, орналасуын, ежелгі және Қазақ хандығы тұсындағы мекендерін анықтайды [456, 278-279б]. Автор Қазақ хандығы кезінде қазақ жүздері өзінің тарихы қалыптасқан көшіп-қону салтын сақтады, әр жүздің көші-қонының аумағы белгілі болды деген тұжырымға келеді.

Қазақтардың орналасуы төмендегіше сипатталған: 1) Ұлы жүз қазақтары Балқаш көлінің оңтүстігіндегі, Іле өзенінен Сырдарияға дейін созылған өңірді мекен етті; 2) Орта жүз қазақтары Жетісудың солтүстік жағында орналасты. Олардың қыстаулары Сырдария, Қаратау, Мойынқұм өңірінде, ал жазғы жайлаулары Тобыл, Есіл, Нұра, Сарысу өзендерінің тармақтарында және Орталық Қазақстанның далалық аудандарында болды; 3) Кіші жүз қазақтары қазіргі Батыс Қазақстан жерін қоныстанды. Олардың қыстаулары Сырдарияның төменгі жағында, Жайық өзенінің құйылысында, Ырғыз өзені мен Торғай өзенінің қосылған жерінде, ал жазғы жайлаулары Жайық өзенінің тармақтары, Ырғыздың бойында, Тобылдың бас жағында, Мұғалжар таулары маңында болды [456, 279-280б].

3. Қинаятұлы да қазақ жүздерінің тым көнеден келе жатқан жүйе екендігін, олардың қалыптасуының X-XI ғасырлардағы қыпшақ дәуірінен бастау алатындығын қолдайды [497].

Қырғыз тарихшылары А.М. Мокеев, Н.К. Керімбековалар да түркі халықтарының ежелден "оң қанат", "сол қанат" сияқты бірлестіктерге топтасып өмір сүріп келгендігі туралы пікір білдіреді және бұл құрылымдарды қырғыз халқының қалыптасуы процесіндегі маңызды саты ретінде қарастырады. А.М. Мокеев бұл жөнінде: "Қырғыздардың этникалық топтасуының орталығы Тянь-Шань аумағы болды. Деректерге қарағанда, ХҮ ғасырдың аяқ кезінде қырғыздар өздерінің мемлекеттілікке дейінгі этносаяси құрылымы: тайпалардың "оң қанат", "сол қанатқа" бөлінген екі жақты (дуальды) ұйымын қайта құрды. Орталық Азияны мекендеген түркі тайпаларының бұл секілді тарихи дәстүрлі ұйымының қайта жандандырылуы белгілі бір саяси функцияларды орындауға, оның ішінде жаңа этникалық аумақты қорғауға бағытталған және осы екі қанатқа енген тайпалардың басын топтастыруға қабілетті құрылымның қалыптасқандығын көрсетеді. Тек қана осы құрылым қалыптасып болғаннан кейін ғана қырғыз этногенезі процесі аяқталды және Тянь-Шаньдағы қырғыз халқының этникалық тарихы басталды", – деп жазды [498, 87-88б]. 1994 ж. қыркүйекте Бішкекте өткен халықаралық конференцияда да осындай тұжырымдар жасалынды [499, 4б].

Осы секілді салмақты уәждерге қарамастан отандық тарихнамада қазақтардың үш жүзге бөлінуі ХҮ-ХҮІ ғасырлардан бұрын орын алмағандығы және бұл оқиғаның (құбылыстың) негізін табиғи-географиялық, шаруашылықтық факторлар анықтағандығы туралы тұжырым басымдылық танытып отыр. Бұл пікірді алғашқы болып айтқандардың бірі В.В. Бартольд болатын. Ол қазақтың бір жүзінің тірегі Жетісу, Сырдың орта бойы, екіншісі Сырдың құйылысы, Сарысу бойы болса, үшіншісі Қазақстанның батысындағы өзен-көлдер деп көрсетеді. С. Асфендияров қазақ халқының тарих сахнасына шығуымен қатар оның үш жүзі де пайда болды, алғашқы кезде "жүз" дегеніміз жалпы өз мүдделері үшін біріккен көшпелі қауымдардың одақтары еді деп жазады [500-33, 346]. Автордың келесі бір еңбегінде жүздердің дүниеге келуі ХҮІ ғасырдың аяқ кезінде, өзбектер мен ноғайлардан ажырасқаннан соң орын алған сияқты [226, 1016]. Осы кезде, автордың пікірінше, көшпелі-жайылымдық шаруашылық жүргізудің табиғи өңірі болған және Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз ру-тайпаларының орналасуы да осы табиғи-географиялық жағдайға икемделе өмір сүрудің көрінісі болып табылады.

Т.И. Сұлтанов қазақ жүздерін Ақ Орда, Көк Орда, Жүз Орда сияқты атаулармен байланыстырады, бірақ бұл жөнінде нақтылы дерек жоқ екендігіне назар аударады [283]. Осы себепті кейбір авторлар бұл мәселені зерттеуде қазақ шежірелері мәліметтерін басшылыққа алуды ұсынады [501, 57-586].

В.П. Юдин монғол дәуірінен кейінгі уақытта Қазақстан аумағындағы мемлекетердің үштік ұйымдасу принципін ойдан шығарылған тарихи деректермен расталмайды деп жазады. Т.И. Сұлтанов та [502, 696], В.П. Юдин [392-1436] де жазба деректерде "жүз" атауы 1616 ж. ғана ұшырасатынын атай отырып, А.И. Левшиннің [211], П.И. Рычков [503-70], И.Г. Георги [504, 119-1266], Н.А. Аристовтың [224], Ш. Уәлихановтың [505, 203-2186] мәліметтері де кейінгі кезеңдерге ғана қатысты екендігін атап көрсетеді. М. Б. Ақынжанов, Х.М. Әділгереев, С.К. Ибрагимов, Б.Е. Көмеков, В.В. Востров, М.С. Мұқановтың қазақ жүздері тақырыбына арналған ой-пікірлері жөнінде де осыны айтуға болады.

Х. Арғынбаев қазақ жүздерінің қалыптасу уақыты мен олардың оқшаулануына себеп болған факторлар жөнінде В.В. Бартольдтың [506, 5126] М.П. Вяткиннің [334, 996], С. Асфендияровтың пікірлеріне қосылады [507, 176]. К.А. Пищулина жүздердің қалыптасу процесін өз концепциясы тұрғысынан – әуел бастан қазақ халқының қалыптасуында орын алған үш-төрт этникалық ұйытқының болуымен түсіндіреді. Қалыптасып келе жатқан халықтың құрамына енген ру-тайпалардың үш мемлекеттік бірлестік құрамында болуы (Өзбек ұлысы, Ноғай Ордасы, Моғолстан) кейін үш жүздің қалыптасуына жол ашты деп есептейді автор.

К.А. Пищулина Ақ Орда мен Моғолстан этникалық, этносаяси жағынан тұрақтанған мемлекеттер еді: Ақ Орда құрамында Қыпшақ бірлігіндегі

тайпалар топтасса, Моғолстанда үйсін одағы ру-тайпалары топтасты; осылардың негізінде Орта жүз бен Ұлы жүз тайпалары бірікті дегенді айтады [59, 212-213, 227бб]. Автордың бұл тұжырымы В.П. Юдиннің тарапынан сынға алынып, әуел баста екі жүз ғана пайда болса, олар Ұлы жүз және Кіші жүз аталуы керек еді деп жазды [251, 140б]. Сонымен қатар қазақ жүздерінің пайда болуы табиғи-географиялық жағдайға байланысты екендігі туралы пікірдің біржақтылығын В.В. Востров, М.С. Мұқанов[251, 14б], К.А. Пищулина[59-99] атап өтті.

Қазақ жүздерінің шығу себептері, қазақ рулары мен тайпаларының орналасуы басқа ғалымдар тарапынан да зерттелді. Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз шежірелері жарияланады [508; 509; 510; 511; 512; 513]. Бірақ оларда келтірілген мәселелер мен пайымдаулар жоғарыда айтылған бағыттар ауқымында өрбітіледі.

Академик М. Қозыбаевтың пікірінше, қазақ қауымдастығының үш этноаумақтық бірлестік негізінде қалыптасуы және бұл құбылыстың әрі қарай дамуы ғасырлар бойы жүрді. Жүздердің негізіне табиғи – географиялық факторға бейімделген тұрмыс салты, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер, оның ішінде мемлекеттік, рулық-тайпалық байланыстар дәстүрлері жатты. Этноаумақтық бірлестіктер – жүздер елді қорғау мүддесіне қызмет етті [288, 9б]. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың атап көрсеткеніндей, "халықтың туысқандық негізі бойынша атаға бірігу, жер ыңғайына қарай тайпаға бірігу, шетсіз-шексіз даланың жағдайына саяси институттарды қалыптастырды. Әкімшілік басқарудың қажеттігіне орай бірігу мемлекеттік мүдде тұрғысынан ұлтқа бірігу процесі кезең-кезеңімен, эволюциялық жолмен қақтығыссыз өтті" [514].

Қазақ хандығы тұсындағы этникалық аумақты, рулар мен тайпалардың орналасуын, жүзге бөлінуудің түпкі себептерін зерттеу ғылыми-танымдық, практикалық маңызы бар проблемалар қатарына жатады. Біздің ойымызша, бұл мақсат жаңа дерек көздерін іздестіру, оларды ғылыми айналымға қосу арқылы жүзеге аспақ. Қазақ рулары, тайпалары мен жүздері тарихын зерттеу халық бірлігі мен тұтастығының тарихи тамырларын ашуға бағытталуы керек.

3.3 Мемлекеттік атрибуттары: билік институттары

Қазақ көшпелі қоғамы саяси жүйесінің қалыптасуы мен оның бірігейлік сипаты Евразия көшпелі социумдары тарихының күрделі де, түрлі бұрмалаушылықтарға ұшыраған проблемаларының бірі болып табылады. И.В. Ерофееваның көрсеткеніндей, бұл мәселе төңірегінде осы уақытқа дейін орын алып келген ғылыми пікірталастар "көшпелі феодализм" концепциясы шеңберінде жүргізілді [320, 37б]. Ол орта ғасырлар кезіндегі көшпелілердің мемлекеттік құрылымдарын отырықшы-егіншілікті мемлекеттердің биліктік қатынастар моделі тұрғысынан зерделеуге

икемделген еді. Осыдан келіп қазақ қоғамының мемлекеттік атрибуттар ретіндегі билік институттарының генезисі, сипаты мен саяси-әлеуметтік жүйедегі орны жөнінде тарихи шындыққа кереғар пікірлер туындады. Зерттеушілердің кейбірі Қазақ хандығының билік институттары Монғол империясы тұсындағы және одан кейінгі кезеңдегі мемлекеттік бірлестіктердегі басқару жүйесінің көшірмесі деп есептесе, екіншілері хандық биліктен басқа билік институттарының болғандығын мүлдем жоққа шығаруға тырысады. Осыған қарамастан қазіргі уақытта тарих ғылымында ортағасырлық қазақтар қоғамы кең көлемдегі экономикалық және одан тыс мүдделерге, индивидтердің адами өзара қатынастардың сан алуан түрлеріне негізделген әлеуметтік бірлестіктерінің күрделі жүйесі болып табылатындығы туралы пікір орнықты.

Түркітанушы Қ. Сартқожаұлы қазақ мемлекеттілігінің басқару-әкімшілік жүйесінің көне түркі заманынан бастау алатындығы, байырғы түркі тарихи-мәдени мұраларының өзінде "ел" (мемлекет), "төр" (өкімет) сөздерінің кездесуі оған нақтылы дәлел болатындығы туралы мақала жариялады. Түрік қағандығында қалыптасқан ел басқару жүйесінің тәжірибесі дүние жүзінің көптеген елдеріне үлгі болғандығы жөніндегі автор пайымдаулары ғылымға қосылған елеулі үлес ретінде танылуы керек [515].

М. Қозыбаев та Қазақ хандығында қалыптасқан билік институттарының ерте кезден бастау алатындығы, Х ғасырдың өзінде тұрақты салық жинау жүйесі және бұл іспен айналысатын арнайы әскери отрядтар болғандығы туралы көрсетеді. Автордың пікірінше, хандар өкіметі күшеюімен қатар, орта ғасырларда қара халық арасынан шыққан билер мен батырлардың рөлі күшейе түскен демократия орнады, жасақтарды ұйымдастыру жүйесі, билік пен бағыныштылық қатынастарды реттеуде арналған құқықтық тәртіп орнады [268]. Бірақ белгілі ғалымның бұл ой-пікірлері "Қазақ мемлекеттілігінің кейбір мәселелері" және басқа да мақалаларында нақтылы материалдармен тиянақталмаған, проблеманы тақырыпты қай бағыттарда және қай тұрғыдан зерттеу керектігі төңірегінде ғана көтерілген. Көшпелілерде мемлекеттік басқарудың ертеден келе жатқан дәстүрі болғандығы жөнінде Р. Сыздықова мен М. Қойгелдиевтің "Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы" атты еңбегі назар аударады, себебі авторлар бұл тақырып бойынша "Жами ат-тауарихтан" нақтылы деректер келтіреді. Олар орта ғасырлардағы хандықтарда сарай маңындағы адамның дәреже атағын білдіретін "аға" термині болғандығы және оның "әмірші", "билеуші", "бек", "әмір" (мың бегі, мың ағысы) т.б. мағыналарда қолданылғандығы туралы жазады.

Қадырғали шежіреші "бек" сөзін ру басының ханнан өзге ұлыс билеушісінің титулы немесе әскери, шен иесінің лауазымы (эмир, нойан) ретінде келтіреді. "Жами ат-тауарихта": "Бірі хан, бірі бек болуб йүрүр сүрді, Чингиз ханда бу төрт бек ма лум туруп" делінеді [516, 66-676]. ХҮ-ХҮІ ғасырларда "бек" атағын хан беретін болып, "рангілер табеліне"

кіргенге ұқсайды [52, 493б], ал кейіннен бұл атақпен ресми құқылары мен қызметтері бар адамдар аталған деп көрсетеді Р. Сыздықова мен М. Қойгелдиев.

Қадырғали Қосымұлының шығармасында кездесетін "би" (ру-тайпа басы), "қарачау" (қараша-тәуелді, бағынышты халық), сұлтан (шыңғыс-хан ұрпағы), "нөкер" (жасақшы), "баһадур" (батыр), падишаһ (билеуші, "хан" сөзінің эквиваленті) т.б. терминдер көшпелілер қоғамы әлеуметтік тұрғыдан біршама жіктелген, мемлекеттік атрибуттары қалыптасқан құрылым екендігін дәлелдейді [516-68, 85, 87бб].

Көшпелілерге мемлекетті басқару ісінде аумақтық-әкімшілік бөлініс те тән болды, бұл жүйе, әсіресе, Алтын Орда кезінде жетілдіріле түсті. З. Жандарбек осы мәселеге қатысты Құрбанғали Халидтің "Тауарих хамса" атты еңбегіндегі деректерге назар аударды. Солардың бірі Өзбек ханның ұлы Жәнібек ханның Алтын Орда ұлысын үшке бөлгендігі туралы: "Ұлы жүзге үйсінді датқа қойып, Жалайырды найб сайлады. Орта жүзге арғынды датқа қойып, көмекшілікке найманды қойды. Кіші жүзге алшынды би етіп, көмекшілікке жаппасты берді" [517, 62б].

Жалпы отандық тарихшылардың басым көпшілігі Евразиялық ортағасырлық көшпелілері әлеуметтік тіршілік жобасын негізінен Шыңғыс ханның "Жаза" заңдарына қарап реттеп отырғаны туралы тұжырымды қолдайды. Сонымен қатар В.П. Юдин соңғы кездері, Л. Ералиева т.б. авторлар Қазақ хандығының мемлекеттік басқару жүйесіне көршілес мемлекеттер – Көшпелі өзбек ұлысының, Моғолстанның пәрменді ықпал еткендігі туралы өз пікірлерін ұсынды. В.П. Юдин "Тарих-и Рашиди" авторы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың тарихнамалық концепциясы деген еңбегінде монғол империясы ыдырағаннан кейін пайда болған Моғолстанның да, Қазақ хандығының да мемлекеттік құрылымы бірнеше ортақ принциптерге негізделді деп жазды. Олар: 1) Шыңғыс әулетінің (чингизидтердің) жоғарғы билікке құқы; 2) Шыңғыс ұрпақтарының ру-тайпа басыларымен қатынасын реттейтін тәртіпті сақтау, 3) Шыңғыс-хан тұсында Монғол империясын балалары, немерелері және тайпалар арасында бөліске салуын "мәңгілік" құқық дерек көзі ретінде санау; 4) Шыңғыс ұрпақтарының құқын ескере отырып, рубасыларының белгілі бір ауданда жоғарғы билік жүргізу құқын мойындау; 5) көшпелі тайпалардың иерархиялық құрылымы мен орнының Шыңғыс-хан белгілеген дәстүрлер мен жосындар негізінде анықталуы; 6) мемлекет құрамына енген отырқшы аудандарды басқару тәртібі; 7) дінге көзқарас; 8) көшпелілердің әдеттік құқы және шариат[518, 214-215б].

Ж.О. Артықбаевтың сөзімен айтқанда, Шыңғыс-ханның "Жазасы" бірнеше жүз жылдар бойы далалықтар үшін өмір сүру тәртібінің негізгі ережесі болды [519, 109б] және бұл тұжырым Қазақ хандығына да тікелей қатысты.

Л. Ералиева "Тарих-и Рашиди" материалдары негізінде жазылған "ХІҮ-ХҮІ ғасырлардағы Моғолстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселесіне" деген мақаласында нақтылы басқару институттарына тоқталады. Автор Моғолстанда жоғарғы саяси басшы және жердің иесі хан болды деп есептейді. Сонымен қатар бұл мемлекетте "ұлысбек" атты лауазым, "хан кеңесі" аталған мәжіліс, бас мемлекеттік кеңес (диван), қаржы мәселесімен және салық жинаумен шұғылданатын "дафтарлар" болғандығын атап көрсетеді. Шенеуніктік аппарат Моғолстанның отырықшы-егіншілікті өңірінде күрделілеу болған сияқты [520, 95б].

Отандық тарихнамада Қазақ хандығының билік институттары көбіне статикалық түрде аталып қана келді. Дегенмен 70-жылдардың орта кезінен оларды функциялық қызметі барысында зерттеу, әртүрлі деңгейдегі билік институттарының өзара қарым-қатынасын анықтау қолға алынды. Қазақ қоғамының саяси-потестарлы құрылымы (ру басылары мен ақсақалдардың билігі, хандық билік), әлеуметтік топтар мен жіктер, қоғамдық байланыс түрлеріне қатысты мәселелер қарастырылды. Бірақ мұндай ізденістердің көпшілігі ХҮІІІ ғасырға жататын эмпирикалық материалдарға негізделді [519, 113-204б].

Г.Е. Марков көшпелілер қоғамындағы билік институттарының барлығына ортақ қызмет істеу жүйесін сипаттауға әрекеттенді. Ол көшпелілердің қоғамдық құрылымы екі "агрегаттық жағдайда" өмір сүріп келді деген болжам жасады. Біріншісі – аморфтық саяси ұйым, өкімет билігінің әлсіздігі, тіпті, жеке отбасылардың дербестігі тән қауымдық-көшпелілік жағдай. Бұл кезең көшпелілердің біршама шаруашылық-экономикалық тәуелсіздік жағдайдағы ахуалын танытады. Екіншісі – қоғамның анық әскери-саяси құрылымын сипаттайтын "әскери-көшпелі агрегаттық жағдай". Бұл кезеңде саяси өкімет билігі рубасыларының қолында шоғырланды. Көшпелілердің мұндай ерекше жағдайы сыртқы оқиғаларға (көршілерімен соғыс, басқа аумаққа қоныс аудару т.с.с.) байланысты қалыптасты [301, 312б; 521, 28-29б].

Автордың пайымдауына қарағанда, көшпелілердің бұл жағдайын экзополитарлық детерминанта (сыртқы саяси факторлар) анықтайды. Проблеманы осы қырынан қою алайда, көшпелілердің бұл әскери-саяси бірлестігінің функциялық әрекетін түсіндіре алмайды [108, 51б].

Ж.О. Артықбаев Қазақ хандығы мемлекет ретінде екі бастаудың – жоғары билікті танытатын саяси институттың және потестарлық құрылым түріндегі тайпалық ұйымның симбиозы болып табылады деп есептейді. Көсемдік билік жүйесінің күшті де негізгі буыны болуымен қатар, халық пен саяси сословие аралығында көпір (буфер) іспетіндегі қызметті атқарады. Автор қазақтарда мемлекеттік тарихын зерттеудің де нәтижелі жолы жоғарғы билік институты мен оның құрылу динамикасын, эволюциясы мен өзгерістерге ұшырауын потестарлық құрылыммен

(көсемдік институтымен) өзара байланыста қарастыруда деп ойлайды [284, 466].

Сонымен қазақ қоғамында билік жүргізу әртүрлі деңгейде жүзеге асырылды, олардың әрқайсысына тән функциялары болды. Оларға қойылатын талаптар мен жұмыс істеуінің құқықтық негіздері екшеліп, ұрпақтан ұрпаққа халық жады арқылы жетіп отырды. Ғасырлар бойы ел билеу теориясы тұжырымдалды. Қазақ қоғамы "ақсүйек" және "қара сүйек" аталған әлеуметтік-генеалогиялық топтарға бөлінді. Саяси және құқықтық тұрғыдан да, әлеуметтік-мәдени және функциялық-нормативтік тұрғыдан да бұл екі топтың арасында біраз алшақтық болғандығы туралы отандық тарихнамада ортақ пікір қалыптасты. Қазақ хандығындағы басқарудың саяси-потестарлық жүйесі Ю.А. Бромлейдің латын тіліндегі "потестус" ("билік") терминін пайымдаулары шеңберінде Н.Алимбаевтің, Х. Арғынбаевтың, М.С. Мұқановтың [311], Н.М. Масановтың, А.Х. Бикеновтың [523] еңбектерінде де қарастырылды, бірақ олардың зерттеулері де ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ қоғамына арналған.

Кейбір жағдайда зерттеушілер қазақ қоғамындағы басқару институттарын қарастырғанда потестарлық жүйенің қалай қалыптасқандығын нақтылы көрсете алмайды, оларды әлеуметтік-экономикалық қатынастар сипатымен ("жылу", "сауын", "асар" және т.б.) шатастырады [524; 525] Сұлтандарды рудың "атақты адамдары" ("родовая знать") қатарына жатқызу сияқты қателіктерге де жол беріледі [524, 1446]. Отандық тарихнамада Қазақ хандығының мемлекеттік атрибуттары мен басқару жүйесін зерттеуде соңғы жылдары біршама ілгерілеу байқалды. Бұл тақырыптарға арналған М.Қ. Қозыбаевтың, М.Т. Баймахановтың, И.В. Ерофееваның, Ә. Ғалиевтың, Е. Әбілдің т.б. ғалымдардың еңбектері жарық көрді. А.Х. Бикенов ХҮІІІ-ХІХ ғасырлар деректері негізінде қазақтың дәстүрлі қоғамы және оның саяси-потестарлық құрылымын зерттеп, кандидаттық диссертация қорғады [523].

Автор билік ұғымы, оның туыстық негізі, жалпы сипаты; Қазақ хандығындағы билік құрылымы; ру және билер институты; патронимия және ақсақалдар институты; хан билігі, оның этномәдени сипаты, функционалдық қызметі; сұлтандар билігі; төлеңгіттер институты сияқты маңызды тақырыптарға тоқталып, қазақ қоғамына тән дәстүрлі билік институттарының қызметін анықтап берді. Осы негізде ол қазақ елінің мемлекеттік құрылымы көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдардың өркениеттік ерекшеліктерінен бастау алатын біртұтас этномәдени құбылыс екендігі туралы қорытынды жасады [527, 26].

Қазақ хандығында ең жоғарғы билік құқы Шыңғыс-ханның "алтын тұқымы" ұрпақтарының әлеуметтік-корпоративтік тобының қолында болғаны, ханның құрылтай жиналысында солардың арасынан ғана, бірақ хан тағына әскери, сот және дипломатиялық істерде танылған және белді рулардың қолдауына ие болған ықпалды сұлтандар сайланып келгендігі

туралы тұжырымдар барлық зерттеулерде атап көрсетіледі. И.В. Ерофеева ең жоғарғы лауазымға ие болу үшін тартыста жеке бастарының және генеалогиялық қасиеттері тең түскен жағдайда таразы басы бұрынғы ханның жақын туыстарына – әуелі аға-інілеріне, содан соң ұлдарына, басқа еркек кіндікті ұрпақтарына ойысып отырды деп жазады [320, 426]. Автор көшпелі қазақтарда хан билігі институтының Моғолстан мен Шығыс Дешті-Қыпшақ тұрғындарында бұрыннан қалыптасқан билік институттары негізінде дамып, осы өңір көшпелілерінің "ақсүйек" және "қарасүйек" аталған басты екі әлеуметтік-дәрежелік топқа жіктелген бірнеше ғасырлар бойғы (XIII-XVI) жүйесіне арқа сүйегендігі туралы жазады. Отандық тарихнамада хандық биліктің материалдық негізі көшпелілердің бүкіл жерінің Шыңғыс әулетіне тиесілігі жөнінде қалыптасқан құқықтық түсінік екендігі туралы мәселе қойылды. Бұл мәселеге байланысты В.П. Юдин: "Шыңғысхан көзінің тірісінде Монғол империясын балалары мен немерелерінің арасында бөліске салды көптеген халықтар үшін, ал кейбірі үшін XX ғасырға дейін құқықтық дерек көзі ретінде танылды" деп жазды [392, 1076].

Осы негізде С. Сағынаева мен Р. Қасымов аталмыш оқиғадан бастау алып, қалыптасқан түсініктер мен психологиялық императивтер хандарға жоғарғы билікті иемденуге, аумақтық талаптар қоюға, соғыс жариялауға, бейбіт келісімге келуге мүмкіндік берді деп жазады. Сонымен, бұл авторлардың пікірінше, бір кезде Шыңғыс-ханның империя аумағын бөліске салуы және оның мұрагерлері кейін де іске асырған "жер бөліністері" көшпелі халықтар үшін құқықтық сананың, қоғамдық көзқарастың және идеологияның жоғары категориясына айналды [526, 836]. Бұл тұжырым басқа ғалымдар тарапынан әлі қолдау таба қоймаған секілді, нақтылай, зерделей түсуді қажет етеді деп ойлаймыз. Себебі қауым иелігіндегі, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр бойынша әр рудың көші-қон жерлеріне хан да, сұлтандар да иелік етпеген. Бірақ қоғамдық сана хан билігін мемлекеттіліктің, қоғамды ұйымдастыру ісіндегі тарихи сабақтастықтың нышаны (символы) қауіпсіздік пен игіліктің кепілі ретінде қабылданғаны тарихи шындыққа жатады.

Ә. Ғалиев [527, 48-496], Э. Телеуова [528], Е. Әбіл [529, 78-796], И. Ерофеева [531, 118-1236], Б. Мырзабеков [530] т.б. еңбектерінде хандық биліктің сипаты мен функциялары зерттелді. Бұл авторлардың барлығына да хан функцияларын анықтауда біршама ортақ тұжырымдар тән. Хандық биліктің негізгі міндеттері қатарына олар. сыртқы жаулардан мемлекеттің қарулы қорғанысын ұйымдастыру; мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау; жоғарғы сот билігі қызметін атқару қоғамдық құрылыс пен тәртіпті қамтамасыз ету мәселелерін жатқызады. Сонымен бірге жекелеген авторлар (Е.Әбіл, Ә. Ғалиев т.б.) хандық билік институтын заң шығарушы орган ретінде де қарастырады. Хан мемлекеттік тәртіп пен қоғамдық құрылысты қорғау мақсатында бүкіл хандық тұрғындары

орындауға міндетті заңдар мен жарлықтар шығарды, салық түрлері мен көлемін анықтады, хандықты әкімшілік бөлістерге бөлді және олардың басшыларын тағайындады деп көрсетеді Е.Әбіл [529, 796].

Нақты деректерді зерттеу барысында ХҮ-ХҮІ ғасырларда қазақ хандарының өкілдіктері кеңірек болғандығы анықталды. Ол кезде хан қазақ армиясының бас қолбасшысы болды, елшіліктер аттандырып, елшіліктер қабылдады, халықаралық келісімдерге қол қойды. Билер сотының үстінен берілген шағымдарды қарады, бір жағы төрелер болып келген түрлі ұлыстардың арасындағы жанжалдарды шешіп отырды. Сот істерінде хан әдеттік құқық нормаларын басшылыққа алды.

Қазақтардың хандық билік институтына монархиялық және демократиялық принциптерді ұштастыру тән болғандығы жөнінде тұжырым жасалынды. Бұл институттың тағы бір ерекшелігі ретінде хан тағына үміткерлердің тағайындалып және сайланып қана қоймай, халық тарапынан танылуы да тиісті екендігі аталып өтіледі. Әдетте құқық нормаларын бұзған, әділетсіздікке жол берген хандардан халық сырт айналып, ауа көшіп кетіп отырды. Не болмаса хандардың өздері тақтан тайдырылды [527, 846; 530, 1226].

Мемлекеттік құрылымның көптеген өлшемдері тұрғысынан алғанда хандық билік институтына деспотиялық сипат жат болды. Бұл мәселе жөнінде біз Б.Тілеповтың "ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы Қазақ мемлекеті монархия мен аристократиялық-демократиялық республиканың элементтерінен тұратын, дала демократиясының дәстүрлерін бойына жинақтаған иерархиялық әлеуметтік-саяси құрылым болды" [532, 786] деген қорытындысымен келісеміз.

Отандық тарихнамада хандық биліктің жоғарыда аталған ерекшеліктерін басқаша пайымдау, бұл институтты мемлекеттік атрибут ретінде санауға келе бермейтіндігі туралы пікірлерге итермелейтін талдаулар да орын алып келеді. И.В.Ерофеева, мысалы хан билігінің негізгі функцияларына экономикадан тыс қатынастарды, қауымаралық қайшылықтар мен жанжалдарды шешіп отыру міндеттері, әскери-саяси және сот қызметін атқару жатты дегенімен, автор қазақ хандарының көші-қон жүйесін реттеу, сот төрелігі және бақылау орнату секілді көшпелілердің қоғамдық қатынастарына араласу әлеуетінің шектеулі болғанына басым мән береді. Негізінен номадтардың саяси жүйелерінің функциялары түрлі билік қатынастары субъектілерінің (сұлтандар, ру басылары, билер, батырлар) арасында бөлініп кетіп отырды, осының салдарынан көшпелі қоғамдағы бүкіл билік құрылымы дискреттік (шашыранды) сипат алды деп жазады [320, 436].

И.В.Ерофееваның пікірінше, хан билігінің басты функциясы халықты шет шапқыншылықтан қорғау және көршілес этномәдени өңірлерге әскери жорықтар ұйымдастырумен ғана шектелген.

Басқаша сөзбен айтқанда, жоғарғы билік деңгейінде, яғни хандық билік дискреттік және үзікті сипатта болған, сондықтан да ол көшпелі қоғамның элеуметтік өмірінде тұрақты рөл атқармаған секілді.

И.В. Ерофееваның бұл пікірлері сайып кегенде Г.Е. Марковтың, И.И. Крадиннің т.б. шетел ғалымдарының көшпелі қоғамның екі агрегаттық жағдайда өмір сүруі, хандық билік толыққанды басқару институты болмағандығы жөніндегі көшпелілерді тарих субъектісі ретінде қарамайтын идеяларына барып тіреледі.

Е.В.Ерофееваның 90-жылдардың орта кезінде айтылған осы пікірлері 2001 ж. жарық көрген "Истрия Қазақстана: народы и культуры" деген ұжымдық еңбекте біршама толықтырулармен қайталанды. Мұнда автор хан сайлау барысында туындайтын бір-бірімен өзара байланысты генеологиялық туыстықтың иерархиялық жүйесі (жолы үлкендігі) және меритократия принциптеріне, хандық биліктің функцияларына талдау жасады. Автор Қазақ хандығындағы биліктік бөлініс жүйесін ел басқарудың түрлі принциптерін икемді ұштастыру ретінде емес, хандық биліктің әлсіздігі ретінде сипаттады, сонымен қатар оны көшпелі қоғамда саяси басқару мен мәжбүрлеудің қандай да болсын дамыған институттарының (салық жүйесінің, тұрақты армиясының, шенеуніктік қызметтің) болмауымен түсіндіруге тырысады [41, 118-125б].

И.В. Ерофееваның хандық биліктен басқа да елді басқару институттарына тоқталмауы да осындай жоққа шығарушылықтан, сол кезде Қазақ хандығының өзі шын мәніндегі (еуропалықтар ұғымындағы) мемлекет, ақыр аяғында көшпелілерде мемлекеттілік дәстүр болмаған деген сан рет талданған концепциядан туындайды.

Зерттеушілердің басым көпшілігі Қазақ хандығында ел басқаруға қажетті басқа да мемлекеттік аппараттардың болғандығына нақтылы материалдар келтіреді. Академик М.Т. Баймаханов Қазақ хандығы, толық мазмұнда болмаса да, мемлекеттіктің барлық атрибуттарына иек артты; мемлекеттік механизмнің ұшар биігі ретіндегі хан билігі армия, тәртіпті қорғау органдары, сот және басқа да жазалау мекемелері секілді мәжбүрлеу және күштеу аппаратына сүйенді деп жазады [533, 536].

Сонымен қатар отандық тарихнамада Қазақ хандығының мемлекеттік басқару жүйесін тым күрделендіріп көрсету мақсатында тарихи деректерге негізделген "аристократ-сұлтандар кеңесі", "батырлар кеңесі" секілді институттар болды деген пікірлер де кездесіп қалады [532, 78-79б]. Сұлтандар билігін "сұлтандар кеңесі" деген ойдан шығарылған институтпен шатастыруға болмайды. А. Сабырханов [534, 151-152], С.К.Ибрагимов [146], Т.И.Сұлтанов [535, 144], М.Қ. Әбусейітова, Е.Әбіл [529, 79б], Э. Телеуова [528, 45-47б] еңбектерінде сұлтандардың қазақ қоғамындағы орны мен рөлі, олардың ХҮ-ХҮІ ғасырларда зор өкілеттермен пайдаланғандығы көрсетіледі. Бұл тақырып бойынша арнайы зерттеулердің бірі Т.И.Сұлтановтың "Сословие султанов в казахском ханстве" деген 1981 ж.

жарық көрген ғылыми мақаласы болып табылады. Мұнда және басқа да еңбектерде ханның жақын туыстарының жеке иеліктерді басқарғандағы, дипломатиялық функцияларды атқарып, соғыс кезінде өзінің әкімшілік бөлінісінің (ұлыстың) әскерлеріне жетекші болғандығы, ұлыс басшысы – сұлтанның өз аумағында сот билігін, азаматтық билікті өз қолында ұстағандығы және тікелей ханға бағынғандығы жөніндегі тақырыптарға талдау жасалды. Э. Телеуова "Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы" атты мақаласында қазақ хандарының іс-қағаз жүргізу кеңселері болғандығын, қазақ қоғамындағы некелік әдет-ғұрыптар мәселелерін атап өтеді.

Рузбеханның "Михман-намей Бухара" еңбегі деректерінің ғылыми айналымға қосылуы нәтижесінде Қазақ хандығының ХҮІ ғасырдың бас кезінде Таныш сұлтан, Жаныш сұлтан және Қасым сұлтан ұлыстарынан тұрғандығы анықталды. Ол ұлыстардың жоғарғы басшысы хан (ол кезде – Бұрындық) болды [457, 1466]. Қазақ қоғамындағы сұлтандар мен ұлыс жүйесі А.Х.Бикеновтың диссертациясында қарастырылды [523].

М.Х. Әбусейітова шығыс авторларының шығармаларындағы хандық билік және оның статусы мен функциялары, сұлтандар және билермен қарым-қатынасы туралы мәліметтерді зерттеп, хандық биліктің пәрменділігі мен тұрақтылығы көшпелі ақсүйектер тобының қолдауына байланысты екендігі туралы қортынды жасады [59; 536]. Осы тұрғыдан алғанда Шыңғыс ұрпақтары (сұлтандар, оғландар) мен қараша халық өкілдерінен (билер, тархандар, батырлар, ақсақалдар) және дін өкілдерінен тұратын "Хан кеңесі" аталған институттың қазақ қоғамында маңызды рөл атқарғандығы жөніндегі зерттеулер тұжырымдары тарихи деректермен құатталады. Мысалы, Жәнібек ханның баласы Махмуд-сұлтан Шайбаниханнан жеңіліп, Бұрындық ханнан әскери көмек сұрау үшін көшпелі және отырықшы өңірлердің атақты адамдарынан құралған кеңес шақырады.

Б. Тілепов "Хан кеңесі" институттарының орнына "Хан кеңесшісі" деген лауазымдық қызметті ғана талдаған [532, 796]. Біздің ойымызша, Хан кеңесшісі Хан кеңесінің мүшесі болған. Сонымен қатар Е. Әбіл еңбегінде де бұл институтқа мән берілмеуі тарихи шындыққа қайшы келеді деп ойлаймыз.

Қазақ хандығы басқару институттарының қоғамдық орны, функциялары мен пәрменділігі секілді проблемаларды хандар, сұлтандар, ру-тайпа басшылары арасында орныққын өзара биліктік қарым-қатынасты жүйелі түрде талдау арқылы шешуге болатындығы жөніндегі методологиялық принцип отандық тарихнамада соңғы жылдары ғана орнығып келеді. Көбіне хандық билікті жеке алып зерттеу басым. Билер институты жөнінде де осыны айтуға болады.

Қазақтың дәстүрлі қоғамдық өмірінде орасан зор рөл атқарған билер институтының генезисі мен тарихи эволюциясын зерттеген А.Оразбаева оны мемлекеттің саяси және әлеуметтік құрылымының тұтастығын тек қана ғұрыптық құқық емес сол сияқты рухани-мәдени салт-дәстүр негізінде

қамтамасыз етуді көздеген бірден-бір құрылым деп есептейді. "Оның үстіне, қазақ қоғамындағы билер институтының ерекшелігі сонда, – деп көрсетеді автор, - ол мемлекеттік басқару жүйесімен тығыз астаса отырып, халық пен билеуші топтардың белгілі бір әлеуметтік-саяси құндылықтар төңірегінде топтасуына тікелей ықпал етіп отырады" [537, 1076; 538, 1026].

Т.И. Сұлтанов "би" сөзінің ежелгі төркінін "бек" сөзінен бастау алатынын және бұл терминнің ХҮ ғасырға дейінгі деректерде мүлдем ұшыраспайтындығын айтады. Б. Тілепов билер институтының қалыптасуын қазақтың үш жүзінің пайда болу кезеңімен байланыстырады. Р. Сыздкова, М. Қойгелдиев, А. Оразбаева "би" мен "бек" сөздерін синоним ретінде қарастырып, "би" терминінің пайда болуы ежелгі түркі заманына тірелетіні туралы болжам жасайды [537-1086; 538, 144-1456].

Билар институтын тек қана билер сотымен шектеуге болмайды, біріншісінің мазмұны кеңірек. Заңи мәселелерді талқылау оның маңызды функцияларының бірі екендігі ескеріле бермейді. Е.Әбіл билер соты ХҮ-ХҮІ ғасырларда айтарлықтай рөл атқармады деп жазады [528, 806].

А.Оразбаева да Ақжол, Асанқайғы, Сүйінішұлы Қазтуған, Досмамбет жырау өмірлерінің деректерін талдай келіп, билер институтының әлі де жеке-дара өмір сүрген билік тұтқасы болмаған секілді деп түйіндейді. Олар би де, жырау да, батыр да болған. Автордың пікірінше, хандық биліктен де, халықтың қалың тобынан да ажыраған билер институты кейінгі орта ғасырларға тән [528, 1146].

Қазақ қоғамындағы ақсақалдар институтын зерттеу кейінгі кездері ғана қолға алынды [523, 20-216]. Жекелеген авторлар хандықтың қарулы күштері мәселесіне, салық жүйесіне назар аударды. Қазақтарға "харадж" (жер салығы), "баж" (кеден салығы), "ушур" (көшпелілерден жиналатын салық) секілді салық түрлері белгілі болды [527, 506; 529, 806].

Шығыс дерек көздері ХҮІ ғасырдың бас кезіндегі Қазақ хандығының едәуір әскери күші болғандығын бір ауыздан атап көрсетеді. Хандықтың әскер саны 300 мың адамға жеткендігі айтылады [52, 2226].

Кейбір зерттеулерде Қазқ хандығында заң шығарушы органы – құрылтай болғаны, хандардың халық жиналысында емес, осы құрылымда сайланғаны жөнінде көрсетіледі. Е. Әбілдің пікірінше, бұл институт сұлтандар мен қауым өкілдерінен тұрған және жылына бір рет, әдетте күз айларында, маңызды мемлекеттік мәселелерді шешу үшін (бейбіт келісімге келу, соғыс жариялау, жайылымдықтарды бөлісу, көші-қон бағыттарын анықтау) мақсатында жиналған [529, 786].

Бірақ бұл тақырып нақтылы деректер негізінде әлі де зерттей түсуді қажет етеді.

Қарастырылып отырған уақыт ішінде қазақ қоғамының таптық құрылымы, әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы вассалдық тәуелділік формалары туралы да шығыс деректерінде мәлімет өте аз кездеседі, сол себепті де отандық тарихнамада бұл сюжеттер де "ақтаңдақ" тақырыптар қатарына жатады. Бұл

орайда Мұхаммед Салихтың "Шайбани-наме" шығармасындағы "қараша" термині жөнінде Б.Я. Владимирцовтың, М.П. Вяткиннің, Р.Г. Мукминованың пайымдауларының жарияланғандығын еске сала кетеміз [539, 736].

Материалистік методология шеңберінде жасалған қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы жөніндегі тұжырымдарға басқа көзқарас қалыптасуда. Ж.О. Артықбаевтың пікірінше, көшпелі қазақ қоғамында әлеуметтік қайшылықтарды іздеудің ешбір мәні жоқ, себебі ондағы сословиелік белгілер материалдық игілікке емес, әлеуметтік статусы және билік арқылы анықталды [399, 836].

Қазақ халқының құрамында генеологиялық қатынасқа түспейтін субэтникалық топтың тарихына, оның ислам дінін таратудағы қызметіне, бұл діннің Қазақ хандығының рухани өмірінде идеологиялық негіз болып, интеграциялық, ұйымдастырушылық рөліне арналған зерттеулер жарық көрді [540; 541; 542; 543; 544; 545; 546; 547].

Діннің этноконфессиялық күш ретіндегі рөлі өркениетті елдерде бұрыннан ақ танылған. Ал, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін өмірге келген мемлекеттерде бұл мәселе соңғы жылдары ғана қолға алынды. Ресей федерациясында православиенің орыс халқының қалыптасуында маңызды фактор болғандығы зерттеліп келеді [548; 552; 551; 552]. Отандық тарихнамада ислам дінінің Қазақстанда таралуы мен оның халықтың әдет-ғұрыптарымен астасуын, қазақ этносын қалыптастырушы факторлардың бірі болғандығы Н.Д. Нұртазинаның, А.Ж. Жақсылықовтың еңбектерінде шешімін тауып келеді [549; 550]. Діни идеологияның интеграциялық рөлі атап көрсетіледі.

Қазақ халқын құраған тайпалар мен рулар ол кезде (ХҮҒ.) төрт ғасырдан астам уақыт бойы ислам дінін ұстанып келе жатқан. Бір дінге сенушілік қазақ хандарының ислам дінінің сопылық бағытына ден қойып, далалық исламның негізін қалауы да, оның мемлекеттілігінің құрылуы, нығаю процесіне де оң ықпал жасады. Бұл проблема әлі де жүйелі түрде зерттеуді қажет етеді.

Қазақ хандығының ішкі өмірін реттеуде, басқару институттарының арасындағы билік бөліністерін анықтауда Қасым ханның заң реформасының ("Қасым ханның қасқа жолы") орасан зор рөл атқарғандығы тарихи зерттеулерде мойындалды. Сонымен қатар ХҮІ ғасырдың бас кезі қазақ халқының этносаяси бірлігін әрі қарай нығайтуға, мемлекеттік билікті күшейтуге ұмтылысымен, әдеттік құқық нормаларын бір ізге түсірген қазақ хандарының заңи қызметімен сипатталатындығы жөнінде ой түйінделді [465, 466]. Бұл тұжырым қазақ халқының тарихи генеологиялық аңыздарымен де, ХҮІ-ХҮІІ ғасырларда жазылған Мұхаммед Шайбанидің, Камар ад-Дин Бинаидің, Абдаллах Балхи, Зайн ад-Дин Васифи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Махмуд ибн Вали, Шах Махмуд Чорастың, басқа да парсы және түрік дерек көздерімен расталады.

Отандық тарихшылар Қазақ хандығы өзінің құрылған кезінен бастап белсенді сыртқы саясат жүргізгендігін, оның басым бағыттары, формалары мен әдістерін зерттеуде біршама жетістіктерге жетті. Бұл тақырыпты алғашқы қолға алғандардың бірі М. Әбусейтова болды. Оның докторлық диссертациясына және

"Казахстан и Центральная Азия в XV-XVIII вв.: история, политика, дипломатия" атты монографиясына "Қазақ хандарының дипломатиясы" деген тараулар енді [62, 115-136б]. Олар шығыс дерек көздерінің шашыранды мәліметтері және орыс мұрағаттық материалдары негізінде Қазақ хандығының көршілес мемлекеттермен қарым-қатынастар тарихы қалпына келтіріледі.

XV ғасырдың екінші жартысы – XVI ғасырдың бірінші ширегінде Қазақ мемлекетінің сыртқы саясат мүдделері, мемлекетаралық мәселелерді шешу әдістері мен формалары, хандықтың аумақтағы жағдайы, стратегиялық мақсаттары көбіне оның әскери күш-қуаты арқылы анықталды деп тұжырымдайды автор. Дегенмен автордың қазақ хандары соғыс арқылы және одан түсетін олжаны үлестіру арқылы көшпелі қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтарды әлсіретуге тырсты деген секілді пікірі әлі де нақтылай түсуді қажет етеді [54-36, 376]. Себебі ол кезде Қазақ хандығының ішкі өмірінде әлеуметтік қайшылықтарға мемлекеттік деңгейде мән беретіндей өріс ала қойды деп ойламаймыз, ондай деректер кездеспейді.

Қазақстан тарихшыларының зерттеулері Қазақ хандығында арнайы дипломатиялық қызмет органдары болмағанымен, сыртқы саясат функцияларын хандар, сұлтандар, елшіліктер атқарып отырғандығын көрсетеді.

Қазақ хандығының билік институттарын зерттей келіп, кейбір ғалымдар XV-XVI ғасырлардың өзінде де бір орталыққа бағынған мемлекет болмады деген пайымдауларға бой ұрып жүр. К.А. Пищулинаның "Присырдарьинские города и их значение в истории Казахских ханств в XV-XVIII вв." деген еңбегіндегі хандар, сұлтандар, билер мен ру-тайпа басшыларының жікшлдік күрестерінен қалжыраған Қазақ хандықтары ешқашан да берік мемлекеттік құрылым болмады деген ой айтылады [373, 426]. И.В. Ерофеева да осы тәріздес пікірде. Автордың айтуынша зерттеушілердің көпшілігі Қазақ хандықтарындағы саяси басқару жүйесін зерделегенде хандар, сұлтандар және рубасылары арасында қалыптасқан вертикальды байланыстар механизмін "үстемдік-бағыныштылық" сипатындағы қатынастар деп есептейді және осы негізде XVI-XVII ғасырлардағы Қазақстанда біршама орталықтандырылған мемлекет болды деген қортынды жасайды. Бірақ Қазақ хандарының түрлі ұрпақтарының билік жүргізу тарихи тәжірибесін жүйелеп көргенде, аталмыш хронологиялық шеңберде Қазақстанның саяси жүйесіндегі түрлі билік субъектілерінің арасында ондай қатаң вертикальды тәуелділік болмағандығына көз жеткіземіз дейді ол [320, 446]. И.В. Ерофееваның бұл тұжырымы да қазақ қоғамында орталық биліктің болмауы, не әлсіздігі, шашыранды сипатта қызмет етуі секілді, қысқаша айтқанда, Қазақ хандығының мемлекеттік болмысының пісіп жетілмегендігі туралы идеясына қосымша қолдау табу әрекетінен туындаған.

И.В. Ерофееваның өзі де атап көрсеткендей, отандық ғалымдардың басым көпшілігі XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы унитарлық сипаттағы және монархиялық республика болды. Онда Мұхаммед Хайдар Дулатидің жазып кеткеніндей, ел басқарудың бірнеше рухани, пендешілік, әкімшілік негіздері мен шарттары, өркениеттік принциптері қалыптасты [555, 369б]. Хандықтың

толыққанды мемлекет болып қалыптасқандығы оны Қытай деректерінде "го"(мемлекет), шығыс авторларының шығармаларында "мамлакат-и казах", "дәулат-и казах", "улус-и казах"("қазақтар мемлекеті (елі)" деп атауларынан да анықтауға болады.

Қазақ мемлекеттігінің сабақтастығын қазақ хандары мен сұлтандарының, қазақ даласынан тыс жерлердегі жошы әулеті билеушілерінің мемлекеттік рәміздері де айқындай түседі. Бұл мәселе бойынша, әсіресе, олардың мөрлерін салыстыра зерттегенде, бұл билік атрибуттарының тарихи бастау көздері мен өркениеттік-мәдени тегінің ортақтығы жөнінде қорытынды жасалынған И.В. Ерофееваның "Символы Казахской государственности" атты монографиясын ерекше атауға болады [556, 5-35б].

ҚОРЫТЫНДЫ

Сан ғасырлар бойы отарлық езгіде болып келген қазақ елінің егемендікке қол жеткізуі өзінің өткен тарихын объективтік шындық тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік туғызды. Әсіресе, қазақ хандығының құрылу тарихын жүйелі түрде зерттеп, Еуразия кеңістігіндегі көшпелілердің ежелден келе жатқан бай мемлекеттілік дәстүрі болғандығын, сол негізде олардың дүниежүзілік өркениетке қосқан өзіндік үлесін анықтау отандық тарих ғылымының өзекті мәселелерінің біріне айналды.

Қазақ хандығының дүниеге келуі оның халқының шығу тегі және қалыптасуымен тығыз байланысты. Соңғы тақырыпты әр қырынан қарастырып, егжей-тежгейлі зерттелмейінше, қазақ мемлекеттілігінің басты тарихи кезеңдерін, эволюциясы мен дағдарысқа ұшырауын көз алдымызға келтіре алмаймыз. Сол себепті де біздер өз еңбегімізде қазақ халқының этногенезіне ерекше назар аударып, Қазақ хандығының құрылуының басты алғы шарты ретінде қарастырдық.

Қазақтар этногенезінің теориялық-методологиялық мәселелерінің отандық және шетелдік тарихнамада зерттеу қорытындыларына талдау жасалды.

Этногенетикалық зерттеулердің теориялық негіздерін анықтауға бағытталған әрекеттер өткен ғасырдың 40-жылдарында көрініс бере бастады (Н.И. Кушнер, С.А.Токарев, А.Д. Удальцов, Б.А. Гафуров, Б.А. Литвинский т.б.). Бірақ олар этногенез проблемасына қатысты теориялық, методологиялық мәселелердің басын толық ашып бере алмады. Тарихи процестердің барлығын таптық, формациялық шеңберде ұғынуға тырысқан маркстік ілім қазақ халқының этногенезін зерттеудегі негізгі кедергі болды. Мұны 1987 ж. наурызда Алматыда өткен "Қазақ халқының этникалық тарихы және этногенезі" деген тақырыпта өткен ғалымдар арасындағы пікір алмасу форумының жұмысы да айқын көрсетті.

Дегенмен онда жасалған Р.Б. Сүлейменов, К.М. Байпақов, К.А. Ақышев, Х.А. Арғынбаев, М. Әбусейітова т.б. ғалымдардың баяндамалары аталмыш проблеманы зерттеуде біршама ілгерілеу бар екендігін көрсетті.

Содан бергі уақытта отандық тарихнамада этностың түзілу процесінің методологиялық мәселелері кешенді түрде зерттеле қойған жоқ, бірақ оның жекелеген, кейбір құрамдас бөліктері К.А. Пищулина, М.К. Қозыбаев, Б.Е. Көмектовтің еңбектерінде көтерілді.

Проблеманың маңызды қырларының бірі "этнос" категориясының мазмұнын анықтау болып табылады. Жұмыста осыған орай отандық және шетелдік әдебиеттегі (этностың түрлі анықтамалары, олардың генеологиялық негіздері талқыланды (В.Ф. Геннинг, Ю.Б. Бромлей, Н.Н. Чебоксаров, В.Н. Павленко т.б.). Осы негізде көпшілік ғалымдардың зерттеу әдістеріне этносты оның басты ерекшеліктері (немесе белгілері) арқылы айқындауға тырысушылық тән екендігі; жалпы алғанда, этностың

қалыптасуының басты шарты және қозғаушы күші, түптеп келгенде, этникалық процестің барлық жақтарының, әлеуметтік-экономикалық құрылымының пайда болуының мойындалғандығы жөнінде қорытынды жасалды.

Осы методологиялық принципке негізделген ғылыми мектептің өкілдері этностың және оған тән белгілердің қалыптасу процесін зерттеуде екі мәселеге назар аударады. Олар: а) қандай да болмасын этностың өндіріс тәсіліне негізделген қалыптасу процесін өмір сүруге қабілетті дербес (автономды) әлеуметтік организм ретінде қарастыру; ә) этностың нақтылы шаруашылық – тарихи-мәдени кешен жағдайында қалыптасуы. Қазақ халқының тарихын осы концепциялар шеңберінде пайымдайтын болсақ, біріншіден, қазақтардың этногенезі деп қазақ халқының бірігуі және қалыптасу процесі, яғни оған қатысқан тайпалар мен халықтардың тарихы деп ұғынуымыз керек; екіншіден, қазақтардың этникалық тарихы деп қалыптасып үлгерген қазақ халқының тарихы, яғни оның түрлі ортамен: табиғатпен, әлеуметтік-мәдени және өз этникалық аясымен этномәдени өзара ықпалдастық тарихы деп түсіну қажеттілігі.

Отандық тарихнамада 70-80-жылдары орын алған этногенез проблемасын зерттеуді субстраттық-суперстаттық процестермен шектеу этникалық процестердің заңдылықтарын, әсіресе, адаптациялық (бейімделу) тетіктерін түгел түсінуге мүкіндік бермеді. Осыған байланысты ғылыми әдебиетте жергілікті тұрғындар мен мигранттардың өзара ықпалы мен әрекеті сипатын анықтаушы және бағыт беруші фактор қандай деген сұраққа жауап іздестірілді. Зерттеушілердің этногенез және этникалық тарих, ең алдымен, табиғи, әлеуметтік-экономикалық және өзіндік этникалық орталармен өзара әрекет процесі екендігі жөнінде қорытындыға келуі проблеманы методологиялық тұрғыдан дұрыс түсінуде маңызды рөл атқарды. Бұл өз тарапында қоғам мен табиғаттың өзара әрекетінің адамның биологиялық бейімделуден тыс – мәдени дамуының нәтижесі ретінде көрінетін өзіндік эволюциясын зерттеу қажеттілігін алға қойды.

Монографияда Ю.В. Бромлей, В.П. Алексеев, В.А. Анучин, К.А. Пищулина, Н.Э. Масановтың этногенез проблемасына байланысты зерттеу әдістері мен концепциялық тұжырымдарына біршама тоқталынды, жетістіктері мен осал тұстары атап көрсетілді. Қазіргі кезде отандық тарих ғылымында қазақтардың этногенезі проблемасының теориялық-методологиялық негіздері әлі де болса толық зерттеле қоймағандығы, әсіресе этностену процесінің ішкі тетіктері мен заңдылықтарының, көшпелі өмір жағдайындағы ұлттық сана-сезімнің қалыптасу ерекшеліктерінің жеткілікті сарапталмағандығы жөнінде қорытынды жасалынды. Халықтың қалыптасу процесін зерттеуде оның этникалық атауының қашан, қандай тарихи жағдайда пайда болғандығын анықтаудың маңызы зор. Ол өркениеттілік талабы да болып табылады. "Қазақ" сөзіне оның этимологиялық мәніне сан алуан ғалымдар мен көпшілік оқырмандар

тарапынан жіті назар аударылуы осы заңдылықты танытады. Диссертацияда "қазақ" терминінің әлеуметтік мағынадан этнонимдік мазмұнға дейінгі эволюциясын, ол туралы жазба дерек көздерінің мәліметтерін бір жүйеге келтіріп зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері сараланды. Олардың қатарында қытай тарихшылары Хэ Цютао, Су Бэйхай, Чжань Симань, араб және парсы авторлары Әл Омари (ХІҮ ғ.), Ибн Халдун (ХІҮ-ХҮ ғ.), Шараф ад-Дин Әли Иезди (ХҮ ғ.), Абд ар-Раззак Самарқанди (ХҮ-ХҮІ ғ.), батыс ғалымдары П. Пельо, Л. Крадер, А. Фон Габэн, Г. Рамстедт, А. Вамбери, башқұрттар З.У. Тоған, Р.Г. Кузеев, әзірбайжан М. Сеидов т.б. бар. Проблеманың зерттелу деңгейін, негізгі концепциялық тұжырымдарды сипаттауға Қазақстан мен Ресей ғалымдарының жұмыстары кеңінен қамтылды (В.Ф. Минорский, В.В. Радлов, В.В. Бартольд, С.А. Плетнева, С.Е. Малов, А.Н. Бернштам, Н.И. Веселовский, А. Самайлович, П. Бутков, В.Ф. Шахматов, Н.Я. Марр, В.П. Юдин, М. Тынышбаев, М. Ақынжанов т.б.). Зерттеу нәтижесінде "қазақ" терминінің семантикасын анықтауда екі ғылыми мектептің қалыптасқандығына назар аударылды. Біріншісі – лингвистикалық бағыт. Оның өкілдеріне, "қазақ" сөзінің этимологиясын қай тілден іздегеніне қарамастан, проблеманы лингвистикалық тұрғыдан талдау тән (Ә. Қайдаров, А.Н. Бернштам, М. Сеидов, Ә. Сарай, В. П. Юдин т.б.). Бұлар этнонимдерді зерттеу этникалық тарихтың күрделі де қатпарлы процестеріне енудің маңызды құралы деп есептейді, бірақ түркілік этнонимияға этногенетикалық зерттеулер үшін қосымша дерек көзі ретінде қарайды.

Қазіргі уақытта отандық және шетелдік ғалымдар "қазақ" сөзінің түп-төркінін "қазақылық институттан" іздейді. Бұл пайымдау өз кезегінде Мұхаммед Хайдар Дулатидің "Тарих-и Рашиди" еңбегінде берілген түсінікке барып аяқ тірейді. "Қазақ" терминін зерттеудегі отандық тарихнаманың жетістіктері мен кемшіліктері Б. Көмековтің 1998 ж. жарық көрген "Қазақстан тарихының екінші томындағы материалында баяндалған. Бұл ғалымның пікірінше, "қазақ" сөзі тұтас алғанда алуан түрлі еріктілерді атау үшін қолданылған, тек ХҮ ғасырдың екінші жартысында қазақ халқы құрылғаннан соң ғана "қазақ" атауы этникалық маңызға ие болған.

"Қазақ" термині жөніндегі еңбектерді саралау нәтижесі жалпы халықтың қалыптасуы мен оның этнонимі арасындағы арақатынас мәселесін күн тәртібіне қойды. Осыған орай Б. Көмековтің "Ақ Орда этникалық құрамы жағынан қазақ халқы болса да, оның атауы деректемелерде кейірінек жазылып, анықталды" деген тұжырымы жаңа ізденістерге жол ашу керек сияқты. Сонымен халықтың құрылуы мен оның атауы (этнонимі) арасындағы уақыт алшақтығы, немесе бір кезеңде орын алуы төңірегіндегі проблемалар жаңа зерттеулер нысаны болмақ.

Тарихнамадағы этномиялық бағыттан гөрі қазақ этногенезін күрделі процесс ретінде қарастыру жемістірек болды. Ш. Уәлиханов, В.В. Вельминов-Зерновтың еңбектерінен бастау алған қазақтар этногенезі

проблемасын ғылыми негізде зерттеу өріс алды. Олар бір-бірімен өзектес шығыс деректерін әсіресе, Мұхаммед Хайдардың "Тарих-и рашиди" еңбегін пайдалана отырып, қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталу кезеңіне сипаттама берді.

Қазақ этногенезі тақырыбы XIX ғасырдың екінші жартысында А. Мейердің, М. Красовский, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, А.Н. Харузин, Н.А. Аристовтың еңбектерінде қарастырылады.

А. Мейер, М. Красовский "Тарих-и Рашиди" мәліметтерін өздерінше пайымдап, қазақ халқын "өз жетекшілерінің төңірегінде шоғырланған тобыр" ретінде қалыптасқан деп және мұны кездейсоқ оқиға ретінде көрсетуге әрекеттенді. А. Харузин: "Қырғыз халқында ежелгілік те, тұтастық та жоқ, онда этнологиялық және антропологиялық бүтіндіктің болмауы былай тұрсын, жеке-жеке элементтерді өз төңірегіне топтастыратын айқын ұйытқы (өзек) да болған жоқ" деген тарихи шындыққа кереғар қорытынды жасады.

Қазақ халқының тарихын Ресей империясының отарлық мүдделеріне сәйкестендіре зерттеген бұл ғалымдар қазақтардың автохтондығын жоққа шығаруға, бергі кезеңде құралғандығы, ежелгі сақ, ғұн, үйсін субстратымен байланысының жоқтығы, оның үстіне этникалық нышандары толық пісіп-жетілмегендігі сияқты пікірлерді дәлелдеуге тырысты.

Бұл тұжырымдарға XIX ғасырдың өзінде-ақ тойтарыс берілді. Н.А. Аристов қазақтардың халық болып қалыптасуына тегі алтайлық түрік тайпалары ғана емес, оларға дейінгі жергілікті этникалық қабаттың маңызды рөл атқарғаны жөнінде идеяға негізделген өз ғылыми концепциясын ұсынды. Қазақ халқының автохтондығы туралы ізденістер басқа да ғалымдар тарапынан жалғасын тапты (С.И. Руденко, А.Н. Самойлович, М. Тынышпаев, С.Ж. Асфендияров).

XX ғасырдың 30-жылдарында Қазақстанда археологиялық зерттеулердің жандануына байланысты отандық тарихнамада "қазақ этногенезінің кейбір контурларын анықтауға ғана" қол жеткізілді. С.П. Толстовтың зерттеулері нәтижесінде қазақтардың арғы тегі үнді-иран және сақ-скиф тайпалары екендігі туралы пікір орныға бастады. XX ғасырдың 50-жылдары қазақ халқының шығу тегі жөнінде бірнеше еңбектер жарық көрді (А.Н. Бернштам, В.Ф. Шахматов, М.Б. Ақынжанов, Х.М. Әділгереев, С. Ибрагимов т.б.). Оларда халықтың қалыптасу процесі адамдардың тайпаларға, тайпалардың тайпалық одақтарға бірігуінен бастау алатындығы жөніндегі методологиялық ұстаным зерттеудің тарихи принципі ретінде қабылданды. Қазақ халқының құрамына енген тайпалық компоненттердің, оның ішінде қыпшақтардың тілдік және этникалық тегі, анықтала бастады. Ғылыми айналымда қазақтар этногенезі негізінен автохтонды және бұл процесс көне дәуірлерден ХҮ-ХҮІ ғасырдың бас кезіне дейін жалғасты, ол Қазақстан аумағында феодалдық қоғамның қалыптасып, нығаяуына байланысты деген схемалық көзқарас орнықты.

60-70-жылдары көне дәуір мен орта ғасырларда Қазақстан аумағындағы этногентакалық процестердің Орта Азиядағы осы тәріздес құбылыстармен байланыстылығы туралы қорытынды жасалды (Р.П. Мукминова, Б.Д. Джамгерчинов, Т.А. Жданко, Б.А. Ахмедов, К.Ш. Шаниязов т.б.).

Осы кезеңде жарық көрген В.П. Юдиннің, Ю.А. Зуевтің, В.В. Востров, М.С. Мұқанов, О. Ысмағұлов, Т.И. Сұлтанов, К.А. Пищулина және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде Қазақстан аумағын мекендеген ежелгі тұрғындар мен қазақ халқының арасындағы сабақтастық тақырыбы, генетикалық байланыстар, сонымен бірге бұл процестегі шығыстан келген тайпалар мен халықтардың алатын орны сияқты мәселелер бойынша қол жеткен таным деңгейі нақтылы көрініс тапты.

80-90-жылдардағы отандық тарихнамада қазақ халқының қалыптасу процесінің автохтондық және миграциялық сипаты деген екі ағым арасындағы күрес жалғасты. Осы екі көзқарас шеңберінде қазақ этногенезі процесінің негізгі сатылары, оның қозғаушы күштері, яғни шешуші факторлары зерттелді.

